



МУҚАНОВ

Сәбит



84 (675.23)
2188

МҰҚАНОВ


Сәбит

Сұлушам

Роман мен повесть



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2002



ББК 84.4 Қаз 7
М 88

Құрастырған **Наурызбай АҚБАЙ**

Мұқанов С.
М 88 Сұлушаш. (Роман мен повесть).— Алматы: Атамұра,
2002.— 288 бет.
ISBN 9965-05-656-0

Кітапқа аса көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың (1900—1973) өлеңмен жазылған трагедиялық романы «Сұлушаш» және атақты балуан, әнші, композитор Нұрмағамбет Баймырзаұлы (1864— 1919) туралы «Балуан Шолақ» повесі енгізілді. Романда Алтай мен Сұлушаштың арасындағы сүйіспеншілігі, бір-біріне деген ыстық ықыласы, екі жастың махаббаты қайғылы халде жырланған. Ал повесте қазақ балуанының асқан қара күші, мейірбандығы мен зор адамгершілігі, ел билеген озбырлардың жауыздығы тамаша суреттелген. Жинақ көпшілік оқырманға арналған.

М $\frac{4702250201-272}{418(05)-2002}$ хабарландырусыз — 2002

ББК 84.4 Қаз 7

ISBN 9965-05-656-0

© Мұқанов С., 2002
© «Атамұра» баспасы, 2002

Роман

*Сұм жүрек тілегіңе жете алмасаң,
Қал жетпес сұлу күнді неге сүйдің?*

КІЛТ

(Толғау)

Жалғанда табынатын тәңірім — табым,
Табы жоқта «тәңірі» жоқ — күні жарым,
Табым десем, бұлақтай таудан аққан
Өн бойымды шымырлап билейді ағын.
Қияға өрлеп, қырандай қанат жайып,
Табым десем — қозады «аруағым».
Түпсіз кара тұнықта суды кешсем,
Топ — қолыма медеу ғып ұстар талым,
Көзсіз көрдей басыма күндер туса,
Табым қолда жарық қып ұстар шамым.
Менің табым — еңбекші — еңбек ері,
Онсыз менде көрген күн бұлдыр сағым.

Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан,
Тапты шаққан бесікте мені шаққан,
Сап-сары ала, сап-сасық жөргектерде,
Есті біліп, етекте жапқан кезде,
Табыма оғын атқандар маған да атқан.
Сақылдаған өмірімнің аязында
Тапқа мұз боп қатқан кек маған қатқан,
Менің кегім мың жылдық таптың кегі,
Ол кек күл, күл болғалы келе жатқан.
Табым кегін алуға аттанғанда,
Дүрмекке еріп, кектенгем, мен де шапқам.
Менің-дағы, мен сүйген тапты-дағы
Көгендеуден Октябрь таңы ағытқан.

Жылы суға суық қол малынғанмен,
Томағасы көзімнің алынғанмен,
Ілесе алмай қалмасам өзім шаршап,
Маған айқын жүрер жол салынғанмен,
Кеше маған кіжіндеп қожа болған,
Бүгін күл боп, бас иіп бағынғанмен,
Кешегі күн күрмелген үнсіз тілім,

Бүгін сырын ақтарып ағылғанмен,
Кешегі күн бит тескен жауырыным,
Бүгін бүтін шүберек жамылғанмен,
Кешегі күн іздеген жоғым түгел,
Бүгін қайда болса да табылғанмен,—
Кешегі өткен өмірім әлі есімде,
Ол өмірден бүгінде арылғанмен.

Өткен өмір ұқсайды соққан желге,
Оны еске аламыз — тап та, мен де.
Не көрмеді, басынан не кешпеді
Октябрьдің өткелін кешкен пенде?!
Бұл өткелде кім өліп, кім өшкен жоқ,
Кім түспеді өткелде сергелдеңге?!
Кім шопылдап батпады дарияға,
Дауыл соққан кемелер тербелгенде,
Октябрьдің өткелін өткенше тап,
Құрбан болды талайлар ерлерден де.

Домбырада бір күй бар «Көкей кескен»,
«Көкей кескен» ұға алсаң шықпайды естен,
Бір кезде сол «Көкейді» алмас қанжар,
Жылы қанын ағызып шаншып тескен,
«Көкей» өлген, көш көшкен, тұрмыс көшкен,
«Көкей кескен» тұрмыспен бірге көшкен.
Домбырада зарланған күйі қалып,
«Көкей» өлген, суынған өмірі өшкен.

«Көкей кескен», шынында, Алтай зары,
«Көкейнен» Алтайдың аққан қаны,
Талай талай жүз жылдар өтіп жатыр,
«Көкей кескен» сол қанды жырлағалы.
«Өлді, өшті, жүректе кегі кетті,
Қор боп өлді сабаз» деп ымдағалы.
Қашан таптың біткенше таптық кегі,
Талай ерлер бұл күйді жырлар әлі.

Қытай менен Қырымның арасында,
Хандардың қан ағызған даласында.
Еділ, Жайық, Нұра, Есіл, Шу мен Ертіс.
Сырдария, Сарысу жағасында.
Орал, Алтай, Алатау — асқарлардың
Биік құзды салалы сағасында.

Нелер Алтай өмірмен қош айтысқан,
Хан, батыр, бек пен байдың таласында,
Менің жырлар Алтайым — сол Алтайлар,
Бір Алтай болуы анық расында.
Ескі өмір құрысын, құмар емен,
Ескіге емес, алдағы күнге сенем.
Бірақ ескі өмірдің мұнды зарын,
Жаңа өмірге бейнелеп айтып берем.
«Көкей кесті» өткеннің айнасындай,
Ұққандарға Алтайдың сыры терең.
Күйдің кілтін осымен бұрап ашып,
Енді күйдің түп-тура өзіне енем.

I бөлім

САЙРАН

I

Бай болған дәулеті мол Тілеуберді,
Байлықпенен меңгерген тамам елді.
Төрт түлік мал өргенде құрттай қайнап,
Құмырсқадай қыбырлап жапқан жерді.
Тор-қасқалы, қазмойын жылқыларын
Екі-үш мындап он шақты қосқа бөлді.
Түйелері түздерде бота тауып,
Қойы жүрген жерінен қозы терді.

Тілеуберді жасынан жігіт жиды,
Токсан торқа оранып киім киді.
Қыран тазы қолында жұбымен боп,
Қасқыр, түлкі, киікті тау ғып үйді.
Жаз — қаршыға, лашын, түйғын салып
Дабыл қағып өзеннің бойын шүйді.
Көңілі түскен кісіге қыдыр болып,
Терісыңғайға келгендер отқа күйді.
Аппақ майды ағызып ауызынан,
Пенде қылды елдегі батыр, биді.
Айғырындай құланның одыраңдап,
Бет алдына жан шықпай басын иді.
Есіл менен Талас сай арасынан,
Теріс аққанның теріс жақ жағасынан,
Жеті атасы мекен ғып келе жатқан

Даңқты ата болғалы о басынан.
Одан көшсе Шортанды, Теңізді өтіп,
Бір мекен ап Соналы сағасынан,
Кейін беттеп қайтатын күзге қарай,
Құлан өтпес Нұраның даласынан,
Қыс Қорғалжың басына үйін тігіп,
Кетпейтұғын ықтасын саласынан.

Жас кезінде қыз таңдап кезіп елді,
Өз бойына лайықты іздеп теңді,
Мың жылқыны біржола матап беріп,
Алтынай дейтін сұлуды алып еді.
Тоқсан нарға жүк артып безеп, жасап,
Алтынайға әкесі құл, күң берді.
Шұнақ деген жігіт пен Тезек атты
Бір жас қыз, құл, күндермен ере келді.

Шұнақ пенен Тезек те қосты көңіл,
Құлдық, күндік болса да көрген өмір,
Өздерінше қызықты дәурен сүріп,
Төтті өмір тәрізді болды о бір.
Шоккен түйе, көгенді қозы арасы,—
Жататұғын мекені күл мен көмір.
Сөйтіп Шұнақ Тезекпен осы өмірде
Тірі жанға сездірмей жүрді үш-төрт жыл.
Содан кейін құрсақты болып Тезек,
Торсық шеке, ақ сазан тапты бір ұл.

Ұл туды деп шапулар шашылған жоқ,
Қағып жиып қалжа да асылған жоқ.
Шілдехана жасауға туган күні
Екі адамның басы да қосылған жоқ.
Жөргегі жоқ, қап-қара құрымға орап
Алса да, жанның жаны ашыған жоқ.
Алтай деп олдекалай атын қойды.
«Азанменен» құлағы ашылған жоқ.
Шұнақтың ақжүрегі қуанғаннан
Копке шейін дүрсілдеп басылған жоқ.

Жан туды деп еш адам елеген жоқ,
Шүмек салып бесікке бөлеген жоқ,
Көзі көрсе, «Шұнақтан шұнақ туды,
О да не оңар дейсің» деген жоқ,

Қарақұрым ішінде шегі қатып,
Жылағанда, тірі жан жебеген жоқ,
Сонда-дағы өлген жоқ, өсті Алтай,
Торсық шеке, ақсазан көбеген боп.

Күн-күн санап толқыды туған айдай,
Қап-қара көз, қыр мұрын, қасқа мандай,
Қаз мойынды, кең иық, сұлу тұлға
Тіп-тік боп тауда өскен қарағайдай.
Кір-кожалақ табанын тас тілсе де,
Жүдемеді, үдеді гүл боп жайнай.

Қозы бақты, қой бақты, отын жақты,
Ерте тұрып үнемі кешке жатты.
Құлдан туған неме деп көзге шұқып,
Кім көрінген бір сабап шырылдатты.
Итке төгер іркітін оған беріп,
Бай да жастан ұстады қысып қатты.
Сол бейнеттің бәрін де көргенімен,
Болып өсті ер Алтай ер сымбатты.

Бір доғал, жасынан бір бетті болды.
Кекшіл қасқыр сықылды кекті болды.
Аузынан шыққан сөзден қайтпайтұғын,
Сөз ұстағыш қажырлы, сертті болды.
Сол бірбеткей бетінен қайтпаймын деп,
Жасында талайлардан тепкі көрді,
Бала күннен әлдінің қылығы өтіп,
Жас күнінен өзегі өртті болды.

II

Екі-үш жылдай отасып Тілеуберді,
Тұңғышы, Алтынайdan бір қыз көрді,
Сұлушаш қойып атын, ұлан-асыр
Той жасап дүрілдетті бүкіл елді.

Ай мен күндей нұры бар жалғыз ару,
Бесіктен-ақ бал болып мәпеленді.
Ержеткенде күн түсіп бұғағынан,
Таң қылды сұлулығы көргендерді.
Он алтыға келгенде қыздың жасы,
Төгіліп тізесіне түсті шашы,

Қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп,
Қиылды қап-қара боп қиғаш қасы,
Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруерттің тізген тасы.
Бетінен нұры бөртіп, қаны тамған,
Толқыған сұлу айдай кесер басы.
Мойыны иірілген аққу-сынды,
Тамағы торғындай боп тартты күнді.
Қып-қызыл жұқа ерін, оймақ ауыз,
Қиылып құмырсқадай белі үзілді.
Сүйрік саусақ, жұп-жұмыр жұмсақ білек,
Орта бойлы-шалқақтау ер пішінді.
Көз қарасы көргенді күндей ертіп,
Ішпей-жемей мас болып көзін жұмды.
Есіркеп, әлдеқалай құты түсіп,
Не керек, бай табиғат берген нұрды!..
Басына бөт-құндыздан киді бөрік,
Тізеден қара шашты жіберді өріп,
Шеберге шашын ылғи маржандатты.
Бір рет өргеніне бір ат беріп,
Бірі күтіп, біреуі нөкер болып,
Соңынан сұлу қыздар жүрді еріп.
Өз алдына оңаша бір ауыл боп,
Алты отауды ақ күмбез тікті бөліп.
Өңшең торы қасқалы жорғаларды,
Тұрмандатты шүп-шұбар күміс көміп,
Қай уақытта серуенге шығам десе,
Бәрі даяр керегі, өзінде ерік.
Сандалды ел мырзасы болып ғашық,
Талай жорға, ішікті төкті шашып,
Бетпе-бетте бір ауыз сөз қата алмай,
Сұлудың маңайынан жүрді қашып,
Бетіне сұлу жанды қаратпады,
Сөзге шешен, ақ жарқын, мінезі ашық.
Толған айдай толықсып гүлдей жайнап,
Күннен-күнге сұлулық өрледі асып.

III

Сұлушаш бала еді аз жыл бұрын,
Балалық өмірдің жәй терген гүлін,
Не дегенін істетіп, еркелетіп,
Тілеуберді «қыз» демей, деді — «ұлым»...

Неше түрлі қуыршақ істеп сұлу,
Отауда отыратын жиып «жүгін...»
Сол кезде қозы баққан Алтай бала,
(Сауыс боп үсті-басы қарақұрым,
Соқтығып ойнаған боп қағып кетіп,
Көретін Сұлушаштың тартып сырын.
Сұлушаш сол мезетте күлімсіреп,
Алтайға аударатын көздің қырын.
Өйтетіні, Алтайға біткен тұлға
Байланбаған мүшелі сұлу құлын.
Ол кезде екеуі де құлын еді,
Құлындай ойнап қана күлімдеді.
Ержеткенде ол ойын у болуы
Оларға бала кезде білінбеді.
Қызарып шыға қалған қос қызғалдақ,
Суық желді өмірмен үрілмеді.
Неге екенін сезбеді өздері де,
Қарасса жүректері дірілдеді.
Ойнақшып кара көздер жаутандасып,
Қып-қызыл еріндері күбірледі.
Жастық-мастық, балалық бәрін жеңіп,
Өмірдің шын пердесі түрілмеді.

* * *

Май туып, жер құлпырып, шешек атты,
Даланы мың құлпырған бүліс жапты.
Сай суларға мөлтілдеп, өзен-дағы,
Сылқ-сылқ күліп бұраңдап төмен ақты.
Жылы жаздың мейірі ағаштарға
Сылдыраған, төгілген шолпы тақты,
Ой да, қыр да сайраған өнге толып,
Бұлбұл даусын құбылтып балбыратты,
Жанды-жансыз, жаз тойын қарсы алып,
Рақатқа белшеден келе батты.
Басталды ел ішінде жазғы сайран,
Қымыз тілер күн туды жарлы байдан.
Кұрық көріп, құландай жатса-дағы,
Байланбаған аз қалды құлын-тайдан.
Жыл тәулік боп желінін басын көрді,
Лашық үйдей биелер, жалын жайған,
Талай-талай айғырдың сауырына,
Жылдағы ырым,— ақ-ала құйылды айран.

Өзеннің өне бойы елге толды,
Қыс бытырап кеткендер қоңсы қонды.
Кезек-кезек ерулік әкелісіп,
Ел менен ел жүргізді «ата жолды».
Жастау жағы қымыз бен қызды бағып,
Кәрілері кездік ап жая жонды.
Қымызы бар, еті бар, аты барлар
Рақатқа бөленіп қарық болды.

* * *

Соске еді. Нұры балқып, қайнады күн,
Желіге Алтай әуел байлап құлын,
Үйге қарай қайтқанда, ақ отауға
Жүрші деп жүрек соқты бермей тыным,
Есікті ашып үйге кіріп келсе,
Сұлушаш шашын тарап отыр қырын.
Сүйріктей саусағымен шашын ашып,
Жымыды келгендігін көріп мұның.
Қанша арбап қылмындап жүрсе-дағы,
Бұлай қарап көрмеген бұдан бұрын.
Маңдайы сықылданып күміс теңге,
Жарқ етті шашын ашып жібергенде,
Бота көзі жарқылдап, жанған шамдай
Молтілдеді беттегі қара мең де.
Буындары өлсіреп, ғашық Алтай
Сұлушаштың қасына барды төрге:
«Сұлушаш! деді ақырын езу тартып,
Бұл үйде жан жоқ екен бізден өңге.
Сені ойлап, жүрек толқып мазамды алды,
Тынап қыл мені соулем қоңіл бөл де,
Болмаса, өз ортінде өзің күйіп,
Шоқ болып біраздан соң сөніп өл де».
Сұлудың үялғаннан беті күйді,
Бірақ айтқан зарлы наз жылы тиді.
Кет өрі еместігін білгеннен соң,
Алтай кеп Сұлушашты беттен сүйді...
Не керек, ұзын сөзді қысқартқанда,
Сол түнге куә қылмақ болды ақ үйді.
Ақ үйден Алтай шыға келген кезде,
Сұлудан басқа бір ой түсті лезде:
Ата, енесін сұлудың ата, енесі
«Құл, күн» деп күнде-күнде шұқып көзге,

Ұрып-соғып, Алтайдың өзін-дағы,
Жасынан қой бақтырып қылған кезбе,
Мойнақ төсеп, иығына құрық іліп,
Денесін жарытпаған бүтін бөзге.
Табанын инедей боп шөгір тілген,
Нәлет қамыт мойнына мықтап ілген.
Баққан қойдан бір қозы жатып қалса,
Ішкен асы бойына зорға сіңген.
«Күннен туған ит-шошқа, шұнақ құл» деп,
Тілеуберді шағатын улы тілмен.
Ер Алтайды улы ой жегідей жеп,
«Өлген артық, — дейтұғың, — бүйткен күннен».
Сұлудың рас болса берген серті,
Алтайдың шықпақ бүгін іштен дерті.
Құлдық күнде қожаның қызын сүйсе,
О заманда басына алған «еркі».
Солқылдаған, мықынын басып жүрген
Мырзалардан бір озбақ өзі келкі.
Әттең «құл» деп танылған атақ қана,
Әйтпесе кем туған жоқ ақыл, көркі.
Үйіне қарай Алтай қойды бетті,
Хиял шарлап шырқады төңіректі,
«Денім сау боп, Сұлумен көңіл қоссам,
Ежелдегі алам ғой байдан кекті»
Деп үміті ұмтылып көкке өрлеп,
Бір жақ ұшы шұбалып күнге жетті.
Сол ойда келе жатып, қаракұрым,
Асқа тіккен күркеге тұрған шеткі,—
Отау жақты айналып бір шолды да,
Қасқа мандай қасқиып кіріп кетті.
Түн болды, ауыл-аймақ, түгел жатты
Жұлдыздар әлденеге жымың қақты,
Түн күзетіп, Алтайдың жас жүрегі
Тыным бермей ойға да, қырға шапты.
Бір кезде толған айға төжім қылып,
Отауға еніп Алтай есік жапты.
Алдынан күндей Сұлу қарсы шығып,
Сыбырлап: «мұнда кел!» деп қолдан
тартты...
Бір сүйіп бота көзді құралайды,
«Таң атты, енді жату ұнамайды»—
Деді де тұрды Алтай. Сұлу сонда:
«Жүрегім шыдамайды, шыдамайды!..»—

Дей беріп, ақ білекті Алтайға артып,
Алтайдың ыстық жаспен бетін шайды.
Есіктен шыкса Алтай, алтын таң да,
Қызарған алтын сәуле берген маңға.
Сиыр мөңіреп, қой маңырап, түйе боздап,
Оріске өріп барады барлық мал да.
Ауыл өлік, түк нәрсе сезінбестей,
Малшылар жүр оянған мал жақ маңда.
Баса қарап ер Алтай бар әлемді,
Өзін бүгін санады мұңсыз жанға.

IV

Басқаны Сұлушаштың сүйері жоқ,
Алтайдан басқа көңілі иері жоқ,
Кездескен қай мырзаға көз салса да,
Ішінде тап Алтайдай біреуі жоқ.
Алтайдың тілі оған бұлбұлға ұқсас,
Сөйлесе майдай майда, сүйегі жоқ.
Төңірісі табынатын жалғыз Алтай,
Ойынше одан артық киелі жоқ.
Алтайды көрмегелі көптен бері,
Жүрекке сағыныштың толды шері,
Отарға жылқы айдап кеткен Алтай
Жыл болды міне елге келмегелі.
Алтайдың қосы жүрді Нұраны өрлеп,
Жылқыны салған қысқа, жайлы жер деп,
Сол бет алған жағынан жазғытұрым
Қос көңіп Құлапотпес жаққа келмек.
Сөуір тұып, қар беті қабыршыққа
Айналапша, көңгі ол қосын теңдеп,
Бұл бет алған маңайда, ат жететін
Орын да, қатынасар ешбір ел жоқ.
Қыс маужырап, жылқыны қысып кетпей,
Қыс теңгегі — боран да зәрін төкпей,
Жылқышылар жайланды рақатта,
Бір адамға батыра суық өтпей!
Жер отты, қыс та жайлы болғандықтан,
Семіздің басы жерге қалды жетпей.
Быртиып жылқышылар семіріп ап,
Беттері қара-күрең болды өрттей.
Алтай да осылардың арасында,
Жапанның ақ кебіндеі даласында.

Ойынан жатса-тұрса шықпай сұлу,
Көңілсіз, қосылып жүр қарасынға.
Түн болса «күзетке» деп қосқа келмей,
Кетеді екі іңірдің шамасында.
Жүреді түні бойы жұлдыз санап,
Ғашығын іздеп, көзін көкке қадап,
Ермегі сүмбі-сынды Тортөбел
Оқтаудай ішін тартып қатқан жарап.
Есіне сұлу түсіп кеткен кезде,
Екпінмен шырқап тұрып әнге салад...
Бір күні жүргенінде жылдай болып,
Жаз жақындап, жылыды қар да еріп.
Қыстай көшкен қос та енді кейін қарай
Бетін бүрды ел жаққа бейімделіп,
«Сұлуыма бір табан жакындадым»—
Деген жанша, Алтайға ажар еніп,
Күндіз-түні ат үстін босатпастан,
Жүре берді қуанып, көңілденіп,
Қос сол көшкен бойымен жер қарая,
Құланөтпес түбіне қарай келіп,
Тігілді де, жылқыны тоқыратты,
«Келдік» деп иесіне хабар беріп.
Түс еді, жылқы біткен жусап жатқан,
Алтай мен бір жолдасы жылқы баққан,
Аттарын қантарысып отыр еді,
Көрінді бір салт атты ауыл жақтан.
Алыстан аттың түсі қылаңданып,
Қара құйрық желпендеп бұлаң қаққан.
«Бұл кім!» деп көз тігісіп отырғанда,
Бір жігіт келе қалды жорғалатқан.
Терлеген боз жорғасы бүлкіл қағып,
Толқыған толқындай боп ырғаланып,
Аузынан ақ көбігі бүрк-бүрк етіп,
Тайпаңдап «ә» дегенше келе қалып.
Қараса Сейіл дейтін жігіт екен,
Атынан түсірісті бұлар танып.
Жайласып, амандыққа келгеннен соң,
Алтайды шықты Сейіл оңаша алып.
—«Келіп ем, — деді Сейіл,— өдей саған,
Тапсырды бір аманат сұлу маған».
«Алдымнан жұма күні қарсы шықсын,
Алтайды сай басында тосып алам»
Деп мені хабаршыға салып отыр,

Ақ майға томпаңдатып толтырды ұртты.
Алтай еттен дәм татпай отырып қап,
Сіміріп жалғыз аяқ қымыз жұтты.
Алдағы өмірлерін елестетіп,
Көзімен шолып отыр көрген сыртты.

Тортөбел қайшыланып құлақтары,
Қасынып артқы аяқпен жібек жалын,
Пысқырып тұяғымен жерді тарпып,
Шелектей желпілдетіп танауларын.
Есінеп желге қарап ішін тартып,
Керіліп төстіктей боп созды таңын...
Ер Алтай Тортөбелге көзін қадап,
Деп отыр: «Жолың болсын жануарым!»

Бір кезде Алтай, Қайсар атқа мінді,
Қаруға қарларына сойыл ілді.
«Күзетке барамыз» деп сұрағанға,
Перде ғып аттанысты қара түнді.
Бұлардың қандай жаққа баратынын
Серік боп ілесетін жел-ақ білді.

Төбеден қап-қара боп бұлт көшті.
Ысқыртып аттың жалын жел де есті.
Қараңдап қарақурай төңіректе,
Бұларға «жол болсын» деп есендесті.
Қыл-ұшы құйрығының ағараңдап,
Жолшыбай қосаяқтар алдын кесті.

Сарлатып қос Тортөбел тартты желіп,
Тер шығып бойларына кірді желік.
Аузымен ауыздықты сүзе шайнап,
Ойнады үстерінде аппақ көбік,
Танаудан будақ-будақ дем шығарып,
Желпілдеп желбезегі делеуленіп,
Түйіліп қайшылатып құлақтарын,
Келатқандай хауыпты көзі көріп.
Пысқырып анда-санда бас изейді,
Шаршамай келемін деп дыбыс беріп.

Сарлатып талай-талай жерден өтті,
Жазық дала, белесті өрден өтті.
Жарысқан желмен бірге отты жүрек,
Алтайды әлденеге дірілдетті.

Қара түн қап-қара боп маужырап тұр,
Түнеріп төрт құбыладан төңіректі,
Сар желіп сол ағызған бойыменен,
Екеуі уәде қылған жерге жетті.
Таң атып келе жатыр түнді қулап,
Жер жүзін шық басқан қалың булап,
Бет алып күншығыстан күнбатысқа,
Бұлттар көшіп жатыр будақ-будақ.
Өзеннің қошеметшіл көп құстары,
«Хош келдің, жолың болсын!» десті шулап,
Өзен де жар астында сар-сар ағып,

Көпіршіп өлденеге жатыр тулап.
Құлақ түрді, еш дыбыс білінбеді,
Шыдамай шерлі жүрек дірілдеді.
«Асықпа, кешікпейді, келеді» деп,
Майда жел құлағына күбірледі.
«Екі жас ұяларсың, мен кетейін»—
Ден шолпан езу тартып күлімдеді.
Қоңыр қаз долы өзеннің жағасында,
«Мүшпама ерте жүрген бұл кім?!» деді.
Жап-жаққа Алтай көзін сап тұрғанда,
Оң жақтан естілді аттың дүбірлері.

Дүбірге Алтай, Қайсар құлақ салды.
Со жақтан аттыларды көзі шалды.
Таң еркін бозармаған, ала сәуле,
Әуелі анықталмай, бұлдырланды.
Уқалап көзін тағы қарап еді,
Бот жорға қоз алдында оттай жанды.
Үстінде Сұлушаштың ақ үкісі
Теңселіп самал желге бұлғаланды.

Екеуі Сұлушашты енді білді,
Мүісін аттарына қарсы жүрді,
Сұлушаш жақын келіп аттан түсіп,
Адына Алтайының тәжім қылды.
Құшақтап екеуінің көріскенін,
Өзен, таң, Қайсар, қыздар көріп тұрды.
Шолпан Алтай беттен сүйіп алды,
Сұлушаш езу тартып қана күлді.
Көп тұрсақ көзге ұшырап қалармыз деп,
Қайтадан бөрі тағы атқа мінді.

Жолшыбай мәз-мәйрам боп қарқ-қарқ күліп,
Қайсар да нөкерлерді сөзбен іліп,
Сұлушаш Алтаймен ат үстінде,
Келеді құшақтасып сайда жүріп,
Жол ашты шық басқан жасыл шөптер,
Майысып басым иіп, тәжім қылып.
Шуылдап өзен үсті әнге толды,
Бүгінгі шат көңілді құс та білді,
Бөлмеуге екі жастың әңгімесін,
Басылып жел жадырап болды тымық,
Жарыса аққан өзен мөлдірленіп,
Сыр бермей күп-күрең боп қалды тұнып.

Сөйлесе Қайсар қандай тілге шебер:
— «Арулар, сөзім мақұл көрінсе егер,
Сұлу менен Алтайды оңашаға
Жібереік, кешіксек біреу көрер.
Ойнап-күліп бір жерде думан қылып,
Бұл ара емес отырып орын тебер».

Арулар айтқан сөзді қабыл алды,
Бөлініп бір тасалы жерге барды.
Қайсар да оларменен бірге кетіп,
Сұлушаш Алтайменен жеке қалды.
Екеуі сол арада құшақтасты,
Жамылып үстеріне жасыл талды.
Үстінен қошаметтеп ұшты аққу,
«Қайырлы болсын» айтып шырқап әнді.

Сығалап сұлу күн де күлімдеді,
Жел сыбырлап құлаққа күбірледі,
Қосылған жас жүрекпен қоса қабат,
Талдардың жапырағы дірілдеді.
Өзеннің қабағында қоңыр қаздар.
«Мұншама құмарланған бұл кім?!» деді.

Қаракат төне қарап мөлдіреді,
Жасыл жапырақ перде боп желбіреді.
Тал ішінде қызарып шыққан гүлдер
Шайқалып нарттай жанып үлбіреді.
Шықтар күмістей боп, жарқ-жарқ тамып,
Әр жерде бір мөлтілдеп селдіреді.
Бұтаққа қонып алып бұлбұл сайрап,

Үзақ болсын қуаныш, сүю деді.
Бұлардан басқа, сүйген қос жүректі
Жалғыз-ақ киядағы күн біледі.
Жүректің жалындарын басып енді,
Екеуі құшақтасып түрегелді.
Көптен бері жүректе топ боп жүрген,
Ақтарды іштерінен қалың шерді.
Сұлудан көзін алмай тесе қарап,
Ер Алтай «уһ», «Ойпырмай, уһ» дей берді.

Қайғысы ер Алтайдың бақ па, мал ма?
Не нәрсе күйінгендей батты жанға?
Болмаса өткен өмір уландырған,
Көрілік келіп жеткен өлер шал ма?
Немесе мынау сұлу табиғаттың
Алтайға ұнамаған жері бар ма?—

Жоқ! Оған бақ пен малдың керегі жоқ,
Қайғысы,— алды-артына сенері жоқ.
Олетін халге жетсе жаны ашып,
Аузына әкеп сусын берері жоқ.
Алдында күндей күлген мынау сұлу,
Жандыра жүрегіне түскен бір шок.
Ол шоқты сөндірем деп жүргенінде,
Рақымсыз қандай күнге болады сок.
Бәрін айт, бірін айт та, ит жоқшылық
Жүректі айнытады құсықтай боп.

Алтайжан,— деді Сұлу оған қарап,—
Қарақат қара көзін тура қадап,—
Қыдыың көрген қызығы бес-ақ күндік,
Мұндай дәурен басымнан өтеді өлі-ақ.
Міне мен өн жетіге аяқ бастым,
Бұл өмір жиырмаға жетсе сол-ақ.
Оң алтын босағанды аттаған соң,
Өмірге болғаның жай күйсіз қонақ.

Сүйіктің еркін басын поқтаға ілді.
Құда түсін айттырды бір жер дүмді,
Ағастырған адамның теңі емеспін,
Сұрастырып ғашығың жаңа білді.

Өмірімде жар емес, жалын құшып.
Өткізбекпін құсамен көрер күнді,
Соны саған естіртпек болып бүгін,
Әдей келдім, төккелі іште мұнды!..»
Есіне түсіп барлық дос пен қасы,
Сұлудың мөлтілтеді көзде жасы.
Қыбырлап қызыл ерні тоңғандай боп,
Қабақта қимылдады қара қасы.
Әке де, шеше де жау, туған да жау,
Бар сенгені Алтайдың қара басы.

Неге екенін білмейді өзі-дағы,
Әйтеуір ауды соған ықыласы.
«Алтайжан, қайтемін!» деп құшақтады,
Оралып мойынына жібек шашы.
Алтайдың мына сөзге мұздап іші,
Құбылып қырық түрленіп сұрша түсі,
Аузына айтатұғын түк сөз түспей,
Дей берді:

— «Құда болған қандай кісі?»
— «Ол атақты Байбосын, ұлы жүзде
Билік құрып аюдай батқан тісі.
Оған жесір бермеуге теңгермеуге
Үш жүзде де келмейді жанның күші.
Байбосынның жұмсары кектескенге,—
Шоқпарлы қол, сүйреген найза ұшы!»

— «Енді білдім, Сұлушаш, енді білдім!..
Қармағына түсіпсің мықты дүрдің.
Ол қармақтан құтқарып алу үшін
Қолынан не келеді мендей «күлдың!»
Мен жанымды қиямын құтқаруға,
Дерлік болсаң егерде «көзді жұмдым!»

Әкеңнің төрт құбыласы түгел дерлік,
Тізесін дәу-перінің бүгер дерлік,
Тік тұрса төбесімен көкті сүйеп,
Қолымен қос бүйірін тірер дерлік.
Сені берген қайының Байбосын да,
Үйретіп жолбарысты шідерлерлік.
Азуы алты қарыс оңшең аю,
Оңайлықпен бере ме бізге теңдік.

Мұндай іске бел байлап, көз жұмғанда,
Қайратыңнан тысқары керек ерлік.

Ойласақ малда ғана күш пенен бак,
Кім-кім де малы болса мықты болмақ.
Кім ат пенен ас берсе, елдің бәрі
Сойылын соғып соның, тілін алмақ.
Бір мені күл ғып көкке ұшырады,
Жағынған екі байға өңшең жалдап.
Қаптаған қалың аран іштерінен,
Әкету тағы қиын көзін алдап.
Мұндай бөле басқа кеп орнағанда
Құтылмақ талмайтұғын жүйрік саңлақ».

—«Алтайжан! деді сұлу бір заманда,—
Нелер мұнды өткен жоқ бұл жалғанда!
Окінгенмен өткен іс бұзылмайды,
Оған кейіп қажыма, назаланба!
Кешетұғын өткел көп екені рас,
Талай өлі қиындық жатыр алда.
Мен сендік!.. Сенер болсаң сырым осы,
Қосылмасам санама тірі жанға.

Құр қажудан, қажырлы артық қайрат
Үнатсаң мен бір амал жүрмін ойлап,
Ұрып келсін деп әдейі атасқан-ды,
Шақыртуға белімді будым байлап.
Жамандығы шын болса жасқаншақтап,
Сенсе өйне өлемге келер жайнап.
Мененбеймін десем ол не қылады.
Аыр бөлен бірмағын кетер шайнап.
Жамандығын көзімен көрссе өзі,
Өкем-дигы үдесін бұзып, таймақ.

Менің өкем тек сонда бүлінеді,
Үдеден жөне де шегінеді.
Байбосып консе егер құдай иіп,
Малдары қайырылып беріледі.
Жау жағы тулағанмен не қылады,
Азар болса біраз мал төгіледі.
Баласы жаман болып көзге түссе,
Болса да қандай мықты жеңіледі.
Көп ойлап менің ақылым соған жетті.

Демесін жесірімді бермей кетті.
Бүгін таң осы араға шақырғаным,
Ақылдаспақ болып ем осы кепті.
Қайтеміз, айла қылмай амал бар ма,
Тағдырдың талқысы әкеп соған жекті.
Алтайжан, жарай ма осы ақылдарым?»
(Алтай ойлап): «Мен-дағы мақұлдадым!»
—«Бұл қалай деп түбінде ойламасын
Деген ой еді сені шақырғаным.
Байбосынның мырзасын көзіңмен көр,
(Күліп айтты) жездең ғой, жақындарың!»

Серттесіп бір-біріне қолын берді,
Ер Алтай Сұлушашқа жаңа сенді.
Кұмарын баса алмаған екі жастың,
Сүйісіп шөп-шөп етті тағы да ерні.
Сұлушаш бір уақытта Алтайына
Бір алмас екі жүзді қанжар берді.

Қанжарды Сұлушаштан қолына ап,
Аударып екі жүзін қарап-қарап.
Ышқына бір күрсініп алдыдағы,
Қанжарды қойды Алтай жерге қадап,
«Білтелі қара мылтық тағы берем»
Деді Сұлу қолымен шашын тарап,
Серттесіп, сөз байласып болғаннан соң,
Шақырып жолдастарын алдырды ат.

Сұлушаш нөкерімен аттанысты,
Сүйісті, құшақтасты, қол алысты.
Бозжорға ырғалаңдай басын шұлғып,
Баяғы келген ізге қайта түсті.
Артынан Алтай ұзақ қарап тұрды,
Ойлары болашақтың улап ішті.
Қарасын Сұлу үзіп кеткен кезде,
Бұлар да өз бетіне жөнелісті.

VI

Аттанып Алтай қайтып келе жатты.
Бұлт жадырап, күн қайнап отын жақты.
Торғай шырлап, шарықтап қияға өрлеп,
Түс-түстан қанаттарын жыбырлатты.

Жан-жақтың бәрі сұлу — күлімденіп,
Денені шаттық беріп шымырлатты.

Қурайлар ақ үкілі иіп басын,
Жас талдар жап-жасыл боп жайып шашын,
Қызыл гүл қызараңдап нарттай жанып,
Құбылды нұрға бөлеп дөң арасын.
Жасыл шөп жұпар шашып, жерді жауып,
Жүректің жазарлықтай бар жарасын.
Тап сол күн дүниеге келмейтін күн,
Айнала неткен шаттық таң қаласың!..

Тортөбел басын шұлғып бүлк-бүлк желді,
Денеден домалатып шып-шып терді.
Құйрығын сипандатып, басын шұлғып,
Жортақтап борт-борт басып ұтты жерді.
Жасыл шөптің астынан құрғақ топырақ,
Самалдан шаңғымақ боп дөңгеленді.

Тізгінді ер басына қазықбау шап,
Қамшысын мықынынан таянып ап,
Ағытып түймелерін омыраудың,
Жеңдерін шынтағынан түріп тастап,
Қабағы жабыңқы боп Алтай ердің,
Тұңғыық көкке көзін келеді сап.

Ғашығын көріп қайтты,— қуанбады,
Сүйісті, бірақ оған жұбанбады.
Үмітті ойы алдына алыс жатыр,
Көздеген мақсаттары тұмандады,
Сұм үміт сұп-сұр болып елес беріп,
Көктің бір қиырында қыландады.
Болмаса сағымменен бірге толқып,
Түлкідей таудан қашқан сылаңдады.
Алтай ер ат үстінде қалды қатып,
Көп ойлап ой ұшынан шыға алмады.
Үміттің тілі ауыр, сөзі қиын,
Ол тілді Алтай еркін ұға алмады.

Түнеріп қара көк боп тұр аспан-көк,
Бетінде шұбар бұлт тұр толқындай боп,
Қаңадып қанша қарап байқап еді,
Бұн бұлдыр жатқан дария қиыры жоқ.

Айналып күнге көзін бір салып ед,
Ол-дағы телегей боп жанған тек от.
Көз жұмып өмірді де ойлап еді,
Ол-дағы зымыраған бір атқан оқ,
Не ойлап, не нәрсені қиял етсе,
Қайғыға бәрінде де болады соқ.
Бір кезде көктен көзін жерге аударды.
Төңірек ажарланып гүл-гүл жанды.
Көзіне не көрінсе жаудай болып,
Бұрынғы қайғы үстіне қайғы салды.
Жер, шөп, су, орман, дөңес... бәрі-дағы,
Бай үшін жаратылған сықылданды.

Ойлады: «жер менен су, тоғай орман...
Адамзат пайдалансын деп жаратқан.
Бірақ сол ен байлықты байлар ғана
Өзіне меншікті ғып пайдаланған.
Жалшыға, құл-құтанға дөнеме жоқ,
Жалғыз-ақ ішер тамақ оларда арман.
Дүние-ай, маған берсе бар билікті,
Күштіні етер едім көзге түрткі,
Жалшыға, құл мен күнге, кедейлерге,
Берер ем бөліп-бөліп мал-мүлікті.
Не керек, бар байлықты байлар көріп,
Кекіріп, болып отыр майға күпті!»

Әкесі жүр соры қайнап бие бағып,
Кезі келсе, қой менен түйе бағып,
Киімі өрім-өрім сауыстанып,
Шешесі жүр бүкшендеп отты жағып.
Інісі Ермек әлі жас... өзі-дағы
Жылқышы боп бейнеттен киді қамыт.
Ині сияр өмірде тескіндік жоқ,
Қайда барса алдында азап-тамық!..

Тағы да өр түрлі ой елестеді,
Бәрі ұшқыр бір-біріне ілеспеді.
Қаншама көзін жұмып ойласа да,
Ойлар көп, біреуін де түгеспеді.
Ойлатқан осыларды кедейлік қой,
Бай болса «мен еркінмін» демес пе еді?!»
Алтайдың Қайсар ойын отыр сезіп,
Ол-дағы ой сарайын тартты кезіп,

Алдында келер күнді болжағанда,
Өмірден қол сілтеді о да безіп,
Алтаймен не көрсе де бір көрмек боп,
Ішінен неге болса отыр төзіп.
Алтайды жұбатайын деді-дағы;
—«Жеткен жоқ қайғыға енер мезгіл өлі.
Ер басы еңбек үшін жаратылған,
Қашан да сыннан өтпек ердің бағы.
Не керек ойға құл боп, жаным Алтай,
Жастық күн өмірдің ол жалын шағы.

Жастықтың жалынына су сепкені
Қайғыға ер жігіттің қажығаны.
Осыны дәуде болса айтқан шығар,
Өзің шын сеніп сүйген сұлу-дағы!»

—«Қайсар-ау!»,— деді Алтай күрсініп ап,—
Рас, қызу уақыт қой бұл жастық шақ.
Осы істі бір бастауын бастасам да,
Ақыры не болары тәуекел-ақ.

Тілеуберді еркімен Сұлушашты
Тап менің бұл күйімде бермеуі хак.
Егер де Сұлушашты алып қашып,
Олардың қолдарына түсе қалсақ:
Не болмақ?... Не боламыз?... осы арасы
Жүректі шошытады көрсем толғап.

Ар жағы не болуы өзіңе аян,
Қашқанмен жоқ барар тау, басар саян,
Жаудан қорқып үмітті тілегімді,
Олем деп орындамай қалай қоям.
Ой мен қырым, қанатым, күйрығым жоқ,
Құлашты талпынсам да қалай жаям,
Бүйіткен өмір — өмір ме, ойлашы өзің!
(Осы өмірден табамын қалай баян»

Депі де Алтай қатты демін алды,
Қара көзден ұшқындар шашырады.
«Олсем де орындаймын осы істі,
Өлгенше дұшпанымнан ішем қанды!
Армақтап жаудан қорқып, бұғып сасып,
Көмірден қапқа буып қайтем жанды.

Әйтеуір ертелі-кеш бір өлім бар,
Көргем жоқ екі жүз жыл жасағанды!»
Деп жігермен шоқытып Қайсар жігіт,
Жылқыға келгенін де білмей қалды.

II бөлім

СЕРГЕЛДЕҢ

I

Жұлдыз сөніп, таң атқан мезгіл еді,
Алыстан бұлдырап бір салт келеді.
Самалы қоңыр салқын толқып соққан,
Ән салып толқындатып жібереді.
Парсының масатылы кілеміндей
Құлпырған ғажайып гүл төңірегі
Аққу сұңқылдаған сонау өнді,
Жаңғыртып ен даланы шырқағанды,
Оқтаудай жарау атты бүгілдіріп,
Күзеткен ала-бөтен атқан танды,
Мас болып шырт ұйқыда жатқандардың
Қайсысы ән екен деп есіне алды?

Ол әнді күміс көбік көл тыңдады.
Құлпырған, астау жонды дөң тыңдады.
Бөлмейін дегендей-ақ зарлы күйді,
Тына ғап жұпар иісті жел тыңдады.
Көзінен мөлдір жасы мөлт-мөлт тамып,
Буланып шық басқан жер тыңдады.
Одан басқа, мал баққан, отын жаққан
Қақ, сауыс, қара жыртық жең тыңдады.

Ән салып келе жатқан жалғыз жан кім?
Ішінде зарлағандай нендей бар мұң?!
Керіліп ат үстінде есінейді,
Көз шырын алмаған-ау бүгінгі түн!

Көзінен көрер танды неге атырад?
Желдіртіп неге асығыс келеді тым?
Жер астынан сығалап бұлтты жарып,
Неліктен көзін қадап қарайды күн?

Дем алмай не себепті ішін тартты,
Самал жел көпті көрген қария сұм?

Торғайлар неге сонша шырылдады?
Неліктен үйрек көлде бырылдады?
Қоңыр қаз балапанын жайып жүрген
Біріне-бірі неге сыбырлады?
Күн жадырап, жайылып өз-өзінен,
Не жақсылық жұмысты ырымдады?
Өсімдік жел тынғанда басын шұлғып
Қалайша себебі жоқ қыбырлады?
Не қайғы, не қуаныш көретіндей,
Аттының неге бойы шымырлады?

Осының бәріне де себеп ашық:
Қосылмақ бүгінгі күн екі ғашық.
Ән салып ен даланы өзі билеп,
Көрінген жігіт Алтай дөннен асып.
Астында бөкен қабақ Төртөбел,
Келеді жұмсақ жерді борт-борт басып,
Құс, көл, жер, дөң, жел, сағым үндемеді,
Қарсы алды ер Алтайды амандасып.

Алтай да таза ауаны жұтып еркін,
Құбылған табиғаттың көріп көркін.
Таянып оң жақ қолын мықынына,
Шекеге артын түре киді бөркін.
Таң атпай келе жатқан бар жұмысы
Сұлуға орындамақ айтқан сертін.
Қазірде көңілі онша қаяу емес,
Таң жойды түнде өзекке түскен дертін.

Ел үсті ерген малмен азан-қазан.
Сиыр мөңіреп «өрем!» деп айтты азан.
Өрген қойды айнала шық бөлеп,
Қыбырлаған, үстері тартқан бозаң.
Қой жағалай жарысқан лақ, қозы,
Дегендей боп бірінен-бірі озам!

Көл де нұр, көлем де нұр, сайлар да нұр,
Айнала нұр, ілікпейді көзге тозаң.
Сол нұрлардың ішінде аппақ үйлер,
Топкип тұр бейне бір күміс қазан.

Түк нәрсе сезінбестей, ауыл өлік,
Таңғы тәтті ұйқыға алған еніп,
Ояулары құрт жайып, қазан қырған,
Қой-құрттаған, жүргендер тезек теріп,
Ең аяғы иттер де жалқауланып,
Маңқ етіп жата кетті дөңгеленіп,
Соның бәрін көзімен шолып Алтай,
Қарақұрым үйіне түсті келіп,
Қуанышты әкесі күле қарап,
Құлынын кіріп келген көре сала-ақ,
Құшағын ұша тұра жайып келіп,
Қысып-қысып бетінен сүйді жылап.
Шешесі де бүкшендеп жүгіріп кеп,
Бір беттен о да сүйді жанасалап,
Амандасып болған соң, ұйықтап жатқан
Інісін Алтай барып өпті аймалап.
Жыртық үй шымнан соққан балағандай,
Ішінен сырттағыны санағандай.
Үй ішінде төсеніш, көрпе, жастық,
Бірі жоқ, үйді жау кеп тонағандай.
Ер жігіттің тұрмысы сондай болса,
Нағып шыдар жүрегі жараланбай.

Екі аттап Алтай төрге барды-дағы,
Жан-жағына бір қарап алды-дағы,
Шырша бойы сыймады, басын иді,
Сықылданып жылқының арғымағы,
Ойына әр немелер түсіп кетіп,
Иығы талғандай боп салбырады.

Далаға тоқырамай қайта шықты.
Өліктей ұйықтап жатқан көрді жұртты.
Бір қарап жаңа шыққан сұлу күнге,
Отауға қара көзді қадап тікті.
Алдынан ғашық сұлу елес етіп
Қозғады жүректегі нәзік жіпті.

Бармауға шыдамады жанған жүрек,
Бірақ ерте баруға себеп керек.
Күні үшін байға құл боп жағынғандар,
Көзі шалса «бұл қалай барад?» демек.
«Тірі адам көрмейді, тасалаймыз,
Бар, бар!» деп тұманданып тұр төңірек.

Тұманменен тұтасып, күннің көзін
Жасырды ер Алтайды бұлт та елеп.
Бір кезде Алтай барып есік ашты,
Денесін жерді жапқан бұға бөлеп.

Сұлушаш ұйықтап жатыр болып бырдай,
(Ұйықтамас па, кездессе тұрмыс мұндай!).
Жамылып шайы көрпе, шалқасынан
Керіліп жатыр екен аппақ қудай.
Тықырды сезгеннен-ақ атып тұрды,
Шошынып ұясынан ұшқан құрдай.
Толқынды қара шашы тізеден кеп,
Алтайға құшақ жайды сабыр қылмай,
Бүктеліп құмырсқа бел бұрандады.
Үзіліп кететұғын нәзік қылдай.
Қадалтып қара көзін қарай берді,
Кірпігін әрең қағып, көзін жұмбай.

Құшақтап Алтай қысып бұраң белден:
— «Қалқам-ау, жолым ғой бұл әдейі келген.
Тағы да сөйлесерміз, көп тұрмайық,
Көп тұрсақ біреу-міреу көрер елден.
Кешке тағы келемін, сырласып бір
Құтылу керек көптен жүрген шерден.
Қанекей, тілінді тос, бір сүйейін,
Кел қалқаш, әкел, әкел, әкел, бермен!»

II

Күн қайнап жалын шашты түстікке кеп,
Аспан ашық, шөкімдей бір бұлт жоқ,
Тұңғиық теңіз аспан кара-күрен,
Алыста жалтырап тұр айнадай боп.
Сілкініп әнші торғай жырлап жатыр,
«Тира-ра, тира-ра, тира-ра» деп.
Алыста шаңқылдады ақ шағала
Таңданып өлденеге күлкісі кеп.

Ауылдың сыртын ала қаққан желі.
Үйездеп байдың сауын биелері.
Түнде майса көк шөпке тойғандықтан.
Шығайы ыңқ-ыңқ, етіп зорға демі.
Бұданбалардың күйрығы жерді сабап,

Ыстықтап, солқылдайды бүйірлері.
Желіде сауыншы жүр көнек іліп,
Кеудесі ашық шынтақтан түгел жеңі.

Тік өркеш, ұзын шуда, иір мойын,
Сортаннан сасырды жеп алған тойым.
Бөленіп толқып жатқан сағымдарға,
Жусап тұр шаттық алып тұла бойын.
Қой жатыр өзенді өрлей бырт-бырт күйсеп,
Ішінде қозылары салып ойын.
Пісілді күрс-күрс етіп қара саба,
Даусына жаңғырықты мидай дала,
Құйылып сары кымыз сапырылып,
Шүпілдеп көбіктене толды шара.
Ас үйде мейіздей сүр бүлк-бүлк қайнап,
Будак бу бұркылдады мұрын жара.

Иіндеп саба-саба жиған іркіт,
Асылып жерошақта қайнады құрт.
Түтіні желсіз күнде көзге ілеспей,
Күкшіл түсті жалындар жанды жылт-жылт.
Көсеуменен от түртіп көрі кемпір,
Салқын тер мандайынан шықты шып-шып.
Еңбегі канша екені мағлұм ғой,
Әйтеуір байға құл боп бағынған жұрт.

Ұйқыдан түс кезінде тұрды бай да,
Бұркылдап мыс әйнекте жатыр шай да,
Үй іші масатылы жайған кілем,
Жұмақтың дәл өзіне ұқсамай ма.
Іргеден түріп қойған есіп жатыр
Хош иісті, қоңыр салқын жел де майда.
Жастанып мамық жастық қарнын сипап,
Кекіріп бай бір кезде қанды шайға.
Бәйбіше шекесіне салып күндік,
Азырақ сығырайтып ашып түндік,
Кеудесін көйлегінің желпе түсіп,
Ішіне шым жібектің отыр сүңгіп.
Сонда да бір нәрсеге кейігендей,
Азырақ қабағына түскен кірбік.

Ол кірбік — бәйбішенің Сұлушашы,
Келгенде отауына бірде апасы,

«А... па!..» деп арғы жағын айта алмай,
Мөлдіреп қара көзге толған жасы.
Қып-қызыл жұқа ерні қыбыр етіп.
Қабақта қимылдаған қара қасы,
Анасы жалғызына деген: «қалқам»,
Өз ойын Сұлу жарып айта алмай,
Жүрегі дүрс-дүрс соғып болған талқан.
Анасының төсіне басын сүйеп,
Дей берген «апа, айтуға қорқам, қорқам...»
«Қалқам-ау, көз жасынан құрмалдық» деп,
Төгілген қара шашын сипап жібек.
Сүйіктей саусақтарын шөп-шөп сүйіп,
«Ойынды айт, қалқам!» деп қылған тілек.
Бір кезде сырын шешіп, құшақтаған,
Анасын күміс — жұмыр аппақ білек.

— «Апа, мен бергенінді ұнатпаймын,—
Дейтін ең, — қалқам, сені жылатпаймын.—
Сүймеген адамыма қосақтадың,
Қазірде көгендеулі лақтаймын.
Бергенің бай болғанмен неге керек,
Мен малмен өмірімді жұбатпаймын!»

Жүрегі бәйбішенің аттай тулап,
Денесін мұздай салқын қандар қулап,
Төбесі қатты шымыр ете қалып,
Тер шыққан маңдайынан будақ-будақ,
Сол сәтте не болғанын өзі сезбей,
Құлағы әлденеге кеткен шулап.
Сөйлейіна апа шіркін аяп кетіп,
Сүлумен о да көзін алған сулап.

Қадалып құлышына қалған қатып,
Айтты деп бұл сөзді ол қалай батып,
«Бармаймын бергеніңе» деген сөзі,
Кеудесін мылтықтай боп кеткен атып.

Көп сөзді қорытқанда келгендері:
«Көрген артық — естіген сөзден гөрі»
Күйеуді ұрын кел деп шақыртпақ боп,
Сұлудың осы сөзге қатқан белі.
Тап бүгін бәйбішеге ой түсуі,
Күйеуі ертең ұрын келмек еді.

Бәйбішеге Сұлудың ойы анық,
Салдыртып күйеу ертең келмек қалып,
Ойын-той, ырым-жырым өтіп болып,
Жеңгелер қалындықты бармақ алып.
Ұнатса ол құдайдың ондағаны,
Ұнатпай шықса егер кінә тағып,

Базарға бас түсуі былай тұрсын,
Көруі екіталай сәуле жарық.
Жүрегін осы ойлар бәйбішенің
Жыландай әлсін-әлсін отыр шағып.
Шытынап, тырыстырып қабақтарын,
Ышқынып күрсінеді демін алып.
Бай бұдан түк нәрсені сезінбейді,
Қымызды сіміреді ыңыранып.

Бүгінгі қайғылының Алтай бірі,
Күн сықылды еместей көрген күні.
Өзгелердің күлкісін көтере алмай,
Ашудан шығып отыр беттен түгі.
Қанша қайрат орнаған жан болғанмен,
Бүгін түскен мойынға аз ба жүгі.

Қайғырмай қайтсін Алтай, амал бар ма!
Тізгіні бақытының отыр малда.
Тең болса терезесі байларменен,
Өлсе де күйеуді ұрын шақыртар ма?
Алтайды шын жүрекпен сүйген сұлу,
Еріксіз басын салып отыр шарға.
Өзіндік сүйген жаны біреулік боп,
Тұрғанда батпай қайтіп тұрсын жанға!

Ішінде қырық жамаулы құрым үйдің,
Дауысы күңіренеді зарлы күйдің,
Көз жұмулы, бармағы шекті құлап,
Мазасын Алтай алып отыр мидың.
Өзегін ойы құрғыр өртеп жатыр,
Деп «жарымды біреуге қалай қидым?!
Сұм жүрек тілегіңе жете алмасаң,
Қол жетпес сұлу күнді неге сүйдің?»

Сұлуға зарлы күйдің даусы жетті,
Оның да жүрегінің қылын шертті,

Қараса Сұлу ойын өрге салып,
Асудан өтетұғын мезгіл жетті.
Көз шолып осы арасын байқағанда,
Солқылдап қара көзден жасын төкті.
Көп жылап, дене шаршап, басы қатты,
Ауыр ой Сұлушашты әлсіретті.
Сол көз жасын сүртпестен зарлы сұлу
Жастанып ақ білегін калғып кетті.

III

Іңір боп қараңғылық жайды қанат,
Ашылды көктің жүзі бұлт тарап,
Жарқылдап күміс жұлдыз нұрын шашып,
Қара үйге көзін тігіп тұрды қарап.
Алтай ер шалқасынан жатып алып,
Жыртықтан жұлдыздарды жатыр санап.

Қалың ой қайғылыны қоя ма ертпей,
Лауланып іші-бауыры жайнады өрттей,
Талықсып маужыраған адамдай боп,
Көз жұмып домбыраны жатыр шертпей.
Түрегеп, жұрт ұйықтады-ау деген кезде
Аяқты ақ отауға басты беттей.

Ақ таңдақ сәуле шашып сонау жоннан,
Жел тынған, ұясына ай да қонған.
Үйректің зуылдайды қанаттары,
Ауылдың түнде ұшып үстін шолған.

Түйелер ұйықтап мойны жерге салып,
Күйсеп сиыр, ыңырысып, демін алып,
Көлбақаға үн қосып лақ-теке,
Жардан төмен құлайды домаланып.
Өүпілдек ара-тұра өүпілдейді,
Дауысы тымық түнде құлақ жарып.

Қысылып, әлденеге жүрген жандай,
Талықсып бір қиырда шығады айғай,
Ол -- күзетте ән салған жылқышы ғой.
Түн күзеткен көзінің шырын алмай...
Осындай көркемдіктің бәрін Алтай
Тамасын, дөмін алмай жұтты балдай.

Алақтап төңірегін шола қарап,
Аяғын жолбарыстай басты санап,
Қырық адым жерге жолда қырық бес тоқтап,
Отауға тасаланып келді жанап.
Есіктің ілгегіне салды қолын,
Маңында жанның жоғын көре сала-ақ.
Сұлуды Алтай сүйіп, деді: «Қалқам!»
Оңаша кездесіп бір кеңіді арқам.
Сонда да күйеу келед деген сөзден,
Жүрегім күні бойы болды талқан.
Сен үшін не де болса шыдамақпын,
Кінәні серттен тайсаң саған артам.
Өзеннің өткеліне жаңа келдік,
Жастықпен жеңіл ойлап жоққа сендік.
Әрі ойлап, бері ойлап келгенімде,
Әкеңнен екеуімізге болмайды елдік.
Өлімге басыңды бер, белінді бу,
Мұндайда өте қажет көзсіз ерлік!»

Басқа іс түскенде адам ашынады...
Сұлу да бұрынғыдай жасымады:
—«Егерде уәде қылған сөзден тайса,
Адам емес, айуан осы-дағы.
Менде екі жүрек жоқ, бір-ақ жүрек
Не өледі, не саған қосылады.

Достық көңіл, Алтайжан, достық көңіл!
Достық көңіл дегенге байлаулы өмір,
Анық достық табылса, айну киын,
Достық көңіл айтуға ғана жеңіл.
Бірақ, достық қайғысын дос аршымақ,
Жалғыз қайда барады қайратпен құр.
Сен не десең, мен соған белді будым,
Көкірекке орнаған иманым бұл!»

—«Мен саған ежелден-ақ сенген жанмын,
Сен үшін неге болса, соған бармын,
Өлсем-дағы бұл істен өкінбеймін,
Өйткені өзіме-өзім тілеп алдым.
Менің мына ойыма не айтасың:
Көзіне жоғалайық түспей жанның!»

—«Алтайжан, ол ыстықтай суғынғаның,
Соншама тығыз ойлап неғылғаның?!

Көрдім деп мәз-мәйрам боп күйеу кетсін,
Асықпа, күзге дейін шыда, жаным.
Күз бола, бір қараңғы түн жалынсын
Күз болғанша жолыңның жей бер қамын!
— Осыған шыдайсың ба?
— Төздім, мақұл.
Бұ да онша қонбайтын емес ақыл.
— Қамыңды өзін әбден жеп болған соң,
Қайсарды жібер-дағы, мені шақыр.
Оған шейін өзектен бар-дағы ал,
Жалғыз терек түбінде мылтық жатыр.
— Жарайды, мұның-дағы мақұл екен,
Бірақ сен шығарыңда болма қапыл.
Ала шық өн бойыңа сыйғанынша,
Қолыңда қару болса іске татыр.

Екеуі серт байласып алысты қол,
Сөздері «сен мықты бол, сен мықты бол!»
Бүгінгі көрісуден тапқандары,
Ашылған сықылданды көмескі жол.
Ернінен бір шөп етіп сүйді-дағы,
Есік ашып далаға шықты Алтай,
Сүйгенін шығарып сап: болсын деп жол.

Сібірлеп келеді екен таң да атып.
Барады күлімсіреп шолпан батып,
Көл де көл, дөңдер де, сайлар да көл,
Әлемді шық басқан тұмандатып,
Аспанда түтеленген сұрғылт бұлттар,
Сіркіреп күнбатысқа көшті қалқып.
Сол сұр бұлтқа түйіле көзін қадап,
Ер Алтай жансыз жандай қалды қатып.

IV

Қара бұлт қоюланды қабақ түйіп,
Көк жүзі отқа толды аспан күйіп.
Ысылдап айдаһардай, ұйытқи соғып,
Жел-дағы өршеленді күшін жиып.
Өзенде таудай толқын домаланып,
Жығылды жасыл құрақ басын иіп,
Шатырлап бұлтқа бұлт соғылысып,
Ішүмектеп қара жаңбыр жауды құйып.

Кереге сықыр-сықыр селкілдеді,
Түндіктер тулақтай боп желпілдеді.
Жер жүзін топан қаптап, аппақ болып,
Сайларда су сарылдап көлкілдеді.
Қараша үйлер қаңбақтай ұшып кетіп,
Қирады, жел әй-пүйге келтірмеді.
Өткен дауыл қайрыла қайта соғып,
Қара бұлт бір жадырап серпілмеді.

Малдың да, адамның да құты кетті,
Жауратып бәріне де жаңбыр өтті.
Арық-тұрақ, қозы-лақ, жаңбырға ұшып,
Семіз де су сорғалап дір-дір етті.
Бір кезде бұлт — «ашуды тоқтатайын»
Дегендей-ақ шығысқа қойды бетті.
Не нәрсеге долданды?— Өзі білед,
Әйтеуір оңдап ұрып алды кекті.

Бұлт арты — күнбатыс жанғандай боп,
Күнбатысты жалынды өрт алғандай боп,
Тұтанып, белең алып, өрлей жанып,
Жарты аспанды жалынды от шалғандай боп,
Сиреп жауған жаңбыр да қызараңдап,
Қызыл жалын тамшы боп тамғандай боп,
Не болмаса көкті де, бұлтты да,
Қызыл қанға малшылап алғандай боп,
Қызыл бұлт түтеленіп, арты сиреп,
Дауыл-дағы басылып, ашылды көк.

Қызарған сәулесі екен батар күннің,
Қызыл от бояуы екен отты нұрдың,
Дөңгеленіп қызыл күн қанын шашып,
Төмендеді үстінде сонау қырдың.
Күндегідей күлімдеп қоштаспады,
Ізі бардай бетінде қайғы-мұңның
Деген жанша бір кезде жоғалды күн —
— «Енді қайтып шықпаймын көзді жұмдым!»

Соншама жер, жал, бұлт, күн долдануы,
Тиыштықта жүргендерді қолға алуы,
Күндегідей күмісті нұрын сеппей,
Күнбатыстың боялып, қандануы,
Жер де, көк те сілкініп, буырқанып,

Жынды бура секілді шамдануы,
Неліктен?— қайғырмасқа бола ма екен,
Жасын төксе Сұлушаш, — жел аруы!..

Жаңбыр емес, сел болып әлгі жауған,
Ол Сұлудың көз жасы мөлт-мөлт тамған.
Анау дауыл қиратқан талай үйді,
Қатты ышқынып сұлудың демі алған.
Найзағай боп жарқылдап кекте ойнаған,
Жүректегі шер ғой ол от боп жанған,
Күн бата зарлы сұлу қалғыған соң,
Себебі сол: бәрі сап бола қалған!
Күн батты, көктің жүзі қоңырланды,
Бұлт сол көшкен күймен тамырланды.
Қирап қалған үйлерді күрке қылып,
Жұрт жауыннан адасқан жиды малды.
Дәл сол кезде түстіктен бір кеп салт атты,
Ауыл жаққа бет алып шоғырланды.

Ол шоғыр — ұрын келер күйеу еді,
Жанына ерген нөкері, биі, бегі,
Алдынан қарсы алуға аттанысты,
Күтуші Тілеуберді жігіттері,
Жүзден астам алдында сол аттылар,
Арт жағы шұбақ түйе көрінеді.

Он үйді бір қойнауға қойған тігіп,
Соған бұрды қарсы ала шыққан жігіт.
Оларда не уайым бар, амандасып
Қонақ үйге бет алды қарқ-қарқ күліп.
Түйелерге теңделіп келе жатқан
Кәде үшін әкелген болды мүлік.

Талай тоғыз айыбы тағы да бар,
Зейнетінен бай адам аяй ма мал.
Оған қоса босаға айып үшін,
Жүз жылқы тағы әкелген өңшең көкжал.
Бірі басшы ірі адам болғанымен,
Өзгесі: әнші, қу епті, шіренген сал.

Сұлуда не ой барын білмейді бай,
Мынау келген мүлікке көңілі жай.
Ұрын келіп осынша малын шашты,

Бұдан артық бай құда болмақ қандай.
Бірақ сол қонақтарға құрмет етер
Өзінен еркек кіндік адам болмай,
Байға осы ой азырақ ауыр тиіп,
Күрсінді тіршілікке көңілі толмай.

V

Далада ерсіл-қарсыл сабылған жұрт,
Есінен шала мас боп жаңылған жұрт,
Сия алмай «қуанышы» қойынына,
Бар-жоғы бүгінгі күн табылған жұрт.
«Қайғы» жоқ, «уайым» жоқ, «өкініш» жоқ,
«Шаттыққа» белшесінен «малынған» жұрт.
Бәріне сүйтерліктей көрінді не?
Өшпейтін мәңгі шаттық берілді ме?
Болмаса молда айтатын «сегіз жұмбақ»
Ашылып «хордың қызы» көрінді ме?
Немесе мылтық атып, қылыш шапқан,
Жаулары ұқсатылып жеңілді ме?

Балқытып әнші неге шырқайды әнді?
Күйлері домбыраның неге зарлы?
Көктегі көп жұлдыздың біреуі жоқ,
Себеп не, күліп тұрмай, сөне қалды?
Қап-қара түтектегі түсі суып,
Қара бұлт бүгін неге коюланды?

Жел неге ысылдады ішін тартып?
Ай неге бата қалды жүрмей қалқып?
Көл неге көбіктеніп жарды соғып,
Толқынды толқын ұрып жатыр шалқып?
Солардың аяйтыны жалғыз-ақ жан:
Сұлушаш бүгін жалғыз қайғыланған.
Ішінде сол жиналған қалың топтың,
Алтай мен Сұлушаш-ақ назаланған.

Жиын кімдер?

Ойынға жиылғандар!

Бәрі де шат, оларда не «арман» бар.
Құлақ естір маңайдан іздеп келген,
«Күйеуді көреміз» деп мырза, салдар.

Шынтақтап тізе үстін, тізе баса,
Отырған қыз, бозбала араласа.
Балалар шуылдасып жүгіріскен,
Ойыннан басқа оларға не тамаша.

Бір жақта үймелеген толған қатын,
Бастары аппақ болып шағалаша.
Жөнсуы бозбаланың шетте қалып,
Қатынға қалжындайды жағаласа.

Ойланып «хан жақсы ма» сайланып хан,
Көтеріп әнші жігіт салады ән.
У да шу, күбір-күбір, сыбыр-сыбыр,
Жоқ шығар үн шығармай отырған жан.
Дауысы шоп ете ғап естіледі,
Жігіттің қыз аузынан сақина алған,
Сүйгізген қыз көнбеген адамымсып,
Үкісі желкілдейді бұлғаланған.

Ойынды бозбалалар жүрген бастап,
Қолына есіп алған белбеу ұстап,
Қалжындап бірін-бірі қағып кетіп,
Жұлқысып әл жеткені жығып тастап.
Не десе әміріне құлдық ұрып,
«Хандығын» мақұл дейді бәрі қостап.

Күйеуді жұрттың түгел көріп бәрі,
Десіп отыр «мырзамыз мынау ма әлі?!»
Кей кегі бар жігіттер Сұлушашты
«Мырзана болайын» деп табалады.
Бұрынғы от үстіне тағы от жағып,
Сұлуды одан жаман жаралады.

Ән, күй, жиын қызық қой, ойын, сауық,
Жазбады жүрегінің емін тауып,
Жиреніп естілгенмен құлағына,
Қабағы түсіп отыр қайғы жауып.
Білдірмей қасындағы тірі жанға,
Үнлеп күрсінеді ауық-ауық.

Көз ашып жоғары бір қарамайды,
Көз жасы маржандай боп домалайды.
Есінде дос дейтұғын жалғыз Алтай,

Басқаны досым бар деп санамайды.
Сорлыны қайғы басқан сал соққандар,
Неліктен «анау ма?!» деп табалайды!

Сұлудың бүгін жарға келген күні,
Не жығып, не жығылып өлген күні.
Келмеуге канша белін буса-дағы,
Көпшілік жалғыз жанды жеңген күні.
Алтайдан басқа бір жан дос емесін
Көзімен бүгін анық көрген күні.

Сонда да білдірмеді жанға сырын,
Сезген жоқ қайғылысын адам мұның,
Бір өзі мың сан топты алдап кетіп,
Өзінше бөрінің де таппақ қыбын.
Ішінен сонда-дағы сескенеді,
Деп ойлап «жарар еді-ау болса мұным?!»

VI

Жел тұрып таң атуға жақындады,
«Таң атад» деп бөдене тақылдады.
Тауқүдірет «күдірет, күдірет!..» деп,
Зар қағып көл басында қақылдады.
Көлде құстар оянып шу-шу етіп,
«Күдірет, күдіретті!» мақұлдады.

Жүгіріп Сұлушаштың жеңгелері,
(Сылдырап бұрымында тенгелері)
Сұлуға сөйлесуін жиілетті
Көрсетіп кәде алмақ боп көңілдері.
Қалай күліп жақындап келсе-дағы,
Сұлудың жылы сөзі көрінбеді.

Жанбайдың Айжан деген келіншегі,
Айжанды жандай жақын көруші еді.
Сырларын түгелімен ақтаратын.
Айжанға көп адамнан сенуші еді.
Тар жерде түпкі сырын ашса егер,
Жәрдемін беретіндей көруші еді.

Қап-қара түнжыраған қара түнде,
Сөнгенде желден басқа дауыс, үн де.

Сұлудың ақ білегін мойнына асып,
Отауға келе жатыр Айжан бірге,
Аяғын Сұлу түзу баса алмайды,
Әл, қуат денесінен кеткен мүлде.

Жанына ақ отаудың келіп жетті,
Сұлудың буындары дір-дір етті.
«Ойпыр-ай, шаршадым-ау, женеше-ай!» деп,
Сылқ етіп Сұлу жерге құлай кетті.
Басын сүйеп «оның не, қалқам!» деген,
Айжанға Сұлу тағы жасын төкті.

Сұлудың Айжан сүйеп жарлы басын,
Бұланған орамалмен сүртіп жасын.
Саусағын қойынына тығып тұрып,
Қолымен сипап жібек қара шашын.
Дей берді «Еркежан-ау, мұның қалай?
Қамығып не нәрсеге мұңданасың?»

— «Айжан-ай, жандай көрген жеңгем едің,
Саған мен жанашыр деп сенген едім,
Өзің, айтшы, алдыңда тілегің бар,
Ойлашы, сол күйеу ме менің теңім?!
Бүйтерім бар, анадан неге тудым,
Құрысын бүйтіп көрген күнім менің!»

— «Кой, еркем, неге үйдейсің, олай деме!
Жай айтасың, күйеу кем болсын неге,
Ол бір елдің мырзасы сылқылдаған,
Бір өзі бір маңайға болған төбе.
Бүгін сөйлес, сырын біл, сына анық,
Күні бұрын көрмей жатып, уайым жеме.

Жанындай көретұғын жалғыз анаң,
Әдейі осы сөзді айтты маған.
Басқа жаннан дос көрер болмасыншы,
Анаң қастық айта ма сонда саған.
Жүр, еркем! Таң атады, кешікпейік,
Қанекей, отауға өзім ертіп барам
Ағанды сүйе тұра сүймеймін деп,
Мен-дағы өп-өтірік бұлғандағам».

Айжанның сезді Сұлу ішкі сырын,
Бұлай деп ойламайтын бұдан бұрын,

Жақсылық қыла ма деп күтіп еді,
Есіркеудің атынан көрмеді ырым.
Дос емесін көрді де белін бұды.
«Рас, дұрыс... мақұл!..— деп, — Айжан мұның!»

Маңайда үн атаулы қалған өшіп,
Жалғыз-ақ самал жел-ақ жатыр есіп.
Етегін торғын көйлек жел көтеріп,
Бір кезде сықыр етіп ашылды есік.
Алды тұман, не болмақ біле алмайды
Сұлу терең теңізге кетті түсіп.
Күйеу де және оның жолдасы да,
Төсекте ұйықтап қалған киім шешіп.

— «Еркежан, ұятты қой, отыр енді,
Бұйрық солай, тілдесер заман келді,
Мынау сенің қосағың, құдай қосқан,
Жолдасын көрем дейтін көптен бергі»,—
Деді де, Ырыстыға кездестіріп,
Ақ үйден Айжан шығып жүре берді.

«Мырзамыз» түк те жауап қата алмады,
Амандыққа амандық, қайтармады.
Сұлудың мысы жеңіп, терлеп-тепшіп,
Тым болмаса «кел» деп те айта алмады.
Қасындағы жолдасы ұйықтаған боп,
Сұлуды «қарашы!..» деп сайқалдады.

— «Келіп ем,— деді Сұлу, — амандыққа,
Мен адаммын, жаным сен қорықпа, бұқпа!
Сен менің көрер жаным емес едің,
Шет болмайын деп келдім аруаққа.
Ең актық келген жолың осы болсын,
Бұдан былай бұл жаққа жолға шықпа!»

Деді де есік жаққа жүре берді...
Біреу төр алдынан түрекелді.
Құшақтай ап сұлуды аш белінен,
— «Қой сұлу, шалқақтама үйтіп енді!
Көзіңді аш, басынасың кімді сайқал,
Бұзылған, құртқан күң күллі елді!
Мынау сенің күйеуің, сен қатыны,
Дәндеме, қол-аяғың шідерлеулі.

Сен кімсің, осыншама дардандайтын,
Қайдан ойлап шығардың менсінбеуді?!
Шатаспа!.. Қой!.. Дәндеме!.. Көзіңді аш!..
Біз сендей үйреткеміз көп бедеуді:

—«Сен өй деп тіл тигізбе, сыйлы қонақ,
Жаратқан мен емеспін күйеуді олақ.
Күйеу боп бір ауыз сөз қата алды ма,
Бергенде қалыңдығын үйге қамап.
Түбінде бөтен көңілім болмағанмен,
Мырзаңа әзір қылған сыйым сол-ақ!»
—«Жоқ, сайқал, ол қулығың болмайды!» деп.
(Қоя бер дегеніне қараған жоқ),
Төсекке сылқ еткізіп алып ұрды,
Белі үзіліп, көзінен жарқ етті от.
Бозарып нарттай жанған қызыл беті,
Жалп етті ұзын шашы қара жібек.
Бас салды Ырысты да білегінен,
Шынтақпен бір нұқыды жүрегінен...
«Алтай-ау, тірімісің?! Қайдасың!» деп,
Қысылып зарлы Сұлу зорға алды дем.
Сарт етіп сол уақытта ашылды есік,
Қараңғы үйді көзі оқтай тесіп,
Ілгері ұмтылды да, Ырыстыны,
Жонынан дыр қамшымен жіберді осып.
Ырысты «ойбай, өлдім!» деп бақ етіп,
Жыландай белге соққан түсті шоршып.
Сұлуды талықсыған көтеріп ап,
«Ал жаным, есіңді жи, шық ілесіп!»
Деп еді, демі бар да, дәрмені жоқ,
Сормандай бейне өлік түр сіресіп.

Күйеу жақ жаңа білді болған халды,
«Жауды» ұстап жабылуға үй қараңғы,
Біреулер қалқан болып, «қашпасын» деп,
Есікті жап деп іштен баса қалды.
Қорқақтар қиқушы боп, өз жандарын
Сақтайтын паналарға тасаланды.
Қызғандар намысына: «Ал, ұстайық,
Пәршалап өлтірейік осы адамды!»
Деді де ұмтылысты.
Сонда Сұлу
Ес жиып, ауызға ап «жасағанды»,

—«Алтайжан... құтыл!— деді,— мені таста!
Жеңбейсің жалғыз, өңшең есалаңды!»

Жан-жақтан суық қолдар жабысқандай,
Қордалы жылан көрген арыстандай,
Шошынды Алтай, қолдан түсті Сұлу,
Сылқ етті ақтық демін тауысқандай...
Шошынған Алтайда күш жок сияқты,
Жабылған мына топпен алысқандай.
Сонда ол қанжарына берді ерік:
Кейін жарып, кейбірін жанышқандай
Болғанда, жан түршігер бір шу шықты,
Тыңдаған болды естен ауысқандай.
Сып етіп үйден Алтай шыға келді,
Арты шу, күзгын, қарға, сауысқандай.

Түр екен Тортөбел де тігіп құлақ,
Үстіне Алтай ырғып мінді бір-ақ.
Жөнеле бергенінде, арт жағынан
Жаулар да аттанысып қуды шұбап.
Жармасқанын сойылмен бір-бір қағып,
Талайының есі ауып қалды құлап.
Тортөбел ұшқан құсқа шалдыра ма,
Қара үзіп қуғандардан шықты жырақ.

Жаулардың қуғынынан аман шығып,
Атының алды Алтай басын бұрып.
Ыза-кектен алқынды, дем ала алмай,
Ой жүректі өңешке әкеп тығып.
Зарланды айдалада жалғыз өзі,
Бозарып атқан таңға қарап тұрып:
—«Сұм өмір, маған тартқан сыйың сол ма?
Бір ісім өмірімде баспады оңға.
Адасқан айдалада ақсақ аңдай,
Кездестім қайда барсам қазған орға.
Жалғыз сенген, сүйенген Сұлушашым,
Бүгін міне күң болып қалды қолда.

Өткелге жолықтырдың Құланөтпес,
Бір тауға өрмелеттің өмір жетпес,
Мен не жаздым, не іске күнәлімін,
Недіктен маған бүйтіп болдың кектес?
Сорлы анам, сорлы ұлды неге таптың?
Тапсаң да тірі ғылып неге бақтың?

Көрсетер бір жарығың болмаған соң,
Өмірім неге әуелі таң боп аттың?!

Жасымда өлмей, не үшін көрдім жарық?
Жасық болмай, неге өстім от боп жанып?!
Адам болып, басқамен тең болмасам,
Неге жүрмін адамның атын алып?!

Сорлы көз көрмесінді неге көрдің?!
Біреуді қасіретке неге көмдің?!
Неге бірге өлмедім сол арада,
Сүлумен, ыңырысқан «өлдім, өлдім!..»

Осылай өтпексің бе өмір құрғыр?!
Өстіп жүдей бермек пе көңіл құрғыр?!
Қаңбақша ұшып, у ішіп өткенім бе,
Үміт шіркін ілікпей қолыма бір?..»

Күн шықты нарттай жанып нұры балқып,
Бұлттар демін бүркіп өтті қалқып,
Көп ойлардың артынан, Алтай іштен
Деді «жасық болудан жігер артық...»
«Сұлуды арашалап алу жаудан...»
Барлық ойы құйылды соған сарқып,
«Қайсарды алып аттанар заман туды»,
Деп сар желіп жылқыға кетті тартып.

III бөлім

ЖОРЫҚ

I

Бұлдыр өмір, буалдыр, бұлдыр тұман,
Ой дегенін улы тіл, ол бір жылан.
Сол бұлдырда адамды булықтырмай,
Алып ұшпақ қияға қайрат — қыран.
Тапқыш ақыл қайратпен серіктесе,
Өжеттігі шығады келіп мұнан.
Сол қайратпен ақылдың жентегі боп,
Енесінен жаралған Алтай ұлан.
Алтай ер кейістіктің жүгін тартып,

Мойынға азап өмір қамыт артып,
Қайсардан басқа жұрттан бой таса ғып,
Аузынан «аһ!» дегенде жалын шалқып.
Күндіз-түні тұншықтырып үстін басып,
Қайғыны қара тұман көшті қалқып.
Өмірдің арпалысқан толқынында,
Тұншығып, жанталасып жүзді малтып.
Ішке тартқан демі де удай өртеп,
Мұрнына өлім иісі келді аңқып.
Адамға талыққанда өн, күй серік,
Қайғыны көкірекке алған еніп,
Жаңғыртып ен даланы шырқап өнді,
Алады лықылдатып, төгіп-төгіп.
Бұлақтай көзі ашылған ауыр қайғы,
Жүрегін топ қылады тағы керіп.
Бетінен қаны кетіп күзгі шөптей,
Боп-боз боп, қан жоқ, сөл жоқ, қатып, кеміп.

Шілде өткен,
Түн ұзақ,
Үркер туып.
«Жеті ұры үркердің қызын қуып»
Шоғыр үркер жамбаста үріккен қойдай,
Барған мезгіл жүзіген айға жуық.
Қырау алды — басталған күзгі суық.
Бұлтсыз аспан күмісті қамзол киіп,
Белуардан күс жолын алған буып.

Сол түні Қайсар, Алтай күзетте еді,
(Көп болған мұндай түнді күзеткелі).
Бұларға шапқан жаудай үрей беред,
Құлаққа масаның да ыз еткені.
Сол түні бұлар баққан бір топ жылқы,
«Қарашоқ» дейтұғын бір өзекте еді.

Алтайға Қайсар:
«Алтай, сен енді жат,
Жақындап қалған шығар таң атар шақ.
Көп түн өтті, көз шырын бір алмадың,
Қарауылдап, маңымды болам ғой сақ.
Төртөбелдің ерін ап, оттатуға,
Маңымызға шідерлеп қоям тұсап».

«Жарайды.

Қорқақ қоян демін алсын.
Ұйқыда ар жоқ, ұйықтайын, мейірі қансын.
Жануардың иығынан ер түспеді,
Тортөбел де аунасын біраз шалсын.
Бірақ, менің бағым бар,— қатер туса,
Арашалап алатын досым барсың.
Ие... Қайсар!.. Бұның да аты тірлік...
Бүйтіп көрген тіршілік адыра қалсын!»
Аттан түсіп, көк шөпке бауырын төсеп,
(Көк шөп қандай, иіскесе жұпарға есеп)
Жата кетті. Қор етті. Нені ойлатад,
Түк нәрсені елетпес — ұйқы есек.
Қызған бойын суытып, маужыратты,
Шық басқан сап-салқын мұздай төсек.

Түс көрді:

— Тақтай қанат қара бүркіт,
Шаңқ-шаңқ етіп, қанатын қомдап сілкіп,
Имек тұмсық иреңдеп, тіл жалақтап,
Самғағанда аузынан жалын бүркіп,
Болат тұяқ жарқылдап, шықты аспанға,
Екпініннен ыдырап, бұлттар іркіп.

Көкке шықты. Шырқады, жоғары өрлей,
Түймедей боп қарайды көз де көрмей.
Бір кезде жерге қарай сорғалады,
Атқан оқтай, екпіні соққан желдей.
Олай-бұлай қалықтап, жүйткіп етті,
Бет алдында қарайған түкке төнбей.

Жүзген бейне ұқсап аппақ қуға,
Жүр еді Сұлу шашын жайып суда:
Өзеннің жиегінде Ермек-дағы,
Ойнап жүрген балалық, пісіп бұға,
Екпіні жел тұрғызған қанды балақ,
Қалықтап қылқың қағып төнді суға.

Төнген қара қыраннан Сұлу сасып,
Шошынып, жүзген судан шыға қашып,
Жібек шашы жалбаңдап, жаны ышқынып,
Көйлегін басқа ілген-ді жанталасып,
Жарқ етіп болат тұяқ тақтай қанат,

Сұлуды қара бүркіт қалды басып.
Үстіне Ермек бала түсе кетті,
Шыңғырған жеңгесіне жаны ашып.

Алтай да Тортөбелмен тұра шапты,
Тортөбел бар шабыспен құстай ақты.
Жеткенінше болған жоқ, екі жасты
Іліп ап, көкке қыран бір-ақ тартты.
Бес болатқа бүрілген қос сорлыны
Қысып қыран шыңғыртып, шырылдатты.
Тым болмаса қапыда түспес пе екен,
Деген жанша ер Алтай көкке бақты.
Көлбемей, аспанға тік өрлеп қыран,
Бұлттан өтті, бер жағын тұман жапты...

«Ойпырай, не болды бұл, не болды?!» деп,
Алтай жылап жіберді ышқынып кеп.
Өз даусынан шошынып түре келсе,
Түсі екен, бүркіт те, дөңеңе жоқ.
«Не нәрседен шошындың?» деп Қайсар да
Жетіп келді. Ер Алтай:

— «Мерт болды, мерт
Сұлушаш та, Ермек те аман емес,
Бұл түс қалай дәл келді ойыма дөп?!»

«Түс түлкінің боғы ғой, оған нанба!
Не кірмейді қысылып жүрген жанға»
«Әй, Қайсар-ай, несіне жасырасың,
Бір сұмдық бар, сеземін, біздің маңда»...
Түсті жорып екеуі отырғанда,
Күншығыстан бозарып атты таң да.

Жылқышы бір шал бар-ды Тұтқыш деген,
Жақын болып жүретін Алтайменен.
Көрген жерде Алтаймен шұрқырасып,
Дейтін: «қалқам, мен сені жақсы көрем!»
Таң ата жылқы жиып келді сол шал,
Астына бір қортықтау мініп дөнен.
«Алтайжан, сұмдық бар... деп (кемсең-кемсең),
Мен бір жаман сөз білем, маған сенсең»...
«О не сұмдық, не ата, о не сұмдық?»
«Болып едің өзімнің баламдай сен.
Ел жақтан сені іздеп қуғын шыққан,

Қиналармын жаулардың қолында өлсең,
Бұл арадан тез жөнел жөніңді тап,
Жаным ашып айтамын досың көрсең?»

Кескіні Алтай ердің сұрғылттанып,
Өкпе алқынып, демін де зорға алып,
Денесін мұздай салқын қандар қулап,
Көзінде қызыл шоқтай үшқын жанып,
Тұтқыштан қайта-қайта сұрай берді,
Деп: «Анық па, ата бұл, анық па, анық?!..
«Қалқам-ау, сенер болсаң, мұным анық,
Анығын Жылқыбайдан келдім қанып,
Сұлушашты бұзыпты бұзылған құл.
Деген саған жүр дейді атақ тағып.
Жақында қалың қол кеп Сұлушашты
Еліне әкетіпті тартып алып.

Ермекті құда жаққа құл ғып берген,
Солай етпей қайтеді жаулар жеңген.
Осы істі бүлдірген Алтай бұзық,
Деп ұстауға қол шыққан біздің елден.
Кешегі күн астыртын кісі келді.
Сені алдап қолға ұстап бермек, Берден».

«Жарайды, ата, разымын келгеніңе,
Жаудан сақтан деп хабар бергеніңе,
Сәті түссе түптеп бір құтқарармын,
Болмаса қанға батып өлгенім де».

Кескіні қаратүнек ұқсап түнге,
Тындап Қайсар қабағы қатқан түрде.
Былай деді:

—«Алтай, мен жақсы білем,
Бір кемеге мінгеннің жаны бірге.
Қайда барсақ жұбымыз айырылмай,
Бала күннен дос болып қосылды ірге.
Достың достық борышы қайда өтелмек
Кезіп рақат іздесе тарлы күнде?

Саған дос боп, сырлас боп жүргенімде,
Ойымда жоқ бақ, дәулет, олжа, жүлде.
Сен қайда өлсең, мен сонда бірге өлем,
Бұл есіңнен шықпасын, мұны «бір» де!

—«Екеуімізді достасқан тілек қосты,
Айнымайтын, сенімді жүрек қосты.
Майданында еңбектің қайнап піскен
Құрық ілген кажырлы білек қосты.
Байдың кегін кекпенен қайтарам деп,
Сұлу сынды аққудай түлек қосты.
Саған қосып мені де сұрғылт тұрмыс,
Бәйгесіне, жарысқа сілеп қосты.
«Бір біз емес, біз сынды — құл, жалшы көп.
Топ-топ адам бір байда жылқышы боп
Жүрген жоқ па осында? Басқа байда
Бар емес пе тағы да осындай топ?
Өмір бойы солар да көрген рақат,—
Бір аяқ саумал менен бір асым ет.
Шоқпыт, Тұтқыш, Қарақұл, Жамандарды
Ілген құрық қартайтты жетпіске кеп.
Өмірінде қайтып ап, бала сүймей,
Жасар өмірі құлдықпен өтті жай тек.
Сол құлдықты ешбірі сезінбейді,
Аты адам, жүректе санасы жоқ.

—«Мындаған жылқыларды солар баққан.
Дамыл жоқ, ерте тұрып, кешке жатқан,
Рулы елде, байқашы, бір бай бар ма,
Бір күн келіп күзетте азап тартқан.
Елге барсаң жүздеген тағы жалшы,
Байдың күлін сыпырып, отын жаққан,
Еңбексіздер рақатта, жалшы азапта,
Сол рақат көрсеткен малды баққан.
Құл-құтанға, жалшыға байлар жылан,
Денесіне қадалып тынбай шаққан.

—«Адам қазір екі жік:

қожа мен құл.

Құл-құлдықта, құлданып қожалар жүр.
Байға қарсы тұруға басын қосып,
Құлдан әлі туған жоқ тап ондай ұл.
Берденнің сені ұстап берем деуі,
Құлдың байға жағынған белгісі бұл.
Ойламауын көрдің бе, Берден сұмның,
Бай тепкісін көрсе де отыз бес жыл.
Құл қожаға бас иіп бағынбауға
Талай, талай заман бар, бірталай қыр,

Қашан құлдар оянып бас көтерсе,
Біздің өмір оларға болады жыр.

—«Міне, Алтай дос, сұрасаң менің сырым,
Мұны саған айтқам жоқ бұдан бұрын,
Саған серік болғаннан осыны ойлап.
Айырылмай келеді сенен жұбым.
Мен саған өле-өлгенше шын жолдаспын,
Көкірекке орнаған иман мұным.
Біз көретін өмірде теңшілік аз,
Тіршілікте теңдіктен болмаса ырым.
Үйтіп тірі болғаннан не қасиет,
Қысқа өмірлі, тез өлер болып шыбын.
Жүргенше, сеніменен бірге өлсін,
Бірге өскен дос денем жазбай жұбын.

«Ылғи тұман қоршамас, бір ашылар,
Бір күні күн жарқырап, нұр шашырап.
Біз ашынып қоймаспыз, нәлет артқан,
Бейнет көрген құл біткен бір ашынар.
Біз өлерміз, көш көшер, тұрмыс көшер.
Мықты кеуде құлдарға бір бас ұрап.
—«Бір орында тоқтамас, заман зырлар,
Құлдар ылғи құл болмас, бір күн шыңдар.
Ылғи қаратүнек күн төне бермес,
Алтын күнді бір көрер көзсіз құлдар.
Құл біткендер бірігіп көтерілсе,
Паналарға жер таппас, байлар сұмдар.
Құл жастар құлшылықтан азат болса,
Бізді атаусыз тастамас, толғар, жырлар.
Біз кешірген өмірді жырлағанда,
Жай тыңдамас азат құл жылап тыңдар!..»
—«Жан жолдасым, разымын, разымын» деп,
Жылады Алтай Қайсарды құшақтап кеп.
— Ренжір, қалса қалсын деп ойлап ем,
Серікті неге өйтпесе көрейін жек.
Сендей сенер сырласы бар жігіттің
Арманынан шығуын қылмаймын шек,
Не өлерміз, кейінгі үлгі алар,
Не қайтар, күштілерден алатын кек!»

Бір атты қылаң етті сол арада,
Қайсар қарап:

—«Берден ғой, өне қара!
Алдап қолға түсіртпек болып жүрген,
Деп Тұтқыш айтып еді-ау, бізге, мана».
—«Ие, солай. Әйткенмен қауіп қылмай,
Қалайша бұл сескенбей келді дара?»
—«Сұрқиялық сазайын тартайын деп
Келеді ғой, «сыйына» сыйын ала!»
Сыпыртып бір жиренмен келді жетіп,
Жылқыны қайырған боп ағып өтіп,
Атының басын тартып, сар-аяндап,
Сұм Берден қастарына келді жетіп.
Түк нәрсені сезбеген адамымсып,
Күлімсіреп, баяулап өлеңдетіп.
Қалжындап:
—«Қосқа неге келмейсіңдер,
Жүрсіңдер безіп жұрттан неге көкіп!»

Ашулы Алтай шап берді тізгінінен:
—«Сықырланба бұзылған... білем... білем!..»
Берден сасып:
—«Ой, жаным, не айтасың?!
Ойының ба, шының ба, мынауың нең?!»
— «Аш көзіңді, сұрқия, кімді алдайсың,
Құлығыңды білмейтін шығармын мен.

— «Екі-үш жыл жылқы бағып болдық дәмдес.
Алып көрген күнім жоқ бетіңнен еш.
Мені жауға пенде ғып берем деуге.
Қалай қидың? Бұл жерін сен өзің шеш!
Біл, білме... Қазір сенің қаныңды ұрттап,
Сенен бастап жауымнан қайтарам өш!..»

Деді де,
Жағасына қолын салып,
Өзіне қарай аттан тартып алып,
Сол кезде жарқылдаған алмас қанжар,
Сүйіріп қос өкпеден кірді барып,
Қорқырап, қап-қара қан көкке шапшып,
Атынан үшты Берден домаланып.
Бір кегім қайтты білем деген жанша,
Шырадай Алтай көзі кетті жанып.

—«Жүр, Қайсар, жаудан бұрын елге барам.
Баласын ақтық сүйсін ата-анам.

Сонан шығып, жарым менен Ермағимді,
Жер шетіне кетсе де іздеп табам.
Егер бұл ниетіме бөгет болса,
Кім болса да Бердендей қанға малам».

III

Өзеннің оң жақ беткей жағасында,
Иірілген бір қойнау, саласында,
Жапырағы сарғылттау түсі қашқан,
Шоқ-шоқ қалың талдардың арасында,
Күннің көзі түстіктен ауып кетіп,
Батыс жаққа құлаған шамасында,
Алтай, Қайсар аттарын отқа қойып,
Отырысты сол жердің жырасында.

Көпіршіп жарға соғып көбік ойнап,
Сүзгілесіп толқынды толқын айдап,
Сыр-сыр, шылп-шылп иіріп дөңгеленіп,
Шымырлап аласұрып жатыр қайнап.
Шошан етіп, шабақтар қайта сүңгіп,
Сайрандарын құрып жүр, тойын тойлап.
Өзенді өрлей біткен жасыл құрақ
Бұлғаңдайды үкісі, гүл-гүл жайнап.
Екі аққу ақ күмбездей, суда жүзіп,
Сұңқылдап, қанатымен суды сызып,
Иірілген кез мойнын созып барып,
Көк құрақтың шашағын алды үзіп.
Шұбырысқан үйректің балапаны,
Маржан тастай өткізген жіпке тізіп.
Ән, күй, мұң жыр, көркемдік бәрі сонда,
Көзді еріксіз тартады түрлі қызық.

Шу етті бір уақытта барлық құстар,
Енесіне тығылды балапандар.
Алтай, Қайсар жан-жаққа қарай қалды
Дегендей боп:

«Не болды, нендей іс бар?»

Көре қалды: аспаннан төмен қарай
Құйылған бір қараны, ноқаттай дәл,

Бір көк құс жұдырықтай ағып келіп,
Екпінімен қамыстың ішіне еніп,

Қайта шырқап аспанға шыққанында,
Тұяғына бір үйрек кетті легіп.
Сұқсырдың баласы екен, сорлы анасы
Барқылдап қала берді дөңгеленіп.
Қайсарға бұрылып бір қарады да,
Ышқына күрсінді Алтай оны көріп.

—«Құс-екеш құс-тағы баласы үшін,
Аяғысы келген жоқ барлық күшін.
Әл келмеді. Жүрегі ойран шығар
Ана үйректің қарасы жарып ішін.
Ермекжанға қалайша елжіремес,
Ата, енемнің жүрегі, менің ішім...»

Деген кезде бірдеме сыбдыр етті,
Алтай да, Қайсар-дағы шошып кетті.
Аттарына жүгіріп барған кезде,
Тал сындырып бірталай түйе өтті.
—«Әкем де келген шығар, мен танымын.
Мына біреу тапалтақ қара лөкті».
Деп Алтай, атын ерттеп мініп жылдам,
Түйенің арт жағына қойды бетті.

Бір дауыс ызың етті құлағына:
—«Тәңір-ау... Жеткізбедің мұратыма!..
Ермекжан-ау!...Қасқырға жемтік болдың..
Ұқсап бейне ешкінің лағына!..
Алтайжан-ау... Қайдасың?!.. Тірімісің?!..
Жау өлтіріп, жетті ме құмарына.
Екеуі де шыршадай өндірі еді,
Өсіп жетпей кез келді-ау сыңарына!..
Тәңір-ау... Неге алмайсың... қазаң қайда?
Шаққызбай тілі улы жыланыңа!»—

Әкесі екен, ер Алтай білді анық,
Жүрегі талқан болып кетті жанып.
Төртөбелді борбайға бір салды да,
Алдынан құйындатып шауып барып,
—«Әке!»— деді,

Шұнақ та тани кетіп,
Түсе қалды түйеден домаланып.
Бас салды аңсап жүрген балапанын,
Көзінен қан аралас жасы ағып.

Шерлі жүрек шер төгіп босануға
Жарай алмай, сорлы шал кетті талып.

Ыңырысып біраз жатып жиып есін,
Құлынының төсіне тақап төсін:
—«Сен жоғалдың. Ермагім қолда кетті.
Одан жаман айрылды шала есім...
Әкестерде шырылдап жалғыз бауырың,
Деп кетті: «Көкем мені іздеп келсін!..»
Құлыным-ау, өлгем жоқ, тірі жүрмін,
Білмеймін, аяды екен ажал несін!»

Шұнақтың ыстық жаспен бетін жуып,
Жүгіріп денеге қан, мұздай суық.
Буынын тәлтіректеп баса алмай,
Қайғыдан бар денесін алып уыт.
Егіліп еңіреген Алтай ерді
Тоқтатты Қайсар келіп жайып-шуып.

IV

Қайғы, мұнның құрдасы болған қара үй,
Сел болған көз жасына толған қара үй,
Албастыдай қайғының қара бұлты,
Үстін баса орнығып қонған қара үй,
Жерден қазған зындандай бой жаздырмай,
Пана қылған қу шөптей солған қара үй,
Өмірдің үскірікті ызғары орнап,
Бас сұққандар дірілдеп тоңған қара үй.
Күндегідей көз жасын төккізген жоқ,
Ауыл-аймақ ұйқыға кіріскенде,
Жылт-жылт етіп көрінді бұл үйден от.
От басында шоқиған екі адам,
Елегізіп бірдеме күткендей боп.
Күнкілдеседі. Шұнақ пен Тезек қой бұл,
Қуанышты, Алтайы келеді деп.

Қараңғы түн, бұлт жауып жерге төнген,
Ай, жұлдыз жоқ, жарық жоқ, түгел сөнген.
Дыбыс басар,— ысылдап ескен жел бар,
Жер үстін белуардан шық көмген.
Күз алды, жұрт тоңазып, шырт ұйқыда,
Түк нәрсе сезінбейтін, секілді өлген.

Сол кезде ауылға Алтай жүрді тура,
Сеніскен шын жолдасы Қайсар ермен.

Аттыларды көрсетпей шық жапты,
Маңқ етіп шабаланбай ит те жатты.
Сездірмейік адамға дегендей-ақ,
Сиыр, түйе мұрынын ынырантты.
Ат дүбірін жел жақтан естімесін
Дегендей, бұлар орап түсті ық жақты.
Қараша үйдің түбіне келіп түсіп,
Сақ бол деп Қайсарға Алтай ат ұстатты.

Үйіне кіріп келді есік ашып,
Үй іші ең әуелі қалды сасып,
Тани сала Тезек кеп сүйіп беттен,
Құлынын аймалады құшақтасып,
Айғай салып қайғысын еркін төкпей,
Солқылдады төсіне басын басып.
Неше жылдай тас болған қос емшектен
Саулап аға жөнелді ақ сүт тасып.

Тезектің ойы айғай сап жылау еді,
Барлық мұңын жыр қылып құрау еді.
Лақылдатып, ақтарып, шерін құсып,
Ыстық жаспен Алтайды бұлау еді.
Кеше құлынын сағынып жүргенінде,
Оның ойы осылай шыдау ма еді?
—«Біреу естіп қалар, — деп шалы келіп,—
Дыбысыңды шығарма, шыда!»— деді.

Үй сол қалпы, сұмдық-ай, Ермегі жоқ,
Елестеді, бүркеніп жатқандай боп.
Бір дорба асық... талдан ат... ілулі тұр,
Төрде жатыр ойнайтын сиыр жүн доп.
Орынын иіскеп Алтай етпетінен
Жата кетті төсекке еңіреп кеп.
Ата-енесі құшақтап екі жақтан,
Жас сел болып, мұң басқан тақалды бет.

Үміт кейде тұрақсыз ұшқан бу ғой,
Ой дегенің күйдіргі, ол бір у ғой.
Көздің жасы жүректе жанған отты
Сөндіретін себелеп, жай бір су ғой.

Жарға әкеліп жыққанын білгізбейтін,
Сикыры мол, түлкідей тағдыр қу ғой.
Сол қулыққа алданған Алтай ердің
Түсе кетті көңіліне бір кезде ой.

Жұлып ап шошынғандай басын жерден,
—«Жігіт, жігіт болмайды қайғы жеңген!
Мен бұл істі әуелде бастағанда.
Иек артып қайратқа ғана сенгем.

Ермек, Сұлу сол күймен кете барса,
Тірі болып жүргеннен, артық өлген.
Апа, әке, құр жылап бөгемендер,
Бата алып кетпек боп жолым келген.
—«Ақ сүтінді еркелеп емген ана,
Түн ұйқынды төрт мезгіл бөлген ана,
Жатып жастық, иіліп төсек болып,
Мен үшін талай бейнет көрген ана,
Құлыным жетсе, қолымды жылы суға
Маламын деп балаңа сенген ана.

«Денеңе құлдық таңба басқан әке,
Нәлет камыт иығыңнан жанышқан әке,
Біреу үшін еңбек қып, рақатын
Өзің көрмей, бай найза шанышқан әке,
Өмірінде бойын бір жадыратпай,
Күндіз күлкі, түнде ұйқың қашқан әке,
Екі құлыным ержетсе, қолым жетед
Деп алдыңнан рақатты тосқан әке.

«Жарқылдайды дейтұғын сондағы ұлың,
Шыға алмады бейнетке болып тығын.
Пайда орнына зәбірге батып белден,
Соқтықтырды біреуге мұрындығын.
Сау басына сақина тілеп алып,
Мойнына екі адамның артты құнын.
Сорлы ұлың бәйгеге басын тікті,
Сол құндарды алуға міне бүгін
«Сорлы анам, ақ сүтінді борыш қылма!
Сорлы әке, қарғыс айтып, көзді жұмба!
Мен сендерге жоқпын,— бұл шын кеткенім,
Екіталай келуім қайтып мұнда.
Кім білсін қандай құзғын жем қыларын,

Ойда, қырда, жазықта әлде шыңда?!
Ым қағып, күзге қарай айтып өтер,
Қайда өлдім?— Аққу, қаз, қайтқан тырна!»

«Кетпе!» деп жалынысты екі сорлы,
«Кетпеуге мүмкіндік жоқ, болмайды орны.
Жан-жағым жау, арандап аузын ашып,
Көзі шалса ұстамақ жайып торды.
Ұстамасын... аламын арашалап
Мен үшін екі адам болған қолды»,—
Деп орнынан түрегеп қош айтысып,
Белін буып Алтай ер кетпек болды.

Сорлылардың көз жасы ағып сел боп,
Тезек келді:— «құлыным, қайтем мен?» деп.
Құшақтасып, шығарып екі емшегін,
Ұсынды, «мә, жан сәулем, иіске ем» деп.
Анасының сөзіне бойы балқып,
Алтай ер аңсары ауып, кетті шөлдеп.
Аймалап ана емшегін сүті аққан,
Иіскелеп аққан сүтті сорды дендеп,
Сүйтті де әкесімен құшақтасып
Айрылды.
— Қош!

Ата-ана,
Бақыл бол!» деп.

Шешесі бетін тырнап, шашын жұлды,
Әкесі өз маңдайын өзі ұрды.
Жалғыздан тірі айрылар емес еді,
Кірпіктері қимылдап талып тынды.
Алтай да ақылынан адасып қап,
Алақтап сықылданып бейне жынды,
Не болғанын білген жоқ, сүйретіліп
Келді де ессіз, түссіз атқа мінді.

V

Ел көшіп қысқы мекен етер жаққа,
Екі-үш күн жаппа тікті бір бұлаққа.
Шалғын орып, малдардың бүйірі шығып,
Тынықты шаршап келген қозы, лақ та.
Көштес ел кезектесіп қонақ болып,

Көш байсалды, батысты рақатқа.
Мәз-мәйрам боп күлісіп бой көтерді,
Бөлініп әркім өзі теңді сапқа.
Бұл көште Сұлушаш-ақ қайғы басқан,
Солған шөптей кілбиген, өңі қашқан.
Өңешінен бір нәрсе тірегендей,
Қалды ұйқыдан жөне де ілер астан,
Жер жұтардай көрініп, басатындай
Көрінеді таудан да биік аспан.
Алтайды ертелі-кеш ойлай беред,
Бір орында отырып қозғалмастан.

Ермек те «қойшы» деген нәлет іліп,
Қой бағады табанын шөгір тіліп,
«Шұнақ күл» деп түрткілеп, көзге шұқып,
Мазақтайды сорлыны әркім күліп.
Ойы құрғыр: Сұлуға, Ермекке де
Жүрекке кеп қадалған қара сүлік.

* * *

Жайылды ел ішіне бала бақсы,
Жұрттың сөзі — «бақсының алды жақсы,
«Көріпкел, айтқандары теріс кетпейді.
Қобызшы, жауырыншы, құмалақшы!
Құрт ауру болды деп жорып қойған,
Байбосын да, елі де Сұлушашты.
Сол бақсы қаңғалақтап өзі келді,
Байбосын боп жүргенде алдырмақшы.

Жалаң бас, жалаң аяқ, үсті өрім,
Жырым-жырым жіберген балақ, жеңін
Жауырыны қақпақтай, тостаған көз,
Қарыс маңдай, қыр мұрын, жұқа ерін...
Жұрт шуласты; «шіркіннің тұлғасын-ай!
Неткен бақсы қияпат біткен керім!
Көріпкел екендігі рас шығар,
Мына түрмен бұл бақсы болмас тегін!»
Өзіне не аруағың бар дегенде,
Айтатыны «жолдасым қара перім,
Мен дауасын таппайтын ауру жоқ,
Қандай дерті болса да табам емін!»
Бай кешке менсіз қара қойын сойды,

Лаулатып отты отауға жағып қойды,
Анда-санда ақырып арыстандай,
Қимылдатып қояды бақсы бойды.
Ымыртта жігіттерді жиып алып,
Ақ отауда басталды бақсы ойыны.
Бір жауырынды бақсы әуел отқа салып,
Жан-жағына алара қарап алып,
Жылдамдата қобыздың қылын ысып,
Сарнады, күңіренді ыңыранып,
Бір кезде қыннан пышак суырып ап,
Түрегелді санына жанып-жанып,
Жарқылдатып пышақты зыр жүгіртіп.
Соқтықты не кез келсе соған барып,
Бір уақытта керіліп алақ-бұлақ,
Жатты, тұрды, аунады, домаланып,
Сүйтті-дағы қобызды қайта ұстап,
Сарнап ала жөнелді тері ағып:

—«Сен қу қобыз, қу қобыз,
Зарлыға даусың у, қобыз!
Кірлеген көңіл бар болса,
Тазалап кірін жу, қобыз.
Шерліге шемен орнатқан,
Шайтанның қолын бу, қобыз!

Сен сақ қобыз, сақ қобыз!
Шерлінің шерін тап, қобыз.
Шерліні шерлі қылғанды
Жыланнан жаман шақ, қобыз.
Айы, күні батқанға,
Шырақ қып шам жақ, қобыз.
Күйіңнен қобыз жаңылма,
Сарна, қобыз, дарылда.
Мынау күшті екен деп,
Күштілерге жалынба.
Күштіменен күрессең
Сорлылар жүрсін жаныңда.

Елден жалғыз бейбақпын,
Ер-тоқымсыз жайдақпын.
Ененің сүтін ембеген,
Жетімек, арық, тайлақпын.
Мені мінсең, қобызым,

Өлмеуімді ойлап мін.
Дұспанға мені мерт қылма,
Өзегімді дерт қылма.
Жолыма жусан бітіріп,
Алдымды жанған өрт қылма.
Жауымды жеңіп менімен
Бірге аттан, серт қыл да.
Ауру, мына сұлу шерліні,
Солдырған пәле белгілі.
Сол пәлені қуысу —
Міндетің сенің ендігі.
Сенімен мен болмасам,
Өзгенің жетпес ерлігі.

(Қызынып) Сәуле басуын!
Алтын күн нұрын шашуын!
Ана бір борлы әлденіп,
Ана бір сорлы көңілдің,
Көтеріліп тасуын!

Осы балым келер-ақ,
Қайғының оты сөнер-ақ,
Сұлуды басқан пәлекет,
Көсесісін көрер-ақ,
(Ақырып) Сұлу қамықпа!
Жазыласын, түсті сәт!»

Сарынын аяқтады, бақсы сүйдеп.
Қобызды азынатты қайта күйлеп,
Бір кезде тағы ұшып түрегеліп,
Жүгіріп үй ішінде кетті билеп,
Тағы-тағы сарнады, сөз артынан
Сөз шұбырды ағылып түйдек-түйдек.
Үйдегінің бәрін де қуып шықты,
«Пышақпен өлтірем» деп «тегіс түйреп».

Бақсыны көргеннен-ақ бар денесі,
Шымырлап Сұлушаштың кеткен есі,
Басында күні бойы оралған ой,—
«Жаным-ау, біздің Алтай емес пе осы?!
Егер де Алтай болса жынданған ба,
Ел ақтап, бақсы болып жүрген несі?»
Жұрт қашып шығып сыртқа, бақсы екеуі

Бір боз атты атынан домаланды.
Сау қалғаны сол елдің батыры екен,
Жолдасы кеп Алтайдан кезек алды.
—«Оңбаған құл, мұншама неге тастың?
Қорықпай, үрікпей жерімді қалай бастың!
Тал түсте кеп төбеме ат ойнатып,
Қалайша жесірімді алып қаштың?
Қанын ішкен батырмын, талай сендей
Өлер жерін білмейтін есуастың.
Шұнақ құл, кімді тең боп басынасың,
Сен шалшықсың, мен өзен қатты тасқын!»
«Мен де өзіндей жігітпін оза туған,
Талай кешіп өткемін от пен судан.
Алған ойға жетпеген жігіт емес,
Деп, бұл іске бекем ғып белді буған,
Сендей талай тасыған ірі кеуде,
Өз қанымен өзінің бетін жуған.
Әзілдесіп тұруға уақытым жоқ,
Сөйлеме, кезегінді ал, қане жылдам!»

Сайысқа екі батыр буды белді,
Қайрат тасып қыздырды Алтай ерді.
Түлкі алатын бүркіттей түсі суып,
Арыстандай ақырып жауға төнді.
Найзасын сілтеп еді, анау қағып,
Ортасынан омырып екі бөлді.
Маңдайынан шұбырып тер сорғалап,
Бұрқыраған шаң қалды майдан жерді.
Қайсар қарап, ішінен тілек тілеп,
Ер Алтайға дарыған күшке сенді.

Бір кезде Алтай өкпеден найза қадап,
Өкіріп жау атынан түсті құлап.
Бұлар қашып үлгермей кейінгі жау
Келіп қалды, созылып ұбақ-шұбақ,
Мидай дала қып-қызыл майдан болып,
Ойнақтап үсті босап шықты көп ат,
Жаудың бетін қайырып жөнелісті,
Күн батуға таянған мезгілде нак.

Қуған жау сондарынан калыспады,
Жақын кеп бірақ сойыл қағыспады.
Дүсір-дүсір бүрқылдап жерден шаңдақ,

Жер қозғалған сықылды шабыстары.
Жесір кетіп және де батыры өліп,
Жаудың қозды кеудеде намыстары,
Күн батуға таянып барған кезде,
Бұлар жаудан қара үзіп алыстады.
Өзенде Сұлушаш пен күтіп Ермек,
Тұр екен тілек тілеп «жәрдем бер» деп,
Қуған жау топ-топ болып келе жатыр,
Қайтпады, жеңгенмен алдын дендеп.
Ендігі істер бар айла — жүзіп судан,
Ар жағына, амал жоқ, өту керек.
Гүрілдеп долы өзен жатыр ағып,
Көпіршіп иірілген тасқын суда.
Бөріктей тас барады домаланып,
Өткел жоқ, тереңдігі мәлім емес,
Жау қиқулап келеді ұран салып.
Төрт сорлыны қамады екі жақтан,
Бірі жанды, біреуі жансыз тамық.

«Кел өтейік, тәуекел!» десті бәрі,
Көп жауға өтпегенмен келе ме әлі.
Күп берісті, бойламай ат аяғы,
Құшақтап ап жөнелді өзен-кәрі.
Дөңгелетіп төрт атты, тілсіз жаудың
Сарылдағы күшейіп үдеді әні.

Арсылдап долы толқын иттей қауып,
Ат үстін жынын шашып көбік жауып,
Судағы сорлылардың көңіліне,
Кірді суға кетеміз деген қауіп,
Құр қарайған үстінде кісі қалып,
Ат құлағы көміліп ауық-ауық.
Ар жаққа тура бетін бұрғызбады,
Толқынды толқын қуып кезек шауып.
Бір кезде әлсіз Ермек талып кетіп,
Күп берді ат үстінен толқынға ауып.

Жынды толқын жынданып сылқ-сылқ күліп,
Домалатып сәбиді әкетті іліп,
Тілсіз жау жас сәбиді аяған жоқ,
Одан жаман толқыды кәрін тігіп.
Ұстаймын деп ер Алтай ұмтылғанда,
Шомп беріп жөнелді Ермек суға кіріп,

Төртеуінің біреуі суға кетіп,
Үшеуі шықты-ау судан дымы құрып.

Сол кезде күн де батып бара жатты,
Мөлдір су енді қызыл қан боп ақты.
Қызыл көбік құтырып иіріліп,
Қып-қызыл боп толқынды толқын жапты.
Сәби Ермек бөленіп қызыл суға,
Өзеннің түбін қауып, мекен тапты.
Қызарған күн, қызыл су, қанды толқын
Кімді аясын тілсіз жау кәрі қатты.

Андаған жау қабақта қалды тұрып,
«Қап, бәлем» деп тістеніп санын ұрып.
«Бауырым!» деп Алтай ер күңіренді,
Көзінен қан аралас жас шұбырып.
Бауыр шіркін өзегін өрттей жалап,
Жер бауырлап жатты Алтай әлі құрып.
Қайғының тұманымен дегендей-ақ,
Бір кезде қап-қара боп жабылды ымырт.

IV бөлім

КҮЙ

I

Көп таудың арасында Арқадағы
Атақты бір сұлуы Қарқаралы.
Көркем кескін, Кербез тау адам түгіл,
Бұлтты аспандағы тарта алады.
Ол кезде мекендеген ел аз ғана,
Тайсалмай тауды кезіп жортады аңы.
Қоршаған Қарқаралы қорғанының,
Бұғылы — тау отауы ортадағы...

Мезгіл күз, бар өсімдік тартқан сарғылт,
Тау төбесі аспанда буды барлық
Өзіне тартып алып, түнеріп тау
Тұрғандай түнде түгіл күндіз қалғып,
Сол кезде Сұлушаш пен Алтай, Қайсар

Бұғылыға тығылды, жаулар андып.
Баса алмай аяқтарын қия жайлап,
Тұрмыстан соққы жеді, көрді тарлық.
Аттарын келген кезде аңдар жарды,
Аяқ артар көліксіз жаяу қалды,
Оғы біткен садақ бір — сояу таяқ,
Құрғақ қолға қожа боп азулы аң.
Ұзаққа өрістетпей мазаны алды,
Ендігі табар тамақ тұзақ құрып,
Ұстау болды жымынан қояндарды.

Қылышын сүйреп ертең келгенде қыс,
Сүруі қиын тауда мұндай тұрмыс.
Таудан тайып бір жаққа кетер еді,
Андып жау аттатпайды бермей тыныс.
Ақыл, айла таусылып, қажып қайрат,
Кекке толып қазандай қайнады іш,
Осындай дағдарыстың бір күнінде,
«Істелік, — деді Алтай, — мынадай іс:

«Сиреді алып жейтін аңдар үркіп,
Қар жауып ертең сайға толса күртік.
Шаңғы киіп аяққа, аң аулайтын
Қолымызда жоқ садақ яки мылтық.
Бізді бұл қысқан қыстан сақтайтұғын,
Қолға түссе қырағы алғыр бүркіт.
Бір бүркіт мына тұрған «самұрық» та
Күн сайын көрініп жүр түлен түртіп.

Жеуіне даяр тұрып ет пен майлар,
Бүркітті еріккеннен салса байлар,
Бүгінгі біздің тұрмыс үшін бүркіт
Әрі тамақ, аңдарға әрі айбар.
Егер де сәті түсіп ұстатпаса,
Сіле қатар кез болды бармақ шайнар.
Бұл үміт ілікпесе, суық түссе,
Дей алмаймын өлімнен басқа жай бар».

«Етпейік, — деді Қайсар, — текке уайым,
«Самұрықты» шолғамын, білем жайын,
Егер де шығуға сен жүрексінсең,
Етекте қал, биікке мен шығайын.

Бер жағы күз болғанмен, арғы беті
Саусақтың саласындай жиі қайың.
Тәуекел!

Өзің айтшы: қалайша күн
Көресің?

Жаудан тайып, таудан тайып!..

Уайымда, уайымдама ажал біреу,
Керек жоқ бізге оны ойлап жүдеу,
Уайым — дауыл, адам — үй, соққанда ол
Жыққызбайтын ығында ақыл тіреу.
Неге тірлік іздейміз бітсе өлмей,
Егерде алдымызда бітсе тілеу?
Демегін бұл сөзімді: сөгу, мінеу.

«Келгенде осы тауға кездескен шал,
Бізге берген бір тор мен бір арқан бар,
Арқанды белге байлап мен шығайын
Бір ұшын ұста да сен төбеде қал.
Арқанды байлағасын құласа да
Түк қылмайды қандай күз, болғанмен жар.
Көнекей осы қамға кірісейік,
Құр оймен басымызды қылмайық дал».

«Онысың рас, — деді Сұлушаш та, —
Күн көрелік, бүркіттен амал басқа
Таусылды. Тәсіл тауып айла құрып,
Шығу керек қайткенмен қия тасқа.
Егерде сырты қою орман болса,
Емес пе тастың өзі тауға баспа!»
Қайсар, Алтай мақұлдап Сұлушашқа
Деді, —
«Бірақ, сен бұған араласпа!

Еш қауіп көңіліне келмесін ой,
Ақылын тапса тауға жетеді бой.
Біз кеткесін манағы тұзақпенен
Ұстап алған жақсылап қоянды сой.
Біз аса кешікпеспіз. Оралғанша
Жадырап ішетін бір ас қылып қой.
Сәті кеп, бүркіт қолға іліге қалса,
Қыс бойы қоян асып жасаймыз той!»

II

Үмітін тіршіліктің жүктеп ауға,
Тырбиып тасты төсеп омырауға,
Кейде ұстап қайыңнан, кейде тастан,
Асылып кей мезгілде арқан бауға.
Өкпесі күйіп кейде, дем ала алмай.
Жақындап таудан төмен домалауға,
Қайсар мен Алтай ұзақ бейнет шегіп,
Алқынып бір мезгілде мінді тауға.

Дүрсілдеп шапқан аттай соқты жүрек,
Терлеген кескіндері қара түнек.
Шынтақ, тізе, төсінің терілерін
Ағызып қанын тастар түскен іреп.
Бір тасқа отырысты дамылдауға,
Бір тасты демеу қылып арқа тіреп,
Бұлардың бұл биікке шығулары
Бір емес, осыменен екінші рет.

Қарамай денесіне тастар жырған,
Бейнетпен асып нелер қия, қырдан,
«Самұрықтың» өркеші — Сандықтастың
Төбесінде ұялы қайың тұрған.
Сол ұяға өрмелеп Қайсар барып,
Бүркітке бұтақты өрлей торын құрған.

Сандықтас төрт бұрышты бір биік құз,
Тасы бейне сырғанақ жып-жылтыр мұз,
Аяқ басар, қол ұстар жерлері жоқ,
Басына шыға алмайды баспалдақсыз.
Не заманнан бүркітке қонақ үй боп,
Басындағы ақ қайың өскен жалғыз.
Қайындағы ұяға қолы жетпей,
Талайлардың жігері қайнаған қыж.

Ар жағы Сандықтастың тұңғиық жар.
Қайың өскен сол құздың жарына дәл.
Жар қабағы сырғанақ,
Тұру қиын,
Беліне арқан байлап шықпаса әгөр.
Жар тасының қырының өткірлігі,
Қайралған, қылпылдаған пышақтай бар,

Сандықтастың өн бойы орлегенде
Аранын ашып тұрған бейне — ажал.
«Жан керек батырға да» дегендейін,
Екі дос үндеместен көпке шейін.
Отырысты,

Алтайдың ауды көңілі
Қайтуға кейін қарай болып бейім.
Сандықтасқа шығуға олай-былай
Ойлап, онда таусылды ақыл-зейін.
«Қане, Алтай, тұрайық» деді Қайсар
Отырып дем алғаннан біраз кейін.

Екеуі түрегелді қосыменен.
«Бітті ме, — дегендей, — іс осыменен?»
Бір-біріне төнісіп,

Көз қарауы
Арқылы ұғысты дос досыменен.
Оқысты көздерінен жазуларды
«Өлер я тірілер жер осы» деген.
Толқыған ой тірелді деген жарға:
«Қорыққан да күн көреді несіменен!»

«Ләм десіп бір-біріне келмей сөзге,
«Қайтайық» басыңқырап тұрған кезде,
Бір нәрсе далбандаған Сандықтастың
Төбесінде ұшырай кетті көзге.

«Алақай!.. Бүркіт, бүркіт, бүркіт, бүркіт!..
Дегенмен тіл келмеді өзге сөзге.
Шумақталған арқанды Сандықтастан
Лақтырып түсірді Алтай лезде.

— «Қане, Қайсар,— деді ол, — ұшын ұста!
Өрмелейін тұзаққа түскен құсқа»
— Жок, Алтай, сен бармайсың, мен барамын!»
— «Мен барамын!..»
— «Мен барам!..»
— Ол дұрыс па?

«Егер бізде достық рас болса,
Кезектесіп кіреміз не жұмысқа!»
Ерегістің үстіне екеуі де

Ойлады деп: «қырсық па, әлде ырыс па?»
Алтайдан қалап Қайсар кезек алды,
Өрмелеп Сандықтасқа қинап жанды,
Тер құйылып, алқынып, өлдім-талдым
Дегенде төбесіне зорға барды.
Шаңқылдатып, шекпенге орап, төмен
Жіберген бүркіт зырлап кете барды.
Сол кезде басқан бұтақ сынып кетіп,
Асылып күзға Қайсар тұра қалды.

Домалап бүркіт төмен түсті аман.
Қайсарға бірақ Алтай болып алаң.
Айғай салды биікте:

«Бар ма Қайсар,—
Деп оған, — әрі сырғып түсер шамаң?»
Алтайға талусырап келді дыбыс:
«Қош бол, ажал таянды, — деген,— маған!..»

Көзінен жас Алтайдың кетті ытып,
Ішіне ауа емес, жалын жұтып,
Арқанды қарағайға шырмай тастап,
Өрледі тасқа өзін-өзі ұмытып.
Тас та тіреп кеудеден жіберуге,
Төс терісін айырып түсті сылып,
Төбеге шығып төмен көзін салса,
Қиық арқан түр досын зорға тұтып.

Еңкейді, созды қолын, жетпеді қол,
Қия тас қол жетуге бермеді жол,
«Қайсар-ау, енді қайттім?!» деп зарланған
Алтайға талусырап қарады ол.
Арқанның соңғы жібі қиыларда
Айтқан сөзі:

«Жан досым, сен аман бол!»
Қиылып арқан, Қайсар кетті құлап.
Тимеді тас та аяп жолда бірақ.

Құзғын мен қарғаларға шоқытпайын
Дегендей сарқырама бөлеп бұлақ.
Көмуге көлге сорлап жөнелгенде,
Жолында жабырқаңқы тартты құрақ.
Не қыларын біле алмай, Алтай жарда
Бұлақтай жасы саулап тұрды жылап.

III

Сайтанкөл Бұғылының қыр басында,
Саладай қарағайдың арасында.
Сол қарағай ішінде іші пысып,
Зар болып көзге ілігер қарасынға,
Жан-жағына жаутандап, үрейленіп
Екі биік қабақтың арасында,—
Сұлушаш ұзақ терең ойға кетіп,
Тұрды көлдің бір биік жағасында.

Айнала иірілген таулар жалғас,
Құзар биік басына бүркіт бармас.
Әсіресе «Самұрық» құзын көріп,
Деп ойлады Сұлушаш «бара алмас».
Жүрегі кетеді айнып қарағанда,
Шыққаны еске түсіп тауға алғаш.
Көзіне мөлтілдеген жасын іркіп:
«Ә, жасаған,— деді ол, — ақсарыбас!»

Сұлушашпен қысыла бірге жылап,
Тастардан бейне фонтан атып бұлақ.
Домалап төмен қарай көз жасындай
Іркілмей Сайтанкөлге жатыр құлап.
«Уһ» деген лебіне тау желденіп,
Белдерін бүкті көлде жасыл құрақ.
Шөп басы қимылдаса Сұлушаштың
Үрейі ұшып оған да түрді құлақ.

Зорайтып біраздан соң жел де күшін,
Үрледі өршелене тартып ішін,
Торғын аспан түнеріп мейірімсіз,
Бетіне біте қалды сұрғылт пішін.
Құндағы қабақ түйіп, бетін бүркеп,
Көзін жұмды әлдекім қайғысы үшін.
Қайтқан қаз «өтті деп жаз» Сұлушашқа
Амандасты көрдік деп күзден қысым».

Сұлушаш деді қазға:

— «Ә, қайтқан қаз!

Бітті деп бұл маңайдан барасың жаз.
Бізге де бұл маң сендей суық қарап
Не аңда, не адамда досымыз аз.

Аз емес, жоқ төңірек толған аран,
Біз түскен жол емес пе, сыз, батпақ, саз
Сондықтан қаз, мен сені досым көріп
Құлақ салсаң азырақ айтамын наз».

—«Көлге кеп қон, асығыс қанат қақпа!
Серіктерге сендерді дейін «атпа!»
Тым болмаса тоқырап жөніңді айт,
Барасың бетті бұрып қандай жаққа!
Әлі де барар жерің жарқыраған
Мәңгілік жазы туған түгел шат па?
Ондай жер болса бізге жөніңді айт,
Жетейік іздеп барып біз де баққа».

—«Ол жерде мұндай емес түзу заң ба?
Сатпай ма адамдары арды малға.
Малы жоққа малы көп зорлық қылып,
Баспай ма маңдайына құлдық таңба.
Малы көптің жүрегі қара тас па?
Сала ма олар құлақ қайғы-зарға?
Болмаса жадырай ма, жылағанды.
Итеріп есіркемей жығып жарға?

—«Онда да сүйіскенді айыра ма?
Сүйгендер сүйдім деуге тайына ма?
Сүйгендер сүйдім деген сөзі үшін,
«Бұзық жан» деген атқа жайыла ма?
Қарамай қарсылыққа малы көптер,
Сүйместің басын малмен кайыра ма?
Шығара ала ма онда сүймегендер
«Сүймеймін» деген сөзін жарияға?»

—«Болмаса нөқтаға бас сұғына ма?
Нөктаны бостандық деп ұғына ма?
Егер де сұғынбаса соры қайнап,
Жұрт түгел дұспандыққа жұмыла ма?
Жұмылса жұрт «жазықты» атанғандар
Біздей тауға бас қорғап тығыла ма?
Тығылса тауға, ішер тамақ таппай
Тор арқалап тоғайға шұбыра ма?..»

Көзіне осы кезде алған іркіп,
Сұлушаш орамалмен жасын сүртіп

Қарады ұшқан қазға кеткен жырақ,
Біразға дейін Сұлу қақпай кірпік.
Көзінің қарашығы қадалғанда
Атса егер кетпестей болды мүлтік.
Қаздар ғайып болғанда Сұлушаштын
Есіне іздеп кеткен түсті бүркіт.
Қарады көзін сүзіп Самұрыққа.
Самұрық ұшар басын сұғып бұлтқа
Түр екен,

Төбесінде бірдемелер
Қозғалып қыбырлады ұқсап құртқа.
«Жасаған,— деді Сұлу,— жолын беріп,
Зарыққан жолаушының жүзін жыртпа!»
Сол кезде таудан төмен ұшып түсті
Бір нәрсе зорға елестеп, ұқсап мұртқа.

Сұлудың жүрегі су ете қалды...
Кескіні бір сұрланды, бірде жанды...
Бірақ «жоқты жорамал қылмайын» деп,
Ойын бөгеп, аяндап қосқа барды.
Етуге ермек, көңіл көтеруге,
Қолына бір мезгілде қобыз алды.
Құлағын бұрап, перне басқан кезде
Жаңғыртқан тауды лебіз шықты зарлы.

Сарнады қобыз, тауды күй кернеді,
Көркем күй, тауды асып көкке өрледі,
Өрлеген күй жағалай жортқан аңның,
Аяғына тұсау боп жол бермеді.
Қосына қайтқан Алтай күйді естіп,
Бірақ көзі, бұлдырап түк көрмеді.
Жұтқан науа көк түтін тәрізденіп,
Инедей боп қадалды желдің лебі.

Сұлудың бармақтары қылды басты,
Басса қылдан күй шықты зарлы, ащы,
Ащы күйге шымырлап балқып бойы
Ырғытып қара көзден төкті жасты.
Сол кезде есік алды буалдыр боп,
Даланы қою қара түтін басты.
«Бұл не?» деп сұлу сыртқа шығып еді,
Өрт екен,

Тасыр-тұсыр аңдар қашты.

Ерсіл-қарсыл жүгірді жанталасты.
Өрт қосты қамағанда, паналады,
Білмеді не қыларын сұлу састы.
Сайтанкөл жағасында ол жартасты:
Шарпылған, күйген яки үрейленген,
Жан-жағында ілгері аңдар қашты.
Бір кезде көзі шалды Сұлушаштың
Жолбарысты жартастан сұққан басты.

Сүйриіп жолбарыстың найза тісі,
Жылтылдап ауызынан тілдің ұшы.
Жымиып мұқыл құлақ ыңыранып
Құлпырып ала берен — тарғыл түсі,
Белдеме бүкірейіп, секіруге
Қызынып, алабұртып бойда күші,
Ұмтылып бірнеше рет Сұлушашқа,
Келді оның алма бетін тістегісі.

Жолбарыс жонын ырғай, басқа шапты,
Маңдайға қобызбенен сұлу қақты,
Бір шегініп, өшіге тағы ұмтылып
Тағы ұрған қобызды барыс қапты.
Сұлушаш ышқына бір үн шығарды:
«Алтай, Алтай!.. Қайдасың?!..» деген қатты.
Құтылмасын білген соң тістетпейін
Деді де, сұлу жардан суға атты.

Сұлушаш құшақтады құлап көлді,
Су-дағы құшақтады, дөнгеленді.
Алтай да сол минутте жарға жеткен.
Аңыраған жолбарысты ғана көрді.
Жолбарыс бұл келгенін сезінген жоқ,
Аңырып тілін жалап суға төнді.
Түтінді көзге тыққан жынды жел кеп,
Алтайға сыбырлады: «жарың өлді!..»

Жолбарыс капелімсіз жарда тұрған
Алтайды аңдамай қап қанжар ұрған,
Бүйірге кірмей қанжар, санға кіріп,
Жалт қарап денесін де бұрды жылдам.
«Әп, бәлем, қолға түстің!» деген ойын
Жолбарыстың білді Алтай ырылынан.
Төбеден бүріп тісін тигізбеді
Қарамай денесіне тұяқ жырған.

Састырды алысқан аң біраз бүріп,
Бір кезде кеудесінен қанжар кіріп,
Сылқ етіп құлағанда, үшті қанжар
Жүрегін қақ айырып түсті тіліп!
Әлсіреген жолбарыс аран аузын
Ашты да, құлай кетті белін бүгіп.
Жанталасып аяғын серіпкен кезде,
Шек-қарнын ақтарды баурын тіліп.

Жүректен кейін тартып ап қанжарды,
Қан жұтты толтыра ұрттап атқан қанды.
Жолбарысты жеңгені неге керек
Сұлушашты сақтауға болмай қалды...
Сол кезде маңайын өрт орай жанып,
Дүние қара түтін, тұманданды.
Тау ішін күңіrentіп ол зарланды.

Шығып еді сорлы Алтай безіп елден,
Өзіне серіктерді ертіп сенген.
Табармын деп ойлады басқа пана,
Жауының қолы жетпес жырақ жерден
«Арқадағы құнарлы орны осы»
Деп тауы мынау тұрған іздеп келген.
Бауырына киіктей паналаса,
Осы ма, қарсы алып сыйы берген!..

— «Жирен сақал дейтұғын әулие бар,
Береді ұлсызға ұл, малсызға мал.
Қабыры Қарқаралы тауының бір
Биігінде, ізденіп барсаң әгәр,
«Сақтайды» деп сендірген еді оларды
Осы тауда жолыққан бір қойшы шал.
Әдейі іздеп барды әулиені,
Дегендей «суға кеткен қармайды тал».

Қиядан іздеп оның тапты көрін,
Моласы бейне тастан өрген өрім.
Тау басында тостаған секілденген
Жылыжұрт дейді екен оның көлін.
Жылыжұрты — суық жұрт болып оған
Аттарына жұмсады бөрілерін.
Жылыжұртқа қонғанның ертеңінде
Үш аттың тапты пұшпақ терілерін.

Жанына балап жүрген Тортөбел
Деген жоқ-ты Жылыжұрт басында өлер.
Өлді аты, киылды, қос канаты,
Жирен сақал әулие болса егер.
Есіркер орны осы емес пе еді,
Жарылқар, оны сүйер, демер, жебер?
Жібімеді, іздеді тағы аруак,
Қысылса, жәрдем күтер, колдар, сенер.

Көңіл қап Жылыжұрттың ырымына,
Сайтанкөл бар дегенде Бұғылыда,
«Адамға сайтан дұспан» деген елдің
Қарамай сіңіп қалған ұғымына,
О-дағы біздей қашқын, есіркер деп,
Барды ол Сайтанкөлге тығылуға,
Барлығы аппақ болса, ол сұмның да
Жүрегі оларды аяп жылыды ма?

Жылымады, көлдің де жүрегі тас,
Боп шықты алла да қас, сайтан да қас,
Қастық емей немене, қыршынынан
Қиылды жандай досы Қайсар жолдас.
Қайсармен бірге өлер еді, бірақ
Өлтірмеген панасыз бір Сұлушаш.
Сол жанының жарығы Сұлушашы
Ол үлгірмей, тереңге ұрды құлаш!..
Болашағын болжаса, жалмайын деп
Алдына келе қапты ажал сұм, аш.
Зарланды сонда Алтай қобызын ап,
«Күніреніп,— деп қобызым,— көне, сырлас!»

—«Сұм өмір сенен рақат табам деп ем!
Коктегі айды қол созып алам деп ем!
Тұлпар болып бәйгенің алдын бермей,
Кім де болса шалдырмай шабам деп ем!

—«Сұм өмір сенен кәусар ішем деп ем!
Тұрмыс тонын өзімше пішем деп ем.
Мен мықтыны мұқатам, мені мықты
Мұқатпайды, алдына түсем деп пе ем.
—«Маған дүние түп-түгел дос дейтін ем,
Байға дүние түп-түгел өш дейтін ем.
Егер маған дос адам аз табылса

Мен күреске бұлайша түспейтін ем.
—«Өмір шіркін алдадың, мен алдандым,
Алдады өмір, себеп не? Мен таң қалдым!
Жеміс піспей ауызға түспейтінін
Білдім, білдім, түсіндім, енді аңғардым.

—«Қош бол жер, көпті көрген кәрі ана!
Құшақта — тентегім жат! дегін, ана:
Панасыз ем, жалғыз ем өзіңе аян,
—«Жоғалғыр жоғалды ғой» деме, ана.

—«Дүниеге мендей талай тентек келер,
Адам өсер, көш көшер, өсер, өнер.
Бұл күнде байлар ғана иеленсе,
Бір кезде құл ие боп сүтінді емер!
—«Қош бол көк, көкшіл түсті жібек торғын,
Саянда жігіт болып өсіп-өндім.
Кеше ғана қойнында еркелеп ем,
Жалын сүйіп ақырда қойнында өлдім.

—«Сылдыр су, сыбырлақ жел, жылтыр көк тас,
Алтын күн, сұрланған бұлт, ну қара ағаш.
Қош болындар, шықпасын естеріңнен,
Көздеріңше мен көзден ағызған жас.

—Өлмеймін деп өмірмен арпалыстым,
Арпалысып талайдың қанын іштім.
Әлде болса тіршілік етер едім,
Ол болмайды... қақпанға мықтап түстім!»

Өзіне әлемді Алтай жау деп ұқты,
Таппады өміріне ойлап жұпты.
Ойы көп сол тұйыққа қамалғанда,
Түтінін өрт те орап көзге тықты.
Әрі ой, әрі түтін түншықтырып,
Қысылды Алтай, өмірден үзді үмітті.
«Дүние, көпсінгенің осы болса»
Деді де жүрегіне қанжар сұқты.

Жүректен қан шұрылдап көкке атты,
Ол қанды жалп-жалп қызыл жалын қапты.
«Сұлушаш!.. Қайсар-ау...» деп дөңбекшіген
Алтайдың денесін от шыжылдатты.

Жел үрлеп қобыз қылын баяулатып,
«Көкейкесті» дейтұғын күйді тартты.
От сүйіп, бозаң тартқан қара көздің
Алдынан талай сурет өтіп жатты.
Алтайдың сіңірлері тыртысқанда,
Ышқынды да, иегін бар-ақ қақты.

1926-1928.

Товести

Сені не деп мақтаса да сыяды.

БАЛУАН ШОЛАҚ

(Аңыз)

*Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында!
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Жиылып орыс-қазақ таң қалысты,
Болды деп Қаһарманнан² мынау басым.
Залок¹ сап жетпіс бес сом күрескенде,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.*

(Балуан Шолақтың өз өлеңінен)

1. «АЛЫП АНАДАН ТУАДЫ»

Ол ауылдың қыстауы Қайрақты көлінің жағасында, қалың орманның арасында еді.

Қабағына қайғының бұлты оралып, кеудесін кернеген шерді, күркіреген күндей уһлеумен жеңілткісі кеп, көз жасы бұлақтай саулаған ауылды еліктегендей, я қайғысына ортақтасқандай, сол күні күздің қара сұрғылт бұлты нөсерлей жауды, жел ышқына соқты.

— Болыңдар! Жөнеңдер, тез! Жоғалыңдар!— деп, ат үстінен айдаһардай ысқырған полицейский урядниктің сілтеген қамшысы бұлттан жарқыраған найзағайдай ирелеңдеп, талайдың арқасын тіліп түсті.

Қасқыр талаған қойдай қызыл жон болған ауыл адамдары басқа паналар жер жоқтай, полицейский сабап айдап шыққан қораларына ығысып, қайта-қайта тығыла берді.

¹ «Сентябрьдің базары» революциядан бұрын Көкшетау қаласында күзде болған.

² Қаһарман — фарсы халқының ертегі батыры.

³ Ерегісте шартқа тіккен ақша.

Өрт!— деді урядник ауылды қоныстан қуып шығара алмаған соң, лезде ауылдың әр жерінен қою қара түтінге бөленген қара күрең жалын жарқ етті. Өрт еріксіз айдап шыққан ауылдың аузындағы жалыннан да ыстық жалғыз сөз:

— Қайран қоныс, хош бол!

Бұл бейқам отырған ауыл еді. Өткен жазда болған болтыс сайлауында, сол ауылдың біреуі, болыстыққа таласқан Тоқсанбайдың Сыздығы деген байға қарсы шыққан. Бірақ Сыздық выборнайларды¹ ақшамен сатып алып, сайлаушыға да пара беріп, болыстыққа сайланған. Қолына мөр тиіп, әкімшілік тізгінін ұстағаннан кейін, ол өзіне қарсы ауылдардың берекесін кетіруді ең бірінші міндетім деп санаған. Сол жылы переселен управлениясы² ішкі Ресейдің қалаларынан көшірілетін переселендерге жер сұрағанда, Сыздық болыс кектенген ауылдарының ішіне қосып, осы ауылдың да жерін ұсынған. Кешікпей землемер кеп жерді өлшеген. Бірақ ауылдың адамдары ол өлшеудің не өлшеу екенін түсінбей, қыстың жабдығын қамдап, бұрынғыша отыра берген.

Күз, ауыл шапқан шөбін қорасына үйіп, қар ұшқын-дан қысқы үйіне кеп қонғанда, ызғарлы хабар кенеттен сан ете түсті:

Көшесіндер!

- Неге?— деп сұрады ауыл.

— Үш-төрт жүз үй крестьяндар көшіп келеді, алды келін те қалды. Бұл жерде енді солар отырады.

Біз қайтеміз?

Онда біздің жұмыс жоқ. Қайда барсаң, онда бар.

«Қой, олай болмас» деп ауыл бейқам отырғанда, ар-балы, жаяулы аралас шұбырған крестьяндар кеп қалады.

Сол күні урядник те келді, ауылды өртеп көшірді. Міне, бар оқиға осы!..

Күз көшке әзірленбеген ауыл, урядниктің жыландай ысылдаған ызғарымен, мылқау өрттің лебіне шыдамай қонысынан қозғалғанмен, тез жиналып кете алмады, бес-алты шақырым ғана жерге жылжып, бас-аяғы жиналып ақылдасты.

Ал қайда барамыз?

¹ Сайлауда дауыс берушілер.

² Ресейден қазақ даласына көшкен крестьяндарды орналастыратын өкіметінің бір мекемесі.

— Қайдан білейік, қайда барарымызды!

— Патшаға дейін іздену керек,— деді біреу.

— Мынаның былшылдап жоқты айтқаны несі?— деді екінші біреу ашуланып.— Пәлен мың шақырым Кетрам-порға барып патшаға арыз берем деп жүргенде, мына еңкейген кәрі мен еңбектеген жас қырылып калмай ма? Әуелі осыларға баспана табайық та. Қайда арыз беруді содан кейін ойланармыз.

— Ол дұрыс,— деді біреулер,— бірақ бос тұрған қоныс ешқайда жоқ. Жиырма шақты үйміз. Қайда сыямыз?

— Маңай ел ғой. Жұбымызды жазбаймыз деуге болмас, атқа мініп, ауылдарды аралап, биыл қысша баспана іздеп, бытырап орналасайық.

— Осыдан басқа амал жоқ.

Қатын-қалаш, бала-шаға қалың қарағайдың арасына тіккен күркелерде қалды да, еркек атаулы атқа мініп, маңайдағы ауылдарды аралап кетті. Еркек кіндіктен ауылда қалған жалғыз Баймырза.

— Е, сен неге жүрмейсің?— деген сөзге оның берген жауабы:

— Балам жоқ, соны іздеймін.

— Қай балаң?

— Нұрмағамбет.

— Е, ол қайда еді?

— Тай үйретем деп таңертең кетіп еді, содан тайы да, өзі де жоқ. Астындағы асау тай бір жерде өлтіріп кетпесе, не қылсын!

— Ертерек неге айтпадың, ел боп іздесетін?

— Оған урядник болды ма! Есті жаңа жинап отырған жоқпыз ба?

Баймырзада жалғыз тайдан басқа жылқы болмайтын еді. Одан басқа көлігі — жалғыз қоңыр шолақ өгіз.

— Қатын,— деді ол әйелі Қалампырға жұрт кеткен соң,— әлгі өгіз қайда екен, мініп баланы байқайын. Тай жығып өлтіріп кетті ме, әлде? Аман болса жарар еді!..

Күні бойы мінген өгіз, әлгіде ағытқаннан кейін отқа кетіп еді, ұзаса керек, маңайда көзге шалынбайды.

Баймырза өгізді тауып алып келді.

— Суарған жоқ па ең, бар болғыр!— деді Қалампыр өгізді көріп,— бүйірі ішіне кіріп кетіпті ғой? Бар, суар!

— Жанбырда өгіз су іздей ме?

— Со да сөз бе? Бар, суарып кел!

Ауылдың көлік ағытқан жері, өткен жыл, мекенін пе-

ресселенге өлшеп, үйлерін көктемде көшірген ауылдың жұрты еді. Сол жұрттағы қалың бұйра талдың арасында құдық барын Баймырза біледі.

Ол қарына шелек іліп, өгізін жетектеп жөнелді. Бұл кезде жаңбыр толастап, бұлт бытырай бастады. Бірақ желдің екпіні әрі күшті, әрі суық. Күннің батып бара жатқан белгісін батыстың жиегіндегі қызыл күрең бұлт білдіріп тұр.

Тал арасындағы құдықтың жиегі опырылған, айнала-сы дөңес сары балшық екен. Баймырза шелекке таққан жібін қолынан сусыта бергенде, тереңдегі сасықтау сары судың иісін сезіп, шөлдеген өгіз де мұрнын шүйіріп, төмен еңкейді. Су толған шелекті Баймырза жоғары көтеріп еді, нығына біреу қаққан сияқтанды, қараса саз балшықтан сырғанап, өгізі құдыққа құлап барады...

Сасып қалған Баймырза, шелектің жібін табанымен баса қойып, өгізді мүйізінен ұстай алды. Сырғанаған өгізді ол қайдан тоқтата алсын. Өгіз күмп беріп құдыққа түсті де кетті; өгіздің екпіні Баймырзаның өзін де алып кете жаздалды. Сонда да тірі жан, өгізі құдыққа құлай бергенде, ол жанталасты. Құдық белуардан шүпілдеген су. Басы төмен түскен өгіз табан аузында тұншығады. Жалғыз өгіз! Ол өлсе қайтпек?

Жан дәрмен Баймырза, өгіздің мүйізіне байланған кендір жіптен мықшия тартып, тұмсығымен құлаған судан жоғары шығарды.

Дес бергенде, жуан қара тал құдықтың жарына төне біткен екен. Өгіздің әрі суланып, әрі сазданып сусыған мүйіз жібін Баймырза жанталасып жүріп талға ілектірді де, сірестіріп байлады, өгіздің басы судан шығып тұрды.

Олан жоғары тартуға күші жоқ. Айла-амалы құрыған Баймырза: «Қа-лам-пыр!.. Қалам-пыр!...» деп бақыра берді.

Бұл дауыс құлағына шалынған Қалампырдың жүрегі дірілдей қалды. «Нұржаным¹ жамандыққа ұшыраған болар ма?» деп сескенді ол. Осы ой тұла бойын түршіктірген Қалампыр дауысқа қарай жүгірді. Оған ере, ауылдан бірнеше әйелдер, балалар жүгірді.

Қалампырдың Баймырзаға ең қатты айтатын сөзі «бар болғыр!» еді.

– Бар бол, сен, бар болғыр!— деді ол айқайдың мәнін естіп,— зәремді алдың ғой! Былай тұр!

¹ Нұрмағамбетті еркелеткен аты.

«Былай тұрдын!» мәнісіне түсінбей, шоқша сақалын шошайтып, кішірек көзін сығырайтып Баймырза Қалампырға қараған кезде, Қалампырдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиді. Құдыққа еңкейіңкіреп, жіпті қолын соза ұстаған Қалампыр «һәуіп!» деп денесін жаза тартты. Сол кезде, өгіздің мүйізі қолға ілігер жерге кеп қалды.

— Ора жіптің ұшын, аяғыма!— деді Қалампыр Баймырзаға.

— Неге?

— Нең бар, «неге» де! Ора, деймін тез! Түсінбеген Баймырза, шұбалған жіптің артығын Қалампырдың жіліншігіне орағанда, сусымасын дегендей, ұшын Қалампыр табанына басты. Содан кейін жіптен қолын босатты да, тағы еңкейе түсіп өгіздің екі мүйізінен ұстап, құдықтан суырып алды...

«Қарулы катын» деген сөз, Қалампыр туралы халыққа алдақашан тараған еді. Баймырзаның ағаш үй қиятын қол өнері болатын. Сонда жәрдемдескен Қалампыр қолы жететін жерге жуан бөренелерді көтеріп әпере беретін. Оған да жұрт сүйсініп қайран қалатын еді, ал мына құнан өгізді құдықтан шығаруы жұртты тіпті тамаша қалдырды, әрі таңдана, әрі разы боп, құдықты қоршаған жұртқа Қалампыр масаттанғандай айнала қарап еді, көптің арасында Нұрмағамбеттің де басы көрінді.

— Қалқам,— деді қуанып кеткен Қалампыр, — қайда болдың, сәулем? Келші бері! Зәрем кетті ғой, сені жоғалтып!..

Сары сүр, қыр мұрын, өткір қара көзді бала қолын созған Қалампырға келе қоймай, сазарып тұрып алды. «Бар, бар!» деп қоршаған қатындар итермелеп еді, бала тұнжырап кейін шегінді.

— Қаршадай боп мықтысын қарашы!— деді қатындар, жап-жас басынан зілдей ғой, мынау! Қаққан қазықтай орнынан қозғалмайды!..

— «Алып анадан туады, ат биеден туады» деген қайда,— деді бір қартан әйел,— «Сумұрынға»¹ тартса қаймыжықтай біреу болар еді. Кескін-кейпін, денесін көрмеймісің! Аумаған келін! Тек тіл-аузымыз тасқа!..

Қалампыр көтерген он төрт күрсақтан тірі қалғаны: ұзатқан екі қыз, Төлебай дейтін ұл және осы Нұрмағам-

¹ Жасы үлкен әйелдер Баймырзаны келекелеп «Сумұрын» дейтін еді.

бет еді. Нұрмағамбет — Қалампырдың сүт кенжесі. Сондықтан ба, әлде балалары өліп-өліп өлім сарқытындай болғандықтан ба, әйтеуір, Қалампырдың жан-төні Нұрмағамбеттің үстінде. Бес жасына шейін емген Нұрмағамбет, міне, биыл он бір жасқа шыққанмен әлі күнге шейін кешкі төсекке жатарда бір, таңертең төсектен тұрарда бір мамасын иіскемесе, мауқы басылмайды. Нұрмағамбет көзінен екі елі тайса, Қалампыр аңсайды да тұрады. Нұрмағамбеттің екі бетінен күшырлана сүймей, Қалампырдың аңсары ешуақытта басылмайды.

Бүгін де солай аңсаған Қалампыр құдық басында шақырғанына келе қоймаған Нұрмағамбетке «бұл несі?!» дегендей жақындап еді, бұрынғыдай апалап бас салудың орнына ол тағы да шегіне түсіп:

— Көк күшік қайда?— деді.

Қалампыр үндемеді.

— Тұрымтай қайда?— деді.

Қалампыр үндемеді.

— Күйді ме?— деп сұрады бала, дауысы қалтырап.

— Қап, құдай-ай!— деді Баймырза, Қалампыр тағы да үндемеген соң, мана у-шуда есімнен шығып кеткенін көрдің бе? Шошалада қамаулы тұрған көк күшік пен тұрымтай қала беріпті. Күйіп кетті-ау бейшаралар!..

Нұрмағамбет еңіреп қоя берді де, алақанымен бетін басып жүгіре жөнелді.

Жарылғалы тұрған жарадай жұрттың қайғысының аузын Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды.

«Қайран қоныс, қайран жер!» деп, үн қосып жылаған жұрттың дауысына күңіренген дала да даусын қосты.

2. КЕКТІ БАЛА

Жаздай бір байға ағаш үй қиған Баймырза, жұмысын бітіріп, еңбегіне тай алып, ауылына өртенер алдында ғана келген еді.

Копейлеу туған жирен қасқа тайдың денесі кішірек болғанмен, екі құлағы тас төбесіне найзадай шаншылған, құйрық-жалы үкінің ұлпа қанатындай желпілдеген, үрген қуықтай бұлтиған семіз, төрт аяғы қаққан қазық сияқты тіп-тік, сұлу тай екен.

Тайды көргенде Нұрмағамбеттің қуанғаны сондай, кішкене денесін кең дүниеге сыйғыза алмады, біресе екі

санын шапалақтап аспанға қарғыды, біресе жата қап, жерге домалады. Оның бұлай қуануына бас себеп мынау еді:

Өткен жазда, осы маңайдағы ауылдар балаларын сүндетке отырғызды. Ондай балаға әкесі арнаулы ат, я тай атауға тиісті. Сүндеттер алдында балалар атаған аттарына, тайларына мініп, ауылдарды аралап жарысуға тиісті.

Балалар осы дағдымен аттарына, тайларына мініп шықты, аты, тайы жоқ балалардың ішінде Нұрмағамбет қалды. Өзге жаяу қалған балалар атты, тайлы балалардың жарысқанын қызық көріп, сондарынан шуласып жүргенде, Нұрмағамбет жыртық кигіз үйіне кірді де, жер бауырлап жатып алды. Босағада ұршық иірген Қалампыр баласының неге жата қалған себебін сезді де, балаға білдірмей көзіне іркілген жасты теріс қарап жаулығымен сұртті.

Сырттан Баймырза келді. Ол еркегімсіп Қалампырға ұрысты:

— Неге жылайсың, жамандық шақырып? Пайғамбардың сүндеті емес пе бұл? Тек құдайтағала кожаның қолын жеңіл қылсын деп тілесейші!

Атсыз баланы сүндетке отырғызу — балаға «өмірінде атсыз өт» дегенмен бірдей. Осы оймен ішке қайғысы сыймай, жарылғалы отырған Қалампыр Баймырзаға шап ете түсті:

— Өне, көр балаңды!— деді ол жасқа булығы сөйлеп,— Тоқсанбайдың сарайын қиғанда, тоңып өлетіндей тон алдың. «Алдағы жазда Нұржан сүндетке отырады, тон алма, тай ал» деп ем, тыңдамадың. Балаңның тілеуін кескендей болдың, бар болғыр!..

Жасқа булыққан Қалампыр ар жағын айта алмады. Оның Баймырзаға арнаған ызалы сөздері көзінен жас боп төгілді.

Баймырза Нұрмағамбетті зорлықпен сүндетке отырғызды. Бірақ ол өзіне ішінен ант етті: «Алдағы жаз қолым қырқылып қалмаса, қосымша берсем де, ақыма бір тай алармын!»

Ол осы сертіне жетіп, еңбегінің үстіне байға ақысына қосымша балтасын беріп, жоғарыда аталған жирен қасқа тайды алып келді.

— Міне, сүндет атың, қалқам!— деді ол алдынан шыққан баласын бетінен сүйіп,— былтыр жоқ болса, биыл бар, тек аллатағала өміріңді ұзақ қып, игілігіне мінгізсін!..

Баймырзаның әкесі батырлау болыпты-мыс дейді. Сол әкесінен қалған жалпақ бас, тұрманын күмістеткен қал-

мақы ерді үйіне көптен жылқы бітпегенмен Баймырза тоздырмай сақтап, қасиеттеп, төріне іліп қоятын еді. «Киесі бар, аруақ соғады» деп, ол ерге қатын-калаштың қолын шүгізбей, өзі ғана ұстайтын еді.

Жирен қасқа тай босағасына кеп байланған соң, қуанышы қойнына сыймаған Нұрмағамбет ілулі ерді үйден алып шықты. Баймырза:

— Қоя тұрсайшы, қалқам! Тай ешқайда кетпес, қолқасы аман болса, бойы өсіңкіресін!— деп еді, Қалампыр Баймырзаға зекіп тастады:

— Тиыш отыр әрі, мыңқылдамай! Ол тай жоқта өліп пе ек? Бала аман болсын! Міне бер, қалқам! Әуелі үлкенірек баланың біреуіне мінгізіп бастықтырып ал, өзін мінем деп құлап қап жүрме!

Сыртта ұлылы-кішілі біраз бала тайды қоршап тұр екен. Бірсектеу екі балаға құлағынан тұқырта бастырып қойып, тайға ерді Нұрмағамбеттің өзі салды.

— Әу, әткемнің аруағы, қолдай гөр! Қалқамның жасын ұзақ қыла гөр, жасаған!— деп Қалампыр босағадан қарап жылап тұрды.

Баймырза да ішінен сол тілеуді тілегенмен, сыртқа дыбыс шығармай, тайды балаларға ерттесті.

— Көне, біреуің мініп, бастықтырып беріндерші!— деді ол.

Ерттеулі тайды құлағынан ұстап Баймырза балаларға айнала қарағанда, Нұрмағамбет қарғып мініп кеп алды.

— Қалқам, құларсың, түс!— деді Қалампыр тысқа шығып.

— Өзің не айтып тұрсың, апа!— деді бала кейіп, —тілеулі тайымды біреуге мінгізетін мен жынды ма? Жібер, әке!

Нұрмағамбет тебініп қалғанда, тай атып кеп кетті. Баймырза тайдың құлағынан айрылып қалды.

Құлағы қолдан босаған тай аспанға қарғығанда:

— Ал, ұшты, бала! Жасаған-ай, сақтай гөр!— деді Қалампыр үрейленіп.

Қарғыған тай секіріп жерге түсті, бала құламады, тайдың тізгінін қысқарақ ұстап, қамшымен бауырынан тартып-тартып қалды.

Қамшыдан ышқынды ма, я баланы жыға алмайтынын білді ме, тай енді аспанға секірмей, тура шаба жөнелді.

Шапқан тай лезде қалың орманды айналып, көзден ғайып болды. «Құлап қалар, не бірдемеге соқтығар» деп қорыққан Баймырзаға көрші біреу ат беріп, тай кеткен

жөнге шықса, бала ашық далада шоқытып жүр екен. Тай манағыдай емес, бастығып қапты.

— Кешікпей қайт, балам, көп шапсаң, тайың ақсап қалар,— деп Баймырза үйіне жөнелді. Ол ауылға келсе, урядник көшірмек боп жатыр екен. Әлекке кездескен Баймырза «байтал түгіл бас қайғы» дегендей, баланы іздеу түгіл, басынан қайғы боп өртенген ауылдан көше қашты...

Әкесі қайт дегенмен, Нұрмағамбет үйіне тез қайта қоймады. Тайды ол біраздан кейін билеп алды. Әкесінің «тайың ақсамасын» деген сөзін есіне тұтқан ол тай еркіне көнген соң, шабуды доғарып, тайын кейде аяндатты, кейде желді...

Күн кешкіре болдырып, терлеген тайын аяндатып ауылға келе жатқанда, оған өзі дүниедегі ең бақытты адам сияқты көрініп кетті. Оның жеті-сегіз жасынан бергі ермегі тұрымтай мен қырғиды баулып, бөдене мен торғай алдыру еді. Бұл кәсіппен шұғылданып жаяу жүргенде, «өттең, бір тай-ай?!» деп арман ететін еді. Сол тай, міне, енді астында!..

Жақын ауылдағы бір бай күз қойын қырыққанда, Нұрмағамбет бірнеше күн жәрдемдесіп, ақысына қасқыр алатын көкшолақ тазысының бауырын көтерген күшігін алған еді. Күшікті үйіне жаяу көтеріп әкеле жатып: «бұл аман болса, бес айда қоянға қосуға жарайды, келесі жылы үйінен шығады, содан кейін қасқырға да қосылады, сонда жаяу қалай қосам!» деп өкінетін еді ол, міне, енді сол тай астында!..

«Ат бар, құс бар, ит бар, менен бақытты кім бар?» деп қорытты ойын Нұрмағамбет.

Жел оның алдынан еді. Мұрнына өрт иісі келген ол қалың қарағайдың арасынан жоғары қарап еді, қою қара түтін аспанға будақтала көтеріліп, бұлтқа ұштасып тұр екен. Өрт шығады деген күдігі жоқ ол «күлін сабынға алуға жаққан алабота болар» деп ойлады ішінен.

Сол кезде жел қатайып, алдынан жаңбыр келе жатқанын көрген бала, ауылға тез жетейін деп тайын тебінді. Шаршаған тай жорытып кете қоймай, тақымында бұлтындай берді. Жаңбыр да жетті, жылдам жүрмеуіне ренжігенмен, әлі қылауы түспеген, қызығы басылмаған тайды ол сабамады...

Өртенген ауылды көргенде, баланың зәресі ұшып кетті. Теп-тегіс жанып жатқан ауыл!.. Бірақ жан да, мал да жоқ!..

Ауыл тып-типыл!.. Күйген қоралардың, үйлердің қабырғалары, төбелері опырыла құлап жатыр!.. Әлгіде қатты күйген жаңбыр қазір бәсеңдеу, бірақ өрт сөнер емес, қайта май күйғандай өршелене береді.

— Бұл не?!..

Қорқудан ба, қою қара түтіннен бе, баланың тынысы тарылып, өкпесі алқымына тығылды.

Алқынған ол тайы өрттен үрке берген соң, от бармайды-ау деген бір ағашқа байлады да, өзі жаяу жүгіріп үйіне барды. Онда да адам жоқ!.. Ол әкесі мен шешесін шақырып айқай салды — ешкім дыбыс бермейді!..

Бұлар қайда?!..

Тілдері жалақтаған жалынға қарап, Нұрмағамбет аңырып тұрғанда, шошаланың күйіп жатқан төбесі жалп етіп ішіне құлады. Баланың есіне көк күшік пен көк тұрымтай түсті. Күшігі мен тұрымтайына жаны ашыған оның отқа түсе қалғысы келді. Ұмтыла түсті де, тоқтай қалды. Ондағы ойы: «ауыл да, үй де өрттен қашқан шығар. Апам пен әкем күшік пен тұрымтайды неғып тастап кетті екен? Қой, тастамас!»

Осы оймен тез ауылын табуға тайына қарай жүгіріп келе жатыр еді, алдынан шоқытып салт адам шыға келді де, бұны көріп тоқтай қалды, қазақ тілін білетін таныс орыс фельдшері — «Бөске».

Бала еңіреп қоя берді. Фельдшер баланы уата алмады.

— Әй, залым патша-ай, иттің ғана баласы-ай, халықты осылай зарлатып қойған!— деді фельдшер баланы құшақтап тұрып.

— Кім дедің, ағатай, күйдірген?— деп сұрады бала жылап.

— Патша!

— Қайдағы патша?

— Барлық елді билейтін патша.

— Е, біз оның несін алдық, күйдіретін?

— Ер жетіп, есінді білгенде айтармын оны, балам! Әзір жассың ғой, нені ұғасың. Ауылың да, үйің де «Қайыңшоқта» түнеп жатыр. Тез бар. Үйің жоқтап отырған. Жүр, тайыңа мінгізіп жіберейін!

Буынын өрең басқан баланы фельдшер қолтықтап әкеп, тайына мінгізіп, тайын жетектеп жолға салып, өзі жөніне кетті.

«Күшігім мен тұрымтайымды сұрамаған әкем Бөскен!» деп өкінді бала.

Күшік пен тұрымтайдан кейін баланың басын әуре-леген ой — патша. Патшаға ауылдың не жазығы барын ойлап-ойлап, таба алмады...

Ол патша деген сөзді еститін еді де, бірақ елді билейді деген жалпы лақап болмаса, оның қайда тұратынын, не істейтінін білмейтін еді. Міне енді сол патшаны, әлгі фельдшер «өрт салушы» деп кетті. «Соған қарағанда, — деп ойлады бала, — патша осы маңайда болу керек қой. Егер, — деп кіжінді бала, — күйдіруі рас болса, күшігім мен тұрымтайым күйсе, сол патшаны күшік пен тұрымтайдай үйітпесем, жер үстінде топырақ басып жүрмейін, Нұрмағамбет атым құрысын!»

3. КҮЙІК

«Патша» деген сөз Нұрмағамбеттің жүрегіне инедей шаншылды да жүрді.

Таныс фельдшер тағы бір келгенде, Нұрмағамбетке патшаның қолға түспейтіндігін, оның әмірін бұл арада орындаушы урядник екенін ұғындырды.

Фельдшер кетті. «Патшаның әмірін орындайтын урядник» деген сөзді ол есіне мықты ұстады. Ендігі оның арманы урядниктен кек алу болды. Бірақ урядникті өлтіруге шамасы келмейтінін біледі.

«Енді не істеу керек?» деп өзінен өзі сұраған бала, өзіне өзі «күйдіру» деп жауап берді.

Осыған ойын тоқыратқан ол күйген ауылдың жұртына орнаған Қайрақты селосына барып, урядник тұратын үйді анықтап алды. Енді ол қолайлы жағдайды күтті, онысы — жаздың құрғақ кезі.

Жаз болды... Нұрмағамбет тағы бір тұрымтайды ұстап баулып, торғай, бөдене, шіл сияқты құстарға салды. Осы ермекпен кейде жаяу, кейде құнан шыққан тайын мініп, үйіне екі-үш күнде бір-ақ келетін болды. Жылдар өтіп жатты. Кек баяғыдай. Ол он төрт жасқа шықты. Бір күні бесті шыққан тайын әкесінен сұрап мінді де, тұрымтайын алып аттанды. Бірақ оның бұл жолғы ойы аңшылық емес, урядниктің үйін күйдіру еді. Сол ниетпен қалтасына бір қорап сіріңке салды. Ол Қайрақтыны төңіректеп келді де, іргесіне жақын жердегі қалың қарағайдың арасында атын байлап отырды, ынтасы — урядниктің үйін күйдіру!..

Қала ұйықтады-ау деген кезде ол тұрымтайын қарағайдың бұтағына қондырды да, Қайрақтының көшесіне кірді. Бұл — шілденің ыстық шағы еді. Көптен жанбыр жаумағандықтан — құрғақшылық. Оның үстіне кешке қарай тұрған жел, түнге қарай қатайып кетті.

Ойында «күйдіру»ден басқа сөз жоқ бала, селоның сыртын айналып, урядниктің үйіне келді. Оның үйі жел жақ шетте, төбесін қамыспен жапқан қарағай үй еді.

Бала үйдің жабығына өрлеп шығып, төбедегі қамысына сіріңке тигізіп еді, жел үрлеген от лап ете түсті.

«Ұрдым ба, бәлем? Кегім қайтты ма?» деген бала жүгіре қашып атына жеткенше, лаулаған жалын үйдің төбесіне барып қалды. Бекінген жері берік ол, үйден-үйге ұшқан жалынға қарады да тұрды... Лезде селоны жалын тасқыны көміп кетті. Құлағына мал-жанның азан-қазан шулаған дауысы естілді, айналадағы науа қоңырсып, күйген ет пен май сасып кетті, бұл иістен жүрегі айныды, басы айналды...

Аздан кейін есін жинаған ол күйіп жатқан селоның өртін сөндірет күші жоғын көрген соң, атына міне қашты...

Өрттен бойын қашырғанмен, ойын қашыра алмады ол. Селодан алыстаған сайын, мана — өртке қарап тұрғанда тұтанған аянышты ойы, енді басында сол өрттен кем лаулаған жоқ...

Фельдшер Бәскенің «бұл селодағы орыстарды патша еріксіз айдап әкелді» дейтіні есінде. «Рас болу керек ол сөз, — дейтін еді Нұрмағамбет есейінкіреген кезде, — қандай халде келгенін көзімізбен көрдік, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш келді...»

Сондай халде келген орыстың кедей крестьяндары тұрмыс жасауға қаншалық азаптанғанын, үйді қалай салғанын, егінді қалай сеуіп, астықты қалай жинағанын Нұрмағамбет көзімен көрді. Алғашқы кезде оларға одырая қараған қазақ ауылдары, іле аралас-қоралас боп, кейде қолма-қол ақыға, кейде несиеге жалданып үйлерін, қора-қопсыларын салысты, көлік беріп, кісі беріп егіндерін де егісіп жинасты, осы бірлескен еңбектің үстінде көпшілігі достасып, тамыр болып, бірінің жоғына бірі қарасып кетті, сондайлардың ішінде Нұрмағамбеттің өз әкесі — Баймырза мен өз ағасы Төлебай да жүрді, қолы епсекті шешесі — Қатамыр орыстардың тондарын, киімдерін тігісті. Сөйтіп өрші қонған орыс селосымен еңбекте қоян-қолтық келісу арқылы, ауылдың кедейлеріне жақын жерден кәсіп табы-

лып, бұрын алыстан іздейтін нанды енді жақыннан және арзан бағамен алды. Бұрын өзі жыл тәулігіне балта шауып, қазақ байларына қызмет қылғанмен, ағасы Төлебай да ауыл байларына жалшылыққа тұрғанмен, тапқандары тамағына жетпейтін бұл семья орыстың жұмысына араласа, өзгеге тоймағанмен, нанға тоятын болды, бұрын шешесінен собалақ сұрап жылайтын ерке Нұрмағамбет әкесі, шешесі, ағасы орыс жұмысына араласқан соң-ақ нанды аузын толтыра асайтын болды...

Өзге орыстардың да жұмысына араласқанмен, Баймырза семьясының көбірек қолғабыс тигізген шаруасы — Бәскенікі еді. Бүкіл ауыл боп «Бәске» атап кеткен фельдшердің аты — Василий Петрович Курганов. Әлдеқайдағы адам дәрігерінің фельдшерлік курсын бітіріп, бұл араға жас шағында келген ол қайда туғанын ауыл адамдарына айтқанымен, географиядан хабары жоқ ауыл түсінген, білген емес. Олардың түсінген, білгені — алғаш келгенде қазақша бір ауыз сөз білмейтін ол ауыл арасында тұра келе, қазақ тіліне судай болып алды. Оның үстіне мінезі және ісі жақсы болғандықтан ауылдың өз баласы сияқтанды да кетті. Сөйтіп жүріп, жақын жердегі селонның бір қызына үйленді де, балалы-шағалы болып кетті. Үлкен баласы — Антон жиырмаға таянып қалды, одан кішісі — Андрей — Нұрмағамбетпен жасты, одан кейін тағы да екі-үш ұсақ баласы бар...

Бұрын жақынырақ жердегі бір селода тұратын Курганов семьясы Қайрақты селосы орнай, қызметіне жақын жерге мекен салды да көшіп келді. Оның саманнан салған үйі де, қора-қопсысы да көбінесе Баймырза мен Төлебайдың қолынан тұрды. Егінін де солар салысты. Сонымен бұрын да көңілдес Курганов, Баймырзамен енді тіпті жақындасып, туыстай болып кетті.

Урядникке сол Кургановтың сөзімен өшіккен Нұрмағамбет үйін күйдіруге жиналғанда, түнде ұрланып барып, қамысты төбесіне сіріңке тұтатқанда, өзге крестьяндардың үйлері де, Кургановтың үйі де бірге кетеді деп ешуақытта ойлаған жоқ еді...

Енді, міне, жаппай күйген селонның арасында, Кургановтың үйі де кетуіне Нұрмағамбеттің ешбір күдігі болған жоқ...

«Үйі ғана күйсе бірсәрі ғой,— деген ой кеп кетті оған, өрттен атына міне қашқанда,— жандары күйсе қайттім?!...»

Бұл ойдан кейін, оның басындағы ой өрті лаулап, есінен тінгі тандырып жіберді... Жалын күшқан атының үстінде ол өрең отырды...

Кейін естісе, өртке күйіп өлген адам жоқ екен, жараланған адам көп екен, солардың бірі — Курганов. Өзі ауыр жараланған оның өзге жандары аман қалыпты да, мал-мүлкі түгелге жақын кетіпті. Түгелімен арса болып қалғандар да аз емес дейді, күйдірген мәлімсіз адамды, азапқа, шығынға ұшырағандар қарғайды дейді. Бұл сөздерді естіген шақта, қылмысына өзін-өзі қатты кінәлай, қарғай отыра, «обалың патшаға! Сендерді де, бізді де осылай күйікке ұшыратқан патша!» дейді Нұрмағамбет.

4. ҚАМБАДАҒЫ ҚАСҚЫР

Күн батып барады... Күндіз қардың бұрқасыны басылып, жел тынды. Ақшыл бұлттан аспан аршылып, қыстың қызыл шұнақ аязы бүркеусіз бетті шымшылай басталды. Малдарын қораға жайғастырған ауылды да аяз қозғалтып, үйді-үйіне қуып тықты.

Қалың қарағайлы орманның ашық алаңына қыстаған аз ауылдың адамында қарақшыдай қалтиып, далада тұрған жалғыз Баймырза. Оның кішірек қой көзі, орманның арасына қараған сайын қадала түседі.

— Неғып тұрсың әй, үйге кірмей!— деді ұшқыны шапшыраған күлді төгуге далаға шыққан Қалампыр.

— Баланы қарап тұрмын!

Қай бала?

Нұрмағамбет ше?

Бетім-ау, мен ауылда ойнап жүр екен десем, сол бала ганцртең кеткеннен әлі жоқ па?!

Төлебайды жіберіп іздетіп ем, барлық үйді қарап келді, балалары үйлерінде дейді. Нұрмағамбет жоқ дейді.

Бар болғыр, сол бала ма?! Ылғи осылай іздетеді де жүреді. Сол бар болғыр, қамбаға түсіп кетіп жүрмесін! «Қой!» десем қоймайды, бар болғыр! Қоян аулай ма? Құр аулай ма? Үйде отыруы жоқ!

Мен қарап келейін, сен асыңды істе. Бала тоңған шығар. Үйге келе ыстық ішсін. Жолына жөргем ілікпесе, үйге келмейтін әдеті емес пе оның?

Қалампыр үйге кірді. Баймырза қамбаға жөнелді...

Оқиға былай еді: сол жылы боран көп боп, қарағайлы орманның жел жақ бетіне ағаш бойына жақын күртік

үйіледі. Сол күртіктің қоян жүретін жымынан Нұрмағамбет, кісі бойынан биік қамба қазды. Қамбаның аузын тар, түбін кең қазып, ішіне сабан тастап өртеді, қары еріп, мұздақ боп қатты. Содан кейін бетін шырпымен жауып, үстіне шөп тастады. Жыммен жүрген қояндардың талайы бұл қамбаға құлады.

Нұрмағамбет қайыңнан ұзынша құрық істеп, оның басына бау тақты да, қамбаға құлаған қоянды құрық сап ұстады.

Бүгін таңертең дағдылы қалыппен Нұрмағамбет құрықшасын ап, қамбасына барса, шөп те, жапқан бұтақ та жоқ, «Қанды басың бері тарт!» дейтін еді ол қамбаға қоян түскенін сезсе. Со сөзін айтып, қамбаның жиегіне келсе, ішінде құлағы ербиген үп-үлкен бірдеме отыр!.. «Мынау не?» деп төне түсіп еді: желкесінің қара қылшық жүні жылқының жалындай желкілдеген, тұмсығы жарты кез, үлкендігі тайыншадай, қара құлақ қасқыр!..

Төнген Нұрмағамбетті қорқытқысы келгендей, қасқыр азу тісін сақылдатып, ырсиып ырылдады.

Не істеу керек?

Ол ауыл арасында «балуан бала» атанған еді. Маңайдағы елде онымен күресетін бір де бала жоқ. Бәрін де ол жығып бітірген. Ол «батыл бала» да атанған. Сол маңайдағы елдің баласы тай, құнан үйретер болса, алғашқы қарқынын басуды Нұрмағамбеттен күтетін. Қаршадайынан ол асау тайдың құлағына жармаса кетіп, тырмысып айрылмайтын, үстіне мінген соң тай, құнан түгіл, ат туласа да түспейтін.

«Балуан бала», «батыл бала» деген сөздер оны масаттандырып, күштілігін көрсете түсуге тырысатын.

Қамбаның қасында қасқырға қарап тұрып, Нұрмағамбеттің менмендігі козып кетті. «Өзім өлтірмей, біреуге өлтіртсем, менің мықтылығым қайда? — деп ойлады ол, — ертең, басқа балалар мені мазақтамай ма? Қой, тәуекелге бел байлап, өзім-ақ жәукемдеп көрейін!»

Түбі шоқпарлы қайың құрықшамен ыржиып, шоқиып отырған қасқырды Нұрмағамбет түртіп кеп қап еді, арс етіп құрықты тістей алды. Нұрмағамбет құрықшасын бері тартып сыра алмаған соң, көмейіне тығайын деп, әрі итеріп еді, құрықша ортасынан имііп сынуға айналды.

Ызаланып кеткен ол, «һауп!» деп жұлқып кеп қалып еді, екпінімен шалқасынан түсті. Құлап жатып құрығына қараса, сынған жоқ екен. Жалма-жан түрегеліп, қамбаға

капта тонді. Бұл жолы баланың жұлқынған қайратынан сесскенгендей, қасқыр манағыдай шоқиып отырып, бедірейіп қарамады, жансауға іздегендей қамбаны шыр кобелек айналды да, жоғары қарғыды.

Жан ұшырды ма, немене, қарғыған қасқырдың алдыңғы екі табаны қамбаның ернеуіне жақындап қалды. Сол кезде, нақ қара түмсықтан бала құрықшаның түбімен салып кеп жіберді. Қамбаның мұзын алдыңғы аяғымен тырпап із салған қасқырдың артқы аяғы тайды ма, денесінің екіні ме, әлде түмсығына соққы қатты тиді ме, шалқасынан жығылды.

Бала қасқырды жұқа шаптан құрықтың түбімен шанша қойып еді, ытып тұрған ол құрыққа ұмтыла бергенде, бала тістетпей жұлып алды.

Қасқыр енді қарғымады. Бөксесін қамбаның қуысына тығып, балаға көзін тесірейте қарап, жоғарғы ернін шүйіріп, бірақ дыбыс бермей, тым-тырыс жатты. Тек бала түрткенде ғана арсылдап, құрыққа жармасты.

— Не істеу керек?

Қасқыр дем алған кезде, баланың көзі тыржитқан мұрынынан тамшылап аққан қанға түсті.

Әп-бәлем, жара салдым ба!— деді ол,— құтылмасың енді менен!.. Әлде жаздыгүні жалғыз бұзауымызды жеген антұрғанның өзі сенбісің?

«Мен болғанда не қыласың?» дегендей, қасқыр тыржындап қойды.

Баланың белбеуіндегі қында мүйіз сапты кездігі болушы еді. Кездік үнемі шаш алғандай қылпылдап тұратын. Ауылдағы ұста осы кездікті оған: «тіл алғышсың» деп, көрігін басқандығы үшін, шым болаттан суарып, сыйға соғып берген.

Кездігі есіне түскен бала қынынан суырып алды да, қалтасынан тастамайтын, жалпақтығы алақандай, ұзындығы кездей қайыстан таспа тіліп, кездікті құрықшаның ұшына тас қып байлады.

— Енді тістесең, тістем!— деп ол қасқырға құрықшасының түбін ұсынып еді, ызалы аң шап етіп тістей алды да, тартқанда бөгеусіз босатты.

«Тілінді ме, таңдайынды ма, әлде ұртынды ма, әйтеуір бір жерінді кескен шығар,— деп ойлады бала,— әйтпесе негіп тез босаттың?»

Сынайын деп құрығын тағы ұсынып көріп еді, қасқыр ұмтылды да тістемеді. Қасқырдың аузынан қан шұбырды.

— Ә, солай ма, батырым?— деді бала масаттанып,— жараландың ба?

Құрығын суырған бала «бүлкілдегінің тұсы осы шығар!» деп, қасқырдың бүйірінен найзасын сұғып кеп қалды. Қасқыр ышқынып-ыршып түсті де, құрық тиген бүйіріне қарай дөңгеленді. Қасқырдың қалың түбітін тесіп шыққан қан, қу шөпке тұтанған оттай қызараңдап жарқ етті де, сұргылт жүнге жіңішке қызыл жолақ салып, бауырын орап, төмен тамшылады.

Бала піскілеуді жиілетті. Қасқыр бірде құрыққа ұмтылып, бірде жоғары шапшып жанталасты. Сондай арпалыстың біреуінде қалжырағандай болған қасқыр секіре беріп, шалқасынан тағы құлап еді, нақ кіндіктің түбінен бала пышақты қадай қойды. Қасқыр жан дәрменде аунап түсіп, созылып тұра беріп, сүйретіле құлады да, оң жағына жантая кетті.

— Жұмысың біткен шығар,— деді бала,— енді шанышқылап терінді бүлдірмейін!

Бала үңіліп қарап тұр. Қасқырдың денесі дірілдеп, құйрығы шошаңдап, арандай ашқан аузын малжаңдата берді. Сөйтіп аз жатты да, қасқыр сүп-сұлық бола қалды.

«Өлді ме, жоқ па?» деген оймен бала енді құрықшасының басындағы пышақты шешіп алып, мұқылымен ғана түрткілеп еді, денесі былқ-сылқ еткен қасқырда қимыл жоқ.

Қасқырдың өлгенін көрген баланың ойы оның терісін үйіне сойып апаруға кетті. Осы оймен күні бойы әуреленіп, құрықшасының бауына қасқырдың мойнын ілектірді, содан кейін тартып көріп еді, зілдей бірдеме!

— Мынау қайтеді!— деп күш алғалы еңкейе бергенде, кеудесін тіреген ернеудің қары опырылып кетіп, бала қамбаға тоңқая құлады.

Құлаудан гөрі қасқырдан сескенген бала жалма-жан денесін оңалтып, пышағына жармаса түрегеп еді, қасқырда қимыл жоқ! Аяғымен түртіп еді, қозғалмайды!

«Өлген екенсің, бәлем!» деп аударып көрсе, бұл жалғанның арланы!.. Тіпті құнан өгіздей десе де сиятын!..

Бала қасқырдың сирақтарын ірей бастады. Қанша уақыт алданғанын ол шамалаған да жоқ. Біраз мықшыңдап терісін сыпырып, енді шығайын десе, айнала көк мұз. Пышақпен мұзды тесіп, қарды опырып еді, онда да малтығып тез шыға қоятын емес.

Баланың киімі жамаулы болғанмен жылы еді, оның үстіне қимылдаған дене тонази қойған жоқ. Бірақ мана қасқырды өлтіру қызығында жүргенде, биялайын шешіп тастап еді, қамбаға құлағанда сол биялай сыртта қалыпты.

Құрықпен де, қолмен де қарды опырған оппа қармен біртіндеп жоғарылаған бала сыртқа шыққан кезде екі қолының басы ашуға айналды. Бала қолына қараса, қанданған саусақтары бозарып кеткен екен. «Үсіген екен!» деген оймен ол жалма-жан қасқырдың терісін тастай беріп, саусақтарын қармен ысқылады.

Науаның райы үскірік аяз екені сол кезде білінді, қолына ұстаған қар ерімей, құм сияқты сықыр-сықыр етті. Сондай қармен уқалаған он жақ қолы ерекше дуылдады. «Үсіген осы қолым екен» деп ойлады бала.

Сол кезде баланың құлағына атын атаған дауыс сап ете түсті, ол жалт қараса — әкесі!

Қоңілі көтеріңкі бала, қолым үсіді деуге арланып, әкесіне қылығын айтып мақтанды. Екеуі үйіне келді.

Қалампырдың қуанышы қасқыр емес, баласы. Ол ұлын «тоңды-ау, қалқам!» деп жалма-жан шешіндіріп, аязда гүлдей жайнап қызарған ыстық бетін сүйіп: «Қолың да тоңған шығар» деп ұстап еді, оң жақ қолының саусақтары қансыз-солсіз сүп-сүр, әрі мұздай сүп-суық!

Ойбай-ау!.. Енді қайтейін!— деді Қалампыр сасқаттан, үсіген екен ғой, мынау қолың?!

Жансыз саусақтарды уқалап, не қыларын білмеген Қалампыр: «Құлыным-ай, енді қайтейін!» деп, еңіреп қоя берді...

5. ЖАҒЫМДЫ ЖАЛШЫ

Қалампыр мен Баймырзаның еркіне салса, Нұрмағамбетке әкелі көрген өмір бейнетін көрсетпей, бұла қып өсіру еді.

Бізді қойшы,— дейтін еді ол екеуі ерлі-зайыпты боп, оннақ басында оңаша шүйіркелесе қалғанда,— асарымызды асадық біз, жасарымызды жасадық біз. Біздің неменеміңізге тәңірінің жазғаны бейнет екен. Бейнетте тулық, бейнетте өстік, бейнетте өмір кешіп келеміз. Енді тәңірімізден көріміз жуық...

Өзіміз өмірден осылай өтуге мойын сұндық қой,— дейтін еді олар ауыр күрсініп,— тек біздің бейнетті бала-бағра бермегей де!..

— Бірақ,— деп өкінетін еді олар,— «алдыңғы арба қайдан жүрсе, артқы арба содан жүреді» дегендей, өмірдің біз кешіп келе жатқан азап жолына Төлебай да түсті. Есін білгелі киген нәлет қамыт ол бейшараның да мойнынан түскен жоқ. Ол да осы бейнетпен өтеді енді дүниядан!..

Нұрмағамбет жайына келгенде, олар әуелі өзара ырағай-тырағай боп жүрісті. Баймырза да оны балам деп жақсы көре тұра, «әжетке жарады-ау» деген шақта жұмысқа түсуін тіледі.

— Әу, қатын!— деді ол бір күні Қалампырға, күн көрістері нашарлап кеткен бір шақта.

— Әу!— деді әйелі.

— Қысқа жіп күрмеуге келмей қойды ғой бұл!..

— Оны не қыл дейсің?— деді Қалампыр, талай естіп құлағы үйренген сөзге әдеттенген жауабын беріп.— Ұзартын ретін тапсаң, мен саған қой деп жүрмін бе?

— Тағы да бір түйін жалғап көрсек қайтеді ол жіпке?—

— Қалай?

— Төлебайды ғой біз кісі есігіне сегіз жасынан бердік?— деді Баймырза айтар сөзіне алыстан орап жеткісі кеп...

— Иә?— деді Қалампыр оның нысаналы сөзін сезе қалғандай боп.

— Арқа еті арса, борбай еті борша боп жүр байғұстың. Жасы жиырмадан асып кетті. Жұрттың ондайлары үйленіп те қалды...

— Қалыңмалын тап та, сен де үйлендірі!..

— Несін кекетесің, қатын!— деді Баймырза демін ауыр алып,— таппайын деп жүрмін бе мен қалыңмалын!.. Ашпа-жалаптың орны емес пе бұл үй, қолға түскенді ауызға қағып сап, тағы да жалақтап отыратын?..

— Өзің не айтқалы отырсың?— деді Қалампыр кейіп,— соныңды айтсайшы, былай да асқынған кедейліктің жара-сына шыбынды үймелете түспей.

— Айтайын дегенім, үй-ішімізбен түгел бейнеттеніп тамақ асырап отырған жан емеспіз бе? Ауыр тұрмысқа аз да болса себі тиер ме еді, қайтер еді, Нұржанды да біреуге қолғабысқа берсек қайтеді?

— Кімге?— деді Қалампыр тікілене қап.

— «Он үште — отау иесі» демей ме, аталарымыз?— деді Баймырза қорқатын әйелінің жуандай шыққан даусымен, тесіле қараған көз жанарынан қаймығып, — амандық бол-

са, Нұржан енді он үшке шығады. Тіл-аузым тасқа, соқтауылдай жігіт боп қалды...

— Кімге бергің кеп еді жалшылыққа?— деді Қалампыр кимелеп.

Баймырза үндемеді.

— Кімге деп отырмын ғой?— деді Қалампыр екіленіп, несін жасырасың, айт кімге уәде бергенінді!..

Айтқанмен де ұсынысы өтпеуіне көзі жеткен Баймырза еркін билеп алған әйелінен сырын жасыра алмады.

— Токсанбайдікіне...— деді ол күмілжіп.

— Мә, апарып бер, мынаны!— деп Қалампыр еріне қолын да шығарды, ернін де шығарды.

Тұнжыраған Баймырза орнынан тұрды да, үн-түнсіз далаға шығып кетті.

Ол кете ағыл-тегіл жылаған Қалампыр, біраздан кейін үйіне оралған Баймырзаға кей кездегі дағдысымен, енді жылы шырай беріп, жұмсақ сөз айта бастады.

Несіне ренжисің, байғұс-ау?— деді ол.— Сенің айтқаның-ақ болсын дейік. Сонда не шықты? Сен тесік өкпе боп өмір бойы жалшылықта келесің, одан не шықты? Мен де саған шамадан келгенше қолғабыс тигізіп келем, одан не шықты?.. Төлебай да тесік өкпе боп бізге қосылды, оған не шықты? Күн тырбанайық, түн тырбанайық, бәрібір — баяғы жоқшылық!.. Нұржанды да осы батпаққа батырғанмен не шығады деп ойлайсың?

Бірдеме шығады деп жүрген жоқпын,— деді Баймырза, «сұға кеткен тал қармайды» дегендей, менікі амалсыздықтан айтқан сөз. Олай деуіме және бір себеп: «сөйле қанқу жаман, ауруда шапшу жаман» депті ғой бұрынғылар. Жүрттың қанқуы да өлтіріп барады бір жағынан.

Не деген?

Олесте, домбыраға әуестеніп жүрген жоқ па біздің Нұржан кішкене шағынан? Бала да болса, санатқа кіре бастап жүрген жоқ па сол өнерімен жастардың арасында?.. Күншіл жұрт соны да көре алмай ма, немене, «ата-бабаңда сері мен сал жоқ, еді, сенен де шықты бір сері; енді оның сөнді ер-тұрманын, атын, киім-кешегін әзірлеп бер» деп мазамды алатын болды күншіл, күлегеш жұрт!..

Оттай берсін!— деді Қалампыр кесіп айтқан үнмен,— кісіден тіленген күніміз жоқ. Қазанымызға ас салып берген адам жоқ. Ашты-тоқты болайық, өз еңбегімізбен күн көріп жатырмыз. Нұржанның да жалшылыққа тұрар күні

қашпас. Бойы өсіп, бұғанасы қатсын. Жасынан жалшылыққа берсең, ез-ез боп жаншылып қалар. Есін біліп, етегін жапқан соң, өзі де қарап отырмас, ақылы бар бала...

Қалампыр мен Баймырза бұл сөзге қайтып оралмады, Нұрмағамбеттің ер жеткен, жұмысқа барам деген сөз өз аузынан шыққан күнін күтті.

Бірақ олар ұзақ күтпеді. Қайракты қаласы күйгеннен кейін, жан-жақтағы ауыл адамдары боп, оларға Баймырза да еріп, үйлерін, қора-қопсыларын салысуға аттанарда:

— Мен де барам, әке!— деді Нұрмағамбет.

— Қайда?

— Қалаға.

— Неге?

— Жұмысқа!..

Баймырзаның апарғысы, Қалампырдың жібергісі келмеп еді, Нұрмағамбет «барам!» деген сөзінен танбады. Несіне тансын, жазықсыз күйдірген селоның қарғысы атқандай, жалғыз аты, өрттен кейін көп кешікпей жамандатып өлді. Тігерге тұяқта жалғыз сиырдан басқа мал жоқ. Оның сүмесі шайды шылаудан артыққа жетпейді. Сөті түскен кәсіпке ғана кездесетін әкесімен, Тоқсанбай үйінде жалшылықта жүрген ағасы Төлебайдың тапқаны тақыл-тұқыл тамаққа ғана жарайды. «Тәуір ғып өсірем» деген талаппен, бүтін киім-кешекті шешесі бұның ғана үстіне жапсырады да, өзгесі жамау-жасқаумен жүреді. Төсек-орын да тозған, кигіз үй де тозған. Қысқы үйі үй емес,— үйшік... Осындай жағдайда тұрудың несі қызық!..

Бала шағында байқамағанмен, есейе келе бұл тұрмыстың кермек дәмін үй ішімен бөле татқан Нұрмағамбет ауыр тұрмысты жеңілдетуге көмегін қалай тигізуді білмей жүр еді, әкесіне күйген қаладан жұмыс табылған соң, ерді де кетті...

Баймырзаның мамандығы — балташылық екені бізге мәлім. Қалың орманның арасына мекендеген Қайрактыда күйіктен кейін де балташыға жұмыс көп табылды. Сол жұмысқа білегін түре кіріскен әкесіне Нұрмағамбет іздесе табылмайтын көмекші болды.

Ағашты мығғалау жұмысына Нұрмағамбет тіпті кішкене күнінен үйір болатын: бәкімен, пышақпен, шаппа-шотпен, балтамен... дегендей, қолына не құрал түссе, сонымен ойыншықтар жасайтын. Бірақ ол көңіліне алғаш

ойыншықтың долбарлап жобасын ғана келтіре алатын да, басқа шебер балалардай әдемі жасай алмайтын. Ал домбыра шертуге, өлең айтуға кішкене күнінен-ақ шеберлене бастады. Мінезі ойнақы, қалжыңшыл ол әлдекімдерді сықақтап, бірер ауыз өлеңді жанынан да шығарып жібереді. Оның үстіне денесі өзі құралыпты баладан сом да, биік те боп өсіп, күрессе жасы қатарлас балаларды қолына да алмады, ересек балалармен де тайталас, итжығыс түсіп жүрді... Осы жайларына қарап, «бұл түбінде кім болады?» деген сұрауға, әркімдер әр түрлі жауап берді. Ағаш жонуға үйірлігіне қарап:

— Әкесіндей балташы болады,— десті біреулер.

— Болса болар,— десті екіншілер,— «тауда туған құлынның екі көзі таста болады» дегендей, көзін аша көргені балташылық болған соң, бұл да өскенде балташы болмай, қайтер дейсің. Бірақ түріне қарағанда, әкесінен ұзап ешқайда бара қоймас, әкесіндей бұның да ісмерлігі ағаш үй киюден аспас.

Домбырашы, өлеңшілігіне қарап, біреулер «сері болады» десе, енді біреулер:

--«Талтаңдасаң талтанда, ақшаң болса қалтанда» дегендей, серілікке де дәулет керек шығар. Тақыр кедей иесімен сері болады?— дейтін. Денесіне, күшіне қарап, біреулер:

Осы асқан балуан болады,— десе, енді біреулер:

Олай болғанда не бітіреді? Үнемі айт-той кездесе берсе ме оған, күреске шығатын? Кездескен жерде жығудан не пайда оған? «Айт — аттыға, той — тондыға» жараспай ма? Аты қайда оның айт пен тойға мініп баратын? Тойы қайда киін баратын? Біреудің атын мініп, біреудің тойын киін барудың иесі сән?

Осы бала осы жайларды ойлай ма екен, жоқ па екен?— десетін әркімдер.

Әй, ойламайды ғой деймін,— десетін біреулер,— мал түлігі болып қалды, ойласа, мал табуға тырысар еді ғой. Ойында ол жоқ. Баққаны — «аһа-һау» да, «еһе-һей!»

Оны ойлауға әлі жас қой,— десе:

Иесі жас? «Он үште — отау иесі» емес пе? Он үштен асып бара жатқан жоқ па осы? Денесі он бес-он алтыдағы баладай емес пе? Осы кезде кірмеген сана оған қашан кіреді,— дейтін.

— Бала да емес, бұған кінәлі, әкесі де емес,— дейтін, білем деген біреулер,— айыпты — шешесі. Әкесі жалшы-

лыққа берейін десе, шешесі «бұла ғып өсірем» деп көнбейді. «Байдың малы, жалшының жаны ардақты» деген осы...

— Шешесі ақылсыз адам емес,— дейтін біреулер,— оның да бір білгені бар шығар. «Бойы өсіп, бұғанасы қатсын» деп жүрген шығар баласының...

Солай күңкілдесетін жұрт, Нұрмағамбет әкесіне еріп, Қайрақтыға жұмысқа аттанғанда, «е, бәсе!» деп сүйсінді де, «қайтер екен?» деп күтті.

Үміт жүктейтін адамдардың ойын Нұрмағамбет ақтады: әкесіне тізе қоса балта шапқан ол, іскерлікте кем түспеді; ал күшке келгенде, жасы жетіп қалған әкесінің қайраты қайта бастауынан ба, әлде бара Нұрмағамбет, жас мөлшерінен әлдеқайда қуатты ма, шапқан ағашына балтаның жүзі нығырақ қадалды, ағаштың қолдаса көтерген жағын еңсеріңкіреп кетті...

— Міне, енді, жігіт болды бұл,— деп сүйсінді көрген дос адамдар,— әке-шешесін асырай бастауының алды осы!..

Балтаны көп жыл шапқан Баймырзаның үздіксіз ауыр жұмыстан тапқан бір зақымы — беліне түскен шойырылма еді. Орта жаста пайда болған бұл зақым жасаңқыраған кезде үдеп, ара-тұра ұстағанда, белін баса алмай, қозғала алмай, сіресіп жататын да қалатын. Кейде ол шойырылма жұмаларға, айларға созылып, қимылдауға халы келмей, төсекте шалқасынан жататын да қоятын... Бұл пәле оны көбінесе көктем, я күз айларында көбірек айналдыратын.

Биыл Нұрмағамбетін ертіп Қайрақтыға жұмысқа барған жылдың күзінде осы пәле тағы да сап ете қап, белін қақырайта тас қып буды да тастады. Қимылдауға қалы келмеген оны достас бір адамы тарантасына көтеріп сап үйіне алып қайтқанда, Нұрмағамбет жұмыста қалып қойды, әкесінің «бірге қайтайық» деген тілін алмады...

Сол қалғаннан Нұрмағамбет ұзақ қалды. Қалмауына болмады,— әкесі бұл жолы ұзақ ауырып, қыс бойы сартөсек боп жатып алды. Төлебайдың тапқаны әкешесін асырауға жетпейтін болды, оған Нұрмағамбеттің табысы қосылса, онда да тоқ-жараулық қана күнелткенмен, «аштан өлмейтін, көштен қалмайтын» халге жетті.

«Басқа түссе баспақшыл». Басына әке-шешесін асырау күні туған Нұрмағамбет бұрын әкесіне жәрдемші болса, енді әкесі ауырғаннан кейін өзіне ғана сенді де, балта-

шылық жұмысын жеке атқарып кетті. Табысы көп болма-
ғанмен, оның балтасына жұмыс табылмай қойған жоқ...

Басында бейнет сияқтанған балташылық үйрене келе,
құмарта атқаратын ісі боп кетті. Құмартпағанда қайда бара-
ды? Бұдан кеткенде де барар жері жалшылық. Өз ойында
ауыл мен селонның жалшылығын салыстырса, бастапқы-
сынан соңғысынікі әлдеқайда жақсы сияқтанады. Ауыл
жалшысының қандай болатынын ол өз ағасы Төлебайдан
байқайды. Оны жұмысқа күні-түні айдайтын бай не асқа,
не киімге жарытпайды, еңбекақысын кезінде бермейді, кей-
де жеп кетеді; орыс байының да жұмысы ауыр болғанмен,
тым мезгілсіз салпақтатпайды, тамағын тоқ, киімін бүтін
қып ұстайды, уәделі ақысын мезгілінде құлақ қақпай беріп
тұрады, жұмасына бір күн демалыс береді, моншасына
түсіреді, таза орынға жатқызады...

Нұрмағамбет тұрған байларына жағымды болды.
Ойтпеуіне мүмкін емес еді: мінезі ойнақылығының, тіл
алғыштығының үстіне, ол аса қарулы болды. Не жұмысқа
болса да, бар ынтасымен кіріседі де, қолы тиген жұмысын
опырып жібереді. Мысалы, жап-жас қалпымен ол көтер-
ген жүкті ересек жігіттердің жігіттен жігіті-ақ көтереді; егін
шоппапқаңда, жолды өзгеден бір жарым есе кең, бір жар-
ым есе шапшаң тартады. Жұмысты соншалық қарқын-
мен істеген ол жалқаулануды, шаршауды білмейді, ерте
тұрады, кеш жатады...

Осындай жайып көрген оны Қайрақтының байлары
ақыны бірінен-бірі артық беріп, таласып жалдайтын бол-
ды. Сөйтіп ол «жағымды жалшы» атанды.

6. КҮТПЕГЕН КЕСІРЛІК

Нұрмағамбет жалшылықта сол жүргеннен төрт-бес жыл
жүріп қалды. «Қолы қимылдағанның аузы ойнайды» де-
гендей, жұмысты ынталана және бұрқырата мол
істегендіктен, оның табысы да көп болды.

Өлгеркіне салса, оның ниеті — бар табысын кедей үйінің
шаруасын көтеруге жұмсап, тәуір тұратын үйлердің ката-
рына қосу еді, сәті түссе — байыту еді.

Нұрмағамбет жалшылыққа тұрған соң, ол үйдің тұрмы-
сы шынында да алға басып, тамағы тойынудың үстіне,
алғаш киім-кешек, төсек-орын, ыдыс-аяқ қосыла баста-
ды; одан кейін тана-торпақ, тоқты-торым сияқты ұсақ

жөндіктерден бастап, малдың да басы құралуға айналды; шаруасы солай ондала бастаған соң:

— Әке,— деді Нұрмағамбет үйіне бір барғанда,— енді кісі есігіне кіріптар болуды қой. Апам мен екеуімнің аштан өліп, көштен қалмауына Төлебай екеуміз, әсіресе мен кепіл болайын. Апа, сен де қой енді біреудің киімін тігіп, жамау-жасқауына қолғабыс тигізуді. Екі балаңның тапқан-таянғанын құрастырып үйде отырыңдар да, бір қада болса да, өз үйлеріңе қағындар, бір ине болса да, өз үйлеріңе шаншындар, сөйтіп біртіндеп барып, ілікке іліндер де, тәуір тұратын үйлердің қатарына қосылыңдар...

Әкесі мен шешесі Нұрмағамбеттің бұл тілін алды да, қолдарынан келген қайраттарын үй тұрмысын түзеуге жұмсай бастады; сырттан табыс кіру, үй ішінен бүтінші табылу, Баймырзаның бұрынғы іші де, сырты да сиықсыз үйіне ажар беріп, жыл өткен сайын жақсы үйлердің қатарына жақындай түсті.

Бұл үй бұдан да тез әлуеттенер ме еді, қайтер еді, егер, Қалампыр аздап бөгеттік жасамаса.

— Сенің ақылыңды біз де алайық, құлыншағым,— деді ол Нұрмағамбет тағы да бір келіп, үйінің түзеле бастауына сүйсіне отыра, одан да түзелуіне тағы да бір ақыл айта бастағанда,— бірақ сен менің ақылымды да ал.

— Айт, апа!..

— Аруағыннан садаға кетейін, әткем марқұм айтушы еді: «бай болып ешкім жаппас жердің жүзін, сұлу боп ешкім жаппас күннің көзін» деп. Әулиенің сөзіндей ғой осы сөз. Талай байды көрдім. Ешқайсысы да байлықпен жердің бетін жапқан жоқ. Қолдың кірі сияқты нәрсе көрінеді «байлық» дегенін, бір жуғаннан қалмайтын көрінеді. Аталарыңның «бай — бір жұттық, батыр — бір оқтық» дейтіні де сондықтан...

— Сонда байымау керек пе, апа?— деді Нұрмағамбет күліп.

— Тәңірі беретін байлық болса қашпассың, балам, бермейтін байлық болса қумассың; қуғаныңмен жеткізбейді...

— Мен жетсем ше?..

— Асылық сөз айтпа, шырағым!.. Аталарың айтқан: «ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт, мал таппас жігіт болмас, құарын айт!» деп. Кімнің бай болғысы келмейді дейсің, күнішегім, кім еңбектенбейді дейсің баюға?.. Тап-

каны құрамайды да!.. Тәңірі, тек сол кезіне ұшыратпайын деп тіле!..

Еркелеп қана болмаса, шешесімен басқа жайда сөз таластырып қормеген Нұрмағамбет баю жайынан да бұдан әрі сөз таластырғысы келмей:

— «Ақыл айтам» деп ең ғой, апа, осы ма айтар ақылың, басқа ма?— деді.

— Айтайын деген ақылым,— деді Қалампыр кескінін салмақтандырып,— аталарыңның мақалы бар: «етігі жаман торге шыға алмайды, жеңі жаман ас іше алмайды» деген. «Тоны жаманды ит қабады, ниеті жаманды тәңірі қабады» деген аталарың. «Таныған жерге бой сыйлы, танымаған жерге тон сыйлы» деген...

— Неге мақалдатып кеттің, апа, осынша?— деді Нұрмағамбет күліп.

— Мақалдатып отырғаным,— деді Қалампыр, салмақты бейнесін өзгертпей,— «тіл-аузым тасқа», табысың жақсы, баюды қоя тұрып, ең алдымен үстінді бүтінде!.. Жай ғана бүтіндеп қоймай, жақсы киін!.. Тағы да «тіл-аузым тасқа», туысың ешкімнен кем емес, тұрмысыңды да ешкімнен кем ғып ұстама, «мына» деген байдың баласындай сықырлап жүр!..

— Олай жүру жарасса, апа!— деді Нұрмағамбет демін соза алып.

— Неге жараспайды?..

— Жақсы киім жарасар еді, мінер жақсы атың болса, тұрар жақсы үйің болса!.. Ондайларын болмай, құр ғана сықырлап киінгенше, «несіне жетісіп киінеді?» деп біреулер күліп жүрмесе!..

Баласының бұл сөзіне тоқталып қалған Қалампыр інгіей: «солай екен-ау, әлі!» деп қалды да, сыртына ол өкінішін шығарғысы келмей:

— Үміт дүниясы емес пе, балам? «Көң шыққан жерге шоппа те шығар» деген аталарың. Жас емессің бе, әлі? Неген күдер үздің? Алдын берген тәңірі артын да берер. Бақ пен дәулет жауын емес бір күнде үстіңе құя салатын. Ол көздің жасы сияқты тамшыдан құралады. «Тай — атқа, ат — мұратқа жеткізеді». Әуелі дұшпан көзі ғып киім-кешегінді түзе. Одан кейінгісін тағы да көре жатарсың!..

Шешесінің тілін алды ма, әлде былай да жасынан әлемілікті жақсы көруінен бе — табысынан үйіне де қараса отыра, Нұрмағамбет жылдан жыл тәуір киіне бастады. Және ол ауылша емес, орысша киінді. Ол кезде орысша

киім ауылға тараған жоқ еді де, бірен-саран орысша киінем дейтін жігіттер болса, ауылдың діншіл ақсақалдары «шоқынасың» деп тыйым салатын еді. Орысша киінген Нұрмағамбет сол киіммен алғаш үйіне барғанда, ауылдың өзгесінен емес, өзінің шешесінен қорыққан еді. «Ұрсар» деп ойлаған еді ол. Шешесі өйтудің орнына, орысша әдемі киініп, орыс жігіттеріндей шашын өсіріп барған баласын, әуелі:

— Көтек-ай, бұл кім еді?!— деп танырқап танымай қалды да, баласы екенін таныған соң, бас салып сүйіп:

— Бұл киімдерім жараса ма, апа?— деген баласына:

— Өте жарасады, күнім, игілігіңе кигізсін!— деп қайта құшақтап, қайта сүйді. Көрші-қалаңнан келіп отырған біреулер:

— Жарасуы жарасады-ау, бірақ орысша киінгені ұнамайды!— деп еді:

— Бәрібір емес пе?— деді Қалампыр жекіп, — таза болса, тәуір болса болады, — деді ол баласына, — кие бер, күнішегім!.. Тек шашыңды алдырып жүрсең болды!..

Шешесінің ол тілегін орындаған Нұрмағамбет село жастарының арасында әдемі киімдерімен ғана көзге түскен жоқ, өнерімен де көзге түсті.

Жексенбі күндері, әсіресе қауырт жұмыстар азайған кездің жексенбі күндері, немесе мейрам күндері қала жастары сауық жасаса, ойынның гүлі екі жігіт болады, бірі — Андрей Курганов, екіншісі — Нұрмағамбет.

Әуелі, қысқаша, Курганов туралы: Фельдшер Василий Кургановтын Антон және Андрей деген ұлы болғаны бізге мәлім. Ана жылғы Нұрмағамбет тұтатқан өртте Василий күйген үйінің жалынына ауыр түрде шарпылды да, біраз уақыт больницада жатып, өрең дегенде тәуір болды. Бірақ денесіне өрттен түскен тыртықтардан ба, өрт ішінде шошып оянғандықтан жүрегі қатты шайлығудан ба, немесе бұрын да болып жүретін ымшық-шымшығының өрт күйігінен кейін қозуынан ба, күйіктен тұрғаннан кейін бірер жыл сүлеленіп жүрді де, дүниеден көзін жұмды. Артында жоғарыда аталған екі бала мен қартаң және сырқат әйелі қалды.

Андрей Нұрмағамбетпен жасты еді. Антон — төрт-бес жас үлкен. Бұл екеуі де бастауыштан артық мектепті бітіре алмады: селолықтан арғы мектепке жасынан тентек боп өскен және оқуға ықылассыз Антон бармады; Андрей зеректеу және ықыласты болғанмен, үйі күйген Василийдің оны ілгері оқуға жіберуге орқаны келмеді. Сөйтіп ол

екеуінің де маңдайына, өмірлерін крестьяндықпен өткізу «бақыты» жазылды.

Бірақ қандай крестьяндық ол? Малы жоқ, соқасы, сайманы жоқ крестьянда жалшылыққа тұрудан басқа не амал бар?

Ағайынды Кургановтар да сөйтті: Антон әкесі ауруға шалдығып, табыстан қалған соң-ақ, өз селосының байларына жалшылыққа тұрды, Андрей ол қамытты әкесі өлгеннен кейін киді... Бірақ Антон селосының жалшылығында ұзақ тұрмай, өлдеқайдағы қалаға кетті де, үйіне жыл тоулігінде аз уақытқа ғана келіп жүрді және жақсы киініп келді, сонда айтары — «мата тоқитын фабрикаға жұмысқа кірдім».

Оның ойына салса, Андрейді де, Нұрмағамбетті де өзі қызмет атқаратын фабрикаға жұмысқа әкету еді, екеуін де шешелері жібермеді.

Андрей мен Нұрмағамбет аса тату-тәтті боп, бірге тұған адамдай болып өсті. Бірін-бірі есін білер шақтан танытын олар сол шақтан бірге ойнайтын дос та болып кеткен еді. Қазақ арасында өскендіктен, қазақ тілін судай білетін, әрі мінезі жақсы Андрейді Нұрмағамбет бөтенсудің орнына жанындай жақсы көреді.

Орттен кейін, әсіресе селоға келіп жалшылыққа тұрғаннан кейін, Нұрмағамбет Андреймен тіпті жақын болып алды. Сондағы бір себебі — бұрынғы татулық болса, екінші себебі — үйін өртегендіктен, өзін оның алдында аса қылмысты адам көріп, ол қылмысын жууға, достығын күшейте түсуден басқа құралым жоқ деп ұғуда...

Осы мақсатпен тым жақын боп, жұмыстан қолы босаған уақытын Андреймен бірге өткізетін Нұрмағамбет әкесі өлгеннен кейін, жалшылыққа тұруға бел байлаған Андрейді өз қасына алды. Ақыл-фарасатқа жүйрік Андрей дене күшіне әлсіздеу еді. Нұрмағамбет оны сонысын білгендіктен де, өзі жүрген байдың жұмысына шақырды.

— Бірге болайық,— деді ол Андрейге,— жұмыста бірге жүрсейік. Ауырына мен ие болармын, жеңіліне сен ие боларсың.

Жұмысқа бірігіп кіріскенде, мысалы, соқа айдаса — Андрей тұтқасын ұстады, шөп үйсе — төбесіне шықты, ондай соқса — веялканың құлағын айналдырды, қапшық көтерсе — түбін ұстатты...

Күш жұмысына сондай солқылдақтау Андрейдің аса жетік бір нәрсесі — сырнай. Қайрақтыда одан сырнайшы

кісі жоқ. Сырнайсыз ойын-той болмайды, Андрей сырнай тартпаған ойын-тойдың сәні болмайды, қай үйде ойын-той болса, алдымен Андрей шақырылады...

Нұрмағамбет те сырнайға аса құмар. Бірақ оның бақытсыздығы: ана жылы, қамбадағы қасқырды өлтіріп, терісін сойып алам деп жүргенде үсіген оң жақ қолының басы бүлініп, фельдшер Василий төрт саусағының жоғарғы екі буындарын кесіп тастап, әрең жазылған. Содан мұқыл боп қалған саусақтар сырнайдың пернесін жылдамдата басуға жетпейді, ақырын басып, азын-аулақ ойнауына айызы қанбайды, оңтайы оң жағына біткен Нұрмағамбет, сырнайды сол жақ қолымен үйренейін десе, саусақтары ырқына көнбейді...

Сырнайды еркін билеп кетуге мұқыл саусақтары көнбеген Нұрмағамбет, шала-шарпы дарылдатуға риза болмады да, бар өнерін сырнайға қоса ысқыру мен әндетуге жұмсады. Жоғарғы ернін жымқыра, төменгі ернін салбыратыңқырай, сиректеу, жалпақтау, ұзындау тістерінің арасынан ысқырық шығарғанда, дыбысын ол жер-өмірге жеткізетін болды. Бірақ ол босқа ысқырмай, сырнайға ойналған әнге қосыла ысқырды.

Ысқырыққа келгенде, село жастарынан алдына жан салмайтын Нұрмағамбет орыстың әнін жақсы үйренгенмен, сөзіне жетіле қойған жоқ, сондықтан біліп тұрған орыс әнінің сөзін шалағай айтуға ұялып, орыс әндерін айтуға әуестене қойған жоқ. Қазақ әндерін ол да жақсы біледі, Андрей де жақсы ойнайды, сондықтан, сырнай тартса-ақ қосыла кетеді...

Өстіп, Андрей мен Нұрмағамбет Қайрақты жастарының ойын гүлі боп жүрген күндердің біреуінде, екеуіне де күтпеген кесір кездесе қалды. Бұл кесірге себепші Антон болды. Алыстағы қаладан туған селосына аз күнге қонаққа келіп жүретін ол осы селоның ең байы — Егор Пропадконың бойжеткен сұлу қызы — Наташамен көңіл қосып қалды. Нұрмағамбет пен Андрей бұл кезде Егордың жалшылығында жүр еді.

Наташаның әкесі бұл жайды тез сезді де, мінезі қаһарлы ол қызына тыйым салып, босағасынан аттатып шығармай қойды. Егордың есігі біржола жабылуына көз жеткен Антон, кілтін қолына Нұрмағамбет арқылы түсіріп, түн жамыла жолығып жүр еді, Егор аңдытқан күзетші оны да сезіп қалды.

Қызын Көкшетау қаласындағы аса бай саудагердің баласына бермек боп, қалыңмалының көбін ақшадай қылғып қойған Егор не істеуге білмей састы. Саспас еді,— қызына «мұның не?» деп ұрысқанда, «сүйетінім сол, бармай қоймаймын» деп қарсыласа кетті. «Атасың күйеуіңе еріксіз беріп жіберем!» деп қорқытып еді, «бәрібір, оған пенде болмаймын,— деді қызы,— күшім жетпесе өлем, күшім жетсе, бәрібір сүйгенімді табам!»

Амалы құрыған Егор «енді не істеу керек?» деген сұрауға — «Антонды өлтіру» ден басқа жауап таба алған жоқ...

Егор жанды-жақты: ержеткен балалары да, еншісі бөлек інілері де, олардың балалары да көп адам еді. Жасырын түрде солардың басын қосып, Антонға деген үкімін ол айтқан еді, ұяластары «дұрыс!» деп мақұлдай кетті.

— Бірақ қандай жағдайда?— деген сұрауға:

— Мынандай жағдайда,— деп жауап берді Егор,— осындағы жалшы қазақтың жәрдемімен, түнде, біз ұйықтап қалған шақта қақпаны ашып кіретін көрінеді. Сол кезде қапысын тауып өлтіріп жіберу керек!..

— Қазақты қайтеміз?

— Қарсыласса, оны да!..

— Туыстары іздейді ғой!

— «Ауылына кеткен, қайтып келген жоқ» дейміз. Налаң қазақтар бізге не істейді? Сот арқылы ізденгілері келсе, ебін тағы да табамыз! Ақшаға сатылмайтын сот жоқ!..

Сөз осыған байланды. Мезгіл жаздың ортасы еді. Айдың қараңғы кезі. Түнде қақпа дағдылы қалпымен жабылды да, ауыр құлыппен бекілді. Бүгін де Антонның келетіні өзіне мәлім Нұрмағамбет, Наташа арқылы ол келеті іңірде ұрлатып алды...

Нұрмағамбеттің әдеті — Антон келер түні сенекке әдейі ерте жататын еді де, жабдығына олар ұйықтаған кезде кірісетін еді. Бүгін де сөйтті. Іңірде сенекке жата қалған ол жау жағының әзірлігін сезген жоқ. Аңдушысы арқылы шабыр алған Егор Антонды өлтіруге әзірлеген адамдарын, ол жүретін жолдың қараңғы қуысына жасырды да, қолдарына балға, балта, тұтқасына қайыстан бау таққан кір сияқты қаруларды берді. Олар қолдарына түкіріп, даяр тұрғанда, сенек жақтан сыбдыр естілді. «Бұл, әрине, жалшы қазақ!»

Сенектен шыққан адам, еппен басып барып, қақпаны кіттің сыбдырсыз ашты. Түнге көздері үйренген

өлтірушілер қақпа сыртынан ішіне әлдекімнің кіргенін де көрді: «бұл, әрине, Антон!» Өлтірушілер дірілдеген денемен, қаруларын қолдарына оңтайлай бастады...

Қаннен-қаперсіз қора ішіне кіре берген Нұрмағамбет пен Антонға аңдушылар дүрсе қоя берді!.. Олардың дәлдеп сілтеген қарулары Антонның басына қабаттаса тиді де, ұшып түсті. Не болғанын білмей, сасып қалған Нұрмағамбет құлаған Антонды құшақтай алам дегенде, көп адам оған жабыла кетті...

Жанталаса ұшып түрегелген Нұрмағамбет жабылған адамдарды жан-жағына шашырата қалай лақтырып жібергенін білмей де қалды. Жаулар тағы да ұмтыла бергенде, бұрынырақ жеткен біреуінің шауып жіберуге сілтеген балтасын Нұрмағамбет қолынан шап беріп жұлып алды да, сол балтаның ұңғы жағымен кеудеден тапсырып кеп жіберді. Талып я өліп құлағанын білмеді — ол шалқасынан ұшып түсті...

Өзгелерін әлгінде дүрсе қоя берген үңгіріне қуып тыққан Нұрмағамбет жалт беріп жылдам адыммен Антонның қасына келді де, қимылсыз жатқан оны жерден құшақтай көтеріп ап, далаға ала қашты... Артына алақтай қашқан оның көзіне жаулардың қараңдап қуған елесі шалынды, бірақ қатты жүгірген Нұрмағамбетке жете алмады ма, немесе жетерін біле тұра бата алмады ма — жаулар оған қолдарындағы қаруларын ғана лақтырды да, қуып кеп ұстай алмады, лақтырған қарулар денесіне дарымады... Қуғыншылар қақпадан шықпай, қора ішінде қалып қойды...

Нұрмағамбет сол жүгірген қалпымен, Кургановтардың үйіне келді. Андрей ол күні кешке «моншаға түсем де, үйде қонам» деп кеткен еді. Қатты қағылған есіктің дүрсілінен шошып ояңған ол есікті аша тіпті шошып кетті: әлдекім әлдекімді көтеріп кеп түр!..

— Кім?!— деген үрейлі дауысы қатты шығып кетті оның.

Кімдер не халде келіп тұрғанын білген ол, есінен танып қала жаздады.

Ол есінен танбағанмен, шешесі танды. Андрейдің «мама, шам жак!» деген үрейлі дауысын естіп, бір жамандықтың барын, бірақ не екенін білмеген шеше, дірілдеген дене, қалтыраған қолмен, қараңғы бөлмеде керәсін лампысын әрең жакса, ағаш кроваттың үстінде әлдекім сұлап жатыр... Қасында Нұрмағамбет пен Анд-

рей түрегеп тұр!.. «Бұл кім?!» деп сұрастырса — Антон!.. Аузы-мұрнынан, құлақтарынан қан сорғалап жатыр... «Құдай-ау, бұған не болды?!» деп, бақыра жылап бас салса... өліп қалған!..

Шеше талып кетті. Сол талғаннан есін жимаған, бұрын да ауыр сырқат бейшара, таңға жақын жан тапсырды...

Бұл кезде жиналған көрші-қолаң үйге лық толып отыр еді. Болған оқиға жайын естіген Кургановтың жақындары: «жиналып барамыз, қанды қанмен жуамыз» деп желігіп еді, жамағайындар тоқтау айтып бөгеді.

— Нұрмағамбеттің айтуынша,— десті олар,— босқа арандамайық. Шортандағы атаманға кісі шаптырайық. Жауларың да аман емес қой, тегі. Олардан да шығын болған адам бар сияқты ғой. Атаман келсін де, екі жақты да тексерсін. Заң адалын шешер.

Атаманға шапқын кеткенде, Андрей жақындарына өз ұсынысын айтты:

Олар ағам өлді,— деді ол.— Пропадкоға жуыма деп ем, тіл алмады. Ақыры басына жетті. Енді оның өліміне нақақ біреуді күйдірмеу керек...

— Кімді?..

— Мына Нұрмағамбетті!.. Бұның жазығы — Антонға болысу. Ол үшін жаза тартуы әділетсіздік болар еді.

— Өзінің жорамалы расқа шығып, жау жағынан біреуі өлсе, жазаны амалсыз тартады да!..

Ол тартпайды, мен тартам!..

— Неге?

— Қалай?!.

Туыс менікі. Оның ісіне өзге емес, мен күюге тиіспін.

Жаудан кісі өлсе, «өлтірген менмін» деп мойныма алам...

Ертеңіне станицалық атаман және тағы біраз чиновниктер келді де, қылмысты істерді тексерді. Нұрмағамбет балтамен соққан адам да өліп кеткен екен, ол Егордың інісі Фарфирий екен...

Екі жақтан да көп кісі тұтқынға алынды... Егор Көкшетаудағы саудагер құдасының жәрдемімен тергеу және сот орындарын сатып алды да, үкімде жазаға Курганов ілекті, ол бес жыл каторгіге айдалатын болды. Бірақ ол жауаптарында да, сот процесында да айыпты мойнына алып, абақтыға өзімен бірге жабылған Нұрмағамбетті ақтап, босатырып жіберді... Бұлай босанғысы келмеген Нұрмағамбетті ол достық қолқасын салып әрең көндірді...

7. БАЛУАН ШОЛАҚ

Босанған Нұрмағамбет, екі себеппен Қайрақтыға оралмай, ауылына қайтты, бір себебі — қапымды тауып өлтірмей қоймайды деп, Пропадко тұқымынан қорқу; екінші — жазықсыз жаза тартып, үй-орманымен құрып кеткен Кургановтардың «Пропадколар бұзып әкетіпті» деген жұртын көргісі келмеу.

Осы себептермен жайлауда отырған еліне қайтқан ол салы суға кеткен адамдай, салбыраңқы қабақпен үйінде тұрып жатты. «Алда не істеу керек?» дегенді ол алғашқы күндері ойлаған да жоқ, ойлауға шамасы келген де жоқ. Оның басын билеген жалғыз ой — Пропадко сияқты күштілердің, Кургановтар сияқты әлсіздерге көрсететін қорлығы.

Ол сондай ауыр ойда жүрген күндердің біреуінде оның көзі де, жайлаудағы жұрттың көзі де бір атты мініп, бір атты жетектеп, ауыл-ауылдың арасында шоқыта шапқан біреуге түсе кетті.

— Е, қайда барасың?— деген сұрауға:

— Токсанбай байға ас¹ берілетін еді, соған сауын² айттып жүрмін,— деп жауап берді ол.

— Қашан болады ол ас?

— Енді бір айдан кейін.

— Қанша елді шақырды?

— Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Кереку, Қызылжар, Омбы — осы жеті ояздың елін түгел шақырды.

— Ойпырмай, оған не деген ас шақ келеді?!

— Токсанбайдың өз малынан мың қой, жүз ту бие, ілік-шаттыс, құдандасынан жүз елу ту бие, мың жарым қой, барлығы — екі мың жарым қоймен, екі жүз елу жылқы сойылады, солардың еті жетпей ме? Қымызын жиналған жұрт өзі әкеледі.

Бір ай асқа әзірленген жұрт сабаларын екі доңғалақты қазақ арбаға артып, біреу салт, біреу арба жегіп... дегендей, Токсанбай аулына жан-жақтан ағыла бастады. Ормансыз жазық кең дала, құмырсқаның илеуіндей қыбырлаған адамнан көрінбей кетті.

Бұл топтың ішінде Нұрмағамбет те жүрді. Ойы жүдеген шақта бойы да жүдеген оған асқа аттанарда шешесі ұрысты.

¹ Өлген адамды еске түсіріп, елді жинап ас беріп, сауық жасау.

² Барлық елге қымызын жинатып, асқа әкелдіру.

Нұрмағамбеттің еркіне салса, бұл асқа бармас та еді. Өзге жұрт жиналып жатқанда үйінде бейғам отырған оған:

Сен неғып отырсың?— деді Қалампыр.

Жөй...

Асқа бармаушы ма ең?

Не алам содан?

Жоқ, барасың!— деді шеше, бұйырған дауыспен,— немене, жүпжіп кеткенің? Осындай жігіт бола ма екен, басына түскен бір іске мұқап қалған?.. Көрсетпе ол қылыңды көзіме! Бар асқа!.. Және бұл жүдеген түрінмен емес, жақсы киініп, ер-тоқымыңды жақсылап бар!..

Бұйрығына көндірген шешесі «ауылға келгенде киесің» деп даярлатып, сандығына салып қойған қазақы жақсы киімдерін, «Нұржан ғана мінеді» деп, өзгеге ұстатпай, керекте басына іліп қоятын жақсы ер-тоқымын берді де, биыл бесті шыққан жақсы атын мінгізіп, баласын ауылдан көріктендіріп жөнелтті.

Ондай ас пен тойда елдің аузындағы сөз — балуан жігіт немен жүйірік ат!

Жеп оялдан жиналған жұртта бәйгеге қосылатын мыңға жакып ат бар, солардың ішінде ерекше ауызға алынған — Ақан серінің Құлагері. «Белдемесінде қанаты бар дейді, аз шапқаннан кейін құс боп ұшып кетеді дейді» деседі жұрт ол туралы. Талай саңлақтың иелері Құлагерді барлайды да, озатынан түңіледі. «Құлақ естіген жерде бұрын бәйге бермеген Құлагер бұл жолы да шалдырмас» деседі жұрт.

«Бөлен балуан кепті, түген балуан кепті!» деген күңкілдердің ішінде ауызға ерекше түскені — «Қарақыпшақ Қобыланды батырдың ұрпағы-мыс деген «Түйе балуан» атанған біреу. Көріп қайтқандар ол туралы шошына сөйледі:

Білектері адамның санындай, саусақтары білектей, саны кеудедей, кеудесі кигіз үйдей, құлағы тебінгідей, басы қазандай, аузы жырта қарыс, екі ерні — екі кесек ет, түксиген қабағына біткен қалың қас желкілдеп, кішкене қойын жауып тұр, тұла бойы түксиген жүн, қылдары жылқының ту күйірығынан қатты, бойының тұрқы — нар түйедей, екі иығына екі кісі мінгендей, сөйлеген сөзі арыстанның күрілдегені сияқты. Мойны бұрылмайды,— қараған жакқа бар денесімен қозғалады, бір жегенде бір қойдың енін жүк қормейді, бір сүйретпе¹ қымызға сусыны әрең қанады!..

¹ Бісеган теріден тіккен үлкен торсық, шамасы он шелектей қымыз сусыны.

— Онымен кім күресер екен?— деседі жұрт.
— Әй, ешкім күреспес, өлгісі келген біреу болмаса!..
— Қап!— дейді біреулер өкініп,— бас балуанның бәйгісі түйе мен ат бастаған, құндыз бен жібек шапан қосқан жүз ірі қара деп еді, сол бәйгіні енді күрессіз алады-ау, сабаз!..

— Қой,— деді біреулер,— түйе балуанды туғызған ел сол сияқты бір ұлды тағы туғызбады деймісің. Ел ғой, біреу табылар.

— Әй, кім білсін!..

Асқа төрт рудан жиналған еді: Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ.

Әдетте «Арғын — аға баласы» деп, аста, тойда бас балуан шығаруды ел Арғынға ұсынатын. Бірақ бұл жолы Арғынға жол тимеді. Себебі: ас беріп отырған Тоқсанбай, Арғынның «Атығай» дейтін бұтағынан, ас берген елге бас балуанның жолы келмейді.

Ендігі күресетін Қыпшақ пен Керей. Керей мен Уақ — ағайындас. Тойда, аста олар бірге отырады.

Асқа жиналған жұрт етін жеп, қымызын ішкеннен кейін, біреу құрықтың басына екі кез қызыл матаны байлап, «ат шабар! ат шабар!»лап, Көксеңгірдің Көктөбесінің биігіне шаба жөнелді. Арбалылар да, салттылар да, жаяулар да соның соңынан шұбап, қыртысы калың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды. Қою шаңнан құмырсқадай құжынаған жұрт, үлкен қара жолды ортаға ала, екі жарылып отырды. Жолдың бір жақ бетінде — Қыпшақ, екінші жақ бетінде — Керей мен Уақ; Арғын асқа жиналған жұртқа қызмет етті.

— Кем болса, жиырма мың халық бар шығар,— десті көпшілікті көзімен шолғандар.

Әдетте күрестен бұрын бәйгінің аты кетеді. Асқа жиналған мыңға жақын жүйріктен іріктеліп кеп, үш жүздей ғана ат бәйгеге қосылатын болды, себебі — әр елден озып келген жүйріктің иелері: бағын сынау үшін аттарын «Көксеңгірдің Көктөбесінен» елу шақырым жердегі Сілеті өзенінен жіберуді тілек етті. Сол тілек орындалып, Сілетіден ертең ертемен жіберетін боп, қоналқаға аттарды шабарман айдады. Жиын жұрт бүгінгі мәжілісті балуан күрестіру қызығымен өткізбек болды.

Аттар жөнелгеннен кейін бас балуан шығару жолы тиген Қыпшақ «Түйе балуан»ын шешіндірді. Түйе балуан күресерде қойдың жүнінен жуан ғып тоқылған, балағы

тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу откізіп, белін тас қып буады екен де, үстіне одан басқа киім ілмей, тырдай жалаңаш шешінеді екен. Күрескен балуанмен бел ұстасқанша ғана иығына түйе жүн шекпенін жамылып отырып, күресерде оны сырып тастайды екен.

Сол әдетін істеп, түйе балуан қара жолдың жиегіне кеп отырды. Оған Керей, Уақтың көзі түсіп еді, «Түйе балуанға» еріп келген адамдар бүркіт қасындағы торғай сияқтанды.

— Кәне, қайсың шығасың!— деп Керей, Уақ дәмелі балуандарының бәріне айтып еді, біреуі де шыққысы келмеді. Керейдің ішінде: сегіз оязға аға-сұлтан болған Сағынайдың «Паң» атанған Нұрмағамбеті отыр.

Түйе балуанмен күресер адам Керейден шықпағанына Нұрмағамбет ызаланып:

— Баяғыдан бері Керей, Уақ қатын алған жоқ па ең? Сенен ұл туған жоқ па еді? Ер тумай, жер туып па еді? «Елімін» деп неге айтатын ең өзінді?— деп ақырды.

Осы кезде ұзынша бойлы, жауырынды, бірақ белі талдырмаш, үлкендеу бота көзі ойнақшыған, жоғарғы ерні жаңа ғана түбіттен бастаған ат жакты, сары сүр өдемі жас жігіт, ор қояндай ойнақтаған жеңіл қимылмен, ептеп басып кеп, оң тізесін бүгіп Нұрмағамбетке сәлем беріп, қолын ұсынды. Нұрмағамбет «бұл кім?» дегендей жас жігітті көзімен шолып еді: ақ ботаның түбітінен тоқыған, қарапа батсайымен оңіріп, етегін әдіптеп, жағасына төрт елідей күндыз ұстаған қынама бел қамзолы бар, жасыл жібекпен тысталған, оң құлағын жымқыра киген ақ бұйра, жекей тымағы бар, аяғында кебісін күміс шегемен өлемшпен, желкесін кок сауырлатқан, өкшесі биік «Қосай-қоланшы»¹ бар.

Нұрмағамбет «Паңмен» үйде де, түзде де өзі ұлықсат етпей, ешкім амандаспайтын еді. Мына жігіттің екпіндеп кеп қол беруі оған ұнамады.

Кім баласысың?— деді ол семіз бетін тыржита қарап.

Өкемнің аты, Баймырза,— деді жігіт екілене сөйлеп,— от атым Сіңнің атыңыз сияқты — Нұрмағамбет.

«Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» деген сөз бар еді, — деді Нұрмағамбет, жігіттің аты өзімен аттас болғанын ұнатпай,— атың жақсы екен. Қай елсің?

¹ Кебісі де, етігі де өкшелі қазақша етік.

— Іргелі ел емеспін. Аз атаның баласымын. Арғы тегім — Үйсін. Абылай ханның заманында атам батырлықпен еріп кеп, Керейден қатын алып, тұрып қалған екен. Содан тараған төрт-бес үй бармыз. Керейдің бір ауылында отырған кірмеміз. Ал Паң ата!— деді Нұрмағамбет сөйлегісі келген паң Нұрмағамбетті кимелеп,— рұқсат етіңіз, Керейдің аруағын шақырып, Қыпшақ балуанымен күресейін деп едім. «Ер жігіттің үш жұрты бар: біреуі — өз жұрты, біреуі — қайын жұрты, біреуі — нағашысы» деп еді. Задым Үйсін болғанымен, Керейдің қызынан туған мен де Керейдің бір баласымын.

Паң Нұрмағамбет жігітке жауап берудің орнына айнала қарап еді, қоршап отырған ақсақалдар «жіберіңіз» деп өтінді.

— Бар,— деді Паң.

Жігіт қуанып жүгіре жөнеліп, қоршаған көптің арасында шешініп жатқанда:

— Есер неме емес пе?— деді Паң,— ұятқа қалдырмай ма?

Әлдекім оған Нұрмағамбеттің серілікте көңілі бар жігіт екенін және Қайрақтыда басынан кешкен халын қысқаша баяндап берді.

— Бәсе, айттым ғой есер деп. Есер болмаса, өзі кедейдің баласы дейсіңдер, әлгіндей оңды киім кие ме? Енді жалшылыққа тұрғысы келмей жүрген біреу ғой. Жасы нешеде екен өзінің?

— Биыл жиырмаға шығатын болар.

Паң ойланып қалды. «Ә,— деп ойлады ол ішінен,— жасына қарағанда денесі сойқан екен. Мынау тегін болмас!»

Кешікпей көптің көзі ақ балтыры ашық күнге күмістей жалтырап, аяғын ойнақтаған құлындай жылдам басқан сидам жігітке түсті. Жігіттің үстінде: қой жүн шекпен, жеңін түрген.

«Я, аруак, қолдай гөр!» деген дауыс Керей, Уақ жағында қаққан қоңыраудың дауысындай тұтасып күңгірлеп кетті.

Ол кезде ауыл әдетінде қара жолды балуан аттамайды. Нұрмағамбет оны тыңдаған жоқ, қасына ергендердің «тоқта!» дегенін елең қылмай өтіп кетті. «Қап! десті. Керей жағы,— кесірге ұшырамаса жарар еді, жолды аттады-ау!..»

Түйе балуан да түрегелді. Дағдылы көзге ортадан жоғарырақ көрінетін Нұрмағамбет бойының биіктігі, Түйе ба-

туанға қатарласқанда байқалды: өзге адам кеудесінен келмейтін Түйе балуанның бұл иығынан келеді екен.

— Ә, сенбісің, Керейдің балуаны?— деді ол күрілдеп,— аттың кім?

— Кейін сұрарсың, әуелі күресейік.

— Жарайды, оқасы жоқ!— деді ол Нұрмағамбетті менсінбегендей, қымсынбай,— ендеше, қалаған жеріңнен ұста, бала!

Нұрмағамбеттің шолақ қолы Түйе балуанның беліне бұйып қайысқа шап ете түсті. Белбеуді ол қолына қапсыра бір орап алды. Өзгемен күрескенде Нұрмағамбет құшақтап көтеретін еді, мынау оған болар емес, беліне адамның құшағы жетпейтін, атан түйедей бірдеме!..

Жас жігіттің жұдырығының тегеуірінділігіне қарап, «күші бар екен» деп ойлады Түйе балуан сонда да аса хауіп қылмай, шекпенінің екі өңірін кеуде тұсынан қапсыра ұсталды да, бір қолын бос жіберіп:

— Ал қимылда, бала!— деді.

Сол кезде Нұрмағамбет Түйе балуанның сол жақ бүйірінен де ұстап, оң жамбасқа ала сілтеп кеп қалып еді, Түйе балуанның оң тізесі бүгіліп барып, әрең дегенде түрегелді.

— Жықты! Жықты!..— десті Керей жағы жүгіріп. Әдетте тізесін бүксе — балуанның жығылғаны.

Екі жақтан да жігіттер жүгірісіп, жанжалдасып жатыр еді:

Тоқтаңдар!— деді Нұрмағамбет айқайлап,— жоқтаңдарың менің намысым болса, кейін қайт, Керейдің баласы! Тізесін бүгіп бәйгі алмай-ақ қояйын. Бағымнан көрем, қайта күресем.

Екі жағы балуандарды жіберіп, кейін шегінді.

Бұрын мұндай күшке кездеспеген Түйе балуанның ашудан бетіне түгі шықты. Нұрмағамбетті езіп тастауды ойлаған ол денесінің әр тұсынан ұстап еді — темірге тигендей батпады, бұлтындап ойнаған бұлшық еттері уысын кейін серпіп жіберді. Денесін қапсыра көтеруге келтірмейтінін көрген соң, Түйе балуан белінен омырмақ боп, құшағын айқастырып алып, олай да, бұлай да бұралып, кейде ұршықтай үйіріп алып та кетті, бірақ қалай сығессе де, тік түсетін бір тамаша!

Ызаланған Түйе балуанның самайынан тері, аузынан көбігі ағып, енді жағадан ап үйруге ойлаған кезде, Нұрмағамбет оның ішіне кіріп кетіп, түйедей денесін иыққа сап арқалай жонелді. Сол қалыппен бұлқынған балуанды бо-

сатпай, арқалап жүріп, үйіріп-үйіріп, сылқ еткізіп шалқасынан тастап кеп жіберді. Құлаған балуанның екпінінен жер солқылдағандай болды. Нұрмағамбет ор қояндай ойнақтап, Керейге қарап жайнандай жөнелді. Түйе балуан жығылған орнынан тұра алмай калды.

— Қа-быр-ғам!— деді ол ышқынып, басын көтерейін дегендерге,— сын-ды бі-лем...

Нұрмағамбетті Керей жағы төбелеріне көтеріп әкетті. «Сені тапқан анаңнан айналайын... Күшіңнен айналайын... Көп жаса!»... деген дауыстар даланы басына көтерді...

Бір уақытта Паң Нұрмағамбет төңірегіне қараса, аз ғана ақсақалдан басқа жан жоқ. Жұрттың қоршағаны балуан Нұрмағамбет.

— Отырсын, түге, шуламай!— деп Паң ақырды,— не бар даурығатын? Қаңғырған жалғыз ауыл Үйсінді сонша ардақтап, сонша қошеметтейтін Керейдің ол бел баласы ма еді?

Паңға кім үндей алсын... Жұрттың даусы бәсеңдеді. Осы кезде: үстіне тамаша кілем жапқан, кере құлаш қамшат құндыз бен ала жібек шапанды өркешіне ілген түйеге бастатып, күміс тұрманмен ерттеген сұлу жирен атқа бастатып, бас балуанның бөйгісі — жүз ірі малды Арғын Паңның алдына әкеп тосты. Бір тоғыз мал қосып, түйе мен атты Паңның өзі алды да, өзгесін ақсақалдарға үлестірді.

— Балуанның өзіне де ырым беріндер. Кедей кісінің баласы, еңбегі, — деген әркімдерге Паңнан бұрын жауапты Нұрмағамбеттің өзі берді.

— Мен дүние жиғалы жүрген жігіт емеспін,— деді ол,— күшім мен халқым сен аман болсаң, одан артық маған не керек?.. Бөйгіден бір сабақ та жіп алмаймын, ол көпшілік — сенің сыбағаң!..

Ендігін басқан Нұрмағамбетке жұрт алғысты жаудырып, қоршап тұрған кезде: басына ақ жібек шөліні желбегей салған, құлағында алтын сырғасы бар, көйлек пен бешпенді татаршалау, орта бойлы, бетінде аздап қорасан дағы бар, ойнақшыған қара көзді, кішірек қыр мұрынды, жиырмалар шамасындағы қара торы, әдемі келіншек көпшілікті кимелеп келді де, Нұрмағамбеттің иығына қызыл ала батсайы шапан жауып, қалтасынан мол, ақ жібек орамал алып, қолына ұстатты.

— «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» деген,— деді ол сыпайы, сызылған сәнді үнмен,— ерлігіңізге тартқан сыйым, көпке балап алыңыз!..

Келіншектің қарақаттай мөлдір, күлімдеген көзі Нұрмағамбетке күн сәулесінен өткір қадалып, оның өмірде жанның жасқанбаған көзін тайдырып жіберді. Сол өткір қарастан оның бойы отқа тиген қорғасындай еріп кеткен сияқтанды, аузына сөз түспей, жаутаңдап қарай берді.

Сыйына лайық жауабы тез беріле қоймаған соң, келіншек тағы бірдеме дегелі оңтайланып келе жатыр еді:

— Балуан, сені Паң шақырады, тез жүр!— деді бір жігіт.

— Біз бір жолаушы ек,— деді келіншек,— мекеніміз — Қараоткел. Жүріп бара жатыр ек, хош болыңыз!..

Келіншектің ұсынған қолының жіңішке ұзын саусақтары да, Нұрмағамбетке оттай ыстық көрінді.

— Хош!— деген сөзге ғана келді оның тілі. Келіншек Нұрмағамбетке қара көзінен нұр төге, төңкере бір қарады да демін кеудесін кере алып, аяғын баяу басып жүріп кетті.

— Атын білесіңдер ме әлгі келіншектің?— деп сұрады Нұрмағамбет, Паңға келе жатып қасындағылардан.

— Білмейміз.

— Қап, сұрамағанымызды қарашы,— деді Нұрмағамбет өкінгендей,— өне, аттанып та кетті.

Паң Нұрмағамбет балуан Нұрмағамбетті қарсы алдына шақырып алды да:

— Жай қолыңды!— деді.

Нұрмағамбет екі қолын көтеріп, алақанын жайды.

Жігітім, жарайсың. Күшіңе сүйсіндім,— деді Паң.— Не бата тілейсің?

Тілеп бата ала ма, Паң ата?

Екеуміз аттас екенбіз,— деді Паң,— сен Нұрмағамбетті қойып, «Балуан» деген атқа ие болсаң қайтеді? Оны азынсаң, қасына «Шолақ» деген сөзді қосайын!..

Паң, берер батаң «Балуан» деген атақ болса, мынау көп ол батаны мана айтқан!

Я, рас... айтқамыз... «Сүйгенін шұнағым» дейді... Халықтап сүйген атын ол алған... Оның аты «Балуан Шолақ!» - деген дауыс ду ете түсті.

Көптің құлағында бірнеше күнге шейін осы бір үн ғыңындағандай болды да тұрды.

8. КАРОНМЕН КҮРЕС

Балуан Шолақтың бағы ел үстінде құстай ұшты. Тоқсанбайдың асынан кейін, «Көксеңгірдің Көктөбе»сін жайлаған ауылдар оны бірінен соң бірі шақырып, қолдан-қолға тигізбеді.

Балуандық, әншілік, ақындық, серілік, ойыншылдық Балуан Шолақтың бір басынан табылады. Оның барған ауылы ұлы думанға айналды. Жиналған жұрт оның тал бойынан мін тапқан жоқ.

— «Сегіз қырлы» дейтін жігіт осындай-ақ болар,— десті жұрт.

Мін таппаған жұртқа Балуан Шолақтың еркелеп айтқан өлені мынау еді:

«Атандым Нұрмағамбет — Балуан Шолақ,
Бір қолым үсіп кетіп, болды молақ...
Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздауым,
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ!»

Жайлаудағы елдің жайнаған гүліндей көз құмарын таркатып, серуенде жүрген Балуан Шолақтың құлағына бір күні сыбыс естілді:

«Көкшетау қаласына біртүрлі балуандар кепті дейді, бәрі де аждаһадай кереметтер дейді, оларға адам пар келетін емес дейді!..»

Күндеген кейбіреулер Балуан Шолаққа «күшті болсаң, Көкшетауға барып солармен күрес!» деп шаптады.

Ерегіске жаны құмар Балуан Шолақ «ендеше кеттім, Көкшетауға,— деді, достарына,— еретіндерің жүріңдер!».

Жігіттер Балуан Шолақты жалғыз өлсе жіберсін бе? Бір топ адаммен ол Көкшетауға жүріп кетті.

Көкшетау қаласына оның өмірінде бірінші келуі еді. Бұқла тауының етегіне салынған Көкшетау қаласының теріскей жағында, көлемі кең шалқар көлі бар. Көл таудың бір бүйірін құрсаулап айналып кетеді. Нақ сол таудың көлмен астасатын жеріндегі бір қазақ үйіне Балуан Шолақ бастаған жігіттер кеп түсті.

Мезгіл күз еді. Бірақ көп жылдың күзінде кездесетін ол араның жауын-шашыны биыл жоқ, кара сұр бұлт бұрынғы жылдардағы дағдысымен торланып келеді де, күн түске тарта масайрап, әдемі қоңыр салқын болады да тұрады.

Сол күннің ертеңі — сентябрьдің бірінде, Көкшетауда жөрмеңке ашылады, оған жан-жақтағы елдерден қаптаған халық келеді.

Балуан Шолақ пен оның достары пәтер үйлеріне базардан қымыз алдырып сусындады да, салт атпен қаланың көшелерін аралады. Бір көшемен келе жатқан олардың көзі жалпақ тақтайға жапсырған әлдекімдердің жалаңаш суреттерін қаз-қатар басқан қағазға түсті.

— Жүріндер, жігіттер, көрейік!..

Келсе, бәрі де бұқадай күжірейген кереметтер! Орталарында бетін жаба басына қара киген біреу тұр. Қағаздың астындағы жазуды хат білетін біреуі оқып көрсе, күресетін балуандар екен.

— Бұлар цирк аталатын үйде күреседі екен,— деді жазуды оқыған.

— Қайдағы үй ол?

— Көрген жоқпыз.

— Іздейік, ендеше!

Олар сұрастырып жүріп тауып алды: кенеп жапқан түрі кигіз үй терізді, бірақ іші кең — кем дегенде мың кісі сиярлық.

Бұлар барғанда, үйдің қасындағы тақтай үйшіктің алдында көп кісі тұр екен.

— Неғып тұрсыңдар?— деген сұрауға:

Билет сатып алғалы тұрмыз!— деп жауап берді олар.

— Неменеге?

Шеттен келген балуандар күреседі екен, соларды көреміз.

Күресін көрсеткенге ақша ала ма олар?

Алады дейді.

Күшін көпке сатып көрсеткен не қылған балуандар?!..

Нұрмағамбет пен жолдастары кісі басына елу тиыннан билет алып, кешке көппен бірге цирктің үйіне кеп отырды. Ең алдымен ат ойыны болды. Балуан Шолақ делебесі көніп, «өзім де ойнайым ба?» деп қоландап қояды. Аттар сүлді. «Шіркін, жазық дала боп, мына аттарды көсілтер ме еді?» деді Шолақ,— тар жерде ойнап, аттың бауырын жаздырмай, қор қылуларын қарашы».

...Күрес басталды. Балуандар парадпен цирктің ортасын айналды. Бәрі де денелі. Бірақ басына қара маска киген адамның денесі өзгесінен өзгеше. Тұлғасы аумаған Түйе балуан.

Француз күресінің приемдары Балуан Шолаққа ұнаған жоқ. Арқасы қозып отыр, тәсілдерін қарап отыр.

... Қара маска киген балуан атаулының бәрін жықты. Жұрт оған қол шапалақтап, жер тепкілеп, циркты басына көтерді. Осы кезде Балуан Шолақ шыдамай, барьерден¹ қарғып түсті де, одыраң-одыраң етіп, ортада тайраңдап жүрген қара маскаға барып қолынан ұстады.

Тоқсанбайдың асынан кейін Балуан Шолақтың денесі бұрынғыдан әлдеқайда толғанын, балуанның достары қара масканың қасына барғанда байқады: Балуан Шолақтың қара маскадан қарны ғана жіңішке, басқа денесі бірдей.

— Күресемісің?— деді қара маска оған.

— Күресем!

«Уақыт бітті... Ертең...» деген цирк бастығының сөзін жиналған жұрт тыңдамай, «күрессін» деп шулап кетті.

Балуан Шолақтың тұлғасын көріп сескенген Қара маска көптің көңілін қимай, «залогпен күресем» деді. Онысы сылтаумен құтылу еді.

— Неше сом?— деді Балуан Шолақ.

— Жетпіс бес сом! (Жетпіс бес сом ол кезде үш аттың құны). Балуан Шолақтың жігіттері қалталарынан ақшаны суырды да берді.

— Сен қазақша күресем деп ойлама,— деді цирк бастығы,— бұл французша күрес,— екі жауырынның арасын жерге тигізбей, жыққанға есептелмейді.

— Маған сонысы керек. Жауырынның ортасы түгіл, қыр арқасын жерге тұтас тигізіп берейін.

Балуан Шолақ цирктың киімін киіп шықты.

Сүзетін бұқадай екі балуан андысып жақындаған кезде, Балуан Шолақтың жалаңаш денесінің бұлшық еттері түйін-түйін боп бүлкілдеп, желді күні толқынданған теңіздің беті сияктанып кетті.

Қара маска күрескен адамның мойнын андып, алқымын қысқан қалпымен арқалап, шалқасынан жығатынын Балуан Шолақ мана байқаған. Сол тәсілін істегісі кеп, Қара маска ыңғайлана бергенде, жалт беріп бұрылған Балуан Шолақтың қусырған құшағы мойнына тұзақтай түсіп кеп кетті. Ол «һауп!» деп арқалай жөнелді де, қаңкөбелек үйіріп, иығынан асыра, шалқасынан алып кеп ұрды.

Қара маскадан жығылған адам, белін қайқайтып шалқасынан иіле қалуын Балуан Шолақ мана байқаған. Сол

¹ Барьер — ойнайтын алапты қоршаған тапал қорған.

қимылды істей ме деп хауіптенген Балуан Шолақ Қара масканы баса қоюға ыңғайланып еді, орнынан қозғалмаған ол «баспа» дегендей басын шайқады.

Күрестіріп жүрген адам сол сәтте ысқырып қалды да, жығылған Балуанның басынан маскасын сыпырды: әдемі кескінді, ақшыл сары өңді жігіт екен. Жігіт қозғалмастан бетін тыржитып, «мертіктім» деді.

Қара масканы носилкаға салып, екі-үш балуан алып кетті. Күрестің нәтижесі жарияланды.

— Күреске катынасқандар: дүние жүзінің чемпионы, ағылшын балуаны «қара маска» мен қазақ ауылынан келген халық балуаны Балуан Шолақ... Олар француз күресінің әдісімен арпалысты. Күрес бір жарым минутқа созылып, халық балуаны — Балуан Шолақтың пайдасына шешілді. «Қара маска» ның бұрын ешкім шешпеген маскасын Балуан Шолақ шешті. 75 сом залог Балуан Шолақтың пайдасында. «Қара маска» ның фамилиясы — Карон.

— Байқаусызда жықты...

— Айламен жықты,— деген шулар циркты басына көтерді.

— Балуан Шолақ күшінің көптігін кір көтеріп көрсетсін,— десті шулаған жұрт.

— Бүгін осы да жетер, ертең көтерер,— деген сөзді Балуан Шолақтың өзі қабылдаған жоқ.

— «Қапыда жықты» деген сөзді артып жүрем бе?— деді ол,— көтерем кірін.

— Неше пұт көтересің?— деп сұрады одан.

— Әлгі мен жыққан балуан қанша көтереді екен?

— Қырық пұтты.

— Маған елуін сал!

Балуан Шолақ тізесі мен шынтағына салмағын сала шөкесінен отырды. Жалпақ қайыспен матастырып, бір балуан оның мойнына: он пұттықтан төрт гирді, алты пұт бір гирді, бес пұт бір гирді, барлығы елу пұт гирді артты.

Гирлер артылып болған кезде, шөкесіне жер тіреп отырған Балуан Шолақтың екі қолының жіліктері жас талдай сойқылдаған сияқтанды.

— Жөн бере гөр!— деп тіледі оның достары,— атан гүйе көтере алмайтын жүкті артты.

Балуан Шолақ әуелі қолын жерден алып, тізерлеп отырып денесін жазды. Содан кейін оң тізесін көтеріп, оң аяғын табанына басты. Содан кейін мойнындағы гирлерді матасырған қайыстан екі қолымен қапсыра ұстап, «һауп» деп

тұрып кетті де, аяғын алшаңдата басып, цирктің арнасын жағалап жүрді.

— Болды!.. Жетті!.. Түсір!..— десті жұрт.

Балуан Шолақ ерегіскендей, көтерген гирлерді арқасымен біраз айналдырып, бытыратып жан-жаққа ұшырып жіберді.

— Жаса! Көп жаса, Балуан Шолақ!— десті жұрт шуласып.

9. ҚОРҚЫНЫШ

«Әлеумет көзінді сал олай-бұлай,
Дүние ойлап тұрсаң бір кең сарай.
Патшаға біздің қазақ бағынғалы,
Батырлар қорлық корді талай-талай».

(Халық өлеңі)

Балуан Шолақ цирктан шықса, түн тұнық қараңғы екен. Дала араның ұясындай, ызындаған бір тұтас дауыс. Ол дауыстың кімдікі екенін, қараңғыға көзі үйренбеген Балуан Шолақ, алғаш аңғара алмады.

— Бері жүр, Балуан!— деген жолдасының таныс дауысы естілді оған.

— Қайда барамыз?

— Нең бар, қайда барғанда. Атқа мінуді біл, ар жағын көре жатарсың.

Ызың қакқан қалың дауыстың арасын қак жарып, жолдасының соңына ерген Балуан Шолақ атына жетті де, тез мінді. Сол кезде қараңғыға аздап үйренген көзі, айналаны шолып еді, түнде толқыған теңіздің бетіндей, ұшы-қиыры жоқ тұтасқан бір қимыл.

— Қайда, Балуан Шолақ?— деген дауыстар естілді айналадағы қою қимылдың ішінен.

— Кім мені іздеген? Мен мұнда!— деді Балуан Шолақ.

— Енді неге қарап тұрсындар. Тартындар, Балуан Шолақ шықса,— деген дауыс гу ете түсті.

— Ал жөнелдік. Міне, мен бастадым,— деді біреу шаба жөнеліп.

Даладағы тұтасқан қимыл, жырақа тауып құлаған сұдай, жөнелген адамның артынан, Бүкпа тауын бетке ұстай қозғалып кетті. Сол тұтас ақтарылған қимыл толқында жүзген дөңгелектей, Балуан Шолақты қалқытып алды да жөнелді.

— Қайда барамыз?— деп сұрады Балуан Шолақ қасындағылардан, көппен араласа шауып келе жатып.

— Өзіміз де білмейміз. Біздің білетініміз,— көптің қалағаны — Сен.

Жердің бүйірін солқылдата, түнде тыныс ап, қалқыған желді оята, шуы көкті жаңғырта сатыр-сұтыр шапқан адам толқыны, Бұқпа тауының белуарынан аттап, Желтау жақ бауырға тоқтады.

— Ал түсеміз осы араға,— деді басшы.

Копшілік ошарылып, аттан жапыр-жұпыр түсе қалысты. Түнге көзі үйренген Балуан Шолақ аттан түсіп жатып, айналасын тағы бір шолып еді — адамға сан жетерлік емес.

— Он екі ата Қарауыл, сегіз ата Дәуіт ек,— деді Балуан Шолаққа, бұл жиынды басқарушылар,— елдің аруағын көтергеніңе риза боп, бүгін саған дәм татырып, қонақасы берейік деп ек: атыңды естіп, жүзінді көруге құмар ек, міне бүгін көрдік. Бүгінгі түнді ойын-сауықпен өткізбекпіз.

Балуан Шолақ оларға алғыс айтты.

— Көне, әкеліңдер малды!— деді бастаушы,— біреулерін таудан отын әкеліңдер, біреулерің суға барыңдар.

Салт атты жігітер шауып кетіп, тау арасынан құлаған қарағайларды сүйретіп алып келді. Бұтағымен тұтас тамызған қарағайдың жалыны лезде жарқырап аспанға көтерілді. Кенеттен жанған оттан үрейленгендей, қалғыған түн үніліп отқа төніп, жан-жаққа өрт жайылмасын деп сескенгендей, төңірегін қанатымен қоршай қойды. Қараңғылық қоюланып кетті...

— Әкелдік!— деген дауыс естілді қою қараңғылықтың ішінен.

— Жарық пен қараңғылық, ерегісіп, көзімізді байлап қойды ғой,— деді біреу,— түк көретін емеспіз. Балуан, бері келші!

Бастаған жігітке ерген Балуан Шолақ оттан оғашырақ барса, бір асау жылқыны бірер жігіт құлағынан басып тұр екен.

— Сыбаған осы! — деді ертіп апарған жігіт Балуан Шолаққа,— «тіл-аузымыз тасқа». Періштенің құлағына шалыпбасын. Ертегілерде еститін: Қобыланды, Алпамыс, Қамбар сияқты батырлар болмаса, нақ сендей елу бір пұтас көтерген алыпты көз көру түгіл, құлағымыз да естіген жоқ еді. «Жүзден — жүйрік, мыңнан тұлпар туады» деген мақал бар еді. Кім біледі, тұлпар мініп ту ұстап, көк бо-

лат сауыт киініп, егеулі найза қолға алып, елді жаудан қорғайтын қолбасшы боларсың. Сондықтан сыбағаға тоқты-торымды олқысынып, мына бір ту байталды шалғалы тұрмыз. Ал, балуан, батанды айт!

Жігіт қолын жайды. Балуан да қолын жайып: «Құрмалдық қабыл болсын» деп иегін сипады.

Жігіттер байталды алып ұрып бауыздады. Лезде терісі де сыпырылды.

— Семіз екен. Ұлпа қазысы екі елі!— десті әркімдер. Байталдың денесін мүшелеп бұзғанша, біреулер қан сасыған өкпе, бауыр, жүрек, бүйрек сияқты бөлекше еттерді астауға сап, от басына әкеп қуырдаққа турай бастады. Мал сойылғандағы дағдымен, көкбауыр қызу шоктың үстіне тасталып, өз буына пісіп, торсылдап жарылып жатты.

— Уау, қансоқтаны ұмытпандар, атамыз қазақтың асы,— деді біреу.

— Өзім де ұмытып жатқан жоқпын,— деп мал союшылардың біреуі— ішек-қарны ақтарылып, өзге мүшелері бұзылмай шалқасынан жатқан байталдың екі қабырғасының арасында, белдеменің үстінде бүйрек маймен араласып қоймалжың боп жатқан майлы қанды уыстады да, шұжық қып ішекке құйды.

— Балуан Шолақтың сыбағасын түгел салындар,— деді отағасы мал союшыларға.

— Бұл бір қызық болсын,— деді қанданған қолын шынтағына шейін сыбанған, пышағы жалақтаған қасапшы жігіт кеп,— Балуан Шолақ бүгін құлағымыз естімеген күш көрсетті. Ал мен Балуанға құлақ естімеген, естісе де аз естіген әдіспен ет пісіріп берейін.

— Қалай?— десті жігіттер.

— Байталдың қарнын өңеш жалғасқан тұсынан ғана аздап тілем де, ішіндегі жынын ақтарып, айналдырып жуам. Содан кейін ішіне су құйып, сиғанша ет салып, дәмі татырлықтай тұз салып, тәттілене түсу үшін шардәрілеп, бұрыш пен сарымсақ салып, қарынды жарған жерінен тігем. Өңешіне құрай өткізем. Содан кейін жерді қазып, ішіне құм төсеп, қарынды сол құмға көмем де, үстіне от жағам. Өңешке тыққан түтікті оттан оғашырақ жерден шығарып қоям. Міне, осылай пісірген ет, дүниедегі ең дәмді ас болады.

— Дұрыс. Естіп ек. Көзбен көрген жоқ ек. Солай ас! — Десті әркімдер.

Қарынға Балуан Шолақтың сыбағасынан басқа байтал етінің үштен бірі сыйып кетті. Қалған ет қазанға асылды. Шоққа піскен көкбауырды және тәтті қуырдақты жеп, қымызды ішіп отырып, жігіттер Балуан Шолаққа өтініш айтты:

— Көзге мақтағанымыз емес, ел сені «бір сырлы, сегіз қырлы» деп аңыз қылады, ақындық, әншілік, серілік, балуандық, күлдіргіштік, шешендік, өткірлік, тапқырлық — осы сегіз сипат бір бойыңнан табылады дейді. Дене күшінді көрдік, енді тіл күшінді көрсет.

— Не айтам тіл күшін көрсеткенде?

— Өлең айт! «Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тассын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын» деген аталарымыз. Сені не деп мақтаса да сыяды. Бүгінгі күресте көрсеткен күшінді өлеңге шығар, мына бозбалалар елдеріне айта барсын.

Көпшілік жабысып қоймаған соң, Балуан Шолақ цирктегі күшін өлеңге шығарып, сыпайы қоңыр дауысын көтере айтты.

Бұл күнде жиырмада менің жасым¹,
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Жиылып орыс-қазақ таңқалысты,
Болды деп Қаһарманнан мынау басым,
Залог сап жетпіс бес сом күрескенде,
Сындардым Карон балуан қабырғасын.
Күш берген, атақ берген, өлпештеген
Туысқан өздеріңсің бауырласым!...

Балуан Шолақтың өлеңі мен әнін қоңыраудың шылдыры болді. «Бұл кім?» деп көпшілік те, Балуан да құлақ түргенде, отты айнала отырған көптің қасына кеп, бір парат тоқтай қалды.

«Урядник!..» деген хабар көптің арасына жайыла қойды.

¹ Кейін Балуан Шолақ күштілігін жұртқа айтқанда, осы өлеңін қайталауды сүйетін еді, бірақ «жиырма» дегенді өзгертіп, қай жасында айтса, сол жасын қосатын еді. Мәселен 25-те, 34-те, 49-да деген сияқты. Осы оқиғаның басында бұл өлеңін: «бұл күнде қырық тоғызда менің жасым» деп оқытауы содан.

— Негып жүр, мезгілсіз уақытта?

Келген цирктың директоры екен. Қасында полицейский урядник.

— Саған келдім!— деді директор Балуан Шолаққа. Урядник үндемей, мұртын ширата берді.

— Мені қайтесің?

— Керегің бар, мін арбаға!

— Осылар Балуанды ұстауға кеп тұрмасын!— десті біреулер.

— Не гыл деп?

— Қабырғасы сынған балуан өліп қап, жазаға тартқалы жүрмесін мұны.

— Олай болмас. Егер бола қалса, Балуан Шолақты оңайлықпен бере қоймаспыз!— деп топталған жігіттер ду ете түсті.

— Токтат шуды!— деп қойды урядник.

— Мені қайтесің?— деді Балуан Шолақ директорға.

— Оңаша айтам.

— Жок, осы арада айт!

— Қалаға барайық, сонда айтам!

— Им-м-м-м! Сөзінің түрін көрдіңдер ме?— десті көпшілік тағы күбірлесіп, — бұзық ниетпен келген екен. Балуанды даңғазамен қашырып жіберсек қайтеді?

Балуан Шолаққа бұл ұсынысты арт жағынан біреу кеп сыбырлады.

— Жокты айтпа!— деді Балуан оған кейіп,— не ақысы бар менде. Неге қашам, қорқып па?

— Молчат!— деп қойды урядник көпке.

Цирк бастығы келген жұмысын айтпайды. Урядник те, ол да мастау екен. Екеуі қуырдаққа тойып алды да, Балуан Шолаққа: «Ертең кел. Қорықпа. Бұдан да артық сый аласың бізден. Алтын аласың» деп, арбаларына мініп кете барды.

Бұл келіс көпке күдік туғызды.

— Ұстауға жүр. Алдайды,— десті біреулер.

— Ұстамайды,— десті біреулер,— күші керемет боп көрінді ғой мұның. Сый беруі рас та боп жүрмесін.

Балуан Шолақты неге шақырғаны, істің аяғы немен тынары мәлім болмағандықтан, көптің арасында күдік күшейіп, сауыққа ешкімнің зауқы соға қоймады.

— Есің барда етегінді жап, ел сені ұстап бермейді, осы түнде қаш,— деп жалынды көпшілік Балуан Шолаққа.

Балуан Шолақ ол ақылды алмады.

Жазықсыз кісіні ұстай берсе, елден кісі қоя ма?— деді ол,— ерегескен соң, ертең әдейі барам. Не істер екен, көрейін.

— Барса барсын, тәуекел,— десті жұрт,— егер көрінеу қастық істесе, я жазықсыз ұстаса, біз де елміз ғой, көріп аламыз, жазықсыз жаза тартқызбаспыз.

Жұрт етті жеп, таңға белгі бере тарады.

10. «ЕР ҚАНАТЫ - АТ»

*Бөгеті жоқ маған жау қамалының,
Дуниенің бір ерке қонағымын.
Сүйіктім деп, ардақтап, еркелетіп,
Мен халқымның Балуан Шолағымын.*

(Балуан Шолақтың олеңінен)

Балуан Шолақ оянса, терезеден қараған күн түстен ауып барады екен.

Ауыз бөлмеде адам дауысы естілгенде, ол киінбестен түртен, есікке барып сығаласа, серіктері шай ішіп отыр. Балуан Шолақ орнына кеп киінді де, ауыз бөлмеге шықты.

Үйқың қансын деп шайға оятпап ек,— деді оған серіктері.

Мені сұрап ешкім келді ме?

Сүтемген дейтін ояздың почтабайы бар еді ғой, сол кеп кетті.

Ояз сені көрем деп айтады дейді.

Қайтеді мені көріп.

Қайдан білейік қайтетінін. Расымызды айтайық, оңміздің жүрегіміз сескеніп отыр. Осы торулары жай болса еді...

Балуан Шолақ хауіп айтқан сөздерге құлақ аспай, шайын ішіп тысқа шықса, Сүтемген почтабай салтатпен келіп түр екен.

— Сүтеке, не білдің? Балуанды бұлар неге қолқалап кетті?— деп көпшілік сұрап еді:

— Түк те білген жоқпын,— деді ол,— неге үрейленесіндер? Меніңше, аты шыққан адамды көру ояз-та таңсық. Одан басқа ештеңе де жоқ..

Сүтемген мен Балуан Шолақ қаланың орта кезіндегі ояздың ақ тас үйінің биік қоршаған қақпасына салт кірді, екіна жабылды.

«Балуанды ояз шақырып әкетті» деген хабар қалаға да, далаға да тез тарады. Базарды сылтауратқан жұрт ояз есігінің алдынан ерсілі-қарсылы өтіп, істің неге соғарын бақылаумен болды. Жұртта зәре жоқ. «Ең болмағанда көзі тимесе жарар еді!» деп қорықты ырымға сенетіндер.

Ояз қорасының қақпасы жабылған кезде, Балуан Шолақтың өз жүрегі де дірілдей қалды. «Қайтеді мыналар?!» деп ойлады ол.

Сүтемген бастаған ол ояздың үйіне кірсе, ұзын қара сақалын мұртына қоса, екі иығына қарай айырған, қалың қабақ, қою қас, қасқа бас, жуан денелі, ұзын бойлы еркек; ақсары өңді, тапал бойлы, кеуделі, бұғакты, толық семіз әйел; талдырмаш бойлы, көк көзді, қарасарғылт бұйра шашты, өңі әкесі мен шешесінің сапырылған бояуынан жасалған, он бес, он алты жасар қыз; цирк директоры,— бәрі столды айнала шай ішіп отыр екен.

— Осы!— деді директор Балуан Шолақты оязға қолымен нұсқап.

— Аман?— деп ояз, семіз саусақты, жуан, жүндес білегін Балуанға ұсынды да, қолдасқаннан кейін, «отыр» дегендей орын көрсетті.

— Молодец!— деді ояз, отырған Балуанның денесін көзімен шолып,— әдемі жігіт! Орысша білесің бе?

— Мала-мала!— деді Балуан.

Ояздың сұрауларына шамасынша жауап берген ол, ұсынған тамағын татпады. «У береді» деген ой столдағы тәуір тамақтарды көргенде, құмартқан нәпсінің бетін тойтарып тастады.

— Сен оған неге шақырылғанын айттың ба?— деді ояз Сүтемгенге Балуанмен аз уақыт қысқаша қажақтасқаннан кейін.

— Жоқ,— деді Сүтемген.

— Неге?

— Маған ондай тапсырма берген жоқсыз.

— Манағы сөз есіңізде болар?

— Есімде.

— Ендеше, айт соны!

«Манағы сөз» дегені — Балуан Шолақ циркте Карон балуанды жыққан хабарын естіген соң, мәлімсіз балуанның күшіне ояз таң қалған да, «тез тауып әкел!» деп Сүтемгенге іздеткен. Балуанды сұрастырып, далаға кеткенін білген Сүтемген естіген жайын айтқанда:

— Ендеше, ертемен жеткіз!— деген ояз. Не себепті шақыруын сұрағанда:

— Мүмкін, циркке аламыз,— деген ояз,— ол үшін, әуелі өзімен сөйлесіп көрейік.

Циркке алынса, қандай жағдайда болатынын ояз Сүтемгенге айтып берген. Оған қазір «неге шақырылғанын айттың ба?» деп отырған себебі сол.

Сүтемген Балуанға ояздың алдына неге шақырылғанын қазақ тілінде қысқаша айтып берді де, ақырында:

— Сөздің қысқасы,— деді ол Балуанға,— бұлар сенің күшіңе қызығады. Бес-алты ай цирк балуандарынан күрес әдісін оқысың дейді, содан кейін циркке балуан боласың дейді, жер жүзін аралайсың дейді, алтынға бөленесің дейді...

— Қанша алтын екен?— деп сұрады Балуан әдейі.

— Оның несін сұрайсың,— деді Сүтемген,— тегін алғын. Не деген ақша! Жылына 180 сом!.. Дыңдай алты аттың құны. Ауылда жүріп сен жылына бір аттық пұл да табамысың. Шатақты қой, ризалас!

Ояздың ұсынысы, Сүтемгеннің ол ұсынысты балын тамағына айтуы — Балуан Шолақты еліктірді.

— Ойланайын. Жауабын ертең айтайын,— деді ол. Ояз «бүгін айт, қазір айт» деп қыстап еді, «ойлансын,— деді ойелі,— көнбей кетер деймісін? Көнеді! Ақымақ па ол сонша алтыннан, сонша атақтан, сонша карьерадан басқетін?.. Меніңше бұл ақылды жігіт!»

Рас, Мамуля, ол ақылды жігіт! Кескіні қандай ақылды оның!.. Көзі қандай ақылды!..— деді манадан Балуанға таңдана карап отырған қыз ұшқалақтанып.

Балуан қызға күлімсірей карап қойды.

Ойлансаң, ойлан!— деді ояз Балуанға,— бірақ жауабыңды ертең бер. Ақымақ, болма. Келген бақытты басқа тенте. Сенен дүниежүзілік чемпион шығуы мүмкін. Ойыншық емес ол!..

Ойдан рұқсат ап, Балуан Шолақ тысқа шықты. Сүтемген ере шықты. Екеуі атқа қонып, қақпаға қарай жөнеле беріп еді, Балуанның көзі крыльцода тұрған әлгіндегі жас қызға түсті. Бұл жолы қыздың көзі оған қызыға қараған сияқтанды.

Аты кім?— деп сұрады Балуан Сүтемгеннен, қыздың қасынан өте бере.

Татьяна.

«Жаксы қыз екен!» деп қойды Балуан ішінен.

Көшеде күткен жұрт Балуанды қоршай кетті. «Ойлан! Көн!» деп Сүтемген өз жөніне бұрылды.

«Неге шақырыпты?» деген жұртқа Балуан Шолақ шынын айтты.

— Сен не дедің?— десті жұрт.

— «Ойланайын» дедім.

— Өзің біл!— десті араларынан кеткенін ұнатпаған көпшілік,— кісіден ақыл сұрайтын жігіт емессің. Мынау еліңнің саған берген атақ-абыройы да сыбағаға жетер. Дүние жүзінің бақыт-дәрежесі бір адамның уысына сыймайтын. «Көптен безген көмүсіз қалады» дегенді де ойлан!

... Ертеңіне сәскелік асын ішкеннен кейін, атын ерттеп мінген Балуан Шолақ ояздың үйіне қарай аяңдай жөнелді. Жолшыбай ол ақыл таразысының екі басында екі ойдың салмағын өлшеп көрді.

Бір ойы — алтын!.. Көп алтын!.. Баю!.. Атақ!.. Дәреже! Бір ойы — ауыл!.. Туған халқы!.. Бойына біткен өнерінің қызық қызметін соған көрсету... атақ, дәрежені содан алу!..

Қайсысын алу керек?

Осындай ойда келе жатқан Балуан Шолақтың көзіне туған жердің бейнесі елестеп кетті.

Әне, ашық күнде басына бұлт оралып, алыстан көк гәуһар тас сияқты мөлдіреген Бурабай тауы!.. Оның аржағы дала!.. Бұйратты дала!.. Кең дала!.. Ол далада қаптай қонған ауыл!.. Туған ауыл!.. Өскен ауыл!.. Ол ауылда әке-шеше!.. Аға-іні!.. Апа-қарындас!.. Құрбы-құрдас!.. Балуан Шолақтың — олар, олардың Балуан Шолақ қат-қабат думаны!.. Олар — Балуан Шолақты, Балуан Шолақ оларды шын жүректен сүйеді...

Ал ояздың «бар» деген сапары ауылынан ұзап шықпаған Балуан Шолаққа, ар жағында не бары мәлімсіз қараңғы үңгір сияқтанды. «Сондай белгісіз үңгірден алтын іздегенде, атақ іздегенде не болмақ?— деп ойлады ол,— іздегенім табыла қойса жақсы. Егер табылмаса, босқа өуре болу ғой ол. Ендеше, өмірдің ащысын да, тұщысын да туған халықпен неге бірге татпаймын?»

Қараңғы ойы осыдан ұзаққа бара алмаған ол,— «белгісіз үңгірден бақ іздеуден, бақ тапсам да, сор тапсам да туған жерде табайын!» деп бекінді.

Ойының бұлай бұзылуы — атының да басын кейін бұрғызды оған. Ол Көкшетау қаласының түбіндегі шалқ-

ар көлінің арғы жағасында қыбырлаған қалың базаршы-
ларға қарай шаба жөнелді...

Балуанның бұл шабуы не шабу екенін айтпай-ақ
түсінгендей, біраз адам жолдан қосыла, жанапайлай шап-
ты, құрғақ жердің шаңы бұрқырай аспанға көтерілді...

Тұмандай тұнжырап, борандай сапырылған қою шаң-
ның арасында шауып келе жатқан Балуан Шолақ: «Апыр-
ау, дүбір күшейді ғой, жарысқан адам көбейді білем» деп
жан-жағына қараса, қою шаңды бұрқыратқан адам
өлеуінде қайнаған құмырсқадай!..

Көптің дүрмегімен шауып келе жатқан Балуан Шо-
лақ бір кезде жан-жағына қараса, әркімдер басып озып
барады! Өз атына қараса, қарқындап, жайылып қалған си-
яқты.. Аздан кейін ол құнан-тай, байтал-сайтал, арық-
тұрақ сияқты кәкір-шүкір жабайы аттардың арасында
қалып қойды.

«Шапқанда — байдың ұлы, тоқтағанда еске түседі» де-
ген мақалдың шындық екенін ол осы арада ғана білді. «Ә-
ә-ә...» — деп ойлады ол атының басын тежеп, — рас сөз екен.
Қай кедейдің баймен жарысқысы келмейді дейсің? Бай-
мен талай кедей жарысады екен де, осы мен сияқты аты
болдырып, тоқтап қалады екен ғой! Мына мақал содан
шыққан екен ғой!»

Балуан Шолақ атын тежеп аяңдатқанда, одан жұрттың
бәрі озып кетті. Қошеметтеп ортаға ала шапқан көпшілік,
сінді оған табалаушы сияктанып кетті. «Қайтем ілгері ба-
рып?.. Қайтсам қайтеді осы арадан?» деген ой кеп кетті оған.
Ітер, біреулер алдынан оралып кеп, «неге кейін қалдың?»
деп тағы да ортаға алмағанда, ол кейін қайтып та кететін еді.

Қоршаған көпшілік Балуан Шолақтың неге тоқтаға-
нын білген жоқ, сондықтан тағы да анау-мынау деп хоше-
мет сөздер айта бастап еді, Балуан қабақ шытып, ажарын
бермеді, сұрауларына қысқа жауап қайырғаннан басқа ке-
неске аузы бармады. Сөздің көбін оның құлағы естімеді.
Оны саңырауландырған ой — ат.

Оның есі-дерті жақсы атта болды. «Ер қанаты — ат»
деген мақал түсті оның ойына. Аздаған сауаты бар ол ба-
тырлар жырып жақсы көріп оқитын еді. Сонда Қобылан-
даның — Тайбурылы, Алпамыстың — Байшұбары, Қам-
бардың — Қарақасқасы шапса құстан озатын, болдыруды
білмейтін, кезеңді жерде иесіне адамнан артық серік бола-
тын, иесінің қуанышына қуанып, қайғысына қайғыратын
аттарға ол аса қызығатын еді.

«Шіркін, сондай аты бар батырда арман бар ма екен!» деп ойлайтын еді Балуан Шолақ. «Құдай-ау!— деп тілейтін еді дінге сенетін ол,— сенен байлық сұрамайын, тақымы-ма басатын солардай бір ат бер!»

Міне, енді, жарысқан көптің артында қалғанда, сол қынжылуға Балуан Шолақ тағы да түсті. «Ер қанаты — ат» деген бұрынғылар-ай!— деді ол ауыр ойда, топтың арасында аяңдап келе жатып,— аузыңнан айналсам болмас па!.. Жүйрік көңілді — жаман ат тұсады!.. Атсыз кісі — қанатсыз құс екен!..»

Ендігі оның бар арманы өзіне қанат боларлық бір ат тауып міну болды...

11. АҚБОЗАТ

*«Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан,
Үкілеп Ақбоз атқа тұмар таққан.
Басымда — пұшпақ бөрік, шекемде — үкі,
Үстіме кидім жібек шымқай ақтан».*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Шалқар көлінің Қылшақты өзені құятын тұсында «Қарауыл» аталатын шоқы бар, көктемде су жайылатын маңайы — қалың шабындық. Ол арадан мыңдаған мая тұрады десе де болатын-ды. Биылғы сентябрь базарының алдында сол маяларды базаршылар малына жегізеді деп, иелері маяларын күн бұрын тартып алып, тақырланған кең алқап бос тұрды, шабылмаған шырмауық пен жоңышқа талдардың арасындағы оймыш-оймыш алаптарда ғана қалды. Балуан Шолақ ерген топ осы талдардың арасына жеткенде, әр жерде шоғырланған базаршылардың Балуанды танығандары тоқтатып, қосынан дәм татырды.

Базаршыларды бір топ серіктерімен осылай аралап келе жатқан Балуан Шолақтың алдынан, тоғай арасына тіккен ақ шатыр кездесті. Шатырдың алдында, бірнеше кісінің ортасында, шоқтығына адамның созған қолы әрең жететін қара арғымақ тұр. Балуан жақындап кеп қараса — айғыр. Біреуден «не қылған айғыр?» деп сұрап еді, «сатылатын» деп жауап берді ол. Сатушы — орыс, саудалаушы — Көкшетау елінің атақты байы Негметжан. Жабайы жылқы базарда жиырма бес, отыз сом, айғыр иесінің сұрауы — үш жүз сом.

— Айғырға қызығам!— деді Негметжан көпке,— бағасын да ауырсынып тұрғам жоқ. Базарға сатуға елу ат әкелдім. Азар болса, солардың он бесін алар. Үйдегі үш мың жылқым аман болсын. Бір жылғы төлімнің жүзден бірі емес пе ол?

— Ендеше неге алмайсың?— деді Балуан Шолақ Негметжанға.

— Тандамалы биелеріме үйірге салайын деп, осы айғырды айналдырғаныма екі күн,— деді Негметжан,— алғым келеді, бірақ жақсы айғырды иесі ақауы болған соң сата ма деп ойлаймын. Ал аяғында, не тісінде ақауы бар ма деп, байқайын десем, алпарысқан бір жануар, алдына барса тістеп, артына барса теуіп, маңына жолатпайды. Тіпті ақауы болмаған күнде де, кескекті аюдай мұны қалай малдана деп ойлаймын.

Негметжан мен Балуан Шолақ құрдас еді. Соны пайдаланған боп:

— «Түк жаңылып көкке бітеді, мал жаңылып итке бітеді» деген мақал рас-ау,— деді ол,— мал сендей иттерге бітеді де, қорықпай басынады. «Аюға намаз үйреткен паяқ» демей ме атаң қазақ? Мал аюдан асау боп па? Тізгінін менің қолыма бір тигізші, кайтып тентектік мінез көрсетер ме екен?

— Ендеше, тізгінінен ұста да жуасыт!

Балуан Шолақ тізгінді иесінің қолынан алды да, айғырға жақындады. Басқа кісіге құлағын жымпитып, аузын ашып ұмтылатын айғыр, Балуан Шолақтың зор денесінен, иісін аңғайтқан шанышылған көз қарасынан сескенгендей, тарпа басына алған жоқ. Айғырға Балуанның өзі соқтықты. Ол жоқтаның үш дөңгелек темір шығыршықпен қосқан тұсын бұрап, айғырдың аузын аша алмастай тас қып бекітіп тастады. Содан кейін ернін саусағымен ашайын деп еді, тастеуге шамасы жоқ айғыр басын бұлғандатып, ырыққа көнген жоқ.

Ім-м-м, ерегісемісің?— деді Шолақ айғырдың аузын босатып,— сенің жыныңды өз еркіңе жіберіп басайын. Ал ескеміз ерегістік!..

Басы босаған соң, «мені басынамысың» дегендей, Балуан Шолаққа қайрат көрсетпек боп, айғыр аспанға тік ұшты. Тізгінді ұшынан ғана ұстаған Балуан шапшылған айғырдың бауырына кіре беріп еді:

Таршиды!..— десті қарап тұрғандар шулап, — кейін

— Адам баласын жығып болған соң, енді хайуанды да жыккысы келген екен, көрейік әуселесін,— десті біреулер.

Сақтандырушының сөзіне құлақ аспаған Балуан Шолақ тарпымақ болған айғырдың алдыңғы екі аяғын жуан бақай тұсынан шап беріп ұстай алды да, кең кеудесін иығына мінгізіп, оң жаққа карай сілтеп кеп қалды, айғыр оң қабырғасына құлап түсті. Айғырдың тұруға жанталасып көтере берген басын Балуан құлағынан басып, жерге қайта жастады да, дәл сағалдырық тұсынан тізерлей қойды. Бүркіт басқан түлкідей, мойыны жерге жабысқан айғырдың боксесі шоршаң-шоршаң етті...

Балуан Шолақ айғырдың ұртына бармағын батырып, аузын аштырды да:

— Міне, қарандар, тістерін!— деді көпке.

— Құлын күнінде сақау шыққан мал екен,— деді Шолақ, айғырдың аузына үңілген көпке, — күрек тісінде дағы қалыпты. Бірақ мал екен, жануар! Қасқыр азу жылқы екен. Өзі жүйрік жылқы. Бірақ ұзаққа шаба қоймас — тісінің сыздығы қысқа. Ал бұдан туған қарабайыр құлынан талай түлпар шығуы керек. Аяғында ақау жоқ.

Шолақ айғырды босатты. Түрегелген айғырға: «Тісінді енді көрсетші» деп қол созып еді, беті қайтқан адамға жылқының бағыныштылығы қандай — жай ғана кекжигені болмаса, бұрынғыдай шапшымады.

Айғырды 300 сомға Негметжан алды. Сатып алған жылқының «құйрығын майлау» әдеті бар.

— Ал, Балуан,— деді Негметжан сол әдетпен,— бір тоқтының еті біздің шатырдың алдында асулы тұр еді, бүгін соны жейік. Өз сыбағаң басқа.

Серіктерімен Балуан Шолақ Негметжанның шатырына кіріп, қымыз ішіп отырғанда, есік арқылы, бұйра талдардың арасынан көзіне шымқай боз жылқы шалынды. «Бұндай да боз жылқы болады екен!» деп таңданған Балуан Шолақ өлденені сылтау қып, тысқа шығып, үйездеген бір топ аттың ортасында басын түйістіре тұрған боз жылқыға жақындаса, талай сұлу жылқыны көре-жүре, көзіне бұрын түсіп көрмеген тамаша ақбоз ат!.. Бұл топтағы жылқының бәрі де құр ат болу керек — еттері тым семіз...

Ақбоз атқа қызыққан Балуан анықтап көруге, мүмкін болса ұстап көруге таяна беріп еді, аттар да, ақбоз ат та жақындатпай, ығыса жөнелді. «Міне, ат!» деп ойлады Ба-

жуан. Ол қосқа қайта кіргенде, аттар нақ қостың азуына қарсы үйездеп тұра қалды.

— Негметжан!— деді Балуан Шолақ,— анау Ақбоз сенікі ме?

— Менікі.

— Асау ма, өзі?

— Жүген-құрық тимеген.

— Сатуға әкелдің бе?

— Әрине.

— Сол сияқты атты сата ма кісі?

— Өзім де қимаймын. Бірақ ит мал!.. Биыл тоғызға шығады. Үйрете алмай-ақ қойдық. Далада асау айғырды ұстап мінетін жылқышылар да үйрете алмады. Ең алдымен, шығаннан шыққан қашаған, атпасан ұстатпайды, екінші — бұғалыққа бойлауық, он жігіт тартып тоқтата алмайды; үшінші — төрт аяғын буып, аузын тұмшаламасаң ерттетпейді, тебеді, тістейді; төртінші — үстіне адам мінсе, басын билетпей, тұмсығын төсіне тұқыра тығып алады да, орғып тулай береді, мінген адамды жықпай қоймайды. Қанша жыл азаптанып, үйрете алмаған соң, амал жоқ, сатпақшымын. Әйтпесе сатуға адам қияр жылқы емес.

Балуан «маған сат!» дей алмады. Бұндай аттың бағасы кем дегенде 40—50 сом. Балуан Шолақта ондай ақша жоқ. Сондықтан Негметжанды сөзбен торлап:

— Егер біреу осы атыңды үйрете қалса, қайтер ең?— деді.

— Қалағанын берер ем,— деді Негметжан.

Егер аттың өзін қаласа ше?

Негметжан күмілжіп қалды.

Біреуге сататын атын қимай ма?— десті тыңдаушылар Негметжанның аузына сөз сап,— жай бермес, бұлын алып берер.

Сөзіңнің сарынын аңғарып отырмын,— деді Негметжан Балуан Шолаққа,— көңілің кетіп отыр екен. Әйтсеуір сататын атым, саған-ақ берейін. Ойдағы бағамды да сұрамайын. Менің қолқам — осыны өз көзімше үйретіп мін! Мұның ең кем дегенде екі жуан аттық құны бар. Егер үйретсең — бір аттың ғана ақшасын төле, екінші аттың ақшасы — үйреткен енбегің болсын. Осы атта кетіп баратқан кегімді әперсең болғаны. Расымды айтайын: тұңғасыпа қызыққанмен, мінезінен қорқып, базарда ешкім алмады. Осымен базарға үшінші рет әкелдім. Егер сен алмасаң, амал жоқ, биыл соғымға сойып, басын мүжімін.

— Бұл сияқты аттың басын мүжігенше өз басыңды неге мүжімейсің?— деді Балуан Шолақ қалжындаған боп,— мен саған мүжітпеймін ол басты. Көне, бұғалық қылатын арқан әкел!

Арқан берілді. Балуан дамбалдан басқа киімін түгел шешті де, балағын ышқырына түріп, бұғалық таққан құрықты сүйрете ұстап, қабанға шабатын жолбарыстай аяғын еппен басып, үйездеп тұрған аттардың Ақбоз жағынан барды. Оң жақ қолының білегіне бүлдіргесінен ілген он сегіз таспа жуан қамшы.

Аттар оны абайламай қалды. Жақындаған кезде аттарды ол дыбыс беріп үркітті де, қаша жөнелген Ақбозға бұғалықты тастап кеп жіберді. Мойнына бұғалық түскенін сезген Ақбоз қарғи кеп жөнелгенде, Балуан Шолақ жерге отыра қап, жұлқи тартты. Шапшыған ат тегеуірінді қолдың екпінімен шалқасынан түсті. Ат түрегелгенше, Шолақ шап етіп құлағынан ұстай алды. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағынан төмен қарай тұқырта басып қалып еді, ат етбетінен түсті.

Ақбоз жанталасып екінші рет тұра бергенде, Шолақ оның құлағын босатып, тізесіне төгіле өскен шоқтығына сол қолын орап алды да, жұқа шаптан дырау қамшымен тартып кеп жіберді. Бұрын етіне бұндай таяқ тиіп көрмеген Ақбоздың жаны ышқынып, орнынан тұра, ыта жөнелгенде, Шолақ үстіне қарғып шығып кетті.

Ақбоздың мөңкігісі келді. Бірақ аттың еркіне Шолақтың тегеуірінді қолы жібермеді,— бауырын ала дыраумен тартып-тартып жіберіп еді, денесін пышақпен тілгендей болған ат, беталды құладүзге көсіле жөнелді. Үстіне жабысқан «пәлені» түсіре алмайтынын сезген Ақбоз, жансауғалап өзенге қорғалайын деп еді, жақты қамти мойынға соққан қамшы жазық жаққа бұрып әкетті. Ол маңда Шолақ пен Ақбозға қарамаған жан жоқ. Өне жерде де шоғыр, міне жерде де шоғыр, бәрінің аузында:

— «Апыр-ай, мынадай да ат үйретімпаз жан болады екен!»

Аздан кейін Балуан Шолақ атты билеп алды. Ол қамшымен қалай жасқаса, жүгенсіз ат солай қарай шапты. Бар шабысымен көсіле сілтеп жүрген аттың үстінде Шолақ ойнауға айналды: ол біресе аттың оң жағынан, біресе сол жағынан қарғып түсіп, қайта үстіне шықты, арқасына алақанын тіреп, төбесімен тік тұрды, кейде арқаға аяғын

басып, түрегеп шапты, кейде жаядан сыпырылып түсіп, қыл құйрығына жабыса, үстіне қайтадан қарғып мінді.

Тоғыз жылғы ту аттың өкпесі ендікті, жүрегі алқынды. Бар денесі отқа қақталған мұз сияқты еріп кеткендей, қара гер шашасы мен иегінен судай сорғалады. Сөйтіп жүріп ат болдырып, шабыстан желіске, одан аяңға түсті, аздан кейін сенделіп тұрды да қалды.

Балуан Шолақ шатырға жақындаған жерде аттан түсті. «Шідер!..» деп айқайлады ол атты мойнынан құшақтап, жағынан сипап тұрып. Бір жігіт жүген мен шідер апарып берді. Шолақ атты жүгендеп, аяғына өре салды да, басын кекжите тізгінді шоқтығына қаңтарып, өзі ентелей басып Негметжанның қосына келді. Ақбозды беруін берем десе де, ішінен қимаған, бірақ уәдені бұзудың орқанын табалмаған Негметжан бұрынғыдай жайраңдамады, өзге көпшілік айтып жатқан мақтау сөздерді айтпады.

— Ал, мырза!— деді Шолақ, шатырға кеп сусындаған соң,— «уәде құдай аты» деген сөзге тоқтаймыз ғой?

— Солай болады да,— дей салды Негметжан.

— Неге күмілжіп айттың? Әлде қимаймысың?

— Айтқаным айтқан, ат сенікі, егер сыйлаймын десең, өзің біл!

— Сен олай солқылдама! Қимасаң тартып алмаймын. Не деп сыйлаймын, саған? Атың аз деп пе? Әлде мұндай ат менің тақымыма жақпайды деп пе? Уәде қылған өзің, сөзіңді жұтам десең, мейлін!

— Ашуланғаның ба, бұл?

— «Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені» дейді атаң қазақ. Ашуланып мен сенімен төбелеседі деп отырмысың? Әлде жалынады деймісің? Арымның садағасы кетсін!

Бердім атты! Уәдем — уәде!

— Тәңір жарылқасын!— деді Шолақ,— мен күнerezдік қылмаймын. Қайыр сұрайтын дәрежеге жеткенім жоқ. Қолқамды алдым. Ал енді менен атыңның толық бағасын ал. Қалағаның сенікі болсын: не астымдағы атыммен 25 сом, не 50 сом сап ақша!..

Негметжан ақшаны алмақ болды. Балуан Шолақта 50 сом түгіл 50 тиын да жоғын білетін серіктері, атаулы ақшаны сол арада қалталарынан суырды да берді.

Ас ішкен соң, Шолақ көп кідірген жоқ.. Астындағы атының ноктасын Ақбозға кигізіп, Ақбозды жетекке алып күрші кетті.

12. ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ

*«Қожаның бір қызы бар аты Балқаш,
Лебізі кейде шекер, кейде орғаш.
Жігіттер қатын алсаң, осындай ал,
Бота көз, оймақ ауыз, қиылған қас.
Ақау Балқаш,
Әрида, қалқаш-ай!»*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Ақбоз ат айта қалғандай болды. Семізден жарап, бауыры тартылғаннан кейін, маңайынан өткен кісі оның сұлулығына тоқтап, қарамай кете алмады. Аяңдаса да, желісе де, шапса да ол алдына жылқы түсірмеді. Бірақ Шолақ оны «бір мінгенім — бір дәурен емес пе?» деп бәйгеге қоспады.

Ақбоз өте мінезді болды: Шолақтан басқаға атпаса ұстатпады, Шолақтың қолына құрықсыз тұрды, ерттеулі қалпында қаңтарусыз қойса қозғалмайды, бос жіберсе қашпады, бейбіт оттамады, ішін жинақ қалпынан түсірмеді, «жат, кел, бар, отта, жуса!» деген сияқты сөздерді ұғып, бұлжытпай орындады.

Ақбозды Шолақ аса еркелетеді: мезгілінде оттатты, суарды, тамағын тәтті ғып берді, денесін кірлетпей, күн сайын жуды, жал-құйрығын төгілдіре күн сайын тарады, атасынан қалған күмісті қалмақы ер-тоқымнан басқа тұрманды денесіне жолатпады, кекіліне үкі, құйрығына шолпы такты, мінгенде денесіне қамшы тигізбеді. Солайша мәпелеген иесінің «аяңда, жел, жорт, шап!» дегенін Ақбоз тізгінді ұстаудан аңғарды да, бұйрығын қалт етпеді.

Әсем Ақбозбен ел аралап, думан-сауықпен күн кешірген Шолақ, бір күні бір ауылда қыз ұзататын тойға кез келді. Ауылдың әдетімен кешкі ойында қыз-бозбала аралас отырғанда, Шолаққа ұзататын қыздың қасынан орын тиді. Бұл кезде Шолақ 23-те еді.

Қасына отырған қызға қараса: аршыған жұмыртқадай әппақ жүзді, мөлдір көзді, мінезі ойнақы біреу екен.

Қызға қылықты Шолақ шүйіркелесіп отырып, сырын біліп алды: ұзатқалы отырған күйеуін менсінбейді екен, амалсыз барғалы отыр екен. Аты — Балқаш, әкесінің аты — Қожа.

Балуанның бала жасынан бойына біткен бір мінезі аяғыштық еді. Сол қалпына бүгін де бағып, сырласқан қызының қақпанына қалай түскенін аңғарған да жоқ.

Күйеуіне наразылық зарын айтқан қыз көз жасын көптен жасыра, Балуанға көрсете маржандай төгіп отырды да, «бүгіндік қана емес, өмірлік панаңа ал!» деген отінішін айтты. Ұзақ сырдың аяғы серт байлаумен тынды. Уәде — ертең түнде қыз үйінен ұрланып шығады да, екеуі Балуан Шолақтың еліне аттанады.

Осыған уәде байлаған Шолақ күтіп алмақ болған сайға ертеңіне ымырт жабыла келді де, қаңтарған атын тізгінінен ұстап, жамбастай жатты. Қыздың уәделі кезде келуіне күдігі жоқ ол:

— «Апыр-ау, мен енді үйленем-ау!» — деді күліп.

Ілезде ол күлкіні басқа бір ой басып, Балуан Шолақ тұнжырай қалды.

Ол кездегі ауылдың әдетінде ең алдымен үлкен ұл үйлену керек. Ендеше Балуаннан бұрын ағасы Төлебай үйлену керек қой. Ол әлі үйленген жоқ. Барлық бөгет — қалыңмал. Балуан орыс селосында жұмыста жүргенде, мал басы біраз құралып, Төлебайдың қалыңын төлеу үміті бұл үйдің басына орала қалған еді. Қазір ол үміт бұлдырлана бастады. Балуан жұмыстан амалсыздықтың күніне қол үзген соң, үйінің тоғы қайта шайқалып, қалың төлеу былай тұрсын, күн көрістің өзі тағы да тақыл-тұқылға айналды...

Сайда, түнде, Балқашты күтіп отырып, осы ойға шомған Балуанның басына үш сұрау туды:

Бірінші сұрау — «Төлебайдан бұрын қатын алғаным ұят емес пе? Әке-шешем не дейді? Ел не айтады?»

Екінші сұрау — «Әйел жігіттің аяғына тұсау дейтін еді, сол тұсауға өз еркіммен түскенім бе бұл?»

Үшінші сұрау — «Ол біреудің, біреу болғанда, дүмді байдың жесірі, ертең дау болады, мүмкін барымта алуы. Сол дауға қарсы тұрар менде күш бар ма, дауды көтерер мал бар ма?»

Осы ойлардан көңілі толқыған соң оның аттанып кеткісі келді.

Бірақ серт қайда? Есін білгелі екі сөйлеп көрмеуінен, бір беттілігінен бүгін тая ма? «Ер жігіттің екі сөйлегені — өтпені» емес пе? Бір бұзылып дағды алған серт қайтып түзеле ме? Бір өлген ұят қайтып тіріле ме?

— Бақ түссе мандайымнан, тас түссе таланымнан,— деді Балуан Шолақ ойының солқылдақ буынын бекітіп, — тәу-екел, шыдадым, жеттім сертіме!

Бойын бекіткен Балуан Шолақ Балқашты асыға күтіп еді, келе қоймады... Шыдамы тозған оған мерзімді уақыт алдақашан өтіп кеткен сияқтанды...

Асыққан Балуанға жаздың қысқа түнінің өзі жылдай болды. Егер бір қырдың астындағы қопалы көлден шулап қасқырлар ұлымаса, не бұны, я басқа бірдемені бүрмек боп әреленген жапалақ біраз уақыт үстін көлбей жалп-жалп ұшпаса, я әлдене бір хауіпті сезгендей, Ақбоз пысқырып елендей бермесе,— бұл түнге шыдау аса қиын еді...

... Бір кезде «бақыт жұлдызыңмын» дегендей, жарқырап шолпан туды. Таңнан тіл әкелгендей, самал жел жұмсақ алақанымен Балуанды бетке сипап, құлағына әлденелерді күбірледі. Біз де хабаршыңбыз, күткенің кешікпей келеді дегендей, қараңғы аспанда елестеп, сымпылдаған үйректер, қаңқылдаған қаздар ұшты.

Түн салмағы басып ауырлатқан денесі сергіп, ұйқысы қанып тұрғандай болған Балуан Шолақ отырған жерінен түрегелді де, атын мандайдан, сауырдан сипап, қасындағы, жылжыма бұлақтан суарды. Содан кейін аздап шалсын деп тұсады да, «мұнша кешіккені несі?!» дегендей, бір биікке өрмелеп шығып, ауыл жаққа көз тікті. Іле онын көзіне,— ұшқан құс, жортқан аң екені белгісіз,— жер бауырлай зымыраған бірдеме ұшырай кетті...

Күнгірт сәуледен көзі еркін жете алмай қадала қарап тұрған Шолақтың құлағына аттың дүбірі шалынған сияқтанды. Көп уақыт өткен жоқ, біреу ызғытып келе жатыр.

«Осы болу керек!» деп, ол төмен түсіп, атын тез ерттеді де, жетектеп, қайта әлгі жотаға шықты. Күткені келіп қалды — Балқаш!.. Қыз екпінімен өтіп бара жатып, Балуанды көрді де, қайырылып тұра қалды.

— Сертінде тұрған екенсің,— деді сайға төмендей атынан түсе қалған қыз Балуанды құшақтай ап,— ризамын. Кешіккеніме ренжіме,— деді қыз жаутандап,— себебі болды, кейін айтам.. Тез жөнелейік, қуғыншы келіп қалуы мүмкін...

— Осылай ерте шақта ма?!

— Кеше күдікті боп қалса керек, анду көбейіп, өрең дегенде ұрланып шықтым...

Бұл кезде бозара бастаған таңның етегі жоғары көтеріліп, төңірек қылаңдана көрініп қалған еді. Балуан

мен Балқаштың елеңдеген құлағына дүсір естілген сияқтанды. Елегізген олар биіктен бастарын қылтитып қараса, ұбақ-шұбақ қалың қол шауып келеді. Қыз құп-қу боп кетті.

— Сен сайға түс те, көрінбей тұр,— деді сұрланыңқыраған Шолақ Балқашқа, — мен жауға қарсы шабайын!

— Қой, ойбай!— деді кескініндегі қорқыныш үдей түскен қыз,— топырақ шашамысың көпке? Қолыңда қамшыдан басқа қаруың да жоқ!.. Одан да ат жараса, қашып құтылайық!

— Оның жігіті мен емен!— деді Балуан күліп,— ертедегі бағырлар айтады дейтін еді —«құрулы мылтық, құрсаулы жауға кезіктірі» деп. Олар да періштеден емес, мені тапқан аядай әйелден туған шығар. Өзім Балуан Шолақ болам да, өзім жаудан қашам!.. Кім болғаным сонда менің?.. Одан артық өлім бар ма маған? Әйтеуір өлу керек болса, қашып өлгеннен қашпай өлген артық емес пе? Жоқ, Балқаш, мен қашсам өлем де, қашпасам өлмеймін. Қызығыма қара да тұр сен, жаумен қалай сайысар екеммін!.. Қалыңмал төлеген жоқпын саған. Тегіннен тегін алғаным ұят болар. Малымды салмағанмен, күшімді салайын!..

Бұл сөздер көкейіне қонған, жауға қарсы аттануына көнген Балқаштың өтініші — «бетін қайтарам десең қайтар, бірақ кісі шығынын жасай көрме, пәлесінен құтыла алмассың!» болды.

— Құп болады,— деді Балуан.

Қызды сайда тұруға көндірген Балуан Шолақ Ақбонның ойнақтатып, төбенің басына шыға келді. Бұл кезде таң аппақ боп, аспанның шығыс жақ жиегі сарғылттана бастап еді.

Шапқыншылардың алдында оғашырақ біреу далақтап келеді. Зады Шолақты танып келе жатқан сияқты, сойылып көлденең ұстап:

— «Аттан түс!.. Түс аттан»,— деп қиқулайды. Шолақ оған қарсы ұмтылды. Екеуі айқаса бергенде, жігіттің сілтеген сойылын Шолақ жұлып алып, аттың екпінімен ағып өтіп кетті де, іле қайта бұрылып, жігіттің түп етегінен қапсыра алды. Жігіт қиялай тартып, беріспеуге тырысып еді. Шолақтың қуатты қол күші еркіне жібермей, тартқан жағына еңсере аударып әкетті де, өңгеріп апарып жерге тастап кетті. Аты ойнақшып бетімен шыға берді...

Кейіннен жеткендерін де осы әдіспен аттарынан аударып, біраз сайысқаннан кейін қуғыншыдан ат үстінде сінкім қалмады.

Ойнақтаған бос аттардың бәрін Шолақ сайға айдап түсірсе, қайратына сүйсінген қыз, атына мініп бері келе жатыр екен.

— Сен мынау дөңге шық та, аттарды иіре тұр,— деді ол қызға,— мен жігіттерге барып келейін.

— Неге?!..

— Кеше ойнап тарқасқан жігіттермен бүгін араздасып айрылам ба? Барып кешірім сұрайын.

— Ойбай, ұстап алады. Аттыдан жаяу мықты деседі ғой, қолдарына бір ілексең жібермейді...

— Көр, қалай жібергенін!..

— Өтінем, Балуан!— деп қыз тізгініне жармаса беріп еді:

— Босат тізгінді!— деді Балуан дауысын көтеріп. Қаймыққан қыз жауандаған көзбенен тізгінін босатқанда:

— Мен сені ерге — ер, серіге — сері десем, сен осылай ма едің?— деді Шолақ.— Ер жігіт қайралған қылыш емес пе еді? Оның жүзіне неге қол апарасың?

Қыз тұрып қалды. Шолақ құйындатып тартты да кетті. Бұл кезде аттан түскен жігіттер де бір жерге жиналған еді.

— Салт тұрып сөйлесем сөгерсіндер, құрбылар!— деді жігіттерге жақындағасын Балуан атынан қарғып түсіп, жаяу барып,— ал ұстаймын десеңдер, мен міне, келіндер!

— Жаяуда да әліміз келмес деймісің — ұстандар!— деп манағы ең алғаш сайысқан жігіт қоразданып еді:

— Шіркіннің еркін-ай!— деді біреуі оны кекетіп,— бар, байлап ала ғой, мықты неме! Өзгеміз аттан осалдықпен түскен болармыз. Сенің қапың бар шығар!

Ана жігіттің қарығы басылып қалғандай болды.

— Мұнымыз той тарқардағы аударыспақ сияқты ойынымыз емес пе?— деді Шолақ,— айтыңдаршы, қайсының тұшы етіне ащы таяқ тигіздім.

— Таяқ тигізбегені құрысын, бұдан да ұрып өлтіріп кеткені жақсы еді,— десті біреулер.

— Ал, жігіттер, құдай ойын-күлкіден айырмасын. Қыз шіркіннің көңілін қимайтын әдетім болушы еді, соным ұстап, бір қыздарынды алып қашқаным рас, бірақ құрбы замандасым, сен — маған қыздан қымбатсың. Алып қалам десең, қыздың серті менің мойнымда болсын, өне, сайда тұр, барыңдар да қайтарыңдар!..

— Әу, жігіттер,— деді біреуі сол кезде,— түкке тұрмайтын намыстың керегі не? Балуан Шолақ боп тусандар кім қой деді сендерге? Бір қызды Балуан Шолаққа қимаймыз ба? Қалған қыз да жетпей ме қалыңға сатуға? Қызды

қайтарып апарғанда, не дейсің? Тартып алдым дейсің бе? Одап да Балуанды осынша дарақыланып қуған айып бойымызға құт, соны жүктейік те қайтайық!

Бұған ешкім қарсы бола алған жоқ. Жол айтқан жігіт Шолақтың Ақбозын мініп барып қызды ертіп, аттарын айдап келді. Бірен-саран болмаса, жігіттердің көпшілігі Шолақ пен Балқашқа ризалық тілектерін айтып, жөнелуіне рұқсат етті.

Күн ол кезде жаңа ғана шашырап шығып келе жатыр еді. Күннен тармақтанған алтын сәулеге бөленген екі жас «Әрида қалқаш» әніне қосылып жортып кетті.

13. «ЕР - ЕЛДІҢ БАЛАСЫ»

*Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан,
Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан.
Анталаған сан дұшпан қамаса да,
Сырдың суы келмейді жұлығымнан.*

(Балуан Шолақ, өлеңінен)

Ереймен тауында тұратын, Балқашқа қалыңмал төлеген күйеу, Балуан Шолақпен жерлес Сатыбай байдың нағашысы боп шықты. Сатыбайға ол кісі салды:

— Нағашың жіберді,— деді келген елші,— айдай жесірімізді тапа-тал түсте, аз үй қоңсың — қаңғырған Үйсіннің делқұлы біреуі алып қашты. Төрт үй Үйсін кімге топырақ шашады. Оның арқа тіреуі, Керей, сенсің. Алдыңнан өткелі келдік. Жесірімізді қайтарып, қоңсыңнан айыбымызды әпересің бе, болмаса тұрысар жерінді айта-сың ба?

Сатыбай да Балуан Шолаққа кісі салып еді: «Иесіне қайтарып беретін, менің әкелгенім мал емес, адам,— деп жауап қайтарды ол,— мен қайтара алмаймын. Тартып алам десе, еркі білсін!»

Бұл сөзді естіген соң, Сатыбайдың нағашысы жіберген кісіге ұстатқан сөзі мынау болды: «Жігіттерінді жинап, сайлап келіндер де, мықты немеден тартып алыңдар. Өзін де ұстап өкетіндер. Бұл елді мен тырп еткізбеймін».

Елші кеткеннен кейін Сатыбайдың бұл уәдесі ел ішіне түпк етіп жайыла қалды.

Үйсінге қараған үш-төрт үйде Шолақтан басқаларының бәрі момын екендігі бізге мәлім. Және қонысынан

ауғалы олар төмендеу бір кедей ауылға қонсы қонған. Сатыбайдың сөзін естіп шошыған олар мен көршілері:

— Жарқыным,— деді Балуанға жиналып кеп,— сен бұлай отырма. Сатыбайдың нағашысы осал жау емес деседі. Ол Қанжығалыдағы атақты Саққұлақтың ағайыны болса керек. Бес болыс Қанжығалыны жинап жатыр дейді ол. Ертең жауар бұлттай торланып, жасанған жау келіп қалғанда, жалғыз өзің төтеп бола алмайсың.

— Не істе дейсіңдер сонда?

— Күшің келмейтін іске ұмтылатын ақымақ емессің. Өлерінді біл...

— Ол үшін?

— Жесірін қайтар!..

— Болмайды ол. Менің өлігімді аттамай, Балқашты олар өкете алмайды...

Балуанның құлаған жағынан тұрмайтынын білген ағайындары мен көршілері:

Ендеше көңіл жетер адамдарына хабар айт, жиналып саған қарасатын болсын. Жалғыз адамға жаудың шабуы оңай. Көпке шабуға жүрексінеді...

— Мен ешкімге «болыса гөр» деп құлдық ұрмаймын,— деді Шолақ,— керек көрген жігіт болса, өзі де келер. Керексіз болсам, жалбарынғанмен келмес. Мен нені болса да үйден күтем.

— Ендеше бассауға қыл. Мұндағы біздің неменемізді алар дейсің. Келер де кетер.

— «Қашқан жауға — қатын ер». Олай басындырғанша, келетін ажалды қарсы алсам болмай ма?

Шолақ ешкімге бармады да, жасырынбады да. Ол Ақбозын бабында ұстап, үйінде отыра берді. Оның дүниеде ең қымбаты — шешесінің сөзі. Бірақ өзге айтқан тиым сөзді, қорқыныш сөзді Қалампыр Балуанға айтпады. Оның ұғымында әйелдің ер адамды бет алған ісінен бөгемеуі керек, әсіресе Балуан Шолақ сияқты атаққа шыққан жігітті...

Ұғымы сондай болғандықтан, Балуанға да, былайғы жұртқа да сыр бермеген Қалампырдың істің немен тынарына жетпейтін көзі кейбір оңаша шақтарда жасқа толып, ағыл-тегіл болып алады. Бірақ кейде жылағанмен, кейде жыламайды ол. Кейде қорқыныш тұманы басып кеткен оның ақыл-ойына үміттің де күні шығып, соның сәулесінен жүзі жарқырай қалады. Бұрынғы аңыздық батырлар туралы ертегіні көп естіген және сол ертегілерді өзі де талайларға, әсіресе, балалық шағында Нұржанына

айтқан Қалампыр, кейін Нұрмағамбеті «Балуан Шолақ» аталып, күші ел аузында ертегі сияқты аңыз боп кеткенін естіген соң, «бұл балам да сондай батырлардың біреуі ғой!» деген мақтаныш сезімге ие болған еді. Қалампырдың ақыл-ойында жарқырайтын үміт күні — осы сезім. Көппен алыс-қалы даярланған баласының жеңілу хаупі оның басына тұман боп оралса, жеңу қуанышы күн боп шығады. Неге екенін кім білсін, «балам жеңілмейді, жеңеді!» деп сенеді ол. Осы бір сенім оны ілгері жетектеп, баласының, көп жаумен жалғыз айқасар күнін асыға күткен сияқтанады...

Балуан Шолақтың ешкімді жәрдемге шақырмағандағы ойы, біріншіден — жайшылықта доспын дейтіндерді осындай таршылықта сынау болса, екіншіден — өзінің күш мөлшерін тағы бір байқау еді. Өз байқауынша, бойдағы күшінің көбі әлі көрінбей жүрген сияқты.

«Жау бес жүз жігітпен келе жатыр дейді» деген хабар дүңк ете түсті бір күні. Ұрлатып алмасын деп, кісендеп ұстап жүрген Ақбозын Балуан Шолақ сол күні өмілдіріктеп, құйысқандап, төс айылын бос, шап айылын берік тартып ерттеді. Атасынан қалған темір сауытты көйлекшең етіне киіп, аяғын байпақты етікке сұқты. Басына бес көз ақжібектің бір жақ ұшын шандып орады да, екінші ұшын арқасынан кере-құлаш салбыратып жіберді.

Балуан Шолақтың ауылы биіктеу дөңнің басында болатын. Дөңнің қырында үлкен оба бар. Соған шығарып, қарауылға қойған бір бала түс ауа берген кезде шауып кеп, үй сыртынан:

— Балуан, Балуан... Қара құрттай қаптап келе жатыр!— деп айғай салды.

Қалампыр бұл кезде далада еді. Баймырза үйде еді. «Жау келеді» дегелі өрекіпген жүрегін қалай басуды білмеген ол үйінен шықпай, көр-жерді ермек қып, шұқына беретін. Бүгінгі оның ермегі — етік жамау еді.

Баланың «қара құрттай қаптап келеді» деген айғайы Баймырзаның төбесінен жайдың оғындай ұрды.

— «Аһ»— деді ол ышқына дауыстап, екі көзі шарасынан шығып, инесі мен бізі қолынан түсіп кетті.

Шалқасынан құлай берген әкесін Балуан Шолақ ұстай алғанда, үйге бір шелек су алып Қалампыр да келді.

— Не болды бұл бар болғырға?— деп Қалампыр да Баймырзаның басын сүйеді.

— Ағатай, ойбай, кеп қалды!— деді сырттағы бала шырылдап.

— Балам... Нұржан...— деді Баймырза көзін қатты жұмып, аз тұрғаннан кейін кең ашып,— енді қайттік?!

Әлсіз өкесін жатқызып, бойын жазған баласының көзіне Қалампырдың көзі түсіп еді, зәресі ұшып кетті: ағы қып-қызыл боп қанталаған Балуан Шолақтың екі көзі пеште маздап жанған оттың жалынындай дауылдап ұшқын шашып тұр екен. Даража біткелі нұрланып, қызыл шырайланған беті қорғасындай сұрлана қапты. Бойы дірілдеген сияқты, еріндері тоңазыған адамдай қыбыр-қыбыр етеді...

— Апа!— деді Балуан, даусы болаттай шыңылдап,— мен аттандым!..

«Құлыным!» деп құшағын жайған шешесін ол құшырлана беттен бір сүйді де, шешесінің сүюіне үлгіртпей, сып беріп есіктен шыға жөнелді. Босағаға сүйеніп, солқылдап тұрған Балқашты оның қанталаған көзі көрмеді. Тордан шыққан арыстандай үйден бұлқына шыға келген оған дүниені өрт қаптаған сияқты, жер де, көк те, өсімдік те, ауыл да, мал-жан да қып-қызыл боп елестеді.

Атына қалай ырғып мінгенін ол білген де жоқ. Жөне-ле берген оған:

— Сойылын!..— деді үйден жүгіре шыққан Балқаш, сойылын ұсынып, дауысы дірілдеп.

— Бір салғанда сынып қалатын немені атқа ауыр ғып қайтем. Одан да керегінде біреуден тартып алсам болмай ма? Жаудың сойылы менікі емес пе? Құдай осы дырауымнан жарылқасын,— деп, қамшылы қолын көтере Балуан шапты да кетті.

Жолдың шаңдағын көшкен бұлттай бүрқыратып келе жатқан қалың қолға бетін қойып, Ақбозбен Балуан Шолақ сілтеп келеді. Ақбозға сол күні өмірінде бітпеген шабыс пайда болған сияқтанды: төрт тұяғымен жердің топырағын уыстай аспанға атып зымырағанда, көлденеңнен көзі түскен жұрт оны ұшып барады екен деп ойлады. Балуан Шолақтың басындағы ақ жібектің шұбатылған ұшы делегейлене шаншылып, аспанға көтерілді.

Сол екпінімен Балуан Шолақ келе жатқан топқа жақындағанда, алдынан ойқастап біреу шауып шыға келді.

— Қанды басың бері тарт!— деді Балуан аңға айтатын сөзін оған айтып, тұра ұмтылып.

Шапқынмен қарсы кеп қалған салт аттының кім екенін ол абайлаған да жоқ, «кім болсаң да, жаудың бірі шығарсың» деп, қамшымен атын қасқа маңдайдан ала тартып кеп қалды. Ақбоздың екпінімен ағып өткен ол жаңағы

атын ұрғанды жаудың жекпе-жекке шыққан батыры екен деп ойлап, өзін де ұрмақ боп, жақындай беріп еді, иесі құлаған аттың астынан аяғын ала алмай, бұлқынып жатыр екен. Балуан оны қамшымен періп өтуге төніп бір келді де, жығылып жатқан адамды ұру бойына ар көрініп, қасына тұра қалды. Көзі сол шақта ғана топқа түсіп еді, құйындатып шауып келеді. Қою шаңның арасында кыбырлагандардың ұшы-қиыры жоқ сияқты.

Үйінен аттанған кезінен гөрі қайнаған ашуы салқын-дап, көзін жапқан қан тарқаған ол, топпен айқаспақ боп, атының басын бұра беріп еді:

— Балуан!— деді аттың астынан аяғын алып түре келген адам. Балуан жалт қараса, өзінің сол маңайдағы бір досы!..

— Мұның не?— деді Балуан оған, оны жау болған екен деп ойлап.

— Бәсе мұның не?— деді досы Балуанның атын неге ұрғанына түсінбей.

— Жаумысың, елмісің?

— Мен қашан жау боп ем саған?

— Анау қаптағандарың кім?

— Өзіміздің елдің жігіттері.

— Қайда барасындар?

— Сені жауға талатып қоямыз ба?

— Қайда ол жау?

— Мына төбенің астында. Біздің топты көріп, ошарылып тоқтап қалды. Сені шақырғалы келе жатсам, неге ұрдың мені?!..

— Жау екен деп...

Ұяттан беті қызарған Балуан Шолақ атынан қарғып түсіп, жығылған атқа қараса, соққан қамшы маңдай сүйегін айырып түскен екен. Ат өліп қапты.

— Мін, мына атқа,— деді Балуан досына Ақбозды тосып.

— Неге?

— Төлеуің.

— Ол не дегенің?! Бір атты сенің жолыңа құрмалдыққа шалу көп пе?

Өзге жігіттер де кеп қалды. Досы Балуанға атының құнын көптің алдында кешті. Балуанды ортаға алған топ қыр басына шықса, жау жағы әлі ошарылып тұр екен. Олар жүз шақты кісі, бұлар төрт-бес жүздей.

Екі араға елші жүрді. «Аз үйлі Үйсін» деп, Балуанды ұстап әкетпек болған жау жағының тауы шағылып, беті

кайтты. Сатыбай, тағы сондай байлар мен атқа мінерлер Балуанды қолдайтындардың арасына іріткі салмақ болып еді, ел көнбеді. Ақыры жау жағы бітімге кеп, қалыңмалын Балуанға төлетуге келісті. Ол малды Балуанның достары төлеп жіберді.

— «Ер — елдің баласы» деген сөз рас екен!— десті Балуанның досы да, дұшпаны да, ері де, елі де жарайды!..»

14. АҢҒАЛДЫҚ

*«Мен өзім аққан судай тасып жүрмін,
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Ұлықтан сол себепті қашып жүрмін».*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Балқашқа бұрын қалың берген жер қалыңмалын қайтарып алғанмен, Балуан Шолаққа деген кегі біткен жоқ.

— Балуан Шолақтың бұл қорлығы бізден гөрі саған батуға тисті,— деді олар Сатыбайды қайрап, елдеріне қайтар алдында,— үркердей аз үйлі қаңғырған Үйсін, рулы ел Керей, сенің ішінде қоңсы боп отырып, өз еліңді өзіңе билетпеді. Егер мұны бұл қалыппен жүгенсіз жіберсең, бүгін біздің қатынымызды тартып алса, ертең сенің қатыныңды тартып алады. Бізге оқасы болмас, мойнымыз алыс жер, бір жесірді садақаға бердік: ал ертең ауылыңда отырып, Сатыбай, сенің малыңнан құрық, басыңнан сырық кетіrmесе, осы жүгенсіз жібергеніңе бұдан жаман өкінерсің, ойлан!..

Сатыбай расында ойланып қалды. Қонақтары кеткесін, «осыған өтірік пәле жапсырсақ та, көзін жоғалтсақ қайтеді», деп ол дос-жарандарына ақылдасты. «Оның рас,— деді достары,— бірақ бұл елде тым беделді боп кетті. Пәле жапсақ та ойланып жаппасақ, көпшілікті соңымызға түсіріп аламыз».

Сатыбай бір күні Қайрақты қаласына барды да, көптен бергі тамыры — Егор Пропадкоға ақылдасты. Балуан Шолақтың елдегілерге көрсеткен «қорлық-зорлықтарын» қоюлата сипаттай келіп:

— Сенің ініңді өлтіру қылмысынан аман құтылып кеткен соң, ел қазағынан қорықсын ба ол,— деді Сатыбай

ауыр күрсініп, қайта шетімізден қырып тастамай, аман - қойып жүр!

— Сонда не істеу керек?— деді Пропадко,— өкіметке айтып абақтыға алдыратын қылмысы жоқ. Орыс заңы қылмыссыз адамды қараламайды. Бұны ең қызығы қапысын тауып өлтіру. Біз соған бекінген ек, әлдекімнен естіді ме, немене бұнда келмей қойды. Өздерің неге істемейсіңдер осыны? Ауылда оған мүмкіндік көп қой?..

— Жоқ сол мүмкіндік!.. Жолын тосып өлтіруге, жеке я аз ғана адамның шамасы келмейді, ел боп жабылу қиын, және екідайда, елдің көбі оның сойылын соғып кетеді...

— У бергізсе ше?

— Онда ел тіпті көтеріліп кетеді...

«Енді не істеу керек?» деген ол екеуінің ақылы төмендегі арнаға құйылды: Балуан Шолақты ұстап беретін тұсау — Ақбоз. Жанындай көретін бұл аты қолға түссе, ол да түседі. Ол үшін, «егінге түсті» деген жаламен, ішіне Ақбозды қоса, Балуан ауылының жайылымда жүрген жылқыларын бір түнде Сатыбай Қайрақтыға жеткізеді де, Егор ол жылқыларды қорасына қамайды. Потраваға¹ Егор өзгені емес, Ақбозды ғана сұрайды. Балуан әрине атын босатып алу әрекетіне кіріседі, осы бетінде қапысын тауып өлтіру оңай.

Сөз осыған байланды да, ішінде Ақбоз бар, ауылының жылқысы Пропадконың қорасына аз күнде камалды.

Балуан да, ауыл адамдары да малының соңынан барды. Бірақ Егор теңдік бермеді. Ол бұршақ соғып, қиратып кеткен егініне қаланың старостасын апарып, қорасына қамаған жылқы қиратты деген акты жасатқан екен. Оның бағалауынша, бұл потраваға қамалған жылқының жартысы жетер емес, Егордың қалағаны — Ақбоз.

Мал иелері не істеуге білмей ақылдасқанда, біреулер «жоғарғы ұлыққа барып шағым айту керек» деп еді:

— Одан жақсылық күтпе,— деді Балуан Шолақ — «Қарға қарғаның көзін шоқымайды» дегендей, олар байдың сөзін сөйлейді.

— Сонда не істейміз?

— Менің зорлықты зорлықпен қайырғым келеді.

— Қалай?

— Түнде осының қорасына түсіп, жылқыны айдап шығамыз!

¹ Шабындық жерді малға таппатқаны үшін төлейтін айып.

— Ондай аранға қалай түсеміз көрінеу көзге? Қорасы қай бір оп-оңай оның қарғып түсе кететін?.. Биік тас қамалдай емес пе ол?.. Қақпасы тастан да берік емес пе?.. Және атты кісіні алып тастайтын қабаған иті бар!.. Олардың үстіне қорасында жаттың жылқысы қамаулы тұрғанда, бейқам жатады деймісің ол?.. Күзетшілері болады, әрине!.. Және құрғақ қолмен емес, мылтықпен күзетуі мүмкін. Аяйды деймісің ол, басады да салады, өсіресе сені!.. Ондай ажалға сен де барма, біз де бармайық. Бәрінен жан тәтті. Жанды малдың жолына құрбандық қып болмас...

— Сонда не істейміз?

— Көкшетау барып, жоғарғы ұлықтан сұранудан басқа жол жоқ...

Ағайындарымен аузы біріге алмаған Балуан Кургановқа ілік-шаттыстығы, әрі достығы бар, заң-законнен де хабары бар, селолық басқармада писарь боп істейтін Павел Ларионовқа ақылдасты. Балуанды білетін ол Егорға өшпенділігі бұрынғыдан күшейе түспесе, бәсеңдемеуін айта келіп:

— Сенікі дұрыс,— деді Балуанға,— заңмен оны жеңе алмайсың. Әкімдердің бәрі оның сөзін сөйлейді. Ең қолайлысы, өзін айтқандай, ретін тауып, жылқыны түнде қорасынан ұрлап алу керек. Ол үшін Егордың күдігін жойып, мал иелері — бәрін Көкшетауға аттанған болыңдар да, былай шыға, өзің ғана орман арасында қалып қой. Басқа қазақтарың бара берсін.

— Неге?

— Екі себеппен: бірі — Егор сондарыңнан бақылау жіберуі мүмкін, өйтсе, кеткендеріне көзі жетсін, ал сен қалың орманға кіре, елеусіз бір жалтарыста түсіп қал; екіншісі — өзге қазақтардың бұнда саған серіктігі болмайды, қайта аяғыңа оралғы болады...

— Жалғыз не бітірем мен?

— Өзіңмен таныс және дос орыс жігіттерінен жәрдемшілер берем. Олар сені отта қалдырмайды, қиындықтан алып шығады...

Сөз осыған байланды. Балуанның серіктері де бұл сөзді мақұлдап, «Көкшетау кеттік» деген дабырамен жүріп кетті. Ларионов «әулие» екен, айтқаны дәл келді, Егор олардың соңынан, «алыстан бақыла» деп, салт атты аңдушы жіберді. Оның жәбірленушілерге алыстан ере отырып қадаған көзіне қалың орманның қалтарысы шымылдық болды да,

Балуанның жортып бара жатқан аттың арбасынан жып
стіп түсіп, сып етіп орманға жоқ болғанын абайламай
қалды...

— Орманнан жалаңаш далаға шығарып сап қайттым,
түгелімен Көкшетауға кетті,— деген бақылаушының ха-
барына Егор сенді де:

— Білгенін қылсын!— деген қауіпсіздікпен, қақпасын
күндегі дағдысымен ғана бекітіп, қаннен-қаперсіз, тұқы-
мымен ұйқыға кетті.

Павел Ларионов уәдесіне жетті. Оның күндіз келісіп
қойған сенімді жігіттері түн жамылған Балуан Шолақ кел-
генде, қолдарына түкіріп, жәрдемге даяр отырды. Сайдың
тасындай жиырма шақты жас жігіт қасына ергенде, Балу-
ан Шолақтың ойында қуаныш пен сенімнен басқа еште-
не қалған жоқ.

Егордың бұл қаладағы ең үлкен, ең сұлу үйіне Балуан
мен серіктері түн ортасы ауған шақта жетті. Село да, бұл
үй де шырт ұйқыда. Түн көзге тұртсе көрінбестей қою
қараңғы. Егор үйінің ауласы айнала бөрене қарағайдан
киып, биік жасаған кең шарбақ еді.

— Ал, жігіттер,— деді Балуан серіктеріне Егор үйіне
жете,— сендер сыртта қалындар да, маған қауіп төнсе ғана
жәрдемге келіңдер, төнбесе, осылай, сырттан қарауыл боп
тұра беріңдер. Қора іші маған таныс. Жылқыларды қоятын
жерін де білем...

— Атыңның аяғы кісендеулі деген, оны қалай бұза-
сың?

— Бұрап бұзам...

— Қақпаның құлыбын?

— Оны да...

Жігіттер «өйте алмайсың» демеді, жуан темірді сымдай
бұрауы, төрт-бес жігіттің жүгін көтеруі оларға мәлім...

Серіктерінен рұқсат алған Балуан қарғып шарбақ үстіне
шықты, ар жағы жарты төбесін қаңылтырмен жапқан ша-
тырлы қора. Жарты шатырдың арқалығымен ілгері сыр-
ғып үңілсе, қараңғы түнде түгі көзге шағылып, Ақбоз ат
бір дінгекте байлаулы тұр. Басқа жылқылар да соның ма-
ңында. Одан әрі көң сасып, мұрындары пысылдап, мал-
жаңдай күйсеген бірсыпыра өгіз жатыр.

Манадан дыбысы шықпаған иттің Шолақты қайдан
сезгенін кім білсін, өршелене үріп, тартқан сымды бойлай
бері қарай жүгірді де, төбеде отырған Шолақтың нақ асты-
на кеп, «кімсің?» дегендей, ырылдап қана қарады. Шолақ

бұл үйден кеткеннен кейін күшіктей асырап алған ит, үлкендігі тайыншадай бірдеме екен. Басын жоғары көтере ырылдаған оны Балуан шынжырынан шап беріп ұстап, жоғары қарай көтере қойды да, қылқынып булыққан ит жақындаған кезде, өкшемен тұмсыққа теуіп-теуіп жіберді. Содан кейін үні өшкен иттің шынжырынан арқалыққа асып байлай сап, қарғып төмен түскенде Ақбоз иесін танығандай оқыранды.

Көзінен жасы шығып кеткен Балуан атына жақындағанда, күйсеп жатқан көп өгіздің арасынан біреуі түрегелді де күжілденкіреп, бері қарай жүрді. Өзі кеткеннен кейін, Егордың қорасына сүзеген бұқа пайда болғанын, жаяу түгіл атты кісіні де маңайынан жүргізбейтінін, талайлардың атын жарып тастағанын Балуан естіген еді. Сол бұқа екен деп ойлап, бірақ сескенбей қарсы барып еді, бұқа қаймыққандай тұқырып, көнді алдыңғы аяғымен қопарып шаша бастады. Қасына барғанда күжірейген бұқаның мүйізінен Балуан шап беріп ұстай алды. Сүзуге тырмысқан бұқаны еркіне жібермеген Балуан беліндегі қамшысын алып, оң бүйірден тартып-тартып қалып еді, бақ етіп қаша жөнелді де, енді қайтып ұмтылмады.

Тез кетудің қамымен ойлаған Балуан қақпаға барса, тұтқасының сомдығы білектей, етегі күректей құлып, қақпаның жуан темірден соққан баспасында салулы тұр. Жерде жатқан бір жіңішкелеу темірді алып, құлыпты бұрап еді, темірдің өзі майысты. Басқа сайман таба алмаған Балуан құлыпты оң қолымен қапсыра ұстап, бар екпінімен бұрап кеп қалып еді, етегіне қабыстырған жалпақ темірдің шегелері шығып кетіп, кілті бос қалды. Қақпаның ашылуына көзі жеткен Балуан атына келіп, кісенін сылдырсыз бұзды да, қақпаға кеп, сықырсыз ашты. Содан атын жетектеп жүріп, ұйқыдан жалқауланған өгіздер мен ауылының жылқыларын қорадан айдап шықты.

Қақпа алдында дыбыссыз қуанышпен қарсы алған достары малдарын үн-түнсіз айдасып, село шетіне шығарып берді. Сол арада қоштасқан достарының ішінде Павел Ларионов та бар екен.

— Малдарды осы бетіңмен айда да, Меңіреудің қалың қарағайына жет!— деді ол,— содан кейін Егор түгіл, шайтан да іздеп таба алмауы анық. Ар жағын өзің біле бер. Біздің қолдан келгені осы.

Балуан орыс достарына алғыс айтты да, Ларионов сілтеген жөнге жүріп кетті...

Арасынан иттің түмсығы өтпейтін Меңіреу қарағайының арасынан өзі ғана білетін бір жіңішке жолды тауып, орманның қалың ішіне сүңгіп, Балуан таң біліне жайлы жерге бекінді. Өгіздерді ол санаса, сексен екен. Бәрі де сала құлаш мүйізді, атан түйедей, өңкіген жануарлар.

Ауылмен астыртын хабарласқан ол Қызылжардағы ет заводына өгіз айдаған Ақмоланың купецтері келе жатқанын естіді. Олар Меңіреу тұсына кеп қонғанда, сексен өгізді қырық сомнан сатты да, ақшаның көбін ауылдағы тілеулес адамдарына үлестіріп беріп, азын ғана қалтасына басып, мәселе бір жайлы болғанша бойтаса қыла тұру мақсатымен, Ақбозына мінді де, жақын арада Атбасар қаласында ашылғалы жатқан жәрмеңкеге суыт жүріп кетті.

15. ҒАЛИЯ

«Хат жазайын Ғалия, саған арнап,
Сипатыңа екінші құрмет айлап.
Анда-санда көзіме бір көрінсең,
Қарға аунаған түлкідей қалам жайнап.
Ойпырмай, жан сәулем, Ғалия,
Бетіңнен...
Аппақ кардай етіңнен...
Бір күн ауру, бір күн сау,
Жазылмадым,
Ой, ой, ой...дертіңнен!»¹

Ақтөбе қаласынан Омбыға тартқан патша өкіметінің әскерлік жолының үстіне Секет есебінде түскен қаланың біреуі — Атбасар. Оның ең алғаш орнауы — 1854 жыл. Бұл қаланың әскерлік бекет болуынан басқа қандай маңызы барын оның аты көрсетеді «Атбасар» екі сөзден құралған: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қозған, Қақсал дейтін рулары бар. Бұларда мал, әсіресе жылқы малы көп болған. Атақты Құлтума ақын Аққошқар Сайдалы дейтін байлардың байлығын айтқан өлеңінде:

«Сұрасаң аргы атамды Қуандықты,
Қылыпты өз тұсында жуандықты.
Аққошқар, Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты»,—

дейді.

¹ Өлеңін де, әнін де Балуанның өзі шығарған.

Атақты ақын Біржан сал:

«Кім жетер Алтайдағы Жанайдарға
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар»,—

дейді. Атбасар қаласында ең алғаш ашылған базарды мыңдаған жылқы басып кеткен соң, соғыс бекеті орнына салынған қаланың аты «Атбасар» боп кете барған...

Атбасар үш өзеннің түйіскен жерінде: Есіл, Керегетас, Жабай.

Балуан Шолақ базарға келсе, осы үш өзеннің арасында жүз мыңдап жиналған малдың ұшы-қиыры жоқ!..

Театры, киносы жоқ ерте замандағы ауылда, халық өзінің ойын-тойларынан, әр жерде ашылған базарларды да ойын-сауықтың ордасына айналдырған, халықтың: «балалы үй — базар, баласыз үй — қу мазар» деп, баланың қызығын базарға теңеуі сондықтан.

Атбасар базарының «базары» Балуан Шолақ болды. Оның ақындығы, әншілігі, қулығы, әзілі, сықағы, атқа ойнауы, дене ойынын көрсетуі халықты қайран қалдырды. Өнері осындай болғандықтан, көрген жұрт та, көрмеген жұрт та «Балуан Шолақ кепті» деген жерге сауда-саттығын тастап, аттылы-жаяулы шұбыратын болды.

Балуан Шолақтың қай жерге тоқтағанын, қайда келе жатқанын, қайда бара жатқанын базаршылар біліп отырды. Ол, теңіз, өзгелер өзен сияқты — қай жерде ол, тұрса, сол жерге жан-жақтағы жұрт жиыла қалады, ол магнит, өзгелер темір сияқты — қай жаққа қарай жөнелсе, өзгелер де жапырылып оның артынан шұбайды.

Осы думанмен жүрген Балуан Шолақ, бір күні екі өзен: Керегетас пен Жабайдың аралығына тігілген көп ақ үйге кездесті.

— Бұл не?—деп сұрады ол серіктерінен.

— Қымызшылар мен қасапшылар тіккен үйлер.

— Түсейік біреуіне!

— Түссек, таңдап түсейік,— деді біреуі,— бұлы өтімді болсын дей ме, немене, қымызды жас келіншектер мен қыздар құяды, және көбі — сұлулар. Қараөткелден келген бір келіншек бар осында, кескіні онша шығаннан сұлу емес, бірақ мінезі жібектей есіледі, әзілге судан жүйрік! Күйеуі момын жігіт көрінеді. Биі — келіншегі. Сауықсайранды жақсы көретін келіншек, қымызды өзгеден тәтті ұстайды. Аты — Ғалия.

— Үйі қайсы?— деді Балуан.

— Анау тұрған!

Бастаушы Балуанды ақ үйлердің орталау кезінде тігілген, үзігінің сыртқы етегін қызыл шұғамен оюлатқан, баулары, белдеуі термелеп тоқылған бір үйге әкеліп түсірді.

Олар аттарын үй сыртына матастырып жатқанда, төңірегі шашақты ақ жібек шалыны құлағынан қыстыра арқасына төккен, етек-жағасын алтын зермен мәнерлеткен, қызыл барқыт жеңсіз қынама бел қамзолы, асығынан аз-ақ жоғары, қосетек жібек көйлегі бар, аяғында кестелі биік өкше етігі бар, екі құлағында салпыншақты алтын сырғасы бар келіншек кигіз үйден шыға берді де, жолаушыларға аз уақыт қарап тұрып, үйіне қайта кірді.

— Осы!— деді біреуі.

— Кімді айтасың? —деді Балуан.

— Жаңағы үйден шыға беріп, қайта кіріп кеткен келіншекті.

— Неге өйтті ол?

— Балуанның мысы жеңген болар...

— «Аттыға жол, жаяуға сөз бермейді» дейтін келіншек еді ол, қаймыға қойды ма екен? Басқа бір себебі болар...

— Не де болса, үйге бара көрейік,— деп жігіттер үйге кірсе, келіншек қымыз ішіп отырғандарды тұрғызып, төр алдына шымқай жаңа қызыл ала батсайы көрпе төсеп жатыр екен.

— Жұртқа төсемейтін көрпенді төсерлік кімің еді ол?— деп үйдегілердің қалжыңдағанына келіншек жауап бермей, көрпені тез төседі де, Балуан Шолаққа көз қырымен ғана қарап, әдеппен ығысып, қымыз құйған шараның қасына барды. Бірақ келіншек отырмады, сыйлайтын адамынан бұрын отырмайтын ауылдың әдепті әйелдерінің дағдысымен, Балуанға бір қырындап түрегеп тұрды.

Төрге төселген батсайы көрпеге, қалжыңбастау бір жігіт «жақсы болды-ау, мынау маған» деп отыруға жылжып еді:

— Тәйт, әрі, қалжақтамай,— деді орта жастылау адам оған жекіріп,— білмей отырмысың кімге салынған көрпе скенін?

— Кімге?— деді қылжақбас.

— Өкеңе!

«Кім ол — әкем?!» дегендей қараған қылжақбастың көзіне Балуан Шолақтың түр-тұлғасы өзгеден ерекше

көрініп кетті: «осы екен ғой әкем!— деп жорамалдады қыл-жақбас,— тегі, тегін кісі болмас бұл!..»

Үйдегілер Балуанға түрегеп амандасты. Төрде айнала-сы кең дөңгелек тапал үстел түр екен, үстіне жиегіне айнала қойған үлкен фарфор кеселер, ортада кең ағаш табаққа турап, бетін ақ сүзгімен жапқан жылқының семіз сүр қазы-қарталары, қыртысы қалың, майлы сүр ет.

Балуан Шолақ та, өзгелер де отырды, келіншек әлі түрегеп тұр.

«Сапылдап сөз бермейтін еді, Балуанның мысы жеңуін қарашы!» деп күңкілдесті еркектер өзара.

Балуан келіншекке «апыр-ау, қайда көрдім, мұны?» деген оймен амандасты.

Амандыққа ернін ғана қозғап, үнсіз жауап берген келіншек шараның қасына отырды да, екі әдемі кесеге қымызды құйып, өз қолымен әкеп, біреуін Балуан Шолаққа, біреуін оның қасындағы жігіттің біреуіне ұстатты. Келіншектің кім екенін Балуан енді ғана таныды: баяғы Тоқсанбайдың асында, Түйе балуанмен күрескен жолы, шапан жапқан осы келіншек!

— «Міне, қайда кездесу!.. деп ойлады Балуан келіншекке әлсін-әлсін қарап,— мұның аты Ғалия екен ғой!..»

Қараған сайын Ғалияға ол құмарта түсті. Ат үстінде ұзағырақ жүріп сусаған ол осы үйге түсерде бір сүйретпе қымызды жалғыз ішерліктей болған еді. Қазір алғашқы екпінмен жұтқан жарты аяқ қымыздың өзі әрі өтпей, өңешінде тұрып қалған сияқтанды.

Үйдегі жігіттер Балуан Шолақпен танысқаннан кейін, өлең айтуын өтінген еді. Бұған дейінгі мәжілісте іркілмей суырыла жөнелетін ол, мына жолы бойындағы бар ақындық, әншілік қуаты қашып кеткендей, домбыраға саусағы жүрмеді, аузына сөз түспеді. Жүрегінде жаңа бір ірі ән толқи бастаған сияқтанды оған, бірақ ол ән кеңірдегіне сыймай, кептеліп, алқымына тығылып тұрғандай болды.

— Ат үстінде көп жүріп алқынып ем,— деді ол қолына берген домбыраны қасына сүйей сап,— сөкпеңіздер. Әнге қазір жайым жоқ.

Босағада отырған жігіттер өзара күңкілдесті: «Дауылпаз деген бір құс бар, дауысы жер жарады, қасына келсе жұдырықтай» дегендей,— деді біреулері,— Балуан, Балуан» деп жұрттың дәсердей ғып жүргені осы ма?!

Қаңқайған денесі болмаса, мынауында береке шамалы скен!..»

— Білмей айтып отырсың,— деді оған қасындағысы,— еркектің сиқыры әйел емес пе? Әйелге елтімеген, әйел арбап қуатын да, сабырын да жеңбеген қай еркек көрдің? Жалғыз көз қарасының өзімен-ақ, Ғалияның оны арбап, қуатын да, қайратын да мұрындықтаған түйедей жетегіне алғанын абайламай отырмысың?

— Мен мана аңғарғам,— деді үшінші біреу,— есіктен кіргелі Балуанның екі көзі сонда.

— Осылар маған көптен әмпей кісілер сияқты,— деді төртінші,— әйтпесе Балуан Шолақ сияқты батыр бір көрген әйелге бұлай құмарт қалмас еді!..

— Сабыр етіндер, артын күтейік,— деді біреулер. Балуан Шолақтың аңсары ауғанын Ғалия ана жылы да көз қарасынан аңғарған, бұл жолы да аңғарды.

Ғалия Ақмола қаласында туып-өскен Тілеу дейтін келдей жатақтың қызы еді. Әкесінде бұдан басқа бала болған жоқ. Сондықтан ба, я, әйел баланы ерекше сыйлайтын қазақ әдетінен бе, әйтеуір Тілеу өзі бойнада мал союмен күн кешсе де, Ғалияны киер киім, ішер астан кенде қылған жоқ. Еркін өскен Ғалия жасынан сырнайға, әнге әуес болды, қалада «әнші қыз», «сырнайшы қыз» аталады.

Бұрын тамыр-танысы ғана болмаса, жан жоламайтын Тілеудің үйіне, Ғалия өскен соң, «қас батыр, қайран жақсы» дегендей, қаланың да, даланың да мырза-шоралары қаптап кетті. Қырдан қалаға келетін мырзалар бұрын Ақмоланың үйлерін тандап, қайдағы тәуір пәтерге түссе, Ғалия өскен соң, Тілеудің қала шетіндегі сиықсыз темлянкесіне таласып түсетін болды. Оның қорасы атқа, темлянкесі адамға сыймады.

Қаланың да, даланың да мырзаларынан, әйелі болсын, болмасын Ғалияны саудаламағаны кемде-кем. Қаланың мырзалары мол түрде ақшасын, даланың мырзалары мол түрде малын ұсынды.

Бірақ бұлардың біреуіне де әкесі міз баққан жоқ. Оның жауабы: «Балам ер жетсін, кемеліне келсін, ақылы толсын, содан кейін кімге барса да еркі. Теңі келсе, тек берем. Ғалияның қалыңынан күн көрмей-ақ қоям».

Ғалия ер жетті. Сөйлеушісі көп, әкесінің уәдесі жоқ. Ғалияның өзіне сөйлесе, әзіл-оспақтың шытырманына алып кетеді де, әурелеп апарып, адастырып жібереді, «ше-

бер-ақ құрдым» деген торлардың ешқайсысына оралу түгіл, түспейді.

Оның бұл қылығына өшіккен жігіттер: «Пәлен болдым, түген болдым» деген өсектер таратады. Бұл өсектердің кейбірі әкесі мен шешесінің де құлағына шалынады. Оған күйінген шешесі әкесіне: «Баланың бағын байладың, міне енді мынадай атаққа таңылды!» деп талай рет шаптығады, талай рет көз жасын төгеді, әкесі бұл өсекке қажығанмен, қызын сүймеген біреуіне бере салуға обалсынады.

Осы қаңқу қажытқан Ғалияның әкесі бір күні қызына кісі арқылы сөз салады:

— Балама айт,— деді ол,— өзі білетін қымызшы Біржан Ғалияны көңіл етеді. Ол әрі момын, әрі ауқатты жігіт екенін балам біледі. Мен болсам жер ортасынан астым, шешесі де сары кідір боп қалды. Күшім бар кезде момын біреумен елбесіп-селбесейін деп ем, Біржан соған дәл кеп тұр. Балам соған көнсін.

Елші адам Ғалияға әкесінің бұл сөздерін артығымен жеткізді. Ғалия жауап бере қоймаған соң: «Ойлан,— деді елші,— ақылың бар бала едің, есігіңе келген ырысты маңдайға теппе».

Елші айтпай-ақ, Ғалия өзінің жұбайлық өмірі туралы көп ойланатын еді. Ол — қаланың медресесінен мұсылманша жап-жақсы білім алған қыз. Кітапты да ол жасынан көп оқыды, солардың ішінде ерекше сүйетіні ғашықтық, қиссалары болды. «Қиссалардағы қыздар ғашық болғандай жігіттер кездесе, мен де ғашық болар ем» деп ойлайтын еді ол. Сондай жігітті ол іздеді де, бірақ таба алмады. Ғашық болуға жарарлық жігіт оған қиялдағы ертегі сияқты көрінді. Ол соңғы кезде ғашықтық болады дегенге сенбеді, сондықтан бір жағы жасы жеткен, екіншіден көп өсек құлағын сарсытқан ол кім де болса, тәуекел деп біреуге бармақ еді, міне сондай кезде, әкесінің ұсынысы кездесе кетті.

Қайту керек?

«Бармаймын» десе, әкесі ренжиді... «Барайын» десе, Біржан теңі емес... Бұндайда әйелдің әлі келетіні — көз жасы, ойы толқыған Ғалия жаттыда жылады... ол ұзақ жылады... Одан өнер еш нәрсе жоғына көзі жеткен Ғалия: «бәрібір,— деп қорытты ойын,— тағдырдың көлденең тосып тұрған бақытын көрген жоқпын. Ойдағым табылмауына көзім жетті. Әкемнің көңілі жабырқамасын — барайын!»

Қызының көнгенін естіп қуанған әкесінің Біржанға жалғыз ғана шарты болды:

— Жалғыз балам болған соң ерке ғып өсіріп ем,— деді ол,— жас күнінен сауық-сайранға, ән-күйге әуес боп өсіп еді. Қолыңа барған соң, қазан-ошақтың ортасына қамап, күң ғып жіберме. Қымыз сатуды кәсіп еткен жігітсің. Баламды сол таза жұмысыңа ғана қос: таза жерде, таза киім, таза ыдыспен қымыз сатсын. Ойдағы-қырдағы жәрмеңкелер мен базарларға барып та қымыз саудасын жасайсың. Сонда қасыңнан тастама. Қымыз бар жерде — сауық бар. Одан бетін қақпа.

Біржан бұл айтқандардың бәрін де істемек болды.

...Кешікпей той жасалды. Біржанның төрт бөлмелі қарағай үйіне Ғалия келіншек боп түсті. Бұрынғы Тілеудің үйінен шықпайтын мырзалар енді Біржанның есігін босатпады. Біржанға бұл залал да болған жоқ. Бұрын тоқал шешесі сататын қымыздан жөнді пайда түсе қоймайтын. Ғалия босағасын аттаған соң-ақ, саудасы күсет бола бастады. Қымызды сатып ішушілердің көбі соның үйінде болды.

Оның қорасында кең қарағай сарай болатын еді, соған кілемді жайып, лық тола жиылған жұртқа, әсіресе қыл-жақбас бозбалаларға қымызды Ғалия өз қолынан құйып берді. Оның қолынан жұтқан қымыз бозбалаларға бал тақтыды.

Кейбір жақын құрбысымен кездескенде ғана болмаса, әкесінің үйінде бөлкім тұйықтау, ұялшақтау Ғалия, келіншек болған соң, кіммен де болса бет пердесін аша сойлесті. Бір жағы әзіл, бір жағы сықақпен, қымызға келген бозбалаларды ол ұршықтай үйіріп, билеп әкетті. Ара-тұра сырнайға қосыла ән шырқап, думан да жасалды...

Біржанның «үй иесі» деген аты ғана болмаса, билік Ғалияда болды. Ғалияға өшіккен біреулер Біржанға: «әйелің пәленмен, түгенмен жақын» деп шағыстырды да. Ол сөзге сырттан елегізгенмен, Ғалияға қатты сөз айтуға Біржанның батылы жетпеді.

Расында да тағдырына мойын сұнған Ғалия Біржанды еркек деп емес, ерім деп ұқты, сондықтан азғырушылар көп болғанмен, Біржанның көзіне ол шөп салған да жоқ, салам деп ойлаған да жоқ. Мен көрген ердің бәрі—еркек қапа. Біржан да соның бірі. Олай болса, басымды бөріне қосақтап қайтем? Бірімен ғана болсам жетпей ме соның?»

Осы ойға табанын нық басқан Ғалияның өмірден ендігі алмақ болған ләззәті — Біржанның қымызын сата отыра, уақытын ойын, сауық, әзілмен, ән-күймен өткізу еді.

Бұрынғы Ақмола, Семей облыстарында жыл сайын жаздығүні үш жерде ірі жәрмеңке болады: Қоянды, Тайынша, Атбасар. Бұлардың Ақмолаға ең жақыны — екі жүз елу шақырым. Базарларға төңіректен ең кем дегенде мың шақырым жердегі халық жиналады. Кейде бір шеті Петербургтен, бір шеті Ташкен — Құлжадан, бір шеті Владивостоктан мал жинайтын саудагерлер келеді.

Біржанға келгелі Ғалия осы үш базардың ешқайсысынан қалмады. Базарға Біржан сауын бие айдамайды, барған жерде сауын биені үйірімен, тігетін үйді жасауымен уақытша сатып алады да, базар тарағанша сайрандап жатады.

Көлденең қараған кісіге бір базардағы табысынан-ақ байып кететін сияқты, себебі қымыз сатып ішетін базаршының көпшілігі соның үйінде. Бірақ көлденең жұртқа көмескі нәрсе, — ақша ғып, жамбасына басып жатса, өзі біледі де, ал басқа көзге көрінетін дүние жағынан пәлендей жарқырай қалған ештеңе жоқ, баяғы бір сыдырғы қоныр дүрсін күйі.

Ғалияның ең алғаш Ақмоладан ұзап барған базары Ақмола мен Қызылжар арасындағы «Тайша» еді. Балуан Шолақты оның ең алғаш Тоқсанбайдың асында көруі де осы «Тайшаның» жолында.

Ол жолы Балуан Шолаққа апарып шапан жапқанда, атағын бұрын естігендіктен, я құмартқандықтан жаппаған еді. Түйе балуан мен Балуан Шолақ ұстасарда «анау жіңішкені, анау жуан езіп тастайды-ау! дескен еді Ғалияның қасында тұрған жұрт, — жіңішкені сор тұртуін қарай гөр!»

Ғалия да осы ойда болды, бірақ оның тілегі танымаса да, жіңішке жігітке ауды. Жуан жіңішкені үйіргенде, Ғалия өзін үйіргеннен кем қынжылған жоқ. Сөйтіп «жіңішкенің халы не болар екен» деп қорқа қайғырып тұрғанда, жіңішке жуанды арқалай жөнелді... «Ә, құдай, бере гөр!» деп айғайлап қалды Ғалия қуанып кетіп. Жіңішкенің жуанды үйіре жөнелуіне тіпті сүйсінген Ғалия жерге алып соққанда, қуаныштан есі шығып кетті... Ол жүгіре басып арбасына барды да, үлкен ақ сандығын тез ашып, Ташкенттен келген ала жібек шапанды Балуан Шолаққа ала жүгірді. Шапанды жабудан оның мақсаты жас балуанға сый ғана

беру емес, аты-жөнін сұрап танысу еді. Оған үлгермей, Балuanды паң Нұрмағамбет шақырып әкетті. Арманда қалған Ғалия арбасына қайтып келсе, бұрын қызғанғанын сездірмейтін Біржан бұл жолы бұртандаған кескінмен, аттарын арбаға жегіп жатыр екен.

— Неге асықтың?— деді Ғалия.

— Жүреміз!— деді Біржан түйген қабағын жазбай, жегіп болған арбаға отыра беріп,— мін, тез!..

— Тойды аяқтамаймыз ба?

— Оған уақыт жоқ.

«Қызғанышы ма, несі бұл?!» деп таңданған Ғалия жылжи берген арбаға әрең мініп үлгерді...

Артынан жіңішке балуанның аты Нұрмағамбет екенін, елі оны Балuan Шолақ деп атағанын Ғалия естіді. Қайтарда Ғалия Балuan Шолақтың аулына соқпақ боп еді, Біржан: «Жолдан бұрыс көрінеді» деп ризаласпады.

Ғалия Балuan Шолақты со ойлағаннан ойлай беретін еді, оны тағы да көруге құмартатын еді, міне енді сол құмарынан шығудың сәті Атбасар базарында, өз үйінде түсті.

«Атбасарға Балuan Шолақ кепті... Өнерімен елді таңқалдырып жүр» деген сөзді Ғалия естіген еді. Көргісі кеп, іздемек болған оны екі ой бөгеген еді, біреуі —«Әйел басыммен іздеп баруым ұят болар»; екіншісі —«Токсанбайдың асындағы көзқарасын хата үкпасам, мені өзі іздеп табуға тиіс».

Осы ойдың тұғырына талпынған көңілдің құсын байлай қондырып, іштен сабырсызданған Ғалия «келе жатырма» деп, үйінен әлсін-әлсін шығып қарай беретін болды. Балuan Шолақ пен серіктері түсіп жатқанда, Ғалияның үйінен шыға беруі осы көп шығудың бірі еді.

Балуанды Ғалияның тез тануына бұрынғыдан толуы, нұрлануы бөгет болған жоқ. Балuanға қараған сайын, жүрегінде бұрын бықсып жанған құмарлық оты қызына түсті...

16. «БАТЫР - БІР ОҚТЫҚ»

*«Бір ат келді базарға құлақасқа,
Жібек нөқта басында, бауы басқа.
Ғашық болып көріскен, Ғалияжан,
Кел екеуміз мінейік тарантасқа!
Ойтырмай, жан сәулем Ғалия,
Қабағың...
Күндей әппақ тамағың.
Қарақаттай көзіңе,
Құмарлана
Ой, ой, ой... қарадым!..»*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Атбасар қаласының күнгей жағындағы Есіл өзенінен қалаға беттеп, кең қара жолмен жұлдыздай аққан, арбаға жегілген бір жорға көптің көзін сүріндірді.

— Бұл кім?— десті жұрт шуласып.

— Балуан Шолақ!

— Е, онда осы сияқты жорға бар ма еді?

— Кеше базарға құлақасқа жорға түсіп еді,— деді біреу,— Челябин қаласынан келген купецтің жорғасы екен.

Талай жасқа келдім, талай сұлу жылқыны көрдім, мұндай сұлу жылқыны көрген емеспін.

— Онда иесі неге сатады?!

— Купец салт ат міне ме? Арбадан шыққан жылқы болса керек жануар. Сол мінезінен сатса керек.

— Қаншаға алды?

— Екі жүз сомға.

— Апыр-ай, мына Балуан Шолақ жынданған шығар,— десті көпшілік шулап,— он шақты аттың құны ғой мынау.

— Тегін ақшаны аясын ба,— десті әркімдер,— Қайрақты қаласының сексен өгізін ұрлап алып сатып, соның ақшасымен келді деген.

— Сол купецтің фазтон жеңіл арбасы бар екен,— деді біреу,— Балуан Шолақ атқа арбаны қоса саудалап, жүз сомға алыпты. Жұрт Балуанның ат пен арбаны сонша қымбат алуына бір таңданса, екіншіден, жұртты таңдандырған — арындап арбаға жүрмей қойған атты Балуанның фазтонға жегіп жүріп кетуі!..

— Жылқының перісі емес пе ол? Оған таңданатын ештеңе жоқ,— десті әркімдер

— Қасындағы кім?

— Ғалия!..

— Қайдағы Ғалия?

— Ақмоладан келген қымызшы Біржанның қатыны.

— Оны неге беріп қоя берген бұған?..

— Әңгімесі көп көрінеді оның...

Жұрт солай дабырласып тұрғанда, аяғын зырылдау-ықтай шапшаң басып, құстай ұшқан Құлақасқа көзден ғайып болды. Олардың құлақасқамен осылай жүруіне, міне, бүгін үшінші күн...

Ғалияның үйіне барып, қымыз ішкен Балуан Шолақ ұзақ отырмай, жұмысым бар еді деп кетіп қалды да, кешке айналып сол үйге қонуға келді. Көз қарасынан мінезі жеңіл ме деп ойлап қалған Балуан Шолақ Ғалияға ауыл әдетін қолданбақ болды.

Ауылда егер қыздың я келіншектің қас-қабағы жақсы болса, бозбалаға онымен тілдесу қажет емес, түнде ұрланып төсегіне бір-ақ барады.

Біржанның үйіне осы ниетпен келген Балуан Шолаққа жолы болған сияқтанды,— Біржан әлде не жұмыспен бүгін келмейтін боп кетіпті. «Үй оңаша болды» деп қуанған Балуан іңірде, өзен жағасындағы тал арасына Ақбозды апарып, аяғына тұсау салды да, үйге қайтып келе жатты. Ойда жоқта алдынан басына шапан бүркенген әйел кездесті де, жолын бөгеп тұра қалды.

— Бү кім еді?!— деді Балуан.

— Мен, Ғалия!— деді әйел бетін ашып.

Рас — Ғалия!!..

Ғалияны қалай құшақтай алғанын Балуанның өзі де сезбеді. Соқыр сезім сол жерде есінен тандырған ол сүйіктісін жерден жаңқадай көтеріп, қалың талдың арасына ала жөнелді.

Ғалия тырмысқан жоқ. Балуан оны қалың шалғынның арасына әкелді де, денесін көме шалқасынан жатқызды. Ғалияда әлі де бұлқыну жоқ.

«Мынау қайтеді?» деп ойлаған Балуан Ғалияның бетіне түрегеп тұрған қалпымен үңілді.

— Тоқтыңыз семіз бе екен?— деді Ғалия.

— Қайдағы тоқты?— деді Балуан түсінбей.

— Ауыл ұйықтап жатқанда қотанға қасқыр ұрланып кіретін де, бір тоқтыны арқалап ала қашатын. Сол сияқты мені қайда әкелдіңіз?

«Батыр — аңғырт». Балуан сөзден тосылғандай үндемеді.

— Балуан,— деді Ғалия басын көтеріп, қасына отырған оның иығына қолын салып,— мен сізді осы араға әдейі ішпен кеп ем, тыңдасаңыз үш тілегім бар.

— Неге тыңдамайын. Айт.

— Айтайын!— деді Ғалия жеңіл күрсініп,— нарлығыңызға, «Балуан Шолақ» деген даңқыңызға сүйеніп, тілегімді берер деп айтам. Бірінші тілек — мен туралы талай өсек естуіңіз мүмкін, соның жаманат жағына сенбеңіз; екінші тілек — қалтқысыз көңілмен жүрек жара дос болайық; үшінші тілек — осы базар тарқағанша біздің үйде болыңыз!

Балуан ойланып қалды. Үшеуі де ауыр тілек. Алғашқы тілегін берейін десе, «көлденең өткен көк аттыны құр жібермейді» деген сияқты өсекті көп естіді, ол өсектің анық-қанығына жетпей, қалайша «саған сенем» дей алады? Екінші тілек — «дос болу»... Өте үлкен сөз! Өте салмақты сөз! Сырын білмеген адамға «достаса қояйық» деу оңай ма? Ең қиыны — үшінші тілек. Ғалиямен қалай бірге бола алады ол? Күйеуі ұлықсат ете ме оған. Жаман да болса күйеу аты, еркек аты бар емес пе оның? Ендеше өз бойына лайық, еркектік, күйеулік намысы бар емес пе? Сол намысын таптағысы келгенге, шамасы келгенше қарсы тұрмай ма ол?.. Оның арты неге соқпақ сонда? Бұған дейінгі дұшпаны аздай, тағы дұшпан үстіне дұшпан қоса түсу керек пе? Ол жалғыз болса құба-құп. Егер оның дос-жараны көп боп сойылын соға кетсе, қайтпек.

Осы ойлардың салдарынан Балуан тұнжырап, үндемей гап еді:

— Орындай алмасаңыз қолқам жоқ,— деді Ғалия оның иығынан қолын алып.

«Өкпеледі» деп ойлаған Балуан ағынан жарылып еді...

— Көп жыл бірге тұрған күйеуімді мен сізден гөрі жақсы білемін,— деді Ғалия,— оның еркі менің қолымда. Бүгін де мен оны ертеңге дейін оралмайтын жаққа жұмсадым, ойым — сізбен бүгін оңаша болып, армансыз сырласу еді...

— Менің бүгін оралып келетінімді қайдан білдің?— деді Балуан қуланған боп.

— Еркектің әйелге деген бар сыры көзінде тұрмай ма, Балуан?— деді Ғалия күліп,— көз қарасыңызбен айтып аттанбадыңыз ба маған «кешке оралам» деген сөзді?..

— Ә, солай ма еді?—деп Балуан мойындай қалды да,— ол өз алдына бір сөз ғой,— деді кескінін салмақтандырып,— ал, әлгі сөзге келсек, «күйеуім — еркімде» дегеніммен, оның намысын көрінеу көзге таптауға болмайды; көзіне

шыққан сүйелдей боп, үйінде бадырайып қалай жатып алам?..

— Сонда не істемексіз? Ұрланып кеп жүрмексіз бе?

— Басқа амал бар ма?

— Сізді жасыра алатын дүние жоғына көзіңіз жете ме, батыр, тегі?..

Балуан үндемеді...

— Жоқ,— деді Ғалия шымыр дауыспен,— еш нәрсе де жасыра алмайды сізді!.. Өзгені былай қойғанда, қараңғы түн де жасыра алмайды!.. Сіздің қайда жүріп, қайда тұрғаныңызды жұрт жасырсаңыз да біледі, өйткені сіз жұртқа шыққан күн, туған айдай мәлім боп алған адамсыз. Сіз жұрттың бәрін көрмегенмен, сізді жұрттың бәрі көреді...

— Сонда не істеу керек?— деді бұл сөздерге тағы да шырмалған Балуан.

— Бір жол бар,— деді Ғалия қаярланған үнмен,— бірақ оған сіз түсе алмайсыз!..

— Мысалы, қандай?

— Әйеліңізден айырылып, маған қосылу!..

— Өзің түсе алар ма едің ол жолға?

— Түсер ем!.. Ал сіз?..

Балуан жауап бермеді. Қалай береді — осы секундке дейін басына тумаған сұрақ бұл.

Жауабын өзі таба алмай қиналған сұраққа, «Ғалия да ойланбай жауап беріп тұр» деп жорыған Балуан:

— Сен де хата айтасың. «Түсем» дегенмен, түсе алмайсың ол жолға, күйеуіңнен айрыла алмайсың!— деді Ғалияға.

— Ендеше не істеу керек?

— Былайша ғана ойнап-күлу керек...

— Қалайша?

— Белгілі сөз ғой ол!— деді Балуан ішінен, «сондай да сұрақ бола ма екен?!» деп танданып.

Қалайша «белгілі»?— деді Ғалия,— «ұрланып жолығу» ма «белгілі» дегеніңіз?.. Оның несі «ойын-күлкі»?..

Сонда не істе дейсің?— деді Балуан бұл мағынасыз етесуді доғарғысы келген үнмен.

Егер қиғыңыз келсе, Балуан, маған өзімізден өзге ешкім білмейтін ұрлықтың ойын-күлкісі емес, қалың ел білетін жария ойын-күлкі керек.

Ол қалай болады?

Мысалы, бір әдемі атты әдемі сайманмен, әдемі тарапгасқа жегесіз, екеуміз оған қатар мінеміз де, базар ара-

лаймыз жөне жәй араламаймыз, сырнайлата, әндете аралаймыз, сөйтіп базардың думаны боламыз. Міне, бұл жұртқа жария ойын-күлкіміз болады. Жұрт та рахаттананды бұған, өзіміз де рахаттанамыз. Бұлай ойнап-күлуге күйеуімді мен көндіре алам.

Екеуі осыған серт байласты. Серттің куәсы — Біржан болды. «Ғалияның алысқа жұмсауымен,— мен көз таса боп, Балуанға кешке жолығу» деп күдіктенген ол, «барайын» деп аттанып кеткен еді де, былай шыға бой тасағып, іңірде кейін оралып, атын алысқа тұсап, талды жамылып кеп, Балуан мен әйелін аңдыған еді. Ол екеуінің қалай жолығып, не кеңескенін, қастарындағы қалың талдың ішінде отырған Біржан түгел естіді. Әзірге бүлініп-жарылған ештеңе болмағанмен, естіген кеңестері құлағына жаға қойған жоқ. Бұл істің арты немен тынуына көзі жетпеген ол «ең жақын міндетім» деп, Балуанның бүгін түнде Ғалиямен қашуына бөгет жасауды есептеді. Сол мақсатпен ол үйі ұйқыға жатады-ау деген кезде, алыс жолдан оралғандай, атын дүбірлете аяңдатып кеп, дыбысын сездіргісі келгендей, үйінің сыртына қақырына-түкіріне түсті.

— Иеміз келіп те қалды!— деді дыбысты таныған Ғалия іштей әрі қуанып, әрі ренжіп.

Реніші — бүгінгі түнде Балуанның құшағында өткізбек еді, күйеуі ол үмітін кесті; қуанышы — бүгінге дейін адал келген неке суына бүгін арам тамшы қосу, су орнына у ішердей жүрегін лоблыта бастаған ол қиналудан күйеуі құтқарғандай болды.

Қасына жатқан күйеуімен сыбырласқан Ғалия оны өз ыркына көндіріп барып ұйықтады. Сондағы айтқан сөзінің тоқ етері: «Ойыным мен сауығыма бөгет болмауға басынан көнген едің ғой, сен? Адал некемізге арам жұқтырмауға мен уәде берейін, Балуанмен базарда серуендеуіме бөгет болмауға сен уәде бер».

Осы тақырыпта айтылған ұзақ сөздің қорытындысы сияктанған бұл өтінішке Ғалияның дегенін екі етпеуге дағдыланған Біржан қарсылық айта алмады. Оның тек қана айтқаны:

— Қайдам, жұрт көзіне ерсі көрініп жүрмесе, өзің біл!..

— Жұрттың не десе де еркі,— деді Ғалия,— ел аузына қақпақ бола алмайсың. Бір-бірімізге өзара сенсек болғаны. Мен саған сендім. Ал сен өзің маған сенесің ғой.

— Әрине!— дей салды Біржан.

Көкейінде «сенбегенде амалым қанша!» деген сөз тұр. Ол сөзді сыртына шығара алмайды. Ғалияның көңілін қалдыру былай тұрсын, кірбің салуға да жоламай дағды алған ол. Неге екенін өзі де білмейді — Ғалия жоқ жерде оған өмір жоқ сияқтанады, онсыз күні қараңғылық сияқтанады, айы да, күні де Ғалия сияқтанады, оның көңіліне қаяу салу айы мен күнінің бетіне кір жағу сияқтанады...

Бұған дейін сөйтіп келгенде, Біржанның жанын толқытарлық хаупі болған да жоқ еді. Қазір олай емес. Мынау «Балуан Шолақ» деген оның бұрын көрмеген «аңы». Бұрынғы «аң» деп жүргендері бұның қасында арыстанның қасындағы борсық сияқты. «Бұл бір жұтпас,— деп қорқады Біржан Балуаннан,— егер жұтса, түйені түгімен, биені жүгімен.. дегендей мол қылғыр!.. Бұның аузына ілеккенді суырып алу да қиын болар!..»

Осыны айтайын десе, «көңілін қалдырам ба» деп, Ғалиядан қорқады, айтпайын десе, «асап кою» хаупі бар!.. Ғалияның «маған сенесің ғой?» деген сұрауына «сенем» деген нық жауап бермей, «әрине» деп былқ ете түсуі сондықтан...

Ерінен рұқсат алуын Ғалия ертеңіне естірткенде, Балуан Шолақ қуанып кетті.

— Жігіт екен ғой оның өзі!— деген сөз шығып кетті оның аузынан,— дос болуға да жарайтын жігіт екен ғой ол!.. Бірге серуендесек қайтеді өзімен?

— Егер көнсе.

— Неге көнбейді?..

— Артық жүріс, тұрысты ұнатпайтын адам... Ғалияның сөзі тура шықты. Онымен базарда бірге серуендеу үшін, жоғарыда аталған Құлақасқа жорғаны арба-сайманымен сатып алған Балуан Біржанға бірге жүруді ұсынған еді, «бұндай іске бейілім жоқ еді, Ғалияға берген ұлықсатым — ұлықсат, өздерің серуендей беріндер!» деді.

Құлақасқаның фазтонына мініп, Балуан мен Ғалия жөнеле бергенде, ішінде лаулай жөнелген қызғаныш оты Біржанды да үйіне отырғызбай, атына еріксіз қондырды. Оның ақылшысы әрі болыс, әрі бай, ауылда да, Ақмолада да салығы бар Ыспан дейтін адам еді. Кеше де ол Ғалия жұмсаған жаққа бармай, сол Ыспанға соғып, Балуан Шолаққа деген күдігін айтқанда:

— «Қасқырдың ұлығаны — жеймін дегені» депті аталарың,— деді Ыспан,— Балуан Шолақ бекерге ұлитын

қасқыр емес, ұлыса, жейтін қасқыр. Ұлыды ма қатыныңа қарап?— «жеді» дей бер оны. Осы түннің өзінде жеп кетіп жүрмесін ол. Жемесін десең, ізіңмен қайт үйіңе! Қайтпақ болған Біржанға:

— «Андушы алмай қоймайды» депті аталарымыз,— деді Ыспан.— Торуға кіріссе, қапынды табады ол...

— Таптырмау үшін не істеу керек?

— Оны кейін ақылдасайық. Бүгін үйіңе қайт. Әуелі Балuanның үйіңе оралу-оралмауын біл, соған қарап айла жасайық.

Ертеңіне Біржан оралып кеп естіген-білгенін айтқанда:

— Келді ме, жорамалым?— деді Ыспан, Біржанның салмағын молайта түскісі келгендей.

— Дәл келді. Әулие екенсіз!..

— Енді бұдан құтылу оңай,— деді Ыспан.

— Қалай?..

— Оны кейін білесің. Саған тапсыарым — қатынның серуендеуіне бөгет болма...

— Со бетімен алып қашса, қайтем?

— Оны істемейді Балuan Шолақ. Сертіне ол берік жігіт. Кешке кеп үйдің қонам десе, қонады ол.

Ендігі сөзді ертең кеңеспек боп, Ыспан Біржанды үйіне қайтарып жібереді. Оның Біржанға «кейін білесің» дегені: өткен күні Атбасарға жиналған болыстардың бәрін ояз шақырып алған еді де, «Егор Пропадкoның өгізін ұрлаған қашқын — Нұрмағамбет Баймұрзин осы базарда жүр дейді, жалғыз аты «Балуан Шолақ» дейді, халық өзін аса жақсы көреді дейді, олардың арасынан ұстау да қиын дейді, ал енді сол адамды қалай ұстаудың амалын табыңдар» деген. «Табамыз» деп уәде берген болыстар. «Бірақ бұл істі өте жасырын түрде істендер!» деп тапсырған ояз.

Осы әңгіменің ішінде болған Ыспанның құлағына Біржаннан естіген хабар жаға кетті. «Көптің ішінен ұстау қиын еді,— деп қуанды ол,— серуенде жүргенде ұстау оңай. Бұны оязға хабарлау керек».

Біржанға бұл ойын айтпауы — «сөз тарап кетер» деп қорықты.

Хабар тиген ояз базарда төртіп сақтау ісінде жүрген Казачая сотняға «қапысын тап та қамап ұста» деген бұйрық берді.

Ғалиямен қатар мініп, сырнайда тартқан өнге қосыла, Құлақасқаның екпінді жорғасымен сілтеп келе жатқан Ба-

луан Шолақты кейі салт, кейі жаяу бір топ солдат алдын бөгеп тоқтатты да, қоршап ала қойды.

— Бұл не пәле?— деді түсі құп-қу боп кеткен Ғалия дірілдеген дауыспен.

— Пәле боп бізге не қылады?— деді Балуан,— не ақысы бар бізде бұл солдаттардың?

Олардың Балуан Шолаққа не істеуін баяндардан бұрын оқушыларды «Казачая сотня» аталатын бөлімшенің хал-жайымен таныстырып алайық.

Бұл сотняның тұрғылықты мекені — Көкшетау сыртындағы Айдабол дейтін жер. Анда-санда адамы жаңарғанмен, сотняның осы өлкеге пайда болуына көп жылдар өтті. Ол ең алғаш 1739 жыл, Абылай хан Россияға бағынуға ант бергенде құрылып, «тәртіп сақтауға» хан ордасына жіберілді. Абылай ханды, оның баласы Уәли ханды қолынан өткерген сотня «дала тиыштығын сақтау» ісіне қалып қойды... Үкімет бұл сотняны Көкшетау, Атбасар, Ақмола — үш ояздың орталығы деп, Айдаболға қойды. Атбасарда базар ашылғалы, сотняны жылда «базар тәртібін сақтауға» жібереді.

Сотняның солдаттары сонғы жылдарда бірнеше рет жаңарғанмен, атаманы көп заманнан өзгерген жоқ. Ол: сөмпектеу келген ұзын бойлы, ұрты ішіне кірген қушық бетті, иегінің ұшын ғана қасқалап қырғаны болмаса, сақалы мен мұртын тұтас, ұзын ғып өсірген, ойнақы кішірек қара көзді, қайқы мұрынды, кең танаулы, ұзын қасты, сақал-шашы ағарған, қарасұр казак-орыс. Оның туып өскен жері Айдаболға жақын — Зеренді тауындағы казактардың станицасы, тұқымынан байлар да, генералдар, полковниктер, атамандар да көп шыққан. Біз сипаттап отырған атаманның аты Захар. Орыс та, казак та оның фамилиясынан гөрі атын жақсы біледі. Қазактар оны «Көктеке» дейді.

Көктеке өзімен теңдес біреу болмаса, өзгемен қамшы, я жұдырықпен сөйлеседі. «Қолы тастан қатты» дейді таяқ жеушілер. Оңай олжа табуға шебер ол жоқтан сылтау тауып, кім көрінгеннен қорқытып, пара ала береді. Станицада бай шаруасын қорқытып ұстайтын жалшыларына тегін баққызады. Ол әсіресе казакқа өш, кез келген казакты сабау — оның өміріндегі «бір рахаты»...

Көктекенің қаһарлы атын Балуан Шолақ та естіген. Зорлықшылдың бәріне өш Балуан біреулер Көктекені жамандаған әңгімелер айтқанда, «шіркін, маған бір кездесер ме еді?!» деп кіжінетін еді, міне, енді сол тілегі бола кетті,—

оны солдаттар, Көктекенің бұйрығымен қоршады, өзі ішінде тұр. Балұанды ол ояздың «ұстап бер!» деген әмірімен қоршады.

Ол да Балұан Шолақ туралы көп әңгімелер естіген еді және ол әңгімелер Көктекеге ертегі сияқты боп жеткен еді. Қара күші болмаса, сана-сезімі топас ол Балұан туралы ертегілердің біразына нанған сияқтанып, көруге құмар-тып жүретін еді.

Міне, енді «ертегінің ерін» алдынан тосып тоқтатқан ол қазақша шалағай білетін сөздерімен тіл қатпақ боп, солдаттарды кимелей, Балұанға жақындады.

— Кімдікі парен сен?— болды оның бірінші сөзі.

— Мен — Балұан Шолақ!— деді кім екенін жорамалдап.

— Аһа!.. Понимаю!.. Естіген!.. Сен улкон казак!.. Здравый!.. Молодчина!.. Қайда барады сен?..

— Базар аралап жүрмін...

— Сені ояз шақырған, мен соған тоқтатқан...

— Менің оязда жұмысым жоқ.

— Оныкі жұмыс сенде бар...

Көктеке қылжақ қылып тұр екен деген оймен, Балұан атының басын кейін бұрайын деп еді, божысынан Көктеке ұстай алды...

— Жібер!— деді Балұан божыны жұлқып.

— Жоқ, мен сені жібермейді, оязға апарады!— деді Көктеке түсін суытып ап.

— Жібер!— деп божыны тағы жұлқығанда, қолына жармасқан Көктекені кеудеге салып кеп жіберді. Көктеке шалқасынан түсті. Сол ашумен атты құнтпен тартып-тартып жібергенде, жаны ышқынған ат, қамаған солдаттарды кеудесімен қағып, тарта жөнелді. Арба жалтарған шақта Ғалия төңкеріле құлап түсіп қалды... Оны байқаған Балұан атын тежей беріп еді.

— Қарама маған! Өзің құтыл!— деп Ғалия айғай салды. Содан ба, әлде қызған ат киіп әкетті ме, Балұан Шолақ жөнеле бергенде:

— Ат!— деген дауыс естілді.

Бірнеше мылтық қатарынан гүрс ете түсті. Құлақасқа омақата құлады. Арба төңкеріліп түсті, Балұан ұшып кетті.

— Өлді!..— деп шу ете қалды қарап тұрғандар... Балұан Шолақ тұрып үлгермей, солдаттардың қоршауында қалды...

Солдаттар оны құрғақ қолмен емес, найзалары сүйреген мылтықты қолмен қамады, егер құрғақ қолмен қама-

са, алыса кеткенін ұшырып жіберер еді де, денесіне қол дарытпай, сытылып шыға келер еді. Мылтыққа амалы болмай қалды оның. «Батыр — бір оқтық» деген аталарының мақалы түсті оның есіне. Дәрменсіздігін көрген ол солдаттарға «ұста да, байла!» дегендей, артына қайырған қолдарын тоса берді...

Ертеңіне Балуан Шолақтың аяқ-қолына кісен салынды да, пар атқа жеккен күймелі арбамен салт мінген елу солдаттың қоршауында Көкшетауға айдалды.

Балуанға жаны ашитын жігіттер «жолда тосып тұрып, тартып аламыз» деп еді және ол ойларын орындамақ боп, әр жерге тосқауыл да қойып көріп еді, нақ «иә, бәсе» ге келгенде мылтыққа қарсы шаба алмады. Олардың да күрсіне айтқан сөздері: «батыр — бір оқтық» деген екен-ау!...

17. АБАҚТЫДА

*Абақты азап орны, жайнаған шоқ,
Басқаным от сияқты, ішімде дерт.
Кіргізген камерына қарап тұрсам,
Ішінде менен басқа адам да жоқ.
Өнерсіз атқа мініп неге керек!
Тудым мен өнерпаз боп елден ерек.
Есікті шегіншектеп сүзгенімде,
Ұшырдым тақтайларын төртке бөлек.*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Балуан Шолақ Көкшетау түрмесіне жабылды. Оны оңаша бөлмеге қамады. Балуан ішіне кіре төңірегін көзімен шолса, темірмен торланған биік, кішкене терезесі бар, кірлеген қара сұр қабырғалы, төбесі тапал, сәкіге винттеп тастаған темір кровати бар, оның үстіне кір кенеппен тыстаған көрпе тастаған, босағасына «үштік» аталатын кішкене керосин лампы ілінген, сәулесі күндіз де күңгірт бөлме екен.

Тар бөлмені қамаудағы арыстандай күңгірентіп, Балуан Шолақ аз жүрді де, кроватьге келіп отырды. Көрпе дегені сабан екен. Не істерге білмеген Балуанның көзіне бөлменің қалың карағай тақтайдан жасалған есігі түсті. Бір оқиға есіне кеп кетті оның.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, күзге қарай ауылда шылдахана болды. Ойынға Шолақ та қатынасты. Жақын арада

қарағайдан қиған жалғыз ғана бөлме еді бұл. Шылдаханаға жиналған жұрт ішіне әрең сыйған үйге ас та даярланған соң, іші ысып кетті де, жанып тұрған керосин лампы сөніп қалды. Оны тұтатпақ боп, әркімдер әуре боп жатқанда, үйдегілердің тынысы тарылып, дем алуға болмай қалды.

— Тұншығып барамыз,— десті әркімдер, — есікті ашатын екен!

Біреулер ашайын десе, жасаң қарағайдан жасалған есік ісініп тас боп бекіп қапты, тепкілейді — ашылмайды... балтамен ұрады — ашылмайды!..

— Енді қайттік?!— деп үйдегілер сасқанда:

— Жол беріңдер маған,— деді біреу.

— Кімсің?

— Балуан Шолақпын. Есікті мен ашып берейін.

— Ал аш!— деп есік жақтағылар сырыла бастады. Қараңғы жолында әркімге соқтығып, жығыла-сүріне есікке жеткен Балуан, қолымен толғап еді, есік болар емес! Өкшемен теуіп еді, қозғалмайды. «Мынау қайтеді?» деп ерегіскен ол шегіне беріп, төбесімен сүзіп қалды. Есік жалп етіп, шалқасынан құлады. Содан кейін от та жанды, лампы да тұтанды. Жұрт далаға шығып қараса, есіктің топса темірі омырылып кеткен екен!..

Абақтының тар, күңгірт бөлмесінде отырып, осы оқиға есіне түскен ол, жұдырығын түйіп алып, есікті қойып кеп жіберді. Қалың қарағай есік екпінді күштің тегеурініне шыдамай, орта тақтайлары омырылып, шалқасынан түсті.

Торды үзген арыстандай ол сынған есіктен сып беріп шыға келсе, кең коридордың екі жағынан да мылтықты күзетшілер жүгіріп келеді екен.

Таныс мылтық!.. «Батыр — бір оқтық!».

Балуан Шолақ қарсыласпады. Күзетшілер оған сөзі жеткенше ұрысты да, басқа бір бөлмеге тағы кіргізді. Ол кең бөлме екен. Іші лық толған адам: біреулер отыр, біреулер жатыр, біреулері түрегеліп жүр... Бәрінің кескін-кейіптері абақты бөлмесінің қабырғасындай қарасұр, бәрінің де көздері абақты бөлмесіндей күңгірт.

Балуан Шолақ кең бөлмеге кіргенде, оны бір топ адам қоршап алды. Бәрінің сұрауы біреу: «Кімсің? Жазығың не?»

Сазарған Балуан жауап бермей, жаңа ұсталған жолбарыстай жан-жағына қабағын түйе, тесірейе қараса, қоршағандар — түгелімен арық, түгелімен желқом — жыртқы киімді. Бұның үстінде ылғи жаңа және жақсы киімдер...

Жыртқытардың бір тобы бұған қадала қарап, қоршай қалғанда, енгезердей біреуі таянып келді де:

— Шеш киімдерінді!— деді.

— Неге?!— деді Балуан таңданған кескінмен...

— Біз киеміз.

— Өзім қайтем?

— Сен мына біздің киімді аласың!..

— Иә, біздің киімді аласың!— деп ду ете күлді қоршағандар, құрсауын тарылта жақындап.

«Мыналар қайтеді?!» деп сескене бастаған Балуан ығысыңқыраған бейнемен:

— Әй, естерің дұрыс па өздеріңнің?!.. Жыным бар ма менің жақсы киімдерімді сендерге беріп, өзім сендердің құрымдарыңды ілетін?

— Шешемісің, жоқ па?— десті қамағандар енді түстерін суытып, өздері шешіп алуға ыңғайланып.

— Жоқ!— деді Балуан ақырған қатты дауыспен...

Көп адам оған жабыла кетті. Ол алыса кетті!.. Күшінің көптігінен бе, әлде аналар шетінен әлсіз бе, жабылған адамдарды Балуан шопақ құрлы көрмей, жұлып алған тымақтай жан-жағына шашырата лақтырып-лақтырып жіберді!.. Маңында адам сиреп қап, бірен-саран жақын тұрған адамдар ұстауға бата алмаған кезде:

— Кәне, қайсың барсың тағы да!— деді Балуан алысуға ыңғайланып,— келіңдер, алысуға ойласандар!..

Өлгі арпалыста қолының тегеуріні қаттырақ батты ма, немесе әлдері келмеуіне көздері жетті ме — ұмтылушылар болғанмен, ешкім жақындап кеп ұстаса қоймады.

— Бұл не қылған балуан? Кім өзі мұнша күшті?!— деп шулағандарға:

— Мен — Баймүрзин Нұрмағамбет!.. Халқым қойған атым — Балуан Шолақ!— деді ол енді еркінсіп ап.

— Нұрмағамбет!— деген сөз сап ете түсті оның құлағына.

«Бұл кім?» деп ойлауға үлгертпей, әлдекім оны құшақтай алды.

«Алысқысы келген біреу ме?» дегендей, Балуан оны денесінен итермелейін деп еді.

— Нұрмағамбет!.. Мен!.. Андрей!..— деді құшақтаған адам.

Андрей Кургановтың дауысы!.. Бірақ кескін-кейіп оныкі емес,— бет-аузын қауғадай сақал жапқан біреу!.. Үсті-басы далба-дүлба!..

Ол расында да Андрей болып шықты. Досын тар жерде тапқан Балуан баладан жаман естіп жылады, оны ұзақ уақыт уату қиын болды...

Уанғаннан кейін сұрастырса, алыстағы Сібірге айдауға кеткен Андрей жуық арада қашып келген екен де, қолға қайта түскен екен. Ол абақтыдағыларға қысқаша Балуанның кім екенін таныстырды. Одан әрі шүңкілдесіп сырласулар кетті...

18. ӘЗӘЗІЛДЕР

*«Мен не қылдым, япыр-ай жақыныма?
Тұзым ащы жақынға татыды ма?
Абақтыда жатқанда бір келмеді,
— Шолақ қол батқаны ма тақымына?»*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Балуан Шолақ абақтыда айға жақын жатты. Оны сыйлайтын адамдардың қолынан келгені — дәм татыру. Қолдарынан келер басқа ешнәрсе жоқ. Достарына риза Балуанның ренжитіні — туысқан ағайындары, әке-шешесі, ағасы — Төлеубай, әйелі — Балқаш. Балуан абақтыға түскелі олардың ешқайсысы ат ізін салған емес, дәм әкелген емес.

«Бұл қалай?! — деп танданды Балуан Шолақ. — Естімей жатыр ма? Естісе неге келмей жатыр?!»

«Ағайыным момын еді, — деп ойлады ол кезде, — көленкелерінен қорқатын еді. Олардың келмеуіне себеп сол шығар; мұндайда от пен судан тайынбайтын адамның алған жары мен ата-анасы болар еді. Олардың да тым-тырыс жатуы неліктен екен?! Әлде Балқаш менің Ғалиямен аз күн сайрандағанымды естіп, қызғанып, қызғаныш аяғын тұсап жібермей ме екен?»

Атбасардан конвоймен жөнелтерде Ғалия Балуан Шолаққа анадайдан амандасып, артыңнан іздеп барам деп қалған, одан да хабар-ошар жоқ.

«Адамның сезімі алдамаса, Ғалияға сеніп ем, жолымда жанын қияр дос таптым ба деген ем. Іздеймін, келемін деп уәде айтуы қалай? Уәдесін орындамауы қалай? Шіркін, оның да опасыз болғаны ма? Әлде сорлыны жаман, қызғаншақ күйеуі арқандап жібермей жүр ме?»

Ғалияның келмеуі туралы Балуан Шолақтың жобасы дұрыс еді.

Ақмола қаласының күнгей жағында, отыз шақырымдай жерде «Майбалық» атты шалқар көл бар. Сол көлді айнала мекендеген Арғын руының Ағыс атанатын бұтағында болатын. О да серілеу, ауқатты, оның үстіне, «білсе барымта, білмесе сырымта» дегендей, өштескен адамын ұрлап құртатын озбырлығы бар адам да.

Ғалияны қыз кезінде алам деп талпынғанның біреуі осы Қордабай да, бірақ, әкесі Тілеу көп қалыңмалға емексігенмен, Ғалия көнбеген еді. Арманда қалған Қордабай Ғалиядан келіншек болған соң да күдер үзбей, «тым болмаса ойнап-күлуінді қимаймысың» деп қыңыратқи беретін еді. Ішкі ойы алыс жатқанмен, Ғалия Қордабайдың жігітшілік өзіл-оспағына қызығып, қалжыңның ұзын арқан, кең тұсауынан босатпайтын...

Ғалияның Атбасар базарына баратынын естіген Қордабай «қанша қашаған болғанмен, осы жолы бұғалығыма неғып ілікпес екен?» деп дәмеленген.

Атбасарда Ғалияның көңілін аулауға Қордабай күн бұрын қам жасап, Қарқаралы жақтағы өзеке тұрларына хабар айтып, мойны алыс жерден бір айғырдың үйірі — 15 шақты қысырақты алдырды да, Атбасарға айдады.

Ғалия мен Біржанды ол да жолда жолықтырып, Атбасарға бірге барды. Жолшыбайғы өзіл сөздерінің арасында Қордабай Ғалияға 15 байталды сол үшін әкеле жатқанын ұқтырды. Ондай өзеуреп, жоққа шабылатын жігітті олжалау Ғалияның көнігі болған ісі еді. Бұл ойын күйеуінен жасырмай, құрғақ ойын-күлкіден қызғанбауына уәдесін алды.

Ғалия емексіткен соң, Қордабайда ес қалған жоқ. Он бес байталдың ақшасын судай сапырған оның негізгі тұрағы Біржанның үйі болды. Ғалия оған Біржанды аз күнде Ақмолаға қайтаруға уәде берді. Бұл қулықты шынға жорыған Қордабай тіпті шала бүлінді...

Балуан Шолақ келгенде, үйде жоқ Қордабай ол аттанып кеткесін келді. Жігіттер оған Ғалияның қас-қабағы Балуанға қалай болғанын айтты.

Аяғын тік басқан еркекте өзінен артық адам бар деп ойламайтын еді Қордабай. Балуан Шолақтың атағын естіген еді. Жұрты Балуанды «пөлен-пәшпеден» деп көтермелегенде, «өй, тәйір-ай, кім дейсің сонша ардақтайтын, — деп ойлайтын еді Қордабай, — о да біз сияқты бір қатыннан туған шығар!.. Ол да біз сияқты, екі аяқты, жұмыр басты пенде шығар... Азар болса, күші артық шығар, одан

басқа несі артық дейсің? Күшімен кімді жеңеді ол? «Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады», білімі артық болмаса болғаны!».

Жігіттер Ғалияның Балуан Шолаққа қылмындауын айтқанда, Қордабай мұрнын шүйірді:

— Қой, әрі!— деді ол.— Соны да сөз деп айтып отырсыңдар ма? Жолап көрсін Ғалияға, күшті болмақ түгіл, бұл заманның Әзірет Әлісі болса да, әлегін аспаннан келтірейін!..

Балуан Шолақ Ғалияға оралып келген түні онымен табақтас бола тұра, Қордабай ойдағы қайратын көрсете алмады. Не ғажабы барын білмейді, қанша сұқтанғанмен, батып сөз айта алмады, бойынан сығымдап әкелген намыс пен ашу не тіліне, не білегіне орала алмады. Ғалия азғырылып болды деп түсінген ол қапысын тауып Балуанды атпақ та болып еді, реті келе тұра қолы көтерілмеді...

Қордабай осындай толқымалы халде жүрген кезде Балуан Шолақ ұсталды.

«Балуан Шолақ ұсталды» деген хабар базаршылар арасына найзағайдан тез тараған еді. Бұл хабарға қуанушылар да, қайғырушылар да болды; қуанушылардың біреуі — Қордабай.

Ұсталған Балуан Шолақты солдаттар Атбасар қаласының желкесіндегі қазармаға алып жөнелерде, сол араға Қордабай да жеткен болатын. Ол барған кезде Ғалия талықсып жатыр екен.

— Өкел маған!— деді Қордабайдың қаталдығы шектен шығып, салт аттың үстінде тұрып,— өкел қаншықты, өлімтігін күйеуінің үйіне апарып тастайын!..

Сол араға жиналған жігіттер талықсыған Ғалияны көтеріп әпергенде, Қордабай лақтай алдына өңгеріп алып, қымызға тігілген үйіне қарай шапты да кетті.

Үйіне барып есін жиған Ғалия Балуан Шолақтың соңынан кетпек боп еді, Қордабай қайрап қойған Біржанның сөзі қысқа болды:

— Мойныға тағылған арқаның мен екенім есінде болсын,— деді ол,— тырп етіп көр, қалай қылғынар екенсің!..

Ғалияны Біржан мен Қордабай арқанмен сүйрегендей, Ақмолаға алып қайтты. Ғалияның Көкшетауға, Балуан Шолақтың артынан келе алмаған себебі осы.

Енді Балқаштың келмеген себебіне тоқталайық.

Балуан Шолақтың ұсталғанын оның елі, Көкшетауға жетпей естіді. Өзге туыстарымен бірге, бұл оқиғаға Балқаш та ағыл-тегіл жылады.

Жұрттың бәрінен көп жылаған — Қалампыр. Бірақ ол жылай отыра, қайғылы дүйім жұрттың бәрінен артық қайрат көрсетті.

— Балқаш, шырағым!— деді ол хабар естілген күні кешке,— жылаумен Нұржанды құтқара алмаспыз. «Болған іске болат бол» дейтін Әткем. Белді бекем буайық. Төлеубай екеуің жассындар ғой, аяқ-қолдарың жеңіл, Көкшетауға аттанындар, Нұржанға ас апарып беріңдер.

Балқаш бұл сөзді мақұлдады. Ұлықтың пара алатын кезі. Параға беруге өз қолдарында пұл жоқ Баймырза «ел ақтап, жылу жинасам қайтеді» деп еді, Қалампыр ұрысты.

— Жігерсіз, бар болғыр! — деді ол,— енді сұраншы болуын ғана қалып еді. Досқа күлкі, дұшпанға таба болғың келіп пе еді? Жаны ашыған ағайын болса, жәрдемін берер, бермесе, ешкімнен ешнәрсе сұрама!

Төлеубай бір байдың жылқысында еді, иесі оны «шықсаң, біржола кет, әйтпесе жібермеймін» деп босатпады. Оның істеген «рахымы»— Төлеубайдың ақысына уәде қылған қойын күн бұрын берді. Сол қой сойылып, көршілердің біреуі атын беріп, Балқаш пен Баймырза піскен етті арбаға салды да, екеуі Көкшетауға жүріп кетті.

Ауылдан ерте шыққан олар күн түске тармаса бір қолдың жағасына кеп, ат шалдыруға тоқтаса, сол арада Атбасардан қайтқан Тоқсанбайдың Сыздығы, Жұманның Әлжаны, тағы сондай мырзалар жатыр екен. Баймырза мен Балқаш солардың қасына жақын жерге ат ағытты.

Ат шабандау және арықтау еді. Баймырза атты арбасынан ағытып, көл жағасына апарды да, аяғын тұсап, қасында қисайып жатты. Балқаш арбаның үстіндегі астауға салынған піскен етті жынығып кетер деп жайды.

Балқаш пен Баймырзаны анадайдан таныған Сыздық пен Әлжан олардың қайда бара жатқанын айтпай-ақ жобалап, өзара сөйлесті.

Жаман Баймырзаның мына қимылын қарай гөр, жасаған!— деді Әлжан,— бұған да намыс бітіп, тұтқындағы кісіні іздейтін болған соң, өзгеге не жорық!..

Түсінбей айтасың,— деді Сыздық,— кешегі жаман Баймырза бүгін жақсы бола қалды деймісің? Оны жақсығып отырған кім екенін білемісің?

— Кім?

— Қатыны Қалампыр. Баймырза соның айдауымен келе жатыр. Ол қолының қысқалығымен ғана қотанға

сыйып жүрген қатын. Егер ауқатты адамның қатыны болды бар ғой, ел билеген бәйбішенің біреуі болар еді.

— Анау арбасының қасында қалған әйел келіні болды ма екен?

— Әрине.

Екеуі де ойлап, Балқаштың атын таба алмады.

— Кім болса да мейлі,— деді Сыздық,— ал енді біз бір қызық істейік («Не істейміз?» дегендей, Әлжан оның кескініне қарады). Осы қатынды азғырып, кейін қайырайық.

— Қалай?

— Ғалиямен Атбасардағы қылығын айтсақ, тулауы мүмкін. Өзін қызғаншақ қатын дейтін.

— Егер оған болса!

— Болдырамыз. Жүр, барайық!

Сыздық пен Әлжан Балқашқа барып амандасты, жол сұрады. Балқаш жол жайын айтты.

— Осындай қатыны бар кісінің арманы бар ма екен?— деді Сыздық Әлжанға,— біздің басымызға жаманшылық келмесін де, егер келе қалса, қатындарымыз үйден де шықпас еді, бар бітіргені жылау болар еді. Міне, қарашы, жұрттың қатыны еркек сияқты! Ерге — ер, серіге — сері.

— Осал қатын алса, ол Балуан Шолақ бола ма?— деді Әлжан Сыздыққа көзін қысып қойып,— елден таңдап алып қашқан қатыны емес пе?

— Жаман қатындар бізді төсектің құлы деп ойлайды, аяғыңды қия бассан, қызғанып, төбеңе әңгіртаяқ ойнатады. Біздің күнә-сұмдығымыз Балуан Шолақтың қасында— дария қасында шұқанақтай. Міне, ақылды қатын мен ақылсыз қатын осындай таршылықта байқалады (көзін қысып), қарашы, мына ақылды қатынды. Балуан Шолақтың қанша күнә-сұмдығын біле тұрса да, артынан іздеп келе жатыр! Біз осылай болсақ, қатындарымыз артымыздан күл шашып табалар еді.

— Балуан да қатынына сенген соң, солай еркін жүреді де. Егер сенбесе, кеше Атбасардың айдын-әлем жиналған қан-базарында қымызшы Ғалиямен ашық сайрандар ма еді?..

Манадан бері елеусіз тындаған кеңеске Балқаштың құлағы түріле қалды. Базардан ерте қайтқан бір құрбысы бұдан бұрында қалжыңдаймын деп, Балқашқа Балуанның Атбасарда Ғалияға әуліккенін айтып қойған еді. «Қайтер дейсің, басы-байлы меншіктенбес» деп Балқаш сыр бер-

меген болғанмен, ішінде қызғаныш оты лаулап, егер анық болса, Балуан келген соң, жанжал шығармақ еді.

Міне, сол сөз енді жолынан тағы кездесті. Қызғаныш оты ішінде тағы лапылдаған ол Сыздық пен Әлжанға сыр бере қоймай, қалжыңмен әңгіменің анығына жетпек болды. Осы қулықпен әзілдескен оған Сыздық пен Әлжан Балуан Шолақтың Ғалиямен базарда қалай сайраңдағанын өсіре айтып берді.

Сыздық пен Әлжан Балқаштан қулығын асырды. Қалжыңдасам дегенмен оның ішінде қызғаныш оты жанып жатқанын екі қу айтпай-ақ ұқты. Сондықтан олар қоянды тосқауылдап қуған қасқырлардай, Балқашты қақбақылдап, кезек-кезек қызғаныш отын үрлей түсті.

Басында сыр бермеген Балқаш, Ғалия кеңесі айқындалған кезде ызаға шыдамай жылап жіберді.

— «Құлақ естіген — өтірік, көз көрген — шын» деген, — деді Сыздық жылаған Балқаштың қызғанышын қоздата түсірейін деген мақсатпен, — Көкшетауға барсаң, Ғалия алдыңнан кездеседі.

— Айтпақшы, солай екен ғой, — деді Әлжан, — Ғалия Балуанның артынан кетті деген.

— Кеткенің не? — деді Сыздық, — мен өз көзіммен көрдім. Бізбен ар жағынан бірге кеп, дәл мына Көкшетау қаласының желкесінен айырылды. Біз сұрағанда — «жетсе, мал, жетпесе бас, ізденем» дейді.

— Сонша құмарлануына қарағанда, осылардікі жай ойын-күлкіден артығырақ-ау деп ойлаймын, — деді Әлжан.

— Ойып-күлкің не? — деді Сыздық кейіген боп, — Атбасардың имамы — Әлғазы ишанға барып, неке оқытқанда ішінде болған кісі бар.

— Ө, онда, мына замандастікі арамтер ғой. Балқаш жылауын үдетіп жата кетті. Мақсаттары орындалғандай болған Сыздық пен Әлжан орындарынан тұрып жүре берді.

Ойдан шықты, — деді Сыздық кетіп бара жатып, — артып бағайық, немен тынар екен?

Баймырза ақылына түсіріп жүрмесе?!

Долы қатын дейтін. Оған көнбес. Көнсе барсын. Қызғанышын бір тұтатуға тұтаттық. Енді оны сөндіру онай болмас.

Аздан кейін атын суарып, қайта отқа қойып Баймырза келді. Келсе келіні жылап жатыр. Әлгі келген адамдар тағы

бір жамандық хабар айтты ма деп, зәресі кеткен Баймырза олардың не айтқанын сұрамақ боп, сөзін:

— Шырағым, жылама! Жамандық шақырма! Жаны аман болса, аз күнгі азабы дөнеңе етпес!— деп сыпайылай бастап еді:

— Өлмесе, өрем қапсын!— деді Балқаш басын жерден жұлып алып.

— Кімді айтасың?!— деді Баймырза түсінбей.

— Балаңды!..

— Қай баланы?..

— Әлгі тұтқында жатқан!.. Баймырзаның зәресі ұшып кетті:

— Апыр-ай, келін-ай, не деп отырсың?

— Рас айтам!— деді Балқаш шаптығып. — Мүрдем кетсін ұлың!

— Ойпыр-ай, келін-ай, қарағым-ай!— деді Баймырза үрейлі кескінмен, — жынданудан аманбысың?

— Жындандым!.. Мені жындандырған балаң!..

— Не ғып?!.. Қалай?!..

Балқаш жауап бермей, бетін топыраққа төсей, жата қап жылады.

«Әлгілер азғырған екен ғой!» деген ой келді Баймырзаға. Олардың кім екенін Баймырза білмеген еді. «Кім де болса, жолығайын» деген оймен барса, — Сыздық пен Әлжан!.. Олар жөнін айтудың орнына, Баймырзаны сықақ қылды.

Өзі өз болғалы Баймырзаның кісімен ұрысқанын естіген адам жоқ еді. «Пәленмен қатты сөзге кепті» дегендегі оның ең ауыр сөздері «шіркін» мен «мұндар» болатын!

Сыздық пен Әлжанға ашуланғанда оның айтқаны:

— Момынның сілесі қатты болады. Шіркін, не жаздым мен сендерге бүйтерліктей? Өркендерің өспес мұндарлар!

Баймырза жөнеле берді. Сыздықтың бір жігіті Баймырзаны сабамақ боп ұмтылып еді, Баймырзадан емес, Балұан Шолақтан қорыққан Сыздық тоқтатты.

Баймырза оттағы атын арбасына жекті. Балқаш әлі етбетінен жатыр. Жылауын қойған. Ұйықтаған сияқты.

— Кәне, келін жүрейік!— деп Баймырза атты жегіп болып, жайылған етті астауға сап орап, атының басын Көкшетауға қарай бұрып.

— Мен бармаймын!— деді Балқаш долдана түрегеп, бет-аузы саз топырақтанып.

— Келін, карағым!— деді Баймырза жалынып,— қой, айналайын ашуды!.. Дұшпан айыруға не демейтін еді? Сыздық пен Әлжан біздің Нұржанға дос па еді? Дұшпан емес пе еді олар? Дұшпан сөзіне еріп, дұшпан боламысын Нұржанға? Келін шырағым, біздің босағаға келгеніңе бірнеше жыл болды. Содан бері саған тіл қатқаным осы шығар. Мені сыйласаң, аруақты сыйласаң, арбаға мін!

— Өзің бара бер, мен бармаймын!— деді Балқаш сазарып.

Кісімен жанжалдаспаса да, Баймырзада томырықтық мінез бар еді. Сонысы ұстап:

— Ал, келін!— деді ол атын айдап, — мен кеттім! Баймырза жөнеліп кетті. Балқаш сазарып тұрған қалпынан қозғалмады.

Баймырза артына карамады. Қарайын десе, келіні емес, албасты тұрған сияқтанды. Көкшетау жолына түсіп, ол ұзады. Ашу бұған Балқаш әлі тұр...

— Не ғып тұрсың?— деді сол кезде Сыздықтың бір жігіті келіп,— жүр!.. Аулыңа алып қайтайық.

Ашу бұлты жапқан Балқаштың ақыл аспаны енді ғана жадырады. «Мұным қата болды,— деген ой келді оған,— кешпес күнә істедім. Балуан күнәлі болған күнде де, кінәні әуелі өзіне аударуым керек емес пе еді? Әткем айтқандай, мүмкін жаудың өсегі шығар!..»

Балқаш караса, Баймырза бір қырдан асып барады екен.

— Әтке!.. Әтке!..— деп Балқаш бар дауысымен айғай салды. Дауысты естіді ме, жоқ па — Баймырза артына айналмай, қырдан асып кетті.

Балқаштың басына «ендігіміз айырылу ма?» деген ой кеп кетті... Бұл ойдан зәресі ұшып кетті оның.

«Әтке!..» деп айғайлаған ол өкпесін колына ала, Баймырзаның соңынан ұшты. Ұстауға ұмтылған Сыздықтың жігітін ол қағып жіберіп, жығып кетті.

Жүгірген Балқаш алқынып қыр басына шықса, арғы сайдағы бір томарда Баймырза атын тоқтатып, арбасының қасында кейін қарап тұр екен.

«Мені күтіп тұр екен ғой» деп ойлады Балқаш.

Ол Баймырзаға аса разы боп кетті. Әлгінде ғана бұзылғандай болған семьялық ұясы Балқашқа енді жаңа ғана түзелгендей болды. Өкпесінің алқынуына карамай, ол тағы да жүгірді...

Баймырзаның тоқтаған себебі басқа еді. Қырдан аса ақылы сабасына түскен ол «ет не болды екен?» деп ойлады.

Мана атын тұсап арба қасына келгенде, арбаның үстіне жайылған етте қаптап қонған шыбындарды көріп еді. Жаз шыбын қонған еттің тез құрттайтыны Баймырзаның ойына қырдан аса ғана түсті.

«Ет құрттамаса игі еді!» деп хауіптенген ол, атын тоқтатып, астаудағы етке қараса, арасында әппақ құрттар илеудегі құмырсқадай быжынап жүр!..

Баймырза жылап жіберді. Жыламай қайтсін: артында тағы соятын қойы бар ма, оның?

— Мұндар құдай-ай!— деп жылады ол,— тым болмаса Нұржанға үйдің дәмін қызғанбасаң едің!..

Шыбынды, құртты жаратқан құдайға атар оғы болмаған Баймырза жасқа булығып тұрғанда, Балқаш та жетті.

— Өтке!— деді ол Баймырзаны құшақтап ап, демі таусылғандай буыны босап.— Кешір, Өтке!..

Балқашты аяп кеткен Баймырза үн-түнсіз қатты да қалды... Ол екеуі қосыла жылады.

Біраз жылап басылғасын:

— Енді кейін қайтамыз,— деді атасы.

— Неге?!— деді келіні.

— Немізді апарамыз енді? Елге барып, тағы да қой іздейік...

Олар кейін ауылға қайтты...

19. КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СОТ

*«Айналайын Ғалия сен бір тоты,
Сені айтпасам, келмейді көңіл хошы,
Сен есіме түскенде, Ғалияжан,
Бір тиындай болмайды өгіз соты».*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Балуан Шолақтың бір досы Ыбырай бастап және тағы бірнеше досы қостап, Балуан Шолақты сотына шейін кепілдікке алуға Көкшетауға барды.

Көкшетаудың ұлықтарына олар жалынды да, пара да ұсынды, бірақ өзге қылмыстың бәріне «мейірімді» ұлықтар Балуан Шолаққа катаяып, маңына жолатпады. Параға қызыққан судья «кепілдікке берсек қайтеді?» деп оязға ақылдасқан еді:

— Қазақ даласына өрт тұтатайын деп пе ең?— деп ақырды ояз оған,— Балуан Шолақ сіріңкесі емес пе даланың?..

Балуан Шолақтың достары судьядан күдер үзген соң, оязға жолықпақ боп арыз ұсынып еді, ол айтар жауабын Сүтемген арқылы қайырды.

— Ояздың көзіне көрінбеңдер!— деп қорқытты Сүтемген арызшыларды.— Егер көрінсеңдер, бәрінді де жауып қояды.

— Неге жабады? Шағым берген кісіні жаба берсе, ұлық бола ма?— деп дауласты қазақтар.

— Ендеше,— деді Сүтемген,— «өкесі өлгенді де естіртеді», турасын естігілерің келсе, «Балуан Шолақ үкіметтің дұшпаны дейді ояз. Оны қорғаған кісі де үкімет дұшпаны. Арызшылар бұл қылықтарын қоймаса, Балуанға қоса сотталады...»

Ояздан, басқа ұлықтардан тауаны шағылған Балуан Шолақтың достары Омбыға, губернаторлық мекемелерге ізденуге кетті.

Омбыда айдан артық жатқан олар адвокаттың жәрдемімен, прокурордан «Балуан Шолақты кепілге жібер» деген қағаз ап қайтты. Өзге шығыннан басқа, жалғыз осы қағаздың өзі оларға мың сомға түсті. Балуанның күші келмейтін бұл ауыртпалықты ел боп көтеріп кетті...

Балуан Шолақ кепілге босанып үйіне келді. Балқаштың қылығына қатты ренжігенмен, Баймырза мен Қалампыр Балуанның былай да жүдеу көнілін одан жаман жүдетерміз деп, Балқашқа деген өкпесін Балуанға білдірмеді.

Бірақ «ел құлағы — елу», «отыз тістен шыққан сөз — отыз ру елге жетеді».

Балуан Шолақ Балқаштың қылығын жата-жастана елден естіді. Бұл жайда ерекше ынта көрсеткендер Тоқсанбайдың Сыздығы жұмсаған адамдар. Солардың айтуынан, Балқаштың неге іздеп келмеу себебін өсірген түрде естіген Балуан окпе мен ашудан жарылып өле жаздады. Оның ойына Балқашты өлтіріп тастау ниеті де келіп кетті. «Бәрібір сотталған бас, құнын бір-ақ берейін?» деп ойлады ол.

Бұл ойын ол іске де асырар ма еді, қайтер еді, егер өткен көктемде Балқашпен арасынан бала тумаса. «Бөтен» қойған бұл қыз Балуан сергелдең жолда жүргенде, бүлдіршіндей боп өсіп қалған екен. Баланы жанындай жақсы көріп кетті ол. Ашу алғаш қысқанда, үйінде оңаша отырған Балқашты бассалып сабауға, тіпті өлтіріп жіберуге бел байлаған Балуан үйіне кірсе, семіз, әдемі баланы Балқаш емізіп отыр екен.

Балуанның алдында кешірілмес күнә жасауына алдақашан мойындаған Балқаштың бұл қылмысын Балуанның білген-білмегеніне көзі жетпейтін еді де, «білсе қайттім?!» деп іштей қысылатын еді, білген сағатын қорқынышпен күтетін еді, сондықтан Балуан даладан әрбір келген саяйын, кескініне абайсыз көз тігіп, жан-жүйесінің не халде екенін білуге тырысатын еді.

Мына жолы Балуан ашудан түтеп келгенін кескінінен аңғарған Балқаштың жүрегі су ете түсті де, жанталасқан ақылы айла тауып, орнынан көтеріле, емізіп отырған баланы алдына тоса қойды.

Еркінен тыс көтеріп алған баланың көйлекшең семіз денесі әкенің бойдағы ашу отын түгел сорып ап, қашқан ақылын бойына қондырып берген сияқтанды. Баласының ыстық денесін бауырына баса отыра кеткен Балуан бетіне бетін тақап, өксіп қоя берді... Балқаш не дерге білмей сазарып тұрғанда, біраз жылап маукын басқандай болған Балуан басын көтерді де, жас толған көзін өлеусіретіп қарап: — Бәрі де естідім, — деді Балқашқа. — Бәтен үшін бәрі де кештім...

Балуан Балқашқа бұрын да не қатты сөз айтып, не қол тигізіп көрген жоқ еді, күнәсін Бәтен үшін кешкеннен кейін де сөйтті. Бірақ оған енді әйелім деп жоламады. «Ұрғаннан шымшыған батады» дегендей, Балуанның бұнысы Балқашқа қатты батты. Ол еріне шынынан ақтарылып жалынды да, жалбарынды да, бірақ Балуан қатқан қалпынан қайыспады.

Кепілде Балуан айға жақын тұрды. Бірақ ол бұрынғыдай жайрандамады, өз бетімен ел қыдыруды қойды. Шақырған ойын-сауыққа бармады. Арнап шақырғандардың дәміне де таңдап баратын болды.

«Көңілін көтерейік» деп, құрбы-замандасы, дос жарандары ағылып келіп жатты. Олар айтқан жұбату сөзге Балуан жұбанған жоқ.

— Несіне жұбанам, — дейді ол сыр айтатын жігіттеріне, — «әділет» деген бұл заманда жоқ екен. Күштілерден зорлық-зомбылық көріп жүрген мен ғана екем десем, ондайлар көп екен. Көптігін абақтыға түскенде көрдім. Орыс та бар онда, ноғай да бар, естек те бар, біз білмейтін талай елдің ер азаматтары да бар. Солардың көбі күштілерге қарсы шығам деп қор болып отыр. Патша дегенің, ұлық дегенің, заң дегенің күштілердің жағында екен. Олардың жайған торына түспейтін адам жоқ

екен. Абақтыда нелер білегі күштілерді де, білімі күштілерді де көрдім. Көбі патшаға қарсы. Патшаға қарсы біздің қазақтар ғана екен деп жүрсем, орыстың өзі бізден де артық қарсы екен. Сол үшін де талайлары абақтыда отыр...

— Сонда сол патшаға келер кер бар дей ме сол қарсылар, болмаса босқа сандалу ма айтып жүргендері!..

— Бар дейді...

— Мысалы, қандай?

— Олардың еркіне салсан, патшаны құлататын.

— Қашан, қалай құлатпақ сонда?

— Оны өздері де білмейді... Айтатындары — патшаға қарсы көтерілу керек дейді...

— Кім көтеріледі сонда?

— Елді көтеру керек дейді...

— Ел оған көтерілсе... Және көтерілгенмен, патша шыдата ма оны?.. Қаруға қарсы өзің не істей алып отырсың?.. Өзгелер де өзіндей емес пе?..

Абақтыда туып, жауабын ешкім таба алмаған бұл сұраудың жауабын Балуан елде де таба алмайды, сондықтан абақтыдағылардай ол да күрсініп:

— Ие, ол қиын сұрау!— деп ауыр күрсінеді де қояды...

Бір күні Балуан Шолақ ағайын-туған, дос-жаранын жинатты:

— Ал, ағайын!— деді ол,— аз күн кеп қонақ болдым. Кепілдікке әкеп күтулеріңе ризамын. Маған енді ұлықсат етіндер, мекеніме барайын!..

— Қайдағы?— деп ду ете түсті көпшілік.

— Кокшетауға!.. Абақтыға!..

Оның қалай, Балуан?!— деді жұрт шулап,— өлде елге оқпең бар ма?

Ешбір өкпем жоқ. Абақтыдан шыққанмен, бұғалығынан босанған жоқпын. Одан ұзаған сайын тұзағы тарыла түскендей, қылғынып барам. Тынысым жеңілденер ме екен, тартпайын бұғалықты, барайын абақтының өзіне, бұлқыпбайын ұстаушының қолында!..

Балуан Шолақ елдің, ата-ананың сөзіне көнбей, ақыры бөрінен де рұқсат алып, Көкшетау абақтысына қайта жатты.

Кешікпей сот құрылды. Сот алдында Балуан Шолақ бағыт бала кезінде Қайрақты қаласын күйдіруден бастап,

сексен өгізді ұрлағанын, казачий сотнямен төбелескенін қоса, бар айыпты мойнына алды.

Айыпкер танбаған соң, сот мәжілісі ұзақ созылған жоқ. Бұдан кейінгі сөзді Балуан Шолақтың өзіне берейік:

— «Атадан үл тумайды менен сабаз!
Түрмеде жатыр екен өңкей маңғаз.
Алты күн ақ түрмеге қамалған соң,
Түсірді мировойдан¹ маған қағаз.

Ақылым бір басыма емес арзан,
Тауалым шағылған жоқ бұл қағаздан.
Қағаздың мен түріне қарап тұрсам,
Жеті жыл каторгаға мені жазған.

Мировой айдайтынын жаңа білдім,
Ішімнен шығарар деп ойлап жүрдім.
Айдайды деген хабар естіген соң,
Қажымас өзіме-өзім қайрат бердім.

Бозбала мықты болсаң, қасты жемір,
Тісінде қайрат болса, тасты кемір.
Жүрегі қамалғанның шайқалсын деп,
Сегіз көз қабат қылып қаққан темір.

Мен Шолақ осында да көрдім жайды,
Туғалы көрдім бе мен осындайды?
Темірді тіземе сап қозғап көрсем,
Секілді қоғажайдай былқылдайды.

Бойыма күш біткенге еттім шүкір,
Қажысам абақтыға, бетке түкір.
Темірін екі итеріп тартқанымда,
Кірпіші жерге түсті күтір-күтір.

Асты ғой бұл арада менің айлам.
Құрғаным бала жастан бәрі сайран.
Япырым-ай, бұл не қылған зор дажал деп,
Сол жерде орыс, қазақ болды қайран.

Жігітпін тәңірі басқа жаққан шырақ,
Күшіме не тұрады менің шыдап!
Аяқ пен қолымдағы бұғаулардың
Шынжырын сол арада үздім бұрап.

¹ Бұл өленді Шолақтың өзі шығарған.

¹ Мировой судья — патша үкіметінің соты.

Түрмені бұзғанымды етті ғажап,
Пендеге өзім өлмей болман мазак.
Қиратып «терезеден шық» дегенде,
Шықлады қорғалақтап орыс, қазақ.

Сұрасан Қотыр, Шортан біздің болыс,
Алты күн-ақ түрмеде қылдым қоныс.
Қарғып кеп терезеден қақпа барсам,
Күзетші қалғып отыр екі орыс.

Қаскиып қалғығанға күліп тұрдым,
Оларға күш жетерін біліп тұрдым.
Екеуін екі қойып талдырдым да,
Ілгері одан әрі жүріп бердім.

Тәуекел алсын ерді панасына,
Ақылдың қараңдаршы данасына.
Қалдырып кетем бе деп Ақбоз атты,
Мировой келіп кірдім қорасына...

Ақбоз ат білінбейді біздің сорға,
Жануар түстің бе әлде жайған торға!
Есігін конюшнаның¹ бұзып кіріп,
Шығардым бірі — рысак², бірі — жорға.

Ашумен еріндерім күбірледі,
Тыңдаймын, басқа дыбыс білінбеді.
Бір қақпа қара тастан жымдасып тұр,
Ішінде бір зор қабан күрілдейді.

Ойласам мына дүние жалған екен,
Іздеген максатына барған екен.
Ақбоз ат келгенімді менің біліп,
Аузына шойын кілтті салған екен.

Ондалған бала жастан менің жолым,
Білмедім дүниенің оңын-солын.
Бойыма осы күшім қалай сыйған,
Кілтті жұлып алды шолақ колым.

Ақбоз ат алған атым топтан сайлап,
Көп дұшпан соңға түсті одағайлап.
Есігін тас сарайдың бұзып кірсем,
Ішіне қойған екен панар байлап.

Атқора.
Желгіш ат.

Ақбоз ат, айналайын менің қалқам!
Сен үшін талай тасты қылдым талқан!
Жетектеп шылбырынан шығарғанда,
Аяғын басты атым алшаң-алшаң.

Жылқыны неге керек босқа мақтап,
Атты айт, мінген ерін жүрген сақтап.
Тоғыз жыл топқа мінген жануарым,
Иегін салды иығыма екі жақтап.

Ақбоз ат бұл өнерің болды басым,
Домалар өрге қарай тепкен тасым.
Жасыңнан тіл үйренген тұлпарым-ай!
Көзімнің тия алмадым аққан жасын.

Атадан ұл тумады мендей сабаз,
Түрмеде қалды, шіркін, талай маңғаз.
Мировой қорлығына шыдай алмай,
Түбіне панарының жаздым қағаз:

— «Түрмеде алты күндей болдым қонақ,
Сөйлеуге мизамыңды¹ тілім олақ.
Жорға, рысак, Ақбозды алып кеткен,
Сұрасаң менің атым — Балуан Шолақ!»

20. АДАМ БАРЫМТАСЫ

*Ақыл жастан шығады, асыл — тастан,
Арнасына сарқады өзен тасқан.
Менің атым — әйгілі Балуан Шолақ,
Ерегiскен дұшпанның көңілін басқан.*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Жорғаны, рысакты, Ақбозды алып жөнеле берген Балуан Шолақта жалғыз ғана ой болды, ол — Қараөткелге, Ғалияға тарту.

Осы оймен таң атқанша Меңіреудің қарағайына жетейін деп, шоқыта жөнелген ол кенет тоқтай қалды. Оны тоқтатқан «Ғалияға мен алды-артыма қарамай кете берсем, ел не болады? Әке-шешем не болады?» деген ой еді.

«Кете барсам, деп ойлады ол, — ұлық мені қашты деп, орныма әкемді я Төлебайды, я басқа достарымды ұстаса,

¹ Заң деген мағынада.

оларды тұтқындатып, өзім бос жүрем бе? Онда мен кім болам? Абақтыға өз еркіммен кеп қайта түспеймін бе? Қой!.. Өйтпейін!.. Елге де, туысқандарыма да ұлық тимейтін жағдай жасап кетейін!».

Көкшетауға қайта оралған ол бір досының үйіне келді де, қайдан жүрген шынын айтты.

— Қарсы алам!— деді досы,— неше күн жатсаң да, жан адам білмейтін жер табам. Атыңды да, өзінді де сақтай алам. Досының ойдағы жері — Қылшақты өзенінің бойында, былғары заводындағы бір жұмыскер екен. Досы үш атымен Балуанды түнде соған апарып еді, ол судьяның аттарын босаттырып жіберді де, Балуан мен Ақбозды жан адам таппайтын түкпірге жайғастырды.

Досы кетті. Балуан Шолақ былғары заводында жатып, қалаға тыңшы салды. «Ояз Балуан Шолақты іздетпек боп жатыр, туысқандарын, достарын ұстамақ боп жатыр» деген хабар келді. Кешікпей ол хабар анықталып, ішіне Баймырзаны, Қалампырды, Төлебайды қоса, Балуанға ең жақын деген он шақты адамды ояз Көкшетауға алдырды да, абақтыға қаматты.

Не істеу керек?

Бұл сұраудың жауабын таптым деп ойлаған Балуан Шолақ бір күні кешке Ақбозды баптап ерттеді де, ымырт жабыла қаланың батыс жағынан кеп, үлкен көшеден тауға асатын даңғыл жолды торыды.

Қараңғыға үйренген оның көзіне ілезде үлкен көшемен айдап келе жатқан пар атты арба елестей кетті.

— «Қанды басың бері тарт!»— деді Балуан Шолақ пар аттыға көзін қадап.

Пар атты Балуанды сезгендей, үлкен көшенің шетіне шейін ағызып кеп, жалт беріп кейін бұрылды. Енді қайтып оралмайтындай көрген Балуан Шолақ соңынан қуғысы кеп ұмтыла берді де, ақылы тоқтау сап, атын тежеді.

Ол пар атты арбадан көзін алмады. Балуан қадалған елінен пар атты қараңғы көшеге сүңги түсті. Біраздан кейін көштен ғайып болды.

«Қап!— деп өкінді Балуан,— тәуекел деп қумаған екем! Алдыма келген олжамнан айырылып қалам ба, қайтем?!».

Өлі де үміт үзбей, қою қараңғылыққа көзін қадап тұрған Балуанға пар атты тағы елестей кетті. Бұл жолы екпінді аттар көшкен бұлттың көлеңкесіндей зымырап келеді.

«Қанды басың бері тарт!»— деді Балуан тағы. Оның алдыңғы отырғаны,— ояздың Омбы гимназиясында оқып

жүрген қызы — Татьяна еді. Жаздың оқудан бос айларында үйіне демалысқа келген ол фаэтонға әкесінің екі қара арғымағын жегіп, кешке қаладан тау саласына дейін желіп жүріп, ерсіл-қарсыл серуендеуді ұнататын. Бүгін де ол сөйткен.

Қызды іліп әкетпек боп даярланған Балуан Шолақтың қасынан қыза желген пар арғымақ, Бұқпа тауының асуына қарай сыр етіп өте шықты.

Балуан соңынан қуа шапты, бірақ тым бастырмалатпай, атын тежеп, тауға сұңғи түссін деп ойлады.

Фаэтонда екі кісі ғана барын Балуан көрген: біреуі — көшір — фаэтонның алдында божы ұстаған; біреуі — қыз, қазір де сол қыз!.. Қазір де фаэтон артында жалғыз отыр.

Пар ат екпінімен таудың кезеңіне шыға бергенде, Балуан Ақбозға тақымды қысып қап еді, құстай ұшқан ат арбаға жетіп келді. Фаэтон алдындағы божакты ол бар пәрменімен салып кеп жіберіп еді, арбадан ұшып кетті. Сол кезде арбаға қарғып түсті де, божыны ұстай ап, аттарды қарағай ішіне айдай жөнелді. Не болғанын білмей, қорқыныштан үні шықпай қалған қызды құшағына қысып алды.

Балуан Шолақ арбаға қарғып түскенде, қыз қорыққаннан есенгіреп қалды. «Кісіні көтеріп әкететін бүркіт болады, ол түнде ұшады» деп әкесінің ойнап қорқытатын сөзіне иланатын қыз, арбаға қарғып түскен Балуанды ең алғаш, аспаннан кеп қонған бүркіт екен деп ойлады. Зәресі кетіп, даусы шықпай қалған қыз талып қалған жоқ, жарты есі бойында еді, сондықтан ол «бүркіт бүреді-ау енді!.. Аспанға әкетеді-ау енді!..» деп ой ойлап жатты.

Денесіне тұяқ тие қоймағанын сезген қыз аздан кейін есін жинаса, қасында біреу отыр, көшір екен деп ойлаған оның:

— Кім?!— деген сөзге ғана келді тілі әлден уақытта...

— Балуан Шолақ!..

— Балуан Шолақ? О, тәңірі!..— деді де қыздың үні өшті. Ол талықсып кеткендей болды...

Балуан Шолақ артына қараса, Ақбоз арбадан қалмай жортып келеді екен. Ақбоздан кейін ешкім көріне қоймаған соң, Балуан жолдан бұрылып, бір сайға түсті де, сиректеу қарағайдың арасына кіріп, аттарды тоқтатты. Ақбоз да сол араға тоқтады.

Торға түскен тағы құстай екі көзі жаутаңдап, зор хауіп күткен қызға, Балуан Шолақ бар білген тілімен, ойын

түсіндірген болды. Бойын жинаңқыраған қыз Балуанға өз ішкіріп айтты. Одан Балуанның ұққаны:

— Мен сізді білем. Ер жігіт екеніңізді де білем. Сіз туралы мен жоғары пікірдемін. Мені алып қашуыңыз дұрыс, бірақ жіберіңіз мені! Мен әкеме тілімді алғызам. Тұтқынға алынған туысқандарыңыз босайды. Өзіңізге де әкемнен ешкім тимейтін қағаз әперем. Нанбасаңыз ертең үйге келіңіз! Егер уәдемде тұрмасам, мені кісіге санамаңыз! Содан кейін өлтірсеңіз де ризамын. Мен жаспын, өтірікті білмеймін, иланыңыз!

Татьянаның сөзін түгел ұқпағанмен, ұзын ыргасын түсінген Балуан біраз ойланып отырды да:

— Болмайды!— деді.

— Неге?— деді қыз танданған дауыспен.

Сенің оныға әкең көнбейді. Оны еріксіз көндіру керек.

Қалай?

Сені қарағай арасына алып кетем.

Балуан Шолаққа одан әрі жалынудан мән жоғына қыздың көзі жетті.

Шынында да, Балуан Шолақты қазақ халқының рысқары деп ұғатын қыздың көңілі суи қалды. Ол енді Балуанды қара жүрек рақымсыз адамға санады. Сонда да күндер үзбей, жалынды сөздермен тас жүрегін ерітем бе деп ойлап, тағы бірдемелерді айтуға ыңғайлана беріп еді, қарағай арасынан әлдекім қараң ете түсті. Балуан да, Татьяна да шошып қалды.

«Мен!»— деді қараңдаған қазақша дыбыс беріп. Бұл Балуанның Көкшетаудағы досы еді. Егер Балуан қызын қолға түсіре алса, досы сыртынан бақылап жүріп, осы арада табыспақ та. Бірақ қызға кескінін танытпау үшін, бесті орамалмен шандып келетін болған.

Досы қуғыншының жоғын айтқан соң, Балуан пар атты алатында, біреуін қарағайға оралмастай етіп байлап, біреуін досының ерімен ерттеді. Содан кейін күн бұрын мұсылманша жазып, қалтасына салған хатты досына беріп, почта жөнігіне тастауға өтінді. Ол оязға арналған хат.

Хатты алып, жайдақ атқа мінген досы кеткен соң, Балуан ертеулі аргымақты көлденең тартты. Қыз қарсылық білдіретінін деп еді, «ой, сенімен өзілдесіп тұрам ба» деп, Балуан жерден көтеріп ап атқа қондырды да, өзі Ақбозға мініп, қызды мінгізген аттың шылбырын қолына алып, тартып кетті.

21. ХАУІПТІ ХАТ

Ояз қызын түн ортасында жоқтады. Көшені қаратқан кісі таба алмай келген соң, ол хауіптеніп, полицмейстерді шақырып, қаланы түгел тінтті — жоқ!..

Зәресі кеткен ояз түн ортасы ауа шеркеудің қоңырауын қақтырды. Мұндай мезгілсіз кезде, шеркеу өрт шыққанда ғана қағылатын еді, сондықтан ұйқыда жатқан қала халқының қоңырау дауысын естігенде зәресі кетті. Өрт деп ойлаған жұрт ұйқыдан шошып ояна сала, үй ішіндегі барлы-жоқты затын көшеге тасыды. Аты-арбасы барлар ең қымбат деген мүлкі мен балаларын салып алып, көл жағасындағы тақырға шапты. Қаланың қорадағы барлық малы да, жаны да көшеге шығып, мал шулап, бала жылап, ит үріп, қала әңкі-тәңкі болды.

Қаланың бұлай дүрлігуі — бұдан 10—15 жыл бұрын қаланы тып-типыл қып кеткен өртті ұмытпағандық еді.

Қоңырау даусынан шошып оянған халық өрт жоғын көрген соң, «не болды екен?» деп, шеркеу маңына жиналды. Полицейскийлерден ояздың қызы жоғалу туралы естіген-білгенін жиналған жұрт бір-біріне сыбырласып та, самбырласып та айтып жатты. Полицейский жиналған көпке қысқаша жариялап:

— Қаламызға бақытсыздық пайда болды. Его благо-родие уездный начальник Терентий Диякович Долгоносовтың қасиетті періштедей жалғыз қызы — Татьяна ұрланды. Соны іздейміз қазір!— деген сөзді ояздық полиция басқармасының начальнигі Сыскин қыбырлай жиналған жұрттын әр жерінде айғайлай айтып жүрді...

— Ойбай, сол ма, тәйірі!...— деп көпшіліктің шеті сөгіле бастап еді, городовойлар иіріп жібермеді.

Сонда да жұрт сытылып қашып жатты. Бір кезде тағы ду етті жұрт:

— Не болды?

— Көшір мен ат табылыпты!

— Қайдан?

— Білмейміз.

Полицмейстер тағы жариялады: «Шала есті көшір жолдан табылды. Арбалы аттың біреуі қарағай ішінде байлаулы екен. Бір ат пен Татьяна жоқ. Мұны әкеткен Балуан Шолақ. Одан басқа ешкім де емес. Ол осы маңайдан ұзған жоқ. Іздейміз. Табамыз!»

Городовойлар бар, басқалары бар, жан-жаққа шапқын кетті. Үйді-үйіне тарқаған жұрттың аузындағы сөздері:

— Егер бұны істеуі анық болса, Балуан Шолақ шынымен-ақ ер жігіт екен!..

— «Қорқақты көп қуса, батыр болады» деген, оның ер болмауына үкімет қойды ма? Маза бермеген соң қайтсін.

— Көкірегі намысты болған соң сөйтеді де, әйтпесе қудаламақ түгіл, не қылса да сені мен біз ояздың қызын алып қашар ма едік?

— Қажымас қара болат екен, сабаз, тасқа шапса да майырылмайтын! Қудалаған сайын ерегісе беруін көрдің бе?

— Қызды қайтер екен бұл?

— Өшіккен адамның қызына не істері белгілі емес пе, мазақтайды да, өлтіріп кетеді.

— Ондай жаман кектің кісі емес Балуан Шолақ. Көресің, осы қызды әкесінің қолына аман тапсырады.

Осы сияқты жорамалдарды айтып, қала түні бойы гуілдеді. Ояз да, оның әйелі де түні бойы көз шырымын алған жоқ. Әйелі байына:

— «Қайратты, намысты» деп мақтап жүрдің де, соңынан қалмадың! Міне, енді көр!.. Мұнымен ғана қоймайды ол! Бұдан да зорын шығарады. Көресің, бір кеп үй-ішімізді қырып кетеді! — деп ұрысты.

— Өзімізге не істесе де мейлі. Тек Таняны аман қалдырса екен!— деп жылады ояз.

Шынында Терентий Диякович қызын жанындай жақсы көріп, дүниедегі бақытына санайтын еді. Қызды іздеп шыққандар қаладан далаға, даладан қалаға кеп, түні бойы сапырылысты да жатты. Даладан қайтқан жайылымшылардың сөзі біреу-ақ —«жок!».

Түн бойы жылаған ояз таң атып, күн шыға қаһарына мінді. Даладан ешнәрсе табылмаған соң, ол қаланы тінтіріп, кім Балуан Шолақпен көңілдес деп естісе соны абақтыға әкеп қамата берді. Мұндай адамдар көбейіп кетіп, Көкшетаудың кішкене абақтысына сыймады. Абақтыдан артылғандарды ояз сарайға қаматты.

Содан кейін басты-бастыларын кеңсесіне шақыртып алды да:

— Әзірге босатам сендерді. Бүгін кешке шейін жерден қазсандар да, көктен қармасаңдар да, қызымды қолыма әкеп беріңдер! Балуан Шолақты да ұстап әкеліңдер!.. Егер

оны істей алмасаңдар, талайыңды дарға астырам, талайыңды каторгада шірітем.

Осы бұйрықпен жұрт қала-далаға қайта шапқанда, сәске көтеріле Долгоносовтың қолына бір хат кеп тиді. Хат араб әрпімен жазылған екен.

Бұның не хат екенін Долгоносов алғаш білген жоқ, себебі осы сияқты араб әрпімен жазылған қағаздар бұрын да көп түсетін еді. Кейбір конвертте келген хаттарда Долгоносовты тілдеп жазған сөздер де аз болмайтын; ал кейбір иесіз хаттарда: «сені өлтіреміз, үйінді күйдіреміз!» деген қорқытулар айтылатын. Осылай дамылсыз келетін конверттерден ерғашты болған Долгоносов, Сүтемгенге аштырып оқытатын да, арыз болсын, я басқаша хат болсын айырып-айырып, лақтырып жіберетін, я «отқа жақ» деп Сүтемгенге беретін.

Қызын жоғалтып, ашуда отырған Долгоносов мына келген хатты да конвертін ашып, араб әрпімен жазылған хат болған соң, жыртып тастауға ыңғайланды да:

— Мә, отқа таста!..— деп, босаға жақта отырған Сүтемгенге қарай лақтырып жіберді...

Қасына кеп түскен конвертті Сүтемген алып, даладағы сыпырындыға тастамақ боп жөнеле берді де, «кім екен мұны жазған!» дегендей хатты конверттен суырып, аяғына қарады.

Көзіне жылан көрінгендей, шошып кеткен Сүтемген тоқтай қалды. Тұла бойы дірілдеп кетті оның...

Сүтемгеннің бұл халін өзгеден бұрын Долгоносовтың әйелі көрді.

— Не болды?!— деп сұрады әйел. Сүтемген әйелді «барина» деп атайтын еді.

— Ой, барина!— деді ол дірілдеген дауыспен,— жаман адамнан келген хат.

— Кімнен?— десті бірнеше адам.

— Балуан Шолақтан!..

Балуан Шолақтың өзі кеп қалғандай сескеніп, үйдің ішіндегілер аяқ өре түрегеп, ду ете қалды:

— Балуан Шолақтан?!.

Зәресі кеткен ұлықтардың ішінен біреуі Сүтемгенге «оқы» деп бұйырды. Долгоносов та «оқы» демекші еді, хат не туралы болатынын сезгендей, үні шықпай қалды.

Сүтемген хатты ішінен оқыды, ол былай жазылған екен:

«Сен, иттің баласы — ояз, неше жыл менің қыр соңымнан қалмадың. Өзің тура тимегенмен, судьянды, бас-

қа төрелерінді соңыма түсірдің. Жерімді алдырған да сен. Ауылымды күйдірген де сен! Малымды барымталаған да сен! Абақтыға жапқызған да сен. Каторгаға айдатпақ болған да сен. Осынша соңыма түсетін сенің әкенді өлтірдім бе, әкеннің аузын...

Міне, мен қызыңды әкеттім. Айыбын — жазықсыз жақын адамдарымды абақтыға алдыруың. Есінде болсын, ояз, егер жазықсыз жандарды босатпадың бар ғой, қызыңды шошқаның торайындай шынғыртып азаптаймын. Әрбір досыма я жақыныма көрсеткен азабың үшін, қызыңның бір мүшесін кесем де отырам. Егер ешкімге тимесең, мен сенің қызыңа да тимеймін. Мен саған жалынбаймын, иттің баласы. Қай қалағаныңды өзің ал, не жапқызған жақындарымды түгел босат та, оларға да, маған да тимеймін деп колыңнан мөр басқан қағаз бер, онда қызың босайды. Оны істемедің бар ғой, жалғыз қыздың шығынымен құтылмайсың. Жанға — жан шалам да отырам.

Ағаштарды, шөптерді кісі ғып іздетсең де, сен мені таба алмайсың. Ерегиссең, жақын арада өзінді де ұрлаймын. Мен енді саған жалынбаймын. Сен маған жалынасың. Сөзім — осы.

Мені жазықсыз зарлатып ең. Қасқырдай ұлытып, иттей қаңсылатым ба, бөлем! Әлі көресің көп!

Балуан Шолақ».

Бұл хатты аударуға Сүтемгеннің тілі де, батылы да жетпейді. Екі көзі шарасынан шығып, ол қалшиып қатты да қалды.

— Айт!— деп бұйырды ояз оған.

Сүтемген: «го-гос-п-п-о-один!» дей берді де, ар жағын айтпай, жылап жіберді...

Бұл үйге қаланың беделді казак-орыстары да жиналған еді. Солардың ішінде қазақтар «Түлкімұрт» деп атайтын, Коробкин дейтін шал отыр еді. Ол қазақ тілін жақсы біледі.

— Неге ыбылжып тұрсың?— деді Түлкімұрт Сүтемгенге,— оқы, мен айтайын!

Көтере алмай тұрған ауыр жүк өзінен ауғандай болған соң, Сүтемген барықсызданып: «Сен, иттің баласы ояз» дегенді қапыда оқып қалды.

— Оһо,— деді Түлкімұрт көзін едірейтіп,— қалай бастаған?

— Не депті?

— Жай, бейбастақтардың сөзі,— деді Түлкімұрт, оязға,— ар жағын оқы, Сүтемген!

Түлкімүрт Сүтемген оқыған әрбір сөйлемді жеке аударды. Хаттың сөздерінен үйдегілердің, әсіресе Терентий Диякович пен оның әйелінің үрейі ұшты.

— Босат!.. Босат!.. Тез босат!..— деп айғайлады Долгоносовтың әйелі еріне!..— Босат тез ұстағандарыңды!.. Әйтпесе құрыдық!

Аузы көпіріп, көзі аларып, талып кеткен әйелді сол үйде отырған үйездік емші, камфара, тағы сол сияқты дәрілерді иіскетіп, әрең дегенде ақылына келтірді.

Сең соққан балықтай сенделген ояз қасындағыларға ақылдасып еді.

— Босату керек,— деді олар,— мұны енді ашуландырмайтын шара қолдану керек. Егер ашуланса, не өледі, не ойдағысын істейді.

22. КӨКШЕНІҢ КЕУДЕСІНДЕ

*Мына дүние қай дүние — күлкі дүние!
Таудың қашқан сылаңдап түлкі дүние!
Сексен сұлу сылаңдап тұрса-дағы,
Ғалияның алмаймын кірпігіне!
Ойпырмай, жан сәулем Ғалия...*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Татьянаға мінгізетін атты жетекке алған Балуан Шолақ тура Көкшетау тауына тартты. Көкшетау каласынан Көкшетау тауы жетпіс шақырым жер еді. Шоқытып отырған жүріспен қаладан тауға таң атқанша жететінін шама-лаған Балуан аттарды қыса айдаған жоқ.

Татьяна салт жүруді жақсы көретін қыз еді. Бала жасынан салт мініп үйренген ол әкесіне Омбыдан жазған хаттарында: «эх, папа! Шіркін, салт атқа мінсем!..» деп аңсайтын. Жыл сайын, жаз айларында демалысқа келгенде, үнемі салт атпен серуендейтін. Фазтонға мініп серуендеуді ол биыл жаз ғана шығарған. Онда да биыл көбірек оқыған Тургенов романдарының әсерімен...

Балуан Шолақ салт атқа еріксіз мінгізіп, жетектеп ала жөнелгенде, қорыққаннан басы айналып, құлай жаздаған Татьяна былай шыға сергіп кетті. Алдынан жаздың самалы үрлеп, шоқыта шапқан аттың үстінде қараңғы түнде отыру оған аса бір рахат сияқтанды.

Жылы түнде, самалдың жұмсақ алақанына бетін сипата жортып келе жатқан Татьяна біраздан кейін хауіптен

арылып, еріккендей болды. Ол әлденені айтпақ боп Балuanға бірнеше рет оқталды да, атын тебініп, үзеңгі қағыса қатарласты, бірақ батылы жетіп үндей алмады, үндесе, жортуылшы жолбарысты шошытып алатын сияқтанды.

Балуанда да үн жоқ. Оның өткір көзі, қараңғыда әлдеқайда қараңдағандай болған Көкшеге қадалған. Бар ынтасы — Көкшеге тез жету... кеудесіне тез шығу... Ол кейде қасындағы қызды да ұмытып кетіп, жалғыз өзі келе жатқандай өңдете беріп, қыздан ыңғайсызданғандай аузын жия қояды. Жетекке алған Татьянаның аты кейде Ақбоздың ұтқыр шоқағына ере алмай тартынады, Балуан атын тежеңкірейді де, қыздың атын қатарластырады...

Бұндай жүріспен келе жатқанда, егер қыз қапысын тауып, жетекке алған атының шылбырын қиып жіберіп кейін қалып қойып қашса, бейқам Балуан байқамаған да болар еді.

Таңға жақын жартыланған ай туды. Ашық, аспанның шығыс жақ жиегін белуарлап Көкше көзге түсе кетті. Жер шамасын Балуан байқаса, жетем деген жері енді алыс емес сияқты.

Ентіккен атын тыныстау үшін, ол тежеді де, жүрісін аяң жортаққа салып, Татьянаға қарады. Бұқпадан аттанғалы қызға бұл бірінші қарауы еді.

Ай сәулесі себілген қыздың беті Балуанға дүниедегі ең сұлу сияқтанып кетті. «Жұмақ бар, онда хордың қызы бар, хор қызы күннен сұлу болады» деген сөзді Балуан кітаптан көретін еді, оларды көруге құмарланатын еді. Мына Татьяна дәл осы сәтте сол хордың қызы сияқтанып кетті. Аспандағы айдан бұл нұрлы көрінді. Қыздың жалаңаш басында желбендеген сары шашы оған шығып келе жатқан күннің шашыраған сәулесі сияқтанды...

Балуанның көз қыры қызға қадала қалды. Қадалған сайын қыз оған ұнаңқырай түсті. «Атқа отыруы қандай тамаша!— деп ойлады Балуан,— денесін қандай нық және тік ұстайды!.. Қандай төкаппар пішінмен отыр өзі!».

Осы ой көңілін аулаған Балуан Шабәк поселкесіне жақындағанын біле қапты. Шақырған тауықтың, үрген иттің лауысына көңілі бөлінген ол алдына қараса, поселке жақын түр.

Осы арадан Көкшеге баратын жол екіге айырылады: бір жол — Шабәк көлінің ығымен, Көкшенің күнгей жақ биігін жағалай, Окжетпестің ығына қарай асады; екінші жол — Көкшенің теріскей жақ биігін жағалап, үлкен

Шабак көлінің жарымен Оқжетпестің желіне қарай асады. Ыққы жол әрі жақын, әрі оңай, бірақ ол жолмен жүрсе поселкені жарып өту керек.

«Тауық шақырып жатыр. Бұл — таңның хабары. Поселкенің адамдары бұл кезде оялды. Егер қыз айғайласа, олар қамап ұстап алуы мүмкін?!» деп ойлады ол.

«Теріскей жақ жолмен барсам, әрі алыс, әрі тауға шығуы қиын,— деп ойлады тағы да Балуан,— онымен шыққанша, таң атып кетуі мүмкін!»

«Тәуекел!— деп бекінді Балуан, — поселкені жарып жұлдыздай ағып өтейін! Кім білер дейсің. Білсе, не істейді?!»

Татьянаның атын қатарластыра, Балуан Шолақ поселкеге шоқыта шапқан қалпымен кірді де кетті. Көше бойлай шапқан оларға тұс-тұстан шабаланып иттер қосылды. Поселке үйлерінің терезелерінде жарық жылтырайды. «Кім әй?» деп біреулер айғайлады да, оған Балуан құлақ тіккен жоқ, көшеден ағып өте шықты.

Қаладан шыға ол қуғыншы жоқ па екен дегендей, артына қараса, далақтап екі-үш ит қана келе жатыр екен, олардан басқа қуғын көрінбейді.

Балуан қызды поселкеге кіре бақыра ма деп хауіптенген еді, қыз үн шығарудың орнына, тойға бара жатқандай Балуанмен қатарласа, атын тебіне түсті.

Шабак қаласынан шыға таудың етегі алыс емес және таудың төбесін жаба өскен қалың қарағайлы орман поселкені жиектей кеп тоқтаған.

Поселкеден шыға орманға кірген жол екі таудың жықпылымен жоғары көтерілді. Астасқан екі таудың оң жағы — Өркеншіті, сол жағы — Көкше. Көсіле біткен Көкшенің биік жонының батыс жақ тұмсығында «Ақылбай қыстауы» аталып, аз үйлі ауыл отыратын. Бұл ауылда жер де, жерді жерлік мал да жоқ. Ауылдың кәсібі — таудың қазналық орманын күзету, одан қалған уақытында Шабак көлінен балық аулау. Аз үйдің ішіндегі шекшығар пысықшалауы — Ақылбай, ол Балуан Шолақпен көңілдестеу адам.

Ақылбай ауылына Балуан Шолақ пен Татьяна таң сіберлей жетті. Ауылдың иті бұларды үріп қарсы алғанда, ар жағынан:

— Бұл кім, әй!— деп бір еркек дауыстады.

Балуан дыбыссыз жақындады.

— Кімсің?— деді еркек қарсы жүріп.

— Өзің кімсің?— деді Балуан.

— Сен өзің қызық адам екенсің ғой,— деді еркек,— жолаушы жөнін айтпай, ауыл адамы айтқанын қайдан көріп ең?

— Көрмесен, көр!

«Бұл кім?» дегендей, еркек Балуанға жақындап келді де:

— Жаным-ау, мынау Балуан ба?!— деді.

— Ақылбай емесісің?— деді Балуан.

— Иә, Ақылбаймын.

Ақылбай Балуанның атын тізгінінен ұстай ап, қолтығына қолын созды:

— Түс!

— Түспеймін!— деді Балуан.

— Е, неге? Мынау қасыңдағың кім?

— Ат үстінен сыр айтты деп сөкпе. Бұл әкеліп тұрған — барымтам.

— Қайдан?— деді Ақылбай үніліп. — Адам ба «барымтаң?!» Қой, Балуан, маған ойнап айтып тұрған шығарсың.

— Расым. «Жығылсаң жығыл нардан, ажалың әлде қайдан?» дегендей, барымталап әкеп тұрғаным — Көкшетау оязының қызы.

— Ояздың?!.. (Ақылбай орыс тілін жақсы білуші еді. Сондықтан анықтамақ боп) Сіз ояздың қызысыз ба?— деді Татьянаға.

— Иә,— деді қыз күмістей сынғырлаған ашық үнмен,— мен ояздың қызымын,— Терентий Диякович Долгоносовтың!..

— Балуанның сізді зорлықпен әкеп тұруы рас па?

— Рас!..

Ақылбай не деуге білмей қалды.

— Ендігі жай былай,— деді Балуан,— жүз таныстығың болмаса, сенімен онша сырлас болған, я ісім түскен кісі емессің. Жұмыстың жайын айтпай-ақ шамалаған шығарсың.

— Жоқ, шамалай алмай тұрмын!..

— Ендеше кейін шамаларсың. Ал енді менен қорқамысың, болмаса серіктікке жараймысың?

— Өзің қалай ойлап келдің?

— Сыртыңнан бір кесіп жер жалы бар жігіт деп еститін едім. «Ханның ісі қараға түседі, батырдың ісі балаға түседі» деген, саған паналауға келдім.

— Ендеше, түс!— деді Ақылбай,— тірі болсаң, бір тобедемін, өлсең, бір шұқырдамын.

— Бірақ мен мұнда түспейін. «Батырға да жан керек». Жау мықты, сақтану керек. Мына Көкшенің басына шығып көрген жоқ ем, шыға алам ба? Шықсам — паналар орын бар ма?

— Табам. Жан адам тіміскілеп таба алмайтын жер табам.

— Атың бар ма қолда?

— Бар.

— Мін де жүр, ендеше!

— Атымды қазір ерттейін,— деді Ақылбай,— қатын-қалаш, бала-шағаның аузы жеңіл болады. Көздері шалса, сөз таратар. Ауылда менен басқа оянған жан жоқ. Сен мына ауылдың сыртын орап, Көкшеге беттеген соқпақпен жөнеле бер, мен артыңнан қуып жетем!

Балуан жөнеле берді. Қыз тартынбады.

«Осы қызда не ой бар?— деп ойлады Балуан,— не тіл қатпайды, не шыдамсыздық, я осалдық көрсетпейді. Бұл бұның ақылдылығы ма, ақылсыздығы ма?!»

Қыздың ойы: «Бұлқынғанмен бәрібір босанбаймын. Одан да тағдырдың салғанын көрейін. Әкем айтқандай бұзық болса — қорлар, өлтірер; жұрт айтқандай ер болса, басқа бір ойы бар шығар; несі болса да сабырмен күтейін!»

Европаның корсарлар¹ туралы да, рыцарлар² туралы жазған романдарын көп оқыған Татьянаға бұл сапардың арты сондай бір романға соғатын сияқтанады, бірақ айтылған екі романның қайсысы жасалуына көзі жетпеді...

Ақылбай Балуан мен Татьянаны қуып жетті. Олар Көкшенің етегіне келгенде таң аппақ атты.

Бір жінішке соқпақ, Көкшенің тік көтерілген шыңына арқандай шұбала асылып тұр.

— Осы жолмен өрлейміз биікке,— деді Ақылбай.

— Ат шыға ала ма?— деді Балуан,— тым тік екен!

— Қиыны қиын,— деді Ақылбай,— бірақ байқап жүрсе, шығады ат. Алдына мен түсейін. Қызың ортада жүрсін. Атының шылбырын маған ұстат. Сен артынан жүр.

— Дұрыс.

Сол жобамен Ақылбай бастай жөнелді. Қыз — ортада, Балуан — артта.

Таудың жолы тым тік екенін Балуан мен Татьяна тауға өрмелегенде етектегіден айқынырақ көрді. Егер олар

¹ Теңіздің талаушылары.

² Тәкаппар, ұлы жанды серілер.

ердің қасы мен аттың жалына жармаспаса, шалқаларынан құлайтын.

Етектен қарағанда Көкшенің басы жақын сияқты еді, ілгерілеген сайын биіктей, алыстай берді. Етекке көзі түскен Татьянаның басы айналып, жүрегі өрекіген соң, сыр бермейін деп, көзін тарс жұмды да, аттың жалын қолына орап ұстап ап, тізгінді бос қоя берді.

Ақылбайдың астында бүкіштеу келген топырыш торы бие еді. Жазықтағы жүрісте ақбоз бен қара арғымақтың маңайына ілесетін жылқы емес, ал тауға тырмысқанда мысық сияқты, егер артына абайламаса, Балуан мен Татьянадан қарасын үзіп кететін.

Мұндай биікке өрлеп көрмеген ақбоз да алқынды, ал қара арғымақ әуелде алдына бие түскенін көріп кіжіндеп, оқыранып бітіп еді, тауға тырмысқаннан кейін, «байтал түгіл, бас қайғы» боп, өз денесін өзі өрең сүйреді...

Қара айғыр өлденеше жерде алқынып тұрып та қалды. Ақылбай ол кезде биесін тоқтатып, айғырға дем алғызды. Одан кейін тағы да тырмыса жылжығанмен, сарқылған күш орнына түгел түспей, әлсін-әлсін болдыра берді. Осы зорлықпен қиналып, өрең келе жатқан айғыр тау биігінің орта кезіне барған кезде, құзға қарай домалай құлады. Балуан қызды өрең дегенде айғырдың үстінен алып қалды. Дөңбектей домалаған айғырға төменде кедір-бұдыр тастар да, құлаған қарағай да, ағаштың түбірі де кездесті, бірақ былқылдап, екпінмен домалаған дене не кездесе де, резеңке доптай ар жағына ырғып түсе берді. Әуелі ақырын домалаған айғыр аздан кейін жел құған қаңбақтай, төменге зымырап кетті...

Құлаған айғырдың қарасы үзілгеннен кейін Ақылбайдың айтқаны:

— Жері жақын болғанмен, ең қиыны алдымызда. Лепіріп келе жатқан көңіліңді баспайын деп тоқтау айтқан жоқ ем, Балуан!.. Бұл асу осындай қиын. Ең биікке шығасың ба, болмаса осы маңайда да адам таппайтын бекініс бар, соған паналай тұрасың ба?

— Бет алған жағымнан қайтқанымды қашан естіп ең, Ақылбай,— деді Балуан,— абақты қажытты деп ойлағаның ба, бұл?

— Неге олай дейін!

— Ендеше жүреміз ілгері. Менің атыма қыз мінсін.

— Сен ше?

— Мен жаяу жүрем.

— Сенің тілегінді мен берейін, менің тілегімді сен бер. Мін, менің атыма!

Ақылбай атынан түсті де, Балуанға ұсынды.

— Өзің қайтесің?

— Балуандығыңда, серілігіңде, ақындығыңда дауым жоқ. Көңіліңе келсе де айтайын, нақ тауға өрмелеуге сен мендей емессің. Намыстансаң да айтайын, «Мақпал» мен «Бүркітті»ден басқа тауға шығып көрдім деймісің сен?.. Тау ма олар? Жаман атпен басына шоқытып шығатын төбе емес пе? «Тау» деп аспанға таласқан мына Көкшені айт!.. Бірақ бұл өзгеге биік болғанмен, маған биік емес. Аяқты апыл-тапыл басқалы төбесіне күнде бір шығатын Көкше бұл; сөзді қой, мін мына биеге? Әлде биеге қалай мінем деп, намыстанып тұрмысың? Бұл қияда Ақбозыңнан менің бием артық!

— Жеңілдім!— деді Балуан.

Балуан биеге, Татьяна Ақбозға мінді. Айтқандай-ақ Ақылбай тауға өрмелеуге тамаша екен. Аяқтары қаздаңдап, аттардан озып, еліктей ентелеп барады. Балуан да, қыз да Ақылбайдың бұл жүрісіне қайран қалды.

Олар Көкшенің кеудесіне шыққанда, күн түске тармасып қалды. Батыстан шығысқа қарай созыла біткен Көкшенің жонында түйенің өркешіндей шаншылған шыңдар болғанмен, күнгей жағы жерге шейін тік қиылып түскен жылтыр тас, әрі адамның қарауға басы айналатын терең; көлбеңдеп біткен теріскей жағы мен жотасы қалың орман.

Ақылбай «аңның жымы» деп атаған бір жіңішке жолмен олар жүріп отырып, аз үйлі ауыл сыйып қонғандай алапқа шықты. Алапта қазанға құйған судай қара тастың шұқырына біткен, төңірегі сақинадай дөп-дөңгелек кішкене көл бар екен.

— Осының тереңдігі жүз кез деді,— дейді Ақылбай.

— Көлемі мынау,— деді Балуан,— қайдан жүз кез болады!

— Өлшеп көрген бір орыс солай депті...

— Болса болар...

Кеңесе келе, Ақылбайдың Балуанға айтқан өтініші:

— Атыңа қанық, өзіңе танық едім. Сенің керегіңе жарасам, арманым жоқ. Төсімді ашып, дос болам, қи маған достығыңды!

Мәңгілік достықтың белгісіне олар түрегеп құшақтасты да, төстеріне төстерін басты.

Балуанның амандығын әкесі мен шешесіне ғана айтуға, ояздың іздеуі, тағы сол сияқты хабарларды тасып тұруға, ас әкеп тұруға уәде қылды Ақылбай. «Болашақта не істеуді, қайда баруды жағдайға қарай көрерміз» десті олар.

— Қайыр, қош!— деді Ақылбай әзірге үйіне қайтпак боп атына мініп, құсың құтты болсын!

— Менде өзім сүйген бір ғана құс бар,— деді Балуан күрсініп,— одан басқа бұлбұлдың да, тотының да керегі жоқ.

— Кім ол?

— Ғалия.

— Естіп ек! Бірақ әйел — түлкі, еркек бүркіт емес пе? Алдынан сылаңдап түлкі қашса, бүркіт шыдай алар ма екен.

— Томаға кигізсе, тырп ете ала ма, бүркіт?

— Қай томаға ол?

— Ғашықтық!..

— Шыдасаң көрерміз...

— Көрсен көрерсің. «Сексен сұлу сылаңдап тұрсадағы, Ғалияның алмаймын кірпігіне!» деп шығарған өнімді естіп пе ең?

— Естігем.

— Сол сөзім — сөз!..

Бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмеген Ақылбай, кешке қарай ас-су әкеп бермек болды да, жүріп кетті.

23. СЫНАСУ

*Ғалияның қолында бұйда пышақ,
Ғалияны көрдім де, жайдым құшақ.
Отыр ма екен Ғалия, жатыр ма екен,
Айдын көлде таранған аққу құсап?*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Көкшенің қыр аркасына түйенің өркешіндей шаншыла біткен бір шың таста Татьяна жалғыз отыр. Бұл шыңнан төңіректегі көз жетер жерде көрінбейтін жер жоқ.

Әкесі жер-көкке сыйғызбай мақтаған соң, былтырғы жазда Татьяна Бурабайға кеп, таудың ішін аралаған еді. Сонда Оқжетпестің тас дінгегі қай жағынан қараса да, оған бұл арадағы таулардың ең биік қиясы сияктанған еді. Қазір

Көкшенің басынан қарағанда, сол Оқжетпес үйген тезек сияқты шоқырайған бірдеме.

«Бұл таудың бойында сексен көл бар» деген еді әкесі Татьянаға. «Сонша көл қай жеріне сыяды» деп, Татьяна ол сөзге сенбеген еді. Қазір Көкшенің төбесінен қараса, сексен түгіл, жүз алпыс деуге де сиярлық; етегіне, өңіріне күміс қадаған қазақ қыздарының жасыл барқыт қамзолы сияқты, жасыл даланың беті жарқырап, күн сәулесіне жалтылдаған көлге сыңысып сыймайды.

Көкшенің төбесінен қарағанда, әлдеқайда алыста сағыммен бұлдыраған көп таулар ұшырайды, бірақ олардың бәрі Көкшенің қасында төмпе сияқты.

Көкшенің төбесінен қарағанда, көзге ұшырайтын көп қаланың біреуі — Көкшетау. Жетпіс шақырым жердегі ол бұл шоқының басынан ең көп болса жиырма-отыз шақырымдай ғана сияқтанады. Қаланың күндіз күнге шағылысқан бояулы қаңылтыр шатырларымен, түнде терезелерінен жарқылдаған сәулелері көрініп тұрады. Жалпы жобасын көріп, жеке үйлерін, көшелерін еркін болжай алмағанмен, қаланың бар бейнесі Татьянаның алақанында сияқты. Татьяна кейде биік шыңның басына шығып, қаланың нұсқасын көреді де, аз уақыт көзін жұмып отырып, ойымен ішін аралайды, үйіне барады, әке-шешесін құшақтайды, сүйеді, еркелейді...

Көзін ашып ойласа, Татьянаға бұл еркелігі, бұдан былай шындықтағы емес, қиялдағы еркелік ғана сияқтанады. Оның бұл ойы түсінікті болу үшін, әңгімені әртініректен бастайық.

Татьянаны Балуан Шолақтың алып «жейтін аңым» деп емес, ояздың қара күшіне қарсы қара күш жасау ретінде алып қашқаны, Көкшенің биігіне оны «ояз адамшылыққа келсе, мен де адамшылыққа келем» деген ниетпен апаруы бізге мәлім. Балуанның қолына алғаш түскенде, Татьяна өзін қасқырдың аузына түскен тоқтыдай көргенін де, бірақ, Балуан жетектеген салт атпен былай шыға, қауіпке бойы үйреніп, тағдырының алдына не сый тартқалы тұрғанын салқын қанмен күтіп алуға бекінгенін де біз жақсы білеміз.

Ақылбай бұларды Көкшенің кеудесіне апарып орналастырғаннан кейін қайтып кеткенде, Татьянаға өзінің жақын туысы қайтып кеткендей сезім пайда боп, қарасы үзілгенше қадала қарап отырды да, қарасы үзілген соң, өксіп жылап жіберді де, бетін екі алақанымен басып, кесек тасты жастана жата кетті.

Татьянаны шын көңілден аяу сезімі Балuanның көңіліне сол сәтте ғана ұялады. Оны бассалып құшақтағысы келді Балuanның, әлдилеген баладай алдына алып тербеткісі, көз жасын орамалымен сүрткісі, неге әкелген ниетін айтқысы, қорықпауын, көңіліне жаман ой алмауын өтінгісі келді.

Ақыл таразысына салып көргенде, бұл ойларының бәрі оған жеңілдіктің белгісі сияқтанды. «Алып қашуға асыққанмен, адамшылық көрсетуге асықпайын» деген тиянаққа тіреді ол ойын.

Сол оймен орнынан тұрып кеткен ол жақын жердегі байлаулы Ақбозының ер-тоқымын алып, көзін орамалымен сүртіп, біраз уақыт әуреленді де, «не халде екен!» дегендей, жолбарыстың жүрісіндей еппен басып, Татьянаң қасына келді. Қимылы жоқ қыздың бетіне ол үңілсе, ұйықтап кеткендей, мұрны ақырын ғана пысылдайды.

Расында да ұйықтап кетуіне көзі жеткен Балuan «шошытып алмайын» деген оймен, еппен ғана басып, алысырақ тұстағы кесек тасқа барды да, қасына жантая отырды. Оның ойына өзі білетін өмірдің кейбір философиялық жайлары түсіп кетті.

«Бұл не ғажап?!— деп ойлады ол.— Мен көрген өмірде осалды мықты жейді. Түлкі тауықты жейді, қасқыр қойды жейді, бүркіт қоянды жейді деп кіналаймыз. Адам адамды жегенде, оларға не жорық?.. Аң емес пе, олар?..»

«Адам адамды неге жейді?!» деген сұраудың жауабын Балuan ойлап-ойлап таба алмады. Дінге сенетін Балuan: «адам бір қорықса, құдайдан қорықса керек еді, бірақ одан да қорықпайды ғой мықтылар?.. Аузында алласы отырып, сілесін қатырады ғой олар осалдардың?..»

Құдайдан ауызша қорыққан боп, іс жүзінде қорықпайтындар есіне түскенде, «сондайларды неге жеміріп жібермейді екен тәңірі?!» деген бір қиялға кетіп қалды Балuan...

«Бірақ болған емес қой ондай іс! — деген өкінішке түсті Балuan.— Зорлығы үшін көрінеу көзге тәңіріден жаза тартқан мықтыны ешкім көрген емес қой?!..»

«Жазаны ахиретте тартады» деген сөз түсіп кетті Балuanның есіне. «Оған дейін қашан!— деп торықты Балuan.— Бұл дүниеде қайтпаған кек, ол дүниеде қайтқанда, не болады?!..»

«Сол дүниен, сол құдайың бар ма екен, өзі?!» деген күдік туа берген Балуан «астапыралда, күнәлі болмайыншы!» деп, олай қарай шашырап бара жатқан ойын жинап буа қойды.

«Шіркін,— деп кіжінді ол,— кек атаулы ол дүниеде емес, бұл дүниеде қайтатын болса!..»

Кектің қайтуына сүйенбек болған үміті тайғанақтай берген соң, ол ойынан торыққан Балуан,— «ал енді дүниеде әделеттік бар ма?» деген ойға келді.

«Бар ол әділеттік! — дейді ол дауысын шығарып, біраз уақыт ойланып алғаннан кейін.— Әділеттік болмаса, халық неге жақсы көреді мені?.. Және есепсіз, қалтқысыз жақсы көреді ғой ол мені?.. Мен ғана емес, хиянатсыз адамның бәрін де жақсы көреді ғой ол?.. Ендеше, шын әділеттік халықта емес пе?.. Рас, әділ ол!.. Және оның әділдігі адал, шын әділдік!.. Күші жеткен жерге дейін аямайды ол әділдігін... Күші жетпеген жерде амалы жоқ!..»

«Күш» деген сөздің өзіне мән беріп байқады Балуан. «Көп қорқытады, терең батырады» деген мақал түсті оның ойына. «Ол, рас!— деген ой кеп кетті Балуанға,— егер мені көпшілік қолдамаса, елдің күштілері алдақашан түтіп жеп қояр еді ғой?.. Істей алмады ғой оны?.. Сонда менен емес, көптен қорықты ғой?!..»

«Сол көптен ұлықтар... мысалы, ояз неге қорықпайды?!» деген ой кеп кетті Балуанға...

«Білдім!— деді ол ұзақ ойланбай,— мылтық олардың көпті қорқытатын қаруы. Атбасарда қолма-қол төбелесем, қолға түсер ме едім мен?.. Мылтыққа ғана бағындым ғой мен?.. Халық та сондай. Ол да мылтықтан қорқып отыр. Ұлықтың қолынан мылтығын алшы, қорлық көріп отырған халық не істер екен?.. Әлегін аспаннан келтірер еді, күлін көкке ұшырар еді!..»

«Шын, халықтың өз қолына мылтық беріп көрер ме еді?!» деген арман туып кетті Балуанның басына.

Ойы осы сияқты «тұманға» сүнгіп, одан табар сәулесі жоғына көзі жеткендей болған Балуан отырған мекеніне қайта оралды. Сол кезде оның алыстағы буалдырға тіккен көзі қимылсыз жатқан Татьянаға түсіп кетті. Оның басында тағы да хиянат пен әділеттік салмақтаса қалды. «Қайсысына баруым керек сол екеуінің?— деген сұрау туды оның басына,— қиянатқа барсам, мына қыз менің уысыма түскен жемім, мұны менен арашалап алар ешкім жоқ...

Бірақ дұрыс па соным?.. Бар тағдыры қолымда қалған бейшараны шыңғыртып жеуім адамшылық па?.. Жок, емес ол!.. Онда менің де талағыш көп иттің ішіндегі көк ит болғаным!..»

Балуанның «жок, мен ит емеспін, адаммын!» деген дауысы қатты шыққандығы сондай, дауысынан сескенгендей, өзі де орнынан атып түре келді, ұйықтап жатқан Татьяна да шошып оянган түрмен, есеңгіреп құзға қарай қаша жөнелді... Сол бетімен құзға құлайтын оны Балуан әрең қуып жетіп, биік жартастың қабағына жақындай бергенде, белінен құшақтай алды... Қасқыр тістеген киіктей шошынған Татьяна бақырып қалғанда:

— Қорықпа, қорықпа!— деді Балуан,— мен аң емеспін, адаммын!..

Есін сонда ғана жинаған Татьяна «рас па?» дегендей Балуанның кескініне қарады да, үндемеді. Шын мағынасындағы адамның аса жылы кескіні сияқтанып кетті Балуанның беті оған.

Балуан Татьянаны сол көтерген қалпынан жерге түсірмей, манағы отырған тасына әкелді де, алдына алып отырып, тілі жеткенше, бұндай іске неге барған сырын шертіп кетті. Балуанның орыс тілін олақ сөйлеуі Татьянаға оның ойын ұғуға бөгет болған жоқ. Бөгеттігі былай тұрсын, жанының жалынындай ақтарылған бұл сөздер Татьянаның сана-сезімін қорғасындай балқытып әкетті... Балуанның сөздерін әуелі сынай тыңдаған Татьяна артынан жылай тыңдады...

Бір кезде Балуанның өзі де жылағандай сезілген соң, Татьяна көзін сүртіп кескініне қараса, расында да солқылдап жылап отыр екен!..

— Сізге не болған?!— деді Татьяна Балуанның алдынан атып тұрып, басын құшақтай ап,— ақыл мен қайраттың жентегі сияқты сіз жылағанда, адам баласында жыламайтын кім?.. Өзгеңізді мақұлдағанмен, мұныңызды мақұлдай алмаймын!.. Мен сізді аса биік адамға санап қалған едім, егер төмендегіңіз келмесе, тыйыңыз көз жасыңызды!..

Бұл сөзге балқыған сезімі серги қалған Балуан көз жасын жеңімен сүртіп жіберді де:

— Мен өзгеге емес, дүниеге адам болып келуіме ғана жылаймын,— деді.

— Неге?!

— Азаттығы жоқ тіршіліктің кімге керекі бар?

— Өзгеде менің жұмысым жоқ,— деді Татьяна,— жұмысым болғанмен, өзгенің хиянатын түзеуге менің әлім келмейді. Оған сіздің де әліңіз келмейді. Менің әлім келетін адам — әкем. Оның тарапынан бұдан былай сізге ешбір хиянат болмауына мен уәде бере алам. Сеніңіз осы сөзге.

Балуан үндемеді.

— Сенуіңізді өтінем!— деді Татьяна түрегеп, жалбарынған дауыспен.— Әкеме өтінішімді қабылдатудың үстіне, егер мақұл көрсеңіз, сіздің өмірлік досыңыз болғым келеді...

— Оны өмір көрсетер,— деді Балуан да түрегеп.— Асығыс сөз, ауыздан шыққан дем, қайтып оралмайды ол. Менің тек қана айтарым — дос болам деген кісіге, менің достық құшағым даяр!..

Расын айтқанда, Балуан Татьянаның уәдесіне сенуді де, сенбеуді де білмеді. Сенбейін десе, аузынан уызы кеппеген сәби адам, өтірік сөзді қалай айтады?.. Сенейін десе — жауласып отырған адамның қызы... ол жаулықтың аяғы немен тынары мәлімсіз... қыз, мүмкін, уәдесін адал-ақ беріп отырған шығар... бірақ әкесі оның тілегін орындауына кім кепіл бопты?.. Егер орындамаса, бұл қыз әкесін бұған айырбастай ала ма?..

Балуан осы оймен, қызды бір күн емес, көп күнде сынауға бекінді.

Оның бірінші сынынан Татьяна да, Татьянаның бірінші сынынан ол да әдемі өтті. Татьянаның сыны,— «дос болам» деп уәде бермеуіне қарап, «кегі ішінде екен, оның арты неге соғар екен?» деп күдіктенген Татьяна «егер ойы олай болса, бүгін түнде сыр беруі мүмкін» деп қорыққан еді, «бүгін сыр бермесе, адамгершілігінің рас болуы мүмкін» деп үміттенген еді; Балуанның сыны «бұл қыз мені жәй сөзбен ғана жұбатып, іш-пікірін ішіне сақтаса, осы түнде мені ұйықтатып тастап, қашып кетуі мүмкін» деп күдіктенген еді.

Ақылбай оларға асты күн батуға жақындаған кезде әкеп берді. Балуан жеп-ішер деп, ол піскен сүр және қымыз әкелді де, қызы жеп-ішер деп, орыстың қалашын және піскен қаймақ әкелді.

Балуанның Татьянаға деген сенімі осы астың үстінде тұтана бастады. Қарны ашты ма, әлде Балуанның сенімін арттыруға көз жасағысы келді ме, «келіңіз!» деп шақырған дастарқанның қасына отыра қалды да, серіктерін қулық

сөздер айтып күлдіре отырып, асқа тыңқия тойып алды. Қыздың мана жабырқаңқы кескінін көріп, «бұл байғұстың халы не болар екен?!» деген уайымда кеткен Ақылбай, мына жолы жадырай қалуына, асты қомағайлана ішуіне қарап, «осы екеуі келісіп қалған ғой, тегі!» деген арам ойға тоқырады.

Ақылбай атына өңгеріп, үйінен төсек-орын да ала келген еді. Ол кете, тастардың қуысындағы жел-күнге тигізбейтін бір жайлы орынға Балуан төсекті салды да:

— Сен енді тынық!— деді қызға.

— Сіз ше?

— Мен кейінірек ұйықтаймын.

— Қайда?

— Тас арасында орын көп.

— Оған дейін не істейсіз?

— Ананы ермек қыла тұрам,— деп Татьянаға Балуан Ақылбай әкеп берген, таста сүйеулі тұрған домбыраны көрсетті.

— Сіз жақсы ойнайсыз ба?— деді Татьяна.

— Өзіме қажетті мөлшерде.

— Сізді әнші және ақын деседі жұрт, рас па сол сөз?

— Өзіме қажетті өлеңді де, әнді де шығаратыным рас.

— Маған тындауға бола ма ол өнерлеріңізді.

— Әрине болады.

Тасқа аралары алшақтау қатар отырғаннан кейін, Балуан қарағайдан жасалған ескілеу домбыраны қолына алды да, күйіне келтіріп, құлаққа жағымды әлдене қоңыр әнді домбыраның шектерін шолақ қолының үсік саусағымен іліп-қағып ойнап жіберді. Бұл әні жүрегіне жылы тиіп кеткен Татьяна аз уақыт тынысын ішіне тарта тындап отырды да:

— Енді дауыс қосуыңызды өтінем!— деді.

— Жақсы,— деді Балуан,— бірақ айтар әнім бұл емес, басқа.

— Қандай ән?

— Ғашығыма шығарған...

— Жаңылмасам, естуімше, ғашығыңыздың аты Ғалия болу керек? — деді Татьяна Балуанның бетіне күлімсірей қарап.

— Оны қайдан естідіңіз?

— Халық арасында тараған әңгімені мен неге естімеймін?

— Не деп естідіңіз?

- Ол жырды маған өзіңіздің айтуыңызды өтінем.
— О да болсын!

«Хат жазайын Ғалия, саған арнап,
Сипатына екінші құрмет айлап.
Анда-санда көзіме бір көрінсең,
Қарға аунаған түлкідей қалам жайнап!»—

деп бастап, Балуан «Ғалия» әнін айта жөнелді. Дауысы шынында зор ма, әлде мына биік таудың басу, қалың қарағайдың іші көтеріп әкетті ме — құмарта тыңдаған бұл әдемі әнді айтқанда, Балуан Татьянаға дүниеде дауысы ең зор, ең нақышты адам сияқтанып кетті. Оның дауысына бүкіл дүние қосылғандай, кең дүниенің ішінде осы әннен басқа үн жоқтай, сол кең дүниеге мынау әдемі ән әрең сыйып тұрғандай көрінді Татьянаға... Не деген тамаша ән!.. Не деген тамаша үн!..

Сол әннің қызығына түсіп, екеуі де қас қарайып, ымырт жабылғанын байқамай қапты...

— Тынығар уақыт бопты,— деді Балуан бір кезде Татьянаға, домбыраны қасына сүйей сап.

— Тағы да, Балуан!..

— Әр нәрсе дәмімен, Тәнәй-жан!— деді Балуан. («Татьяна» деген сөздің орнына «Тәнәй-жан» деген сөз аузына қалай түскенін Балуан байқамай да қалды. Татьяна ол сөзге түсінбегендіктен, мән бермеді).— Мөлшерден артық ішсе, тәтті де жүректі айнытады. Бүгінге осы да жетер. Қалғаны ертең.

— Жақсы!— деді Татьяна.

— Онда жат, қарындасым!

— Жалғыз жатуға қорқам.

Балуан «неге?» демеді. Елсіз-күнсіз биік таудың басында, қараңғы түнде, баспанасыз жерде жалғыз жату оңай боп па?

— Онда қайтем?— деді Балуан.

— Мен сіздің құшағыңызда ғана ұйықтай алам!.. Қызды шекпеніне бөлей, құшағына ап, төсекке өзі киімшең қисайған Балуанның жан-жағынан нәпсінің аңдары арсылдай ұмтылғанмен, берік және батыр жүрек сертінен жаңылмады. Қалай қалғып кеткенін ол білмей де қалды...

Балуан оянып кетсе, дала жап-жарық. Қарағайлардың арасына, бетіне күннің әлсіз сәулесі түсіп тұр... Мұрны

ақырын ғана пысылдап Татьяна құшағында ұйықтап жатыр... Бір қырындау жатқан оның да бетін күн сәулесі ынылып, былай да сұлу кескіні тіпті нұрланып кетіпті... Егер қимылдаса, қасындағы қыздың рахат тыныштығын бұзатындай көрген Балуан оған тек көз қырын ғана тастап, сұлулығына қайран қалды. Өзінің ерлігіне ол одан да артық қайран болды. «Адам егер шындап кіріссе, нәпсіні сындыруға болады екен-ау!— деп таңданды ол,— осындай сұлу қыздың қасында, осылай жатуға болады дегенге, көзі көрмеген кісі нанбас еді-ау!»

Балуанға мұндай ерлік тек оның ғана қолынан келетін сияқты тәкаппарлық пайда болды. Бұл қылығы адамдық-ерліктің биік шыңы сияқтанып кетті оған. Егер өзі тілесе, адамның қолынан келмейтін ерлік жоқ деген ойға келді ол. Өзінің сондай адам боп тууына мақтанғандай болған ол «адам!..» деп айғайлап қалды. «Неге ойтм?» дегендей, ол аузын бос қолымен басып үлгермей, Татьяна оянып та үлгерді. Шошып оянып есеңгіреуі ме, әлде дұрыс оянып, ақылының әмірін орындады ма, басын төсектен көтере берген Татьяна да «адам!» деген сөзді бар даусымен айтып, Балуанды құшақтай ап, денесін денесіне қатты қыса, сақалы өскен түкті бетінен құшырлана сүйді...

Достықтың осы қаймағын ешбір нәпсінің дауылы соғып бұза алмады. Балуан бұл дауылға емендей иілмей, қасқиып қарсы тұрды. Сана-сезімінің буыны әлі бекіп болмаған жастығынан ба, бұған дейін сүйген ешкімі жоқтықтан ба, Балуанның кісілігімен қатар жігіттігіне де сүйсінуден бе, біраз күн бірге жүріп-тұрғаннан кейін Татьяна өзін-өзі байқап көрсе, Балуанға жігіт деп те қызығып қалған жайы бар. Осы сезімін сыртына шығарар, шығармасын білмей, азаптанып жүргенде:

— Сен бүгін қайтасың!— деді Татьянаға ертемен етекке түсіп келген Балуан.

— Қайда?

— Үйіңе...

Балуан Татьянаға абақтыда жатқан туыстары түгел босаңғанын, ояздан «қызымды аман қайтарсаң, саған да, туыстарыңа да тимеймін» деген хат келгенін айтты. Бұл хабарға қуанған Татьяна:

— Үйіме өзіңіз апарып салыңыз да, әке-шешеммен де достасып аттаныңыз!— деген өтінішін айтты.

— Ол өтінішіңді орындай алмаймын,— деді Балуан.

— Неге?
— Достық — жүректің ісі. Жүрек сырласып, сеніскен адамымен ғана дос бола алады.
— Менің әке-шешеммен сырласып, сенуге болмай ма?
— Болмайды, достым!..
— Неге?!
— Ол ұзақ кеңес және оны сізге айтудың хажеті де жоқ. Ал сенімен?.. Егер сертінде тұрсаң, бұдан кейін я жолығармыз, я жолықпаспыз, бір-бірімізге ісіміз я түсер, я түспес, — «дос болам» деген сертімде мен берік тұрармын, оған — бүгінге дейін сертінен айнымаған ар-ұятым күә!..

Соңғы сөз Татьянаны тағы бір тұйыққа әкеп қамады: Балуанның Ғалияға деген серті бұзылмастай берік екендігіне оның көзі жетіп болған. Егер көзі олай жетпесе, осы арада «мен сені сүйем!» деген сөзін айтқалы даяр тұр...

Бұл сөзді Балуанға Татьяна тек түнде, Көкшетау қаласының көшесінде, өз үйінің қақпасының алдында ғана айтты. Олар қалаға түн ортасы ауа, қала шырт ұйқыда жатқан кезде салт атпен кірген еді. Екі ат та — Балуандікі.

Үйіне кіріп-шығуға Балуанды бұған дейін көндіре алмаған Татьяна қақпасының алдына кеп, атынан түскен Балуанға өтінішін қайталаған жоқ.

Татьяна түскен аттың шылбырын қолына алған Балуан тауда еркелетіп қойған атымен:

— Ал, Төнәйжан, енді хош бола тұрасың да!— деді қолын ұсынып.

Татьяна оған қол берудің орнына, басын кеудесіне баса, белінен құшақтады да, қараңғы түнде көзі жұлдыздай жау-тандап, еркелеп дағды алған қазақ сөзімен:

— Аға!— деді.

— Әу, Төнәжан!— деді Балуан.

— Сіз ғой енді «Төнәй-ай!» деп маған шығарған әніңізді ұмытасыз?..— деді Татьяна жыламсыраған дауыспен.

— Ән ұмытыла ма, Төнәй-жан? Және «Төной-ай»-дың қасында, «Төндә менің жан-ай, әй!» деген сөз бар емес пе?

— Бар...

— Білесің бе «жан» дегеннің не сөз екенін?

— Білем!..

— Ендеше кеудемде жан тұрғанша жасайды ол ән.

— Сенем, аға!.. Менің кеудемде де сіз солай жасайсыз!.. Өйтпегенде ше?.. Бұрын романдардан ғана оқитын

шындықты сіз маған іс жүзінде көрсеттіңіз!.. Рахмет сізге!.. Мен енді дүниеде адам барына да, достық барына да, махаббат барына да сенем!..

— Рахмет, Төнәйжан!..

— Дүниеде екі сүю бар ма, аға?

— Жоқ!...

— Ендеше, мен сізді ғана сүйем!..— деді де, қыз өксіп жылап жіберді.

Қызды бауырына басқан Балуан не сөз айтарын білмей қалды.

— Ал хош, сүйікті Төнәйжан!— деді Балуан аз уақыт үнсіз тұрғаннан кейін.

— Хош!— деді Татьяна әлсіз дауыспен, одан әрі сойлесудің қажеті жоғын ұғып.

Балуан жылдам қимылмен Ақбозына қонды да, Татьяна мініп келген атты жетекке алып жүріп кетті...

24. «ЕРДІ КЕБЕНЕК ІШІНДЕ ТАНЫ»¹

*Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Менің діңкем құриды сен дегенде.
Ғашық болып қосылған Ғалия жан,
Сусын болар лебізің шөлдегенде!*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Татьянаны Көкшетауға апарып қайтқаннан кейін Балуан Шолақ атын өктемей, жолда бір күн тыныстады да, ертеңіне тура үйіне барды. Абақтыдан қашқалы үйіне бірінші баруы болғанымен, оның қайда не істеп жүргені семьясына да, өзге жұртқа да мәлім еді.

Семья да, халқы да оны дағдылы жылау-сықтаумен қарсы алды.

— Батыр, енді сабыр!— деп өтінді ағайындары мен досжарандары, — «аса қайрат бас жарады» деген аталарың, «Балуанмен күреспе, ұлықпен тіреспе!» деген аталарың. Албырт жастықпен басыңды тауға да, тасқа да соқтың. Енді сақал-мұртың шығып, көңілің тоқырайтын жасқа жеттің, мал малданатын, жан жанданатын кезің болды. «Тек

¹ Халық мақалы. «Кебенек»— жазалыны масқаралауға кигізетін шоқпыт құрым, халықтың «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме» дегуі де осыдан шыққан.

жүрсең — тоқ жүресің» деген атаң. Малын бағып қана тиыш жүргендер өлген жоқ, олар да күн көріп жүр. Ұлықтан алған қағазың сенімді көрінеді. Енді өзің тимесең, ұлық саған тимейді, тоқтал, жарқыным.

Қуғыннан қажыған Балуан Шолақтың алғашқы кезде бұл ақылды алғысы келді. Сол оймен ол үйіне біраз уақыт тұрып та көрді.

Өзін Балуанның алдында кешілмес күнәкер көрген, бірақ Балуаннан айырылу деген ойды басына жуытпай, жуиын десе жаны түршіккен Балқаш, Татьянаны алып қашуды қоса Балуанның бар кінәсын ұмытып, шамасы келгенше жақын тартуға, көңілін алғаш қосылған кездегі қалпына түсіруге тырысты. Балқашқа Балуан да бұрынғыдай тыжырынбады, өзеурей қоймағанмен, «күйеуіңмін» деген ұғым беруге тырысты.

Қызын аман көргенмен, Балуанға тимеуге қолынан заңды подписка бергенмен, «балам қолыма бүлініп тиді» деген ұғымдағы Долгоносовтың кеудесінен кек кеткен жоқ. Балуанға тура соқтығуға жүрексінген ол өзі сенетін ауыл адамдары арқылы қастық қылмақ: өлтіртпек, я у бермек те болды. Ол планын да іске асыруға батылы жетпеген Долгоносов «бұдан бұлай қайтер екен» деп, Балуанның артынан тыңшылар жүргізді.

— Әзірге бұрынғы бұзақылық қалпы жоқ,— деп хабарлады тыңшылар,— үйінде тыныш жатыр.

— Олай болса, осыған тимейік,— деп ұйғарды ояздық мекемелердің ұлықтары,— өзі де қажыған шығар, мүмкін жуасып кетуі.

Тағдырдың ноктасына басын ұсынған Балуан Шолақ аз жасында көрген өзге зорлық-зомбылығын ұмытуға тырысты және ұмытты да, бірақ өзгені ұмытқанмен, оның жүрегінен жабысып айырылмайтын бір ғана дерт бар. Ол — Ғалия. Неге екенін өзі де білмейді: оны ойламай қоя алмайды, ойласа, іші уылжиды да тұрады...

«Ендігі толқытатын Ғалия болуы мүмкін» деп хауіптенген адамдар, Балуанның көңілін суытамыз ба деген оймен, ол туралы: «Атбасардан қайтқан соң Ғалия күйеуі — Біржаннан айырылысыпты. Содан кейін ол бұзықтық әдетке салынып, көлденең кездескен көк аттыны құр өткізбейтін бопты» деген өсек таратты.

Ғалияның аты аталған сайын, Балуанның оған құмарлығы арта түсті. «Күйеуінен айырылысыпты» деген сөзге Балуан тіпті елегізді. «Атбасардан қайту!.. Айрылу!..— деп

ойлады ол, — егер бұл өсек рас болса, кінәлі мен емеспін бе? Біреудің ұясын бұзып, енді не болсаң ол бол деуім ерлігіме сыя ма? Жок, мен анықтайын мұны!.. Барайын Қараөткелге!.. Егер Ғалия өзгермесе, бұрынғы көңілі қалпында болса, оның қарғысына қалмайын!..»

Осы ойға белін бекіткен Балуан бір күні Балқашқа шынынан жарылды. Алғашқы қосылуын, одан кейінгі өмір кезеңдерін баяндай кеп, Балуанның Балқашқа айтқаны:

— Екі қатын алған қазақта мен ғана емес. Сен көнсең, Ғалия көнеді. Екінші бірі боп отырам десең де ықтияр; ал оған көнбеймін, кетем десең де ықтияр!.. Таңдағаныңды ал! Мүмкін мен сенің бағыңды байлаған шығармын, ол кінәмді мойынға алам. Ренжіскен күндеріміз де болды. Қазір ешбір қалтқысыз шын сырласып отырмын. Сен де шыныңды айт. Айырылсақ та, бірге тұрсақ та бір-бірімізге жауықпайық.

Балқаш не дерін білмеді. Ол ызаға шыдамай, жылады да, тулатып алармын деген хауіппен өзін зорлап күлді де. Күлкілі көз жасынан ол «осыған мойымас па екен» деп, бойына бала біткенін, ұл болу үміті барын айтты. Бірақ Балуан беріспейтін мінезіне бағып, «екі сөздің қай таңдауы сенікі» деген сөзінен танбады.

Балқаш қатты қиналды. Ол екі сөздің біріне де жолай алмады. Айырылғысы келмегенде, Балқашта қазір Балуанға байланып жатқан жүрек жоқ. Балуанның жүрегіне қосақталған оның махаббат жібі, қызғаныш оты алғаш тұтанған күні жанып кеткен. Содан бері Балқашқа Балуан «Сүйікті Балуан» емес, «еркек Балуан» ғана. Сөйте тұра Балқаштың одан ажырай алмайтыны: бір жақтан «Балуан Шолақтың қатыны» деген атақтан айырылғысы келмеуі; екіншіден — бір байға тиген әйелді ескі ауыл әдетінде қатыны өлген көрі-құртаң біреу болмаса, үйленбеген я әйел таңдаған адам ала қоймайды. Өз ойында Балқаш бір әйелден кем емес. «Сонда да, — деп хауіптенеді ол, — Балуаннан айырылған соң, мен таңдағанымға тие алам ба?»

Болашағын ойлаған Балқаш жылау-сықтаудың артынан Балуанға кесімді ойын айтты:

— Ғалиядан қызғанам, — деді ол, — сонда да сені қимағандықтан рұқсат берем. Бетіңнен жарылғасын. Тіпті қайырылмай кетсең де, осы орнымнан қозғалмаймын.

Балуан Шолақ Балқаштан рұқсат ап, ыңсыз-шыңсыз, «Қараөткелде жұмысым бар» деді де жүріп кетті.

Атбасардан Ғалияны зорлықпен алып қайтқан Қордабай Ақмолаға жеткенше Біржанның мұқалған намысын қылшылдата қайрап келді.

— Айырылған қатының еді,— деп келді ол Біржанға, дос болғансып,— «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мақал бар. Сені Балуан Шолақтың соңша басынғанына сайтаным ұстап кетті. Қайрақтының сексен өгізін ұрлап, қашып жүрген немені ұлыққа көрсетіп, ұстадым да бердім. Өмірде босанбайтын бұғауды аяғына кигіздім. Одан құтылу оңай болмас. Арсыз қатының біржола Балуан Шолақтық боп алған екен. Ол ұсталғанда соңынан қуам демесі бар ма? Сайтаным мұндай келмес! Жоны-сыртын бірдей ғып сабағым кеп тұрдым да, тағы да: «Сенің аяғыңда жатқан қатын еді ғой» деп қол қатпадым. Жауыңнан айырып, қатыныңды қолыңа аман бердім. Енді басындырма! Итаяқтан су ішкіз бәлеме! Араша түскен кісіні көріп алайын мен!..

Бұл сөздің бәрін Біржанға Ғалиядан оңаша айтқан Қордабайдың ойы мен аузы екі тарапта еді. Ауызша дос болғансыған ол ішінде: «Ғалияны солай қыстай бастаса, Біржанға көңілі суиды да, намысқор әйел айырылады, содан кейін маған тимегенде қайда барады?» деген арам ой сақтаған еді.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді мақал. Ғалияға қосылғаннан кейін, оны еліктеймін деп, Біржан әнге, домбыраға өуестеніп, салсымақтау боп, екінші жақтан — Ғалияны байбатша мырзалардан жеңіп алдым дегендей, кеудесіне нан пісіп, нығызси бастаған еді.

Қордабайдың сөзі Біржанды желіктірді. Ол Ғалияға қоқандай, тіпті сабағысы да кеп кіжіндей бастады. Бұл жақтан көңілі жай тапқан Қордабай енді Ғалияға камқорсып:

— Мына жаманың қайтеді? Оған сенің сімілтірің де көп емес пе? «Байғұстың аузы асқа тисе, мұрны қанайды» дегендей, мұны түлен түртейін деген екен!— деп желіктіруге тырысты.

Қордабайдың «камқорлығына» Біржан түсінбегенмен, Ғалия түсінді. Түсіне тұра ол Атбасардан қайтқан соң, көп кешікпей Біржаннан айырылды. Айырылмауға Біржанның қыңқылы шыдатпады.

Басында: «Ғалия бұлай келе қоймас, қорғалар, мұқатып, жуасытып алайын» деп ойлаған Біржан Ғалия айырылуға бел байлағаннан кейін, «араздықты тастайық, мен

кештім, сен де кеш» деп жалынды. Ғалия «қайтқан көңіл — шыққан жан» деп мойырылмаған соң, қорқытып көндірем бе деген ниетпен: «Балуан Шолақпен сырлас, оның бар пәлесін осы біледі» деп, оязға арыз берді. Ақмоланың оязы Тройцкий деген қартаңдау, қазақуар, қымыз бен сүрді жақсы көретін адам болушы еді. Ғалияның қолынан ол талай дәм татып, төтті қымызын ішкен, төтті сүрін жеген. Ғалияны да, Біржанды да ол жақсы біледі.

Біржанның арызы қолына тигеннен кейін, Тройцкий скеуін де шақырып алып, табыстырмақ болды. Оның сөзіне Біржан көнгенмен, Ғалия көнбеді. Тройцкий өзін «прогрессивный адаммын» деп ұғатын еді, ол әсіресе әйел мәселесінде «гуманистпін» деп түсінетін. Ғалияның көнбейтінін көрген Тройцкий оны оңаша алып қалды да, ақыл айтты:

— Айырылғыңыз келсе, судьяға айтам да, айырам және сізге күйеуіңіз тимейтіндей етем. Бірақ бір шартым ғана бар: Балуан Шолақтан күдер үзесіз. Ол үкіметке қарсы, яғни бізге дұшпан адам. Егер күдер үзбеймін десеңіз, маған өкпелемейсіз.

Тройцкийдің бұл шарты ауыр болғанмен, Біржанға ерегіскен Ғалия «кейін көре жатармын» деген оймен, ояздың сөзіне көнген болады. Содан кейін аз күнде Ғалия Біржаннан талақ қағаз алды.

Біржаннан айырылғаннан кейін де, Ғалия қымыз сату кәсібін тастаған жоқ. Балуан Шолақты ойлап, іштен жүдеген Ғалия нарлық көрсетіп, сыртын жүдетпеді. Баяғы ойыны — ойын, сауығы — сауық.

Тройцкийге берген уәдесі бойынша, Балуанды біраз күн аузына алмаған Ғалияның іштен сағынуы үдеп, шыдай алмастық халге жетті. Содан кейін «жаным Балуаннан ардақты ма, азар болса, ояз мені де абақтыға жабар», деген оймен ол Балуанды іздемек болды. Сол кезде біреу Балуанды «жер ауды» деп, біреу «атылды» деп, біреу «қашты» деп, қырық құрау өсек тарап, қайсысына сенерін білмей, Ғалияның басы катты. Сөйтіп жүргенде, Балуанның Татъянаны алып қашқаны естілді. Бұл хабардың анығына Ғалияның көзі жетті.

— Тақыр мұзға отырдың ба?— деп табалады Ғалияны Қордабай да, басқа өштер де,— Балуан сендей күнқақты, қақ байталды неғылсын, аз күн алдап жайдақтады да, тастап кетті. Ояздың қызы сұлу деген. Енді Балуан соны алады да, шоқынады.

«Мұнысы қалай?!» — деп таңданды Ғалия Балуанға, — бұндай қылықтың адамы сияқты емес еді ғой ол?!» Өсек үстіне өсек жамала берді:

— Бұл маңға сыймайтын болған соң, Балуан тескентау өтіп кетіпті, — десті біреулер.

— Қуғыншылар үстінен қапылыста басып, табан аузында атып тастапты, — десті біреулер.

— Ояздың қызын өзіне қайырып, адам тимейтін қағаз алып, бұдан Қараөткелде Ғалиямен бірге тұрам деп келе жатыр дейді, — десті біреулер.

Осы өсектің қайсысына нанарын білмеген Ғалия не істеудің қыбын таба алмай, қайғының қара теңізіне бата берді...

... Күздің былғаныштау жаңбырлы бір күнінде, ішінде Қордабай бар, бірсыпыра жігіт Ғалияның үйінде қымыз ішіп отыр еді, қақпаға боз атты біреу кіре берді. Оны Ғалияның да, Қордабайдың да көзі шалып қалды.

«Жаным-ау, Ақбоз ба?» деп ойлаған Ғалияның өңі қуқылданып кетті. Ақбоз дейін десе, үстіндегі адамның киім-кешегі жүдеу сияқты.

«Жаным-ау, Ақбоз ба!» деген ой Қордабайға да кеп, о да сұрлана қалды. Ғалия да, Қордабай да бір-біріне жау-тандап қарады.

Үйге біреу кіріп келді. Дене-тұлғасы, бет бітімі — Балуан Шолақ. Бірақ киімі де, кескіні де жүдеу: сақал-мұрты қаудиып өскен, басында үлкен сеңсең тымақ, сыртында көнетоз қой жүн шекпен, аяғында байпақты саптама етік.

«Балуан ба, жоқ па?!» деп күдіктенген Ғалияның бойы әлденеге қалшылдап, орнынан тұра бере, екі-үш рет жығылып оналды. Сонда да ол өзін-өзі күштеп, түре келсе, қадала қарағаны — Балуан Шолақ!..

Ғалияның бұрынғы ойы — Балуанды көрсе құшақтау, үйде болса — үйді жаңғырта, далада болса — даланы жаңғырта айғай сап жылау, көз жасын көл дария ғып ақтару еді.

Қазір оның аузынан леп, көзінен жас шықпай қалды.

Үйге аяғын салқындау басып кірген Балуан Шолақ Ғалияның сасып қалғанын білді, бірақ неге сасқанын түсінбеді. Ғалияның сасуын, Балуанның шыдамын көрген үйдегілер де тым-тырыс. Олардың ойындағы сөз: «не болар екен?».

Аузына сөз түспей, буыны дірілдеген Ғалия, ішінен «ойпыр-ау, маған не болды!» дегендей, өзін-өзі күштеп, әлсіз

ленесін зорға сүйреп, Балuanның қасына барды да, оның кеудесіне сүйеніп, қолын иығына арта, кескініне қарады. Сонда ғана тіл бітіп:

— Балuan!— деді ақырын.

«Балuan» деген сөз Ғалияның көз жасын байлаған тоған сияктанды. Аузынан осы сөз шығуы мұң екен, көз жасы ағытқан тоғандай саулай жөнелді. Балuanның кеудесіне бетін басып, Ғалия солқылдап ұзақ жылады. Балuan көзіне жас алған жоқ. Оны қатайтқан ой — «бұл жылауың сағыну ма? Әлде күнәнді жуу ма?»

Әдейі Балuan естісін деген оймен, жігіттерге сыбырлаған боп, Ғалияны қызғанған Қордабайдың айтқаны:

— «Балuan! Балuan!» деп көтеретін едік. Асқаралы таудай көретін ек. Төмпедей-ақ қорамы бар екен ғой мынаның!.. Бір бейнетке шыдамай, осынша ұнжырғасы түсіп, осынша азғаны несі?.. Ғалия енді несіне қызығып жылап тұр?

— «Ерді кебенек ішінде танысын» деген емес пе?— деді Қордабайдың бұл сөзін ұнатпаған біреу,— киіміне бола жақсы көрді деймісің? Сүйегін танып, жақын болған шығар. Бұл жылауы да сүйегін танығандық шығар.

— Рас айтасыз!— деді бұл сөзді құлағы шалып қалған Ғалия, кенет ширап,— «ерді кебенек ішінде таны!» деген сөзді халық босқа айтпаған.

25. ТАҒЫ ДА ТҮРМЕДЕ

Аз күн аялдап, дем алғаннан кейін, Балuan Ғалияға біржола қосылып, бірге тұруға келген ойын айтты. Ғалия бұл сөздерге алғаш көне қойған жоқ, сондағы дәлелі:

— Мен саған бәрібір берілген кісімін ғой, сондықтан сені сүю жолында не қиындыққа болса да шыдап жатырмын. Менің уайымым өзім емес, сенсің. Маған сенің амандығың қымбат. Амандығына қажет десе, өзімнен бастап қолымда бардың бәрін құрмалдыққа шалуға, садақаға беруге әзірмін. Бақытыңа бөгет болатындармен шамам келгенше алысуға да әзірмін. Қосыл десең, қосылайын. Менің тек қана қорқатыным — «батырдың ажалы маржадан» деп елі, ажалыңа я бейнетіңе себеп болсам, ол менің жүрегіме жазылмастай түсетін жара болады. Осы жағын ойлан, Балuan!..

Балуан өз сөзін қостай берген соң, «жүзін жырта бермейін, не болса тәуекел!» деді де, Ғалия ризалық білдірді, екеуі молдаға барып, некелерін қиғызды. Балуан мен Балқаш некесіз қосылған, сондықтан Ғалия Балуанға бірінші заңды әйелі болды.

Бұл оқиғадан кейін Балуан еліне кетті де, Балқашқа араларындағы ерлі-зайыптылық қатынас біткенін айтты.

— Мен ешқайда бармаймын,— деді Балқаш,— осында тұра берем. «Ат айналып қазығын табады» дегендей, мені таппағанмен, бірі сырттағы, бірі іштегі екі балаңды таппай кете алмассың; қазіргі ерік өзінде.

— Оны уақыт көрсетер,— деді Балуан.

Балқашпен қарым-қатынасын анықтаған Балуан «бір қысша менің қасымда бол» деген өтінішпен, қасына шешесі Қалампырды алып, Ақмолаға жүріп кетті.

Әкесі Тілеудің үйінде тұратын Ғалияға оралып келген Балуан дос-жарандардың ақылын да алып, өзі де сондай ойға кеп, «сен тимесең, мен тимен»нің тұрмысымен, тыныш қана өмір сүруге кірісті. Бірақ ол мақсатына Балуан жете алмады. «Таң атпайын десе де, күн қоймайды» дегендей, Ғалияны қызғанған Қордабай қыр соңынан қалмайтын болды.

«Ауыл итінің құйрығы жуан» дегендей, ол әуелі өзін орнықты адамға, Балуанды қаңғырғанға санап, тілін алатын жігіттерімен кеп, білек көрсетпек болып еді, Балуан білекке-білек жұмсап, үйінен айдады да шықты. «Қапысын тауып, көшеде сабайық» деген ойынан да Қордабай ештеңе шығара алмады, Балуанды сабаудың орнына өзі таяқ жеді.

Ақыры қол күшпен Балуанды не қорқыта, не мұқата алмайтын болған соң, Қордабай заңды құрал етуге кірісті. Ол ояздық начальник Тройцкийдің атына «қалаға осындай бұзық келді» деп, Балуан туралы білетін сөздерінің бәрін жазып, арыз берді. Балуанның Ақмолаға келгенін Тройцкий сол күні біліп, кеңсесіне оны шақыртып алды да, Долгоносков берген подписканы көргеннен кейін, «қалада тұруға рұқсат, бірақ сотқарлық қылма» деген ақыл айтты. Балуанға солай дей тұра, Тройцкий сол күні Омбыдағы далалық генерал-губернатор Мамонтовқа Долгоносковты Балуанға подписка бергендігі үшін сөгіп, өзінің не істеуі туралы хат жазып ақыл сұрады.

«Ол адамды мен де білем,— деп жауап қайырды Мамонтов,— қылықтарын да естідім. Долгоносков подписка

беруді маған ақылдасқан еді, қызды құтқару туралы басқа істер айла болмаған соң, мен подпискаға рұқсат берген едім. Балуан Шолақты ұстауда ең қиындық — халқының арасында аса беделді көрінеді. Балуан Шолақты ұстасак, былай да зорлықпен бағындырып отырған қазақтардың үкіметке наразылығы үдеуі, тіпті көтеріліс шығуы мүмкін, сондықтан әзірге оған тимеуіңізді мақұл көрем. Бірақ егер хауіпті боп бара жатса, себебін тауып тұтқынға алыңыз!».

Тройцкий Балуан Шолақтың қимылына қарауыл қойды. Оны Балуан Шолақ білді де. Бірақ ол жасқанған жоқ. Бойын бүқтырған жоқ. Сауық-сайраны баяғы қалпы, баяғы бойын еркін ұстауы әлі де сол.

Балуанды ерекше бақылаған — Ғалия. Оның бар ынтасы — шамасы келгенше жанжалдан аулақ ұстау, ойын-сауықтан басқаға араластырмау. Осы оймен Ғалия Балуанды қанша тізгіндеймін дегенмен, кейде айырылып қалады. «Қорғалап өлем бе? Тәңірі өзі берген жанын өзі алмай ма?» деп, ол намысына тиген жерлерде сыбағасын жібермейді, ерегіскен адамына қолы да, тілі де тиіп жүреді.

Балуанның үйірі — сол маңайдың ақындары, өншілері, салдары: Доскей, Ғазиз, Исабай, Әздембай, Сәтмағамбет. Бұлар қашан да Балуанның маңайынан шықпайды. Қайда барса да, бөрі бірге, сауық-сайрандары ортақ.

Ақмолада жарты жыл дәурен сүрген Балуан Шолақ серіктердің намысын қорғаймын деп, зор екі жанжалға килікті. Бір жанжалы Ғазиз ақын туралы.

Ғазиздің әкесі Файзолла Ақмола оясындағы атақты байлардың біреуі — Мәті, Дәулен дейтін он екі мың жылқы біткен ағайынды екі байдың ауылында молдалықта тұратын еді. Молда әкесінің тілін алмай, салдық құрған, әрі ақын, әрі өнші, әрі сырнайшы Ғазиз Мәтінің Мұхаметжан дейтін баласының қызы — Мұқышты алып қашты. Ғазиз әкеткенін естіп, артынан қуғын жіберген Мұхаметжан қызын тартып алып қалды да, Ғазизды бауыр сыртын бірдей ғып сабап жіберді. Осы Ғазиз Балуан Шолаққа келді де:

«Мұқыш қыз сұлу еді табын-дағы!
Кербесті ат жүйрік еді бабын-дағы!
Тұсында Ашылы айырық ұстап алып,
Қайтейін бір байланған бағым-дағы!»—

деп бастап, көрген қорлық-зорлығын өлеңмен айтып, мұңын шақты.

Балуан Ғазизді ертіп Мәті, Дәуренге бармақ, Мұқышты тартып әкелмек боп жиналып жатқанда, қыз ұзатылып, алысқа кетті деген хабар келді. Балуан да, Ғазиз де санын соқты. Сол кезде Ақмолаға Дәуленнің Шәріп дейтін болыс баласы кеп, Балуан оны іздеп барды да, қисынсыз жанжал шығарып, сілейте сабады. Әрі бай, әрі болыс адам бұл ызға шыдамай, оязға «ұрлық малына қағаз жасап бер деген тілін алмаған соң, Балуан Шолақ сабады» деп арыз берді. Ойдан шығарған ұрлыққа, ойдан шығарған иелер тауып, олардың атынан арыздар оязға жауып жатты, «көрдік, білдік» деген өтірік актілер келіп жатты...

Ол арыздар зерттеле бастағанда, Доскей ақын елінен бір қызды алып қашып келді. Бұл қыз — бүкіл Ақмола оязына беделді бай Саңырықтың Нұрланы дегеннің жесірі еді. Намысы қозған Нұрлан заңнан бұрын қол жұмсамақ боп, «Доскейді де, қызды да байлап әкел» деп, елінен жүз жігіт аттандырады. Олар Ақмола қаласына кеп, пәтерде тығылып жатқан Доскейді де, қызды да байлап жатқанда, Балуан Шолаққа хабар тиді. Ол жалма-жан Ақбозға міне сап, Доскей жатқан үйге барса, жігіттер Доскей мен қызды арбаға байлап әкеткелі жатыр екен. Араша сұраған Балуанға тілі тиген соң, ол ашуына мінді де, көшеде сайыс сап қамшымен ұрып, шетінен отай аттан түсірді. Беті қайтқан жаудан ол Доскей мен қызды тартып алды да, өз үйіне алып келді.

«Ойда отыз сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды» дегендей, далада ғана емес, қалада ояздық әкімдер тұрған жерде Нұрлан жіберген жігіттердің Балуан Шолақтан таяқ жеуі жалғыз Нұрланға ғана емес, қала, даланың құлақ естір жердегі мықтыларының бәріне батты.

— Мынау сұмдық болды!— десті олар,— егер бұған тыйым салынбаса, қала, дала түгіл, үйіміздің ішіне кіріп ап сабар мынау!.. Қой, бұлай басындырмайық бұны!.. Қайткенде де көзін жоййық бұның!..

Сол кезде Ақмола қаласында осы ояздағы болыстардың басы қосылған жиын бола қалды. Балуанның көзін жою туралы ақыл осы жиында қорытылды. Ұсынысты Мәтінің Шәрібі жасады.

— Балуан Шолақ малымызды ұрлады деген приговорлар біздің елден келіп, зерттеліп жатыр,— деді ол,— осыған өзге болыстар да дауыс қосып, өз елдеріңнен жоғалған малды Балуанға жабыңдар да, сендер де приговор

беріндер. Бәріміздің сөзіміз бір жерден шықсын: «Балуан Шолақтан құтылмай, елге жарық сәуле жоқ» дейік.

Сөз осыған құйылды да, болыстар қол қойып, мөр басқан приговорлар ояздық начальник — Тройцкийдің атына қаптап кетті.

Бұл кезде Тройцкийдің өзі де Балуан Шолақты осы қаладан кетірудің амалын іздеп жүр еді. Оған бір себеп — Балуан туралы қалада қаңқу көбейіп кетуі болса, екінші себеп — Омбыда губернатор кеңсесінде қызмет атқаратын әйелінің інісі жуық арада Долгоносовтың қызы Татьянаға үйленіп, жақын арада апасына қонаққа келеді деген хабар алды. Балуанның қолында біраз күн барымтада жүрген Татьянаны балдызы біліп алды ма, білмей алды ма — ол арасы Тройцкийге көмескі. Ал өзі алуына разы емес. Оның ойынша, қыз Балуаннан бүлінуі тиіс. Және естуінше, сол қыз Балуанды аса сүйеді дейді. «Ендеше жас келін апасына қонаққа емес, ғашығын көруге келе жатқан жоқ па екен?!» деп күдіктенеді ояз. «Осындай бүліншілік шықпаса не қылсын?!» деп те қорқады ол.

Сондай қорқынышқа кірген ол қонақтары келерден бұрын Балуанды бір жаққа тайдырудың амалын таба алмай сасып жүр еді, Шәріп берген арызға қосымша арыздар жауа қалды. Ол қуанып кетті. Оның бекіген ойы — арыздарды сылтау қып, істі анықтау мақсатымен тұтқынға алу.

Осы ойға бекінген Тройцкий астыртын кісі жіберіп, Балуанның түнде қайда жататынын, қандай сақтықпен жататынын біліп алды да, қаннен-қаперсіз ұйқыда жатқан Балуанды қарулы жандармдар қапыда басты. Ол абақтыға жабылды.

26. МЕНДУАНАҒА МАСТЫҚ

Балуанды түн ортасында ұстап әкеткеннен жылаған Ғалия жастыққа бетін төсей, шөке түскен қалпынан сәске көтерілгенше жылады. Баста оған қосыла жылаған Қалампыр біраздан кейін ақыл айтты:

— Шырағым, қой жылауды! «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме» деген бұрынғылар. Аман болса, бұдан да құтылар. Шын жаның ашыса, Нұржанды құтқарып алудың қамын ойла.

Ғалия бұл сөзге құлақ аспай, тыйылудың орнына үдей берген соң, Қалампыр ұрысты:

— Нұржан осынша құмартып, соныңнан қалмағанға мен сені ерге — ер, серіге — сер қатын екен десем, сен де ұзын етектің бірі екенсің ғой, тәйірі!.. Нұржан құр жылтыраған бетіңе қызыққан екен ғой!.. Сенен басқа қатынның байы ұсталмап па? Бекет батырды патша ұстап, Ит-жеккенге жер аударғанда, қатыны Зере соңынан қуып барып, жасырып алып қайтқан жоқ па еді? Патша осы Қара-өткелден ұстап ап, Тескентау өткізіп жіберген Жиенбай батырды, қыздай отырған қалыңдығы Балқия да құтқарып әкелді деп естігеміз. Нұржан солардай теңін тапқан екен десем, көз жасынан басқаға әлі келмейтін салдыбалақ қатынның бірі ме едің? Қой, әрмән, ағыл-тегіл болмай!..

Қалампырдың қайрат берген сөзі Ғалияның жасын тыйды. Балуан Шолак: «Апам, Апам!» дей беруші еді, неге олай дейтін себебіне Ғалияның көзі жетті.

Жасын тыйған Ғалия Балуанның іздеп кеп, қолға түскен өкінішін айта кеп:

— Аз күн бейнеті ешнәрсе етпес еді, бірақ тез шықса! Мен шығармай ма деп қорқам. Бұл қаланың ұлықтарының беті оған жаман,— деді.

Төрт-бес күн уақыт өтті. Ғалия ояздық мекемелердің есігін түгел қақты, бірақ жылы ұшырағаны кездеспеді. Бәрі де жыландай ысқырынып: «Енді ол саған жоқ» деп дүрсе қоя берелі.

Ұлықтардан тауаны шағылған Ғалияның дұшпандары да табалады. Амал қанша! Ғалияда бұрынғыдай өркеуделік жоқ: «Бетегеден биік, жусаннан аласа».

Бір күні кешке Қалампыр Ғалиямен ақылдасты:

— Шырағым!— деді ол Ғалияға,— Сен ұлықтардан түңіліп жүрсің. «Үмітсіз — сайтан». Егер ұнатсаң, мен саған бір ақыл айтар ем.

— Айт, апа!— Біздің елімізде өткемдермен тұстас Көлбай, Жанбай деген екі батыр бопты. Солар патшаға қарсы шығып, неше жыл жанжалмен бағынбай жүріпті. Патшаның құрығы ұзын: бір күні Көлбай мен Жанбайды қапылыста ұстап, Көкшетаудың абақтысына қамапты. Көлбайдың қатыны Ақтайлақ деген кісі ер адам екен дейді. Көлбай мен Жанбайға ас апаруға ешкім бата алмағанда, Ақтайлақ: «Өлтірсе, мені өлтірсін, жаным батырлардан ардақты емес» деп, асты өзі апарыпты. Асы бір саба қымыз, бір семіз құлынның еті екен дейді. Түрменің адамдары аш па, я қазақтың асын таңсық көре ме, қымыздан сұрап ішіпті, еттен сұрап желпті. Көлбай мен

Жанбай кедей екен дейді. Бірақ ас бергізетінін көрген соң, бүкіл ел боп, күніне бір саба қымыз бен бір тоқты беріпті де тұрыпты, оны Ақтайлақ абақтыға апара беріпті, апарған сайын қызметкерлерін суғара беріпті. Бір күні Ақтайлақ: «қымызға қосып осыларға мендуана берсем кайтеді» деп ойлапты.

— «Мендуана» не, апа?— деді Ғалия.

— Білмейтін бе ең, балам? (Ғалия басын шайқады). Құрай сияқты іші қуыс, бұтақты шөп болады. Оның басына үлкендігі тырнақ көлеміндей домалақ қауашақтар шығады, ішіне тары тәрізді ұсақ дән өседі. «Мендуана» дейтін сол ұсақ бүршіктер. Егер соны суга қайнатып, не шайға, не қымызға қосып берсе, ішкен адам есінен айырыла мас болады.

— Арақ сияқты десеніңші!

— Арақты ішкенде тыжырына жеркенісіп жатады ғой жүрт? Мендуананың дәмін де білмейді; араққа мас болғанда кіресілі-шығасылы есі болады ғой, мендуананы ішкен адамда шүнәмдай да ес қалмай, жынды адам сияктанып кетеді; арақ ішкендер тәлтіректеп, буынын баса алмай жүрсе, мендуананы ішкен кісі әуелі жайшылықтағы қалпынан күшейіп кетеді де, біраздан кейін өлген адамдай ессіз боп құлайды.

— Сөзіңізді бөлдім-ау, апа,— деді Ғалия, — әлгі Ақтайлақтың кеңесін аяқтаңызшы!..

— Өзім де соған келе жатырмын. Сонымен Ақтайлақ бір саба қымызға қайнатқан бір шелек мендуана суын қосып апарады. Оны білмей ішкен түрме адамдары, біраздан кейін қирай мас болады да, бірімен бірі төбелесіп, әуре-шікірасы шығады. Сол кезде Ақтайлақ абақтының есіктерін ашады да, тұтқындар да, Көлбай мен Жанбай да қашады. Көлбай мен Жанбай сол қашқаннан Жиделі-Байсын өтіп кеткен дейді. Ешкімге ешкім тимейтін, қой үстіне бозторғай ұялаған, қыс болмайтын, жері бау-бақшалы тамаша жер дейді оны!..

— Мен де осыны істер ем,— деді Ғалия,— бірақ қайдан табам, мендуананы?

— Ондай өнер көрсетем десен, мендуананы алыстан іздемесің. Тісімнің сырқырамасы болушы еді, мендуана салсам басылатын еді, соған деген бір дорба мендуанам бар, ол осы Қараөткелдің тең жарысын мас қылуға жетеді.

— Істеймін! Бер! — деді Ғалия қуанып. Ол іске кірісті.

Абақтыда надзиратель боп қызмет істейтін, Ғалиямен бала жастан бірге өскен, бірін-бірі туғанындай көретін жігіт болушы еді, аты — Тоқпан. Балуан Шолақ абақтыға алынғаннан кейін, Тоқпан Ғалияға кеп, аянышын білдіріп, көңілін жұбатпақ болған. Сол Тоқпан арқылы танысса, абақтының начальнигі Завьялов қымызқор адам боп шықты.

— Осы күні не көп, абақтыда жатқан қазақ көп!— деді Тоқпан Ғалияға,— солардың жақындары күнде ауылдан сабалап қымызды, я басқа астарды тасиды да жатады. Келген астың көбінің игілігін Завьялов көреді. Тегін тамақты аясын ба— бізді де тойғызып тұрады.

Ғалия Тоқпанға бірге өскендігін, көңілдістігін айта кеп, меңдуана жайын баяндады.

— Болсын!— деп көне кетті Тоқпан,— Балуан Шолақпен істес боп көрмегенмен, қандай жігіт екенін жақсы білем. Реті келсе, қапастан құтылуына тілектеспін. Меңдуананды әкел, тапсырманды орындаймын.

— Қорықсаң, зорламаймын,— деді шегелеп Ғалия.

— Айтқаным — айтқан,— деді Тоқпан. Ол абақтының хал-жайын, қай күні орқаны келерін анықтап ап, Ғалияға хабар бермек болды.

Тағы да біраз күн өтті. Үкімет Балуан Шолақты: «Абақтыны тағы бұзар, я қашуға тырысар» деп, аяқ-қолын кісендеп, бір ұшын тас қабырғаға қаққан шығыршыққа байлап ұстады.

Бір күні Ғалияға Тоқпан келді:

— Сәті түсуге айналды,— деді ол,— Завьялов бүгін екі саба қымыз, бір тоқтының етін алды да, бір сабаны күндіз ішіп, екінші саба мен тоқты етін іңірде ішіп-жеуге қалдырды. Бүгін бәрімізді қонақ қылатын болды. Меңдуананды бер маған, мен оны қайнатып, кешкі ішілетін сабаға елеусіз уақытта құяйын...

— Қалай қайнатасың меңдуананы?

— Абақтының конторында күндіз-түні қайнап тұратын самауыр бар, қасында көбінесе кісі болмайды. Қымыз да сонда тұрады. Меңдуананы ебін тауып, сол самауырға қайнатам да, сабаға құям!

Бір дорба меңдуананы алды да, Тоқпан кетті. Сол күні ол күндіз дем алып, күзетке кешке бармақ еді. Күн бата абақтыға барса, конторда жалғыз уборщица¹ әйел ғана отыр

¹ Үй жинаушы.

скен, самауыр быжынап қайнап тұр. Уборщица момындау, бейқамдау адам болатын. Тоқпан оның көзін алдап, самауырға меңдуананы салды. «Бір қайнаса болды» деген Қалампыр. Аз уақыттан кейін, Тоқпан уборщицаны сырттағы бірдемеге жұмсады да, өзі самауыр суын шелекке тез қотарып, қайта су құйып, меңдуананың суын аз уақыт тұндырды да, сабаға құйды. Сабаны шайқады. Содан кейін, абақтыдағыларды түгендеген Завьяловқа еріп, бөлмелерін аралады.

Балуан Шолақ оңаша бөлмеде еді. Завьялов пен Тоқпан оның бөлмесіне де кірді.

— Енді неге қашпайсың?— деп кекететін еді Завьялов кісендеулі Балуанды көрген сайын.

Бұл сөзді Балуан бұрын естігенде, айбат шегіп, қарсыласып қалатын. Бұл жолы да ол қарсы сөз айтуға ыңғайлана беріп еді, Тоқпан көзін қысып қойды. Неге өйткенін жобалай алмаған Балуан «бір мәні болар» деп түйді ішіне.

Завьялов іңірде дежурствоға кісі тағайындап, өзі үйіне қайтпақ боп, абақты қызметкерлерін түгел конторға жиы. «Есік пен қақпа кілттеулі, қорған берік, қайда қашар дейсің» деп, ол кейде қақпа алдындағы күзетші мен қорған бұрышында тұратын қарауылдарды да шақырып, қымыз беретін еді. Қарауыл мен қақпа күзетшісін Завьялов бұл жолы да шақырды.

— Үйге қайтар алдында сендерді сыйлайын деп ем,— деді мақтаншақтау Завьялов қызметкерлеріне,— көрің бар, жасың бар, менен бұрын нақ мендей начальникке кездесіп көрдіңдер ме?

— Жоқ!— десті бәрі шулап.

— «Жоқ» болса, ішіндер мына қымызды!.. Жендер, мына етті! Қалай тойғызам мен сендерді күнде?!.. Мен кетсем, көбің аштан инеліктей қатасындар!

Абақты қызметкерлері қымызды ал кеп ішті, етті ал кеп жеді. Тоқпан өтірік ішкен боп көптің көзін алдады. Қымыз әрі қою, әрі тәтті еді. Кісі басы одан екі-үш кеседен тастағаннан кейін, басы жұқалаулары қызуға айналды.

— Қызына бастаған кезде жел соқса, тез мас болады,— деген еді Қалампыр.

Көптің көзін алдаған Тоқпан өзгеден бұрын өзі қызған боп: «үй ысып кетті» деп есікті, терезенің форточкасын ашты. Дала сол күні желкемдеу еді. Ашқан форточкадан аңқыған сквозняк контордың ішін желдендіріп жіберді.

Қызған денесін сквозняк салқындатқан Завьялов, «жабайық» дегендерге жаптырмады.

Жұрттың бәрінен бұрын Завьялов мас болды. Жайшылықта да көп сөйлейтін ол мас болған соң желігіп кетті.

— Мен — құдай!.. Мен — патша!.. Аш абақтының есігін, қақпасын!— деп ақырды ол кілтшіге,— бердім бостандық бейшараларға!

Өзгелер де мас болды. Есінен айырылған олар қиян-кесті төбелесті. Сол апыр-топырда Тоқпан әуелі Балуан Шолақтың камеріне кірді де, аяқ-қолындағы кісенді алды, содан кейін Балуан екеуі барлық камераның есігін, қақпаны ашып, қамаудағылар түгел қашты...

Өзара қиян-кескі төбелескендердің басы жарылғаны, көзі шыққаны, жараланғаны аз болған жоқ. Таяқты ең көп жеген Завьялов. Тегін ет пен қымызға мейірімді болғансығанмен, ол өзіне бағынатындарға аса қатал еді, тілінен қолын бұрын жұмсайтын еді. Сол кек кеудесінде жүрген абақты қызметкерлері мас боп алғаннан кейін Завьяловты жүндей түтті.. Өзара да төбелескен олар айғай-шумен көшеге шықты...

Абақты Ақмоланың қаласынан оңаша Есіл жағасында еді. Және бұл кез қала халқының үйді-үйіне орныққан шағы, көше тастай қараңғы.

Абақты қызметкерлерінің жанжал-шуын естіген адамдар болды. Сондай төбелес қаланың ор жағында күнде боп жататын, оларды арашалауға жабайы халық түгіл, полицейскийлер де қорқатын. Мынаны да сондай төбелестің бірі деп ұққан халық шуды ести тұра тырп еткен жоқ.

Ессіз қимылмен бірін-бірі аямай пергілесіп жүрген абақты қызметкерлерінің біреуі «осыдан құтылмай, жарық жоқ дегендей» абақтыға от берді. Ол үй асты кірпіш, үсті бөрене — екі этажды болатын. Құрап тұрған тақтай мен бөренеге тұтанған жалын ілезде аспанға шықты.

... Каланча қағылды. Жұрт өртке жүгірді. Есінен адасқан мастар кездескенді сабап, жұрт өртті сөндіріп, я мастарды ұстарын білмей састы.

Мастардың кім екенін, өрттің қайдан шыққанын біразға шейін ешкім біле алмады. Өртке Троицкий де келді. Тұтқындардың қашқанын көрді.

— Қызметкерлері қайда? — деп іздеді ол, өрт сөнуге айналған шақта ғана есін жинап,— Завьялов қайда?..

Оны жұрт ессіз құлап жатқан жерінен тапты. Егер өрт сөндірілмесе, соққыдан ауыр жараланған ол күйіп кетеді екен...

Мастарды көпшілік жабылып өрең ұстаса — бәрі де абақты қызметкерлері!.. Бірі де есін білмейді!..

Бұл оқиғаның артында зіл жатқанын көрген Тройцкий жандармдарға: «бәрін де есі кіргенше бір үйге қамаңдар! Абақтыдан қашқандарды табу үшін, қалаға шетінен тінту жүргізіңдер!» деп бұйырды.

Сол күні Тройцкийдің үйінде Татьяна мен күйеуі келу құрметіне мәжіліс болып жатыр еді. Мәжілісте күйеу мен қалыңдықтан басқа Омбыдан келген прокурор, чиновник особых поручений¹ бар да және ояздық чиновниктер де бар. «Өрт!» деген хабар естілгенде қорыққан оларға Тройцкий: «Сіздер отырыңыздар, мен өзім ғана барып, сөндіру ісін басқарып қайтайын» деген.

Тройцкий қайтып келсе, қонақтар үрейлі екен. Ішкі ты-нышсыздығын олардан бүркеген Тройцкий:

— Абақты күйген!— дей салған еді.— Абақты!— десті қонақтар шу ете ғап.— Ыңғайсыздау хабар екен! Тұтқындар қайда?..

— Қашыпты!..

— Енді қалай ұсталады олар?!— деп уайымдады прокурор.

— Өзгелері ұсталар ғой,— деді Тройцкий,— ұстатпайтын бір адам қашып отыр!..

— Кім?

— Балуан Шолақ!

«Балуан Шолақ» деген сөз құлағына шалынғанда, былай да үрейленіп тұрған Татьяна жайдың оты соққандай, «аһ!» деді де талып кетті!..

— Компресс!.. Су!..— деп шуласты үйдегілер.

Бұл қалада Балуан Шолақ бар деген ой Татьянаның оңі түгіл, түсіне де кірген жоқ еді. Міне, сол Балуан Шолақ оның алдынан шықты!..

¹ Чиновник особых поручений — губернатордың саяси жәрдемшісі.

27. ӨЛІМ ТҰЗАҒЫ

*Күнім де сен, Ғалия, айым да сен,
Көзді тартар батсайы, шайым да сен.
Ғашық болып айқасқан құшағымды
Балтаменен шапса да айырма сен!*

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Абақтыдан шыға қараңғы көшенің біреуін бойлай, аяғын ентелей басқан Балуан үйіне келсе, Ғалия оны қақпа алдында тосып тұр екен.

— Біздің елде Сарманның сары қызы деген бар еді,— деді Балуан Ғалияға күле қолдасып,— қай байға берсе де, аз күн отасып үйіне қайтып келе беретін еді. Сол сияқты абақты — күйеу, мен — сол сары қыз, сыйыспай тағы қайтып келдім.

— Келсең кел, сенен безер төркін жоқ!— деді Ғалия.

— Қайдан білейін: «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» дегендей боп жүрмесе!..

Осы кезде көшеде шу көбейе қалды.

— Балуан, — деді Ғалия шуға елегізіп,— ренжімесең, сені басқа бір үйге апарайын.

— Қайда?

— Бара көрерсін, жан таба алмайтын жер.

— Қашқан қоян қайда паналамайды?— деді Балуан күрсініп,— қайда бастасаң да барайын, тек апама ғана аман-дасып шығайын...

— Ол кісі басқа үйде.

— Жүр, онда!

Ғалия үн-түнсіз, Балуанды қолтықтай, қараңғы көшенің біреуін бойлай тартты.

Олар бірқыдыру уақыт жүрді. Сол кезде күйген абақтының аспанға шыққан жалыны сәуле шашып, қаланың абақты жағы бозамықтанып кетті. Өртке жүгірген жұрттың кейбіреулері Ғалия мен Балуанға да кездесті, бірақ «кімсің?, қайда барасың?» дегені жоқ.

Ғалия Балуанды өзен жағасындағы кішірек, бұрын көрмеген үйге алып келді. Бұл үйде атам заманнан семьясыз жалғыз қарт парикмахер тұратын, Ғалияның әкесі— Тілеумен дос болатын, Ғалияны қызым деп жақсы көретін.

Парикмахер қолтоқпақтай ғана денелі, бүкіштеу, өзінен мұрны мен мұрты үлкен, кішірек шүңірек көк көзді, қулықшыл шал екен, өзі қазақшаға судай.

Амандық-саулықтан кейін, Балуанды парикмахер төргі бөлмеге кіргізді.

— Маған кең сарай сияқты еді, күйеужан,— деді шал бөлмеге кіре қалжыңдап,— саған тарлау екен. Бірақ көңілім — кең. Соған разы боласың да.

Балуан алғыс айтты. Ғалия шалды Қалампыр мен Тілеуді шақырып келуге жұмсады. Кешікпей олар да келді. Енді не істеудің жайын ақылдасқанда, Қалампыр баласының Жетісу жағына кетуін мақұлдады. Оның мәні былай еді: Балуан Шолақтың арғы атасы Үйсін екені бізге откен тараулардан мәлім. Ол — Балқаш көлі мен Алатау арасын жайлайтын ел. «Руын жасырған мүрдет», «ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалдарға сенетін Балуан Шолақ есін білгелі елі Үйсінді табуды, ұнаса тұрып қалуды арман еткен еді. Басына таршылық күндер туғанда: «туған ағайынның арасында тұрсам, бұндай болмас ем, жанашырдың жоқтығы ғой бұл» деп ойлайтын еді.

Қызылжар мен Көкшетаудан Алматы, Құлжаға, Құлжа мен Алматыдан Көкшетау, Қызылжарға саудагерлер жыл сайын ағылып жатады. Сол саудагердің біреуінен о бір жылдары Балуан Шолақ Үйсіннің білікті деген адамдарына сәлем айтып, іздеуге ойы барлығын хабарлаған еді. Келер жылы саудагерлер Балуанға Жетісудағы ағайындарынан шақырған хат алып келгенде, Балуан абақтыда жатып, қолына тимеген еді.

Сол хабар биыл көктемде тағы келді. Бірнеше кісі қол қойған бұл хат былай жазылыпты:

«Хұрматлу баһадүр Балуан Шолақ есімді Нұрмағамбет Баймырза ұғлина біз Үйсіннің яхшыларынан дұғаһи сәлем. Бағдында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, сағуа сәләмәтпіз. Емді үшбу хат-хабар қыламыз ки, бізлор саған үшбу хат илан екі мәртөбә хат жолдадық. Сізден бір хат алдық. Шондан кейін бу уахытқа қадар һеш хат алмадық. Біздің хат сізге барған, я бармағаны би мағлум. Дахида біз сізге хабар айтамыз. Біздің Үйсін: Абақ, Тарақ боп екіге бөлінеді. Тарақтан — Жалайыр. Сізге үшбу хатты жолдап отырған біз — Абақ балалары. Абақтан: Байдібек, Байдібектен: Сары Үйсін, Шапрашты, Жарықшақ. Сізге үшбу хатты жазған Байдібек ішінде Жарықшақ, балалары. Жарықшақтан: Дулат, Албан, Суан. Сізге үшбу хатты жазған Дулат балалары. Дулаттан: Сиқым, Жаныс, Ботпай, Шымыр. Шежіреден қарап, қариялардан сұрағанда, сенің руың — Жаныс. «Жаныс көп пе, камыс

көп пе?!» деген бұл елде мәтел бар. Жаныс — көп ел. Өзіңізге мағлұм: қазақ үш жүзге бөлінгенде, жалғыз Үйсіннің өзі бір жүз және ұлы жүз болған. Жетісу облысының көпшілігі — Үйсін. Үйсін Қытайда көп. Халқың сені көруге бек құштар. Үшбұ хатты жазған адамдар сенің келуіңді бек қатты күтеді». Бұл хатты алғаннан кейін, бұрын да көргісі келген Үйсінге баруға елегізді. Ақмола облысындағы ұлықтардың қуғынынан қажыған оның үйішімен біржола Жетісуға көшіп кеткісі келді. Осы оймен ақылдасқанда, Балуанды қимаған достары кетпе деп тура айтпай, басқа сылтау тапты.

— Кетуіңе қарсы емеспіз,— деді олар,— о да ата-бабан өскен ел. Руыңды тапқың келсе, қимағанмен амал қанша, бірақ бізге бататыны: еліңді еркінмен іздеп бара жатқан жоқсың, қашқын есебінде кетесің. Ол ел де біздің ел сияқты шығар, ол елде де біздің ел сияқты, жақсысымен қатар, қазан бұзар тентегі бар шығар. Ертең іздеп барған елінде тентек біреу: «Қаңғырған қашқын» десе, сүйегіңе кетпес таңба болады ғой дейміз... Ойлан!.. Өзің біл!..

— «Қара құлақ — қасқырдың шамы»,— деп ойлады Балуан. «Қашқын» деген сөзді естігеннен өлгенім жақсы. Одан да келетін ажалды осы арада күтейін!

Бұл кеңестердің бәрін Қалампыр да, Ғалия да білетін еді. Токпан мендуананы әкетіп, Балуан абақтыдан шығады деуге үміт күшейген кезде Қалампыр, Тілеу, Ғалия — үшеуі отырып ақылдасты.

— Осыдан аман құтылса,— деді Ғалия,— бассауғанын ең қолайлы жолы — Жетісуға кету.

Тілеу «мойны алыс жер, қалай барады? Өзі барар, әке мен шешесін, сені қалай әкетеді? Әкеткенмен, бәрін Жетісуға жете аласыңдар ма? Ол бұдан атпен айлық жол» деп уайым жаудырды. Ондағы ойы — «қызым Балуаннан айырылып тағы байсыз қала ма» деп қорыққандық еді.

Ғалия әкесінің түпкі ойын айтпай-ақ ұқты. Сондықтан да ол: «Балуанның сорына туған адам болдым мен, Атбасарда да, мұнда да Балуан мені сағалаймын деп қолға түсті. Балуанның қас дұшпаны мен болатын болдым. Егер осы тұтқыннан аман шықса, енді обалына қалмаймын» деп ағыл-тегіл жылады.

Ғалия, Қалампыр, Тілеу — үшеуі: «ең болмағанда Жетісу жақта біраз жыл жүріп қайтсын, оған шейін сарыкідір тартып, жастық қызуы бәсендер, ұлық та тишығып қузауын қояр» деген ұйғарындыға келді. Егер Бал-

уан аман шыға қалса, бұл ұсынысты Қалампыр айтпақ болды. Бұл кеңесті оның бастаған себебі сол.

— Апа!— деді Балуан.

— Әу, құлыным!

— Өзім өз болып, ес біліп, етек жапқалы мен сізді ренжіткен жоқ шығармын.

— Жоқ, қарашығым!

— Әлі де ренжіткім келмейді. Бір сөз айтайын десем, сені ренжи ме деп қаймығам. Қаймықсам да айтам, мені жақсы көруіңе сенім айтам, жақсы көргендік үшін кешірер деп айтам. Бұл менің саған ең соңғы өтінішім, апа! Бір тілегімді бер, осыдан кейін дүниенің бар азабы үстіме құлап, көтеру тетігі сенде болса да, «апалап» аузымды ашпауға ант берейін.

— Сонша неге сарқылдың, күнім? Айт тілегінді!

— Берсең ғана айтам, апа!..

Балуан анасының кеудесіне басын сүйеп, жалынышты козбен кескініне қарады.

— Қалқам-ай!— деді Қалампыр,— жеңіл-желпі болмай-тын еді тілегің, мен сені балам деп аяп, тілегінді берейін, сен мені анам деп аяп, көтеретін салмақ арт.

— Тілегім мынау еді, апа! Өзіңе аян, мен дүниеге күле кірген бала едім. Сол дүниеден күліп өтпек боп, жақсы ат мінгім келді, жақсы киім кигім келді, жақсы жар құшқым келді, дүниені сауық-сайран, ойын-тоймен, ән-күймен базарлағым келді. Осындай кіршіксіз тілекпен іздегенімді тапқым кеп, еңбек жолына шыққанымда, жазықсыз күндеушілер көбейді, жолыма оралғы болды. Ол оралғыларға бөгелмей, мен талайын таптадым да, үмітіме қарай ұмтыла бердім... Бірақ оралғылар сиқыршының торы сияқты екен, бірін үзсем екіншісі, оны үзсем үшіншісі кездесті... Өздерің айтатын едіңдер ғой: «баяғыда Қорқыт деген адам бопты, ол өлімнен қашыпты, қайда қашса да, алдынан көр кездесе беріпті, содан кейін қашудан қажып, кез келген көрдің біріне өз еркімен жатыпты да, қашан ажал жеткенше күй тартып өтіпті» деп; сол Қорқыт — мен болдым!.. Сен маған Жетісуға бар дейсің, апа, сонда ол жақта да қазылған көр жоғына көзің жете ме? Көкшетаудан Ақмолаға көрден құтылам ба деп келген жоқ па ем мен? Көне құтылғаным? Не жаздым мен бұл үкіметке, қайда барсам алдымнан көр қаза беретін?

— «Тек жүрсең — тоқ жүрерсің» деген, балам,— деді Тілеу,— көңіліңе келсе де айтайын, өзінде де бар, тек жүрмейсің.

— Мен не қылдым тек жүрмей?
— Мәті, Дәуленге, Нұрланға соқтыққан өзің емеспісің?
«Ау, жарқыным, олар дүмді адамдар, соқтықпа, мерт боларсың» дегенде тіл алдың ба?

— Балуанды табалауың ба, әке?— деді Ғалия кейіп.
— Осалды мықты шыңғыртып жеп жатқанда қасында қарап тұрсам, мен кім болам?— деді Балуан.

— Біз саған қас кісі емес,— деді Тілеу,— жан ашығаннан айтылған сөз ғой. Сонымен сөзді қысқасынан қайырығанда, не демексің?

— Дейтінім сол,— деді Балуан, — қашатын қоян емеспін. Мен өлгеннен дүние иесіз қалмайды. «Қашқан жауға — қатын ер»...

— Сонда?!..

— Менің табан тіреген ойым: бір күн туыппын, бір күн өліппін. Қашан өзім өлгенше, жауласқан адамды бауыздаймын да жүрем. Апа! Егер тілегімді бергенің шын болса, осы бетіме қарсы шықпа!

Баласынан мұндай ой күтпеген Қалампыр төбесінен темір тоқпақпен ұрғандай, мелшиді де қалды.

— Анаңның алдын орап қойдың, Балуан,— деді Ғалия,— ол кісі енді не айтады саған? Уәдесін күн бұрын алып қойдың. Анаң үшін мен өтінейін, таста бұл ойды!

— Анамнан алған тілекті қалай қиып қайтарам? Менің бір іске екі тоқтам жасаған күнімді көріп пе ең? Екі сөйлегенім — өлгенім емес пе?

— Өтінем сонда да!.. Көз жасыммен өтінем!..

Ғалия солқылдап жылады да, аздан кейін тағы жалынды. Балуанның құрыштай құйылған қаталдығы иілмеді, «сөзім — сөзден» таймады.

— Ықтыярың онда!— деді Ғалия кенет ширап, қарсы алдына тізерлей отыра ғап,— азат басыңа бұғалық боп, жауыңа ұстап беруім жетер енді... Онда ең алдымен менің көзімді жой!.. Өлтір мені!..

Балуанның тізесін құшақтаған Ғалия бір кезде орнынан ақырын тұрып, тысқа шығып кетті. Сонда ғана Балуан басын көтерді:

— Бар, Нұржан!— деді Қалампыр, бұйрықты дауыспен.— Алып кел келінді.

Балуан тысқа шықты. Парикмахер үйі өзеннің жағасында. Сол арадан өзеннің ар жағындағы тоғайға өтетін жіңішке тақтай көпір бар. Сол көпірдегі адамды Ғалияға ұйғарған Балуан сонынан жүгіре ұмтылды. «Суға құлай ма!» деген хауіп кірді оның ойына.

Аяғын көпірге еппен жылдам басқан Балуан Ғалияға жете алмады: ол көпірдің оқтасына жеткенше, Ғалия өзеннің арғы жағасына шығып кетті. «Қайда барады, бұл?— деп ойлады Балуан,— мені біліп бара ма? Білмей бара ма?»

Ғалия тоғайға кірді. Балуан құрғаққа шыға аяғын адымдай, тез басып Ғалияға жақындады, бірақ «қайтер екен?» деген оймен дыбыс бермей, жүрісін сездірмеуге тырысып, із өкшесімен басты да отырды.

Тоғай ішінде: жуан, тапал, қисық, бұтақты ақ терек тұратын еді, Ғалия соған барды да, жеңсіз қамзолының сыртынан буынатын жібек белбеуін шешті. Балуан терек қасындағы бір түп талда жасырынып қарап тұр және ойлап тұр: «соңынан келгенімді сезіп, мені қорқытпақ болғаны ғой» деп ойлап қалды ол.

Ғалия теректің бүкір беліне өрмелеп шықты. Ұзындығы үш кездей қызыл жібек белбеуден бір кездейін жыртып ап, қалғанының бір ұшын терекке байлады, бір ұшын тұзақтап мойнына кигізді. Содан кейін екі қолын белбеудің тұқылымен арқасына матастыра байлады да, төмен қарғыды. Айтқан сөзі:

— Қош, Балуан!

Ағашқа қалай ырғып шығып, белбеуді үзіп жібергенін Балуанның өзі де білген жоқ. Ол жерге қарғып түскенше, Ғалия сылқ етіп құлады да, басын көтермей, қырылдап жатты. Балуан Ғалияның кеңірдегін сипаса, жібек белбеудің буындырған тұзағы мойнынан жазылған жоқ екен. Балуан оны бармағын тығып, әрең ағытты.

Ғалия қылқынудан рас талықсыған еді. Балуан оның былқылдаған денесін алдына алып:

— Ғалия, жаным! Дыбыс берші!— деді жалынышты дауыспен,— айтқаныңды істейін, берші дыбыс!

— Балуан!..— деді Ғалия өлсіз үнмен.

— Иә, мен!.. Балуан!..

Ғалия Балуанды қаусыра құшақтап, солқылдап жылады.

— Жылама, Ғалия!— деді Балуан, бетін тақап,— бердім тілегіңді!..

— Солай ма, балам?— деген дауысқа Балуан мен Ғалия қараса, Қалампыр екен.

— Солай болды, апа!— деді Балуан.

— Сөкпеймін, қалқам. Тек тілегімді берсең болады,— деді ана.

Олар кейін қайтты. Жетісу жолына жиналып болған-ша жасырына тұрмақ боп, Балуан парикмахердің үйінде қалды. Қалампырды Ғалия мен Тілеу үйіне әкетті.

Оларды қақпа ішінде жандармдар тосып тұр екен. Ұрып-соқса да, шынын айтпаған үш бейбақты полиция күйген түрменің қасындағы тас сарайға қамады...

28. АМАЛСЫЗ АЙЫРЫЛУ

Балуан Шолақ сол күні көп ұйықтады. Ол оянса, терезе жабық, үй іші қаракөлеңке екен. Қатты ұйқыдан долырған бетін ол уқалап, терезе қақпағының азырақ ашылыңқырап тұрған жерінен сығаласа, аспанда қалың бұлт, азырақ ұсақ жаңбыр сіркіреп тұр.

— Оянғаннан кейін есікті ептеп шертерсің,— деген еді парикмахер.

Балуан «кісі бар ма екен?» деп есікке кеп, құлағын тосып еді, шықылдаған сағат дауысынан басқа дыбыс білінбеді. Сонда да сақтанған ол есікті шертіп еді, үн жоқ. Ол қаттырақ шертті, үн жоқ.

«Бұл несі?!» деп ойлаған ол жарма есікті ақырын ашса, ауыз бөлмеде адам жоқ. Сыртқы есікті ашайын десе, бекітіп кеткен. Ауыз бөлменің терезе қақпалары ашық екен. Балуан содан қарай бергенде, сыртта тықыр естілді. Жүрегі шайлыққан Балуан төргі бөлмеге кірді де, есігін жапты. Сырттан біреу ауыз бөлмеге кірді. Балуанның бойына қорқыныш желі жүгірді.

— Балуан!— деген дыбыс естілді ауыз бөлмеден, парикмахердің дауысы. Балуан есік ашса, парикмахер суланған пальтосын шешпестен тұр екен, өңі сынық!

— Иә, не хабар бар?— деді Балуан.

Парикмахер сыр білдірмейін дегендей, ол-пұл қалжын айтқан болды, бірақ бұнысы кешегідей жарқын көңілден шыққан қалжын емес сияқты, артында зілі бар қалжын сияқты.

Парикмахер Балуанға болған оқиғаны жайлап айтты.

«Анаң, Ғалия ұсталды» дегенде, тұла бойы мұздана қалған Балуанның қаны ілезде қайнап кетіп, екі көзі қанталай қалды. Аздан кейін ашуы сабасына құйылғандай болған ол:

— Маған енді не істе дейсіз?— деді парикмахерға.— Ананды, сүйген жарыңды, қайынатанды қаматып қойып, өзің қашып жүр дейсіз бе, болмаса қарсылас дейсіз бе?

— Оны салқын қанмен ақылдасу керек,— деді парикмахер,— қаладағы күдікті деген жерден сені іздеп тінтпегені жоқ көрінеді жауларыңның, «ұсталса, атып тастаңдар» деп бұйрық беріпті Тройцкий.

Бұл сөздерді тұнжыраумен тыңдаған Балуан Шолақ бір кезде жадырағандай басын көтерді де, Тройцкий үйінің, кора-копсысының қалай жасалғанын сұрады.

— Оны қайтесің?— деді парикмахер.

— Керегі бар.

— Мен білмеймін. Білетін кісі бар.

— Кім?

— Ояздың үйін күзететін полицейский урядник осы маңайда тұрады. Өзі — маскүнем. Екі рюмка арақ ішсе, бар сырын айтады.

— Қазақ па, орыс па?

— Қазақ.

— Онда шақыр соны! Бер арағын! Сұра ояздың үй құрылысын!

— Мақсатыңды айтшы!

— Ояздың үйіне барам да, жазықсыз тұтқындарды шығартам, я өлтірем.

— Қатер жұмыс қой бұл.

— Қорықпа, қарт! Осы бетім дұрыс. Бір алтыатар мылтық табылса болғаны.

— Ол менде бар.

Парикмахер шкафтан сырты жарқырауық, алты оқты «Смит-Вильсонын» алып көрсетті.

— Жолым болады екен! — деді Балуан,— мылтықты ұстап көріп.— Өтінем, кешке шақыр әлгі урядникті!

— Қаңғалақтап ара-тұра өзі де келетін еді, арақты қатынынан жасырып осында ішетін еді. Жаңа үйінде жүрген, келіп қалмас па екен. Келмесе, шақырайын! Егер келе қалса, сен төргі бөлмеде тыңдап отыр, оған кіріп дағдыланбаған адам.

Парикмахер далаға шығып кетті де, аз уақытта қайтып келді:

— Жасырын!.. Келе жатыр!

Урядник үйге былдырлап сөйлей кірді.

— Қатыннан жарты бөтелкелік ақшаны тағы ұрладым,— деді ол,— міне, бутылкам!— деп, қойнынан жарты литрлік ақ арақты суырып алды да, столға қойды.

Закускасын да ол қалтасына сап ала келген екен. Парикмахер қарсы алған боп, орындық қойып, чашке беріп

күте бастады. Аузына арақ тие былшылдап, сандырақтады. Дүниедегі батыр да, мырза да өзі боп шықты. Сөз арасында Балуан Шолақты да атап: «Егер көзіме көрінсе, бір тарының қауызына сыйғызам» деп қойды. Парикмахер оның астына көпшік қоя, мақтай сөйлеп, ояздың қорақопсысының, үйінің жол-жобасын түгел айтқызды. Урядниктің баяндауынша: қораны айнала биік тас қорған, қорған үстінде аран-сым, кірер қақпадан басқа жол жоқ, қақпада күзет қатты; Балуан Шолақ қашқалы үйдің сыртқа шығар есіктері тас бекітіледі, қораның ішінде, үйдің шатырына шығатын басқыш бар, шатырдың ішінде үйдің коридорына түсетін қақпақ бар, қақпақ астында басқыш.

— Үйінде қонақ жатыр,— деді урядник,— қора-қопсының, үйдің жол-жобасын сандырақтап айтып боп,— Тройцкийдің балдызы... қатын әкелген. Білемісің ол қатын кім екенін?

— Кім?

— Балуан Шолақ Көкшетаудан алып қашқан қыз! Ох, и, сү-лу!.. Ох, и, қорқады Ба-лу-ан-нан!..— Тройцкийде бүгін той,— балдызының хұрметіне!..

Арағын ішіп, қылжалаңдаған урядник біраздан кейін кетті. Ойындағысы орындалғандай болған Балуан қуанды. Енді ол Татьянаны көруге құмартты.

Балуанның Тройцкийдің үйіне баруға бел байлағанын көрген парикмахер ақыл айтты:

— Мылтығым — жан сақтарым, көптеңгі жолдасым еді, Ғалия үшін, Тілеу үшін, өзіңнің жігіттігің үшін қидым... Және бір ақыл айтайын: әйтеуір ояздың үйіне кіруге бекінсең және жолың боп кіре алсаң, сен оларды есінен кетпестей ғып қорқыт.

— Қалай?

— Бұл түрінде барма. Мен саған кіндігіңнен төмен түсетін сақал, құлағыңа орайтын мұрт жасап берейін. Үстіңе, жүнін сыртына айналдырып тері киім ки, сол түрмен кірсең, саған көздері түскенде-ақ есінен танады олар.

— Дұрыс екен бұл!..

Ұзын сақал, мұрт жасатып, денесіне жүнін сыртына айналдырған тері тон киіп, аяғына киіз байпақ, басына айналдырған сеңсең тымақ киіп, қойнына «Смит-Вильсонды» салып, қараңғы түнді жамыла Балуан Шолақ жөнелді. Тройцкийдің үйін қоршаған тас шарбаққа жеткенше оны ешкім көрген жоқ.

Сонша денемен Балуан қандай епті! Ол қолының басы ғана іліккен шарбақтың үстіне қарғып шыға келді де, сымға арандамастан, қораның ішіне түсті. Бір жақсысы — иті жоқ екен.

Қораның ішінен үйді орағыта байқаса — терезелерінің қақпалары тарс жабылған.

Үйдің қаңылтырлы биік шатырының қора жағында қақпасы бар екен, оған өрмелеп шығатын басқыш тұр. Балуан шатырға шығып, тастай қараңғы төбеден ішке түсетін тесікті әрең тапты. Ол сыбысқа құлақ түріп отырғанда, үйдің ішінен дауыс естілді. Ақырын сипап, қақпақты көтеріп көрсе — астында коридорға түсетін басқыш тұр. Сол кезде скрипка мен сырнай қосылып, тәтті бір күйді ойнап жіберді. Балуанға скрипка мен сырнайдың емес, жүрегінің қылы күй толғағандай боп, тұла бойы шымыр-шымыр етті. Орыс халқының күйі мен әнін ол тамаша жақсы көретін еді. «Енді ән айтса жарар еді!» деп аз отырып еді, күй бітті, ән айтылмады.

«Ендігісін күтпей-ақ қояйын, басқа қызығын бірдей көрейін» деп ойлаған Балуан басқышпен коридорға сыбырсыз еппен түсті де, шу естілген есіктен кіріп барды, қолында мылтық. Бөлме кең екен. Тамаша киінген жиырма шақты әйел-еркек, тамақ пен араққа толған жалпақ үстелді айнала, әлденеге мәз-мейрам боп күлісіп отыр. Татьяна орталарында.

Балуанға өзгеден бұрын көзі түскен бір әйел, екі көзі шарасынан шыға «ах!» деп ышқына бір дауыстап қалды да, үстел-мүстелімен шалқасынан құлады. Өзгелері Балуанды көрмегендей, құлаған әйелге ұмтыла бергенде, Балуанның «көтер қолдарыңды!» деген даусы күр ете түсті.

Бөрі оған жалт қарады да, кескіндері құп-қу болып, қолдарын көтеріп, тұрған жерлерінде тікелей қата қалысты. Балуан аяғын алшаңдай басып жақындады. Бірнеше әйел шынғырып жіберді.

Балуан Шолақты жазбай таныған Татьянаның барлық қаны басына шыққандай, дірілдеген денесі оттай лаулап, буындары селкілдеп кетті.

Үрейленгендерді көріп масаттанғандай болған Балуан сол бөлмедегі погребтің аузын ашты да, басы ояз қып, барлық еркекті қаһарлы ыммен ішіне біртіндеп түсіре бастады. Ол кезде Татьянаның көзі күйеуіне түсіп еді, әлгі кезде өліктей бозара қалған кескініне қан жүгіріп, бетінде

ашу толқыны ойнай қалған екен, шалбарының оң жақ қалтасынан браунигін суырып келеді екен. Ісіне масаттанған Балуан оның қимылын аңғарар емес. Татьяна күйеуінің браунигі суырған қолын сырт жағынан шап беріп ұстай алды да, жұлып алмақ болып еді, қол мылтыққа тас боп қатып қалған, босатар емес. Балуанға байқатпай, Татьяна күйеуіне ашулы көзін қадай қойды. Қосылуларына аз уақыт болғанмен, ол күйеуінің еркін билеп үлгірген еді. Күйеуін ықтырарда, ол көбінесе сөзін емес, көзін жұмсайтын.

Браунигі жібергісі келмеген күйеу Татьянаның біздей қадалған көзіне шыдай алмады да босатты, қолына алған мылтықты Татьяна ешкімге сездірмей, арқасын таяп тұрған қабырғадағы айнаның артына қоя қойды.

Татьянаны Балуан есіктен кіре таныды. Көкшенің кеудесінде бірге тұратын күндерден ол көп өзгерген: бойы одан биіктеген сияқты, денесі толығып, арық беті еттеніп, бұрынғы сопақтау беті дөңгеленген сияқты, бұрынғы сыптығыр кеудесі, енді төстендей көтеріліп, иек салбыраңқы бұғақ бітіп, көдімгі байсалды келіншек болыпты!

Еркектерді погребке қамап жүргенде, Балуан Шолақ Татьянаға қарамауға тырысты. «Егер қарасам,— деп ойлады Балуан,— менен емексіп, қимылыма бөгет болар!».

Ең соңғы еркек — Татьянаның күйеуін Балуан Шолақ погребке түсіріп, қақпағын жауып жатқанда, есі жиналған Татьяна қатар бөлменің жабулы есігін ашты да, үрейленген әйелдерге: «мында келіндер» дегендей ымдады. Әйелдер Балуаннан үрке, біріне-бірі соқтыға, Татьяна ашқан есікке жүгіріп кірісті. Балуан оларға көз қырын ғана салып, есік жақта тұрған қаңылтырлы үлкен сандықпен погребтің қақпағын бастырды.

Әйелдер кірген бөлменің есігін Татьяна жапты да, адымын нықтай басып, Балуанның қасына келді.

— Мен бәрін де естідім!— деді ол.— Сіздің не оймен мұнда келгеніңізді айтпай-ақ түсіндім. Бет алған жақтан қашпайтын қаталдығыңыз болатын еді, сонда да өмірімде сізден тілек тілеп көрмегенімді есіңізге сап, алғашқы да, соңғы да тілегім деп, өтініш айтқалы тұрмын, қабылдайсыз ба?

— Ретіне қарай көрермін!— деді Балуан.

— Сіздің мына погреб астындағыларды өлтіруге келгеніңізді білмей тұрған жоқпын. Қиыңыз маған осы құрмалдықтарыңыздың жанын!

Балуанның бұл жолы рақымсыздыққа тастай қатқан жүрегін Татынаның сөзі жібіткендей болды. Сол кезде көзін жапқан қан тарап, денесін сірестіре бұған ашу ыдырап, жұмсақ жүзімен:

— Болсын, Төнәйжан,— деді ол,— мен сенің тұтқынға түскен жақындарыңды босатайын, сонда менің тұтқын болған жақындарымды кім босатады?

— Әрине, мен!— деді Татьяна нық дауыспен. Балуан Шолақтың жақындары абақтыға түскенін Татьяна естіген еді. Соларды босаттыру мақсатымен:

— Погребтегі тұтқындарды босатыңыз!— деді Татьяна Балуанға.

Балуан сандықты көтеріп апарып орнына қойды да, погребтің қақпағын ашты. Іннен шыққан суырдай боп, қамалған адамдар бірінен соң бірі погребтен сүйретіліп шыға бастады. Бәрі шығып болғаннан кейін, Татьяна Троицкийге бірдеме дегелі ыңғайланып келе жатыр еді:

— Бәрін естідім,— деді ол,— Балуан Шолаққа берген уәдеңіз орындалады...

Кешікпей ояздың қорасынан тарантасқа жегіліп шыққан пар ат: Қалампыр, Тілеу, Балуан, Ғалия — төртеуін үйіне апарып салды...

Ертеңіне Троицкий Балуан Шолаққа паспорт және «ешкім тимесін» деген қағаз жібертті.

Үй ішіне амандасып, Балуан Шолақ Жетісуға жүріп кетті. Бірақ оның қайда кеткенін өз үй-ішінен басқа ешкім білген жоқ...

29. БАЛУАН БІРІКТІРГЕН ӘН-КҮЙ

*Тау көрмедім Көкшенің биігіндей,
Бауырында ойнап ем киігіндей.
Кіндік кесіп, кір жуған қайран жердің
Болмайды екен еш қайғы күйігіндей.*

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Ақмоладан аттанарда Балуан «жолшыбай танымайтын ел, ойдағы жеріме жете алам ба, әлде тоналып қаңғырып олем бе?» деп хауіптенген еді. Ол хауіп Ақмоладан шыға бере-ақ жойылды, қай ауылға кездессе де, оны құшақ жаппы қарсы алды.

Қазақтың кең даласына атағы түгел жайылғанын Бал-уан Шолақ сонда ғана көрді. Жолында кездескен ауылдардан өзі туралы неше түрлі ертегілер естіді. Мәселен, оған жолдағы жұрт мынадай сұраулар қойды:

«Қамаған қарағай үйдің бір бұрышын көтеріп, шығып кеткенің рас па?»

«Абақтының төбесін иығыңмен көтеріп аударып тастағаның рас па?»

«Абақтының қалыңдығы жарты кез сәкі тақтайын теуіп: қақ ортасынан қақ бөлгенің рас па?»

«Сот болғанда, сенен: «неге бұлай бұзақылық істейсің» деп сұрапты ғой. Сонда сен: «Бойыма күшім сыймайды» депсің ғой. Сонда олар: «Сол күшінді көрсетші» депті ғой. Сонда сен: «Егер босататын болсаң, осы үйдің екі терезесінің аралығындағы қабырғаны басыммен сүзіп құлатам» депсің ғой. Судья: «Оны құлатсаң босатам» деп, қолынан шарт жазғанда, сен қабырғаны сүзіп құлатып кетіпсің ғой!.. Осы рас па?!»

«Аққошқар» дейтін аруағың бар деп есітеміз. Ол қасыңда жүргенде сені отқа салса күймейді, суға салса батпайды, найза өтпейді, қылыш кеспейді дейді, рас па?.. Бір рет мылтықты мың солдатпен соғысып, бәрін сойылмен ұрып жыққаның рас па?»

«Кісінің көзін байлайды дегенді айтады. Бір күні үйіңе сені ұстаймын деп үш жүз солдат келгенде, көзін сиқырмен байлап, көрінбей қалғаның рас па?»

«Ақбоз» дейтін атың осы ма? Мұның мықынында құс сияқты қанаты бар дейтіні қайда? Қысылған жерде құс боп ұшады дейтін еді ғой? Өзі сен айтқан сөздің бәрін ұғады дейтін еді ғой?.. Басыңа төнген хауіпті күн бұрын сезіп, хабар береді дейтін еді ғой?.. Жауыңмен алысып, алдына келсе тістейді, артына келсе тебеді дейтін еді ғой?.. Қуаныш, қайғыға ортақ еді ғой?.. Сол рас па?»

Енді біреулер: «Сенің бойыңды тік тұрған нар түйеден биік деп еді, құнажын байталдың етін жеп қояды деп еді, жылқының жілігін қойдың жілігіңдей кеміреді деп еді, бір саба қымызға қанбайды деп еді, бір ұйықтаса, қырық күн ұйықтайды деп еді, бір ұйықтамаса, қырық күнге шыдайтын деп еді... сол рас па?» деп сұрады.

Тағы біреулер: «Баяғы Қобыланды, Қамбар, Алпамыс, Ер Көкше, Ер Қосай тағы сондай батырлардың аруақтары сені қоршап, жебеп-желеп жүреді дейді ғой... Сен оларды көресің бе? Сөйлесесің бе?» деп сұрады.

Балуанның дағдылы адам екенін, оның қашып жүргенін естіген біреулер: «сені дария деп естіп ек, шұқанақтай жоқ екенсің ғой, тәйірі!.. Сені асқаралы тау деп еститін ек, төмпедей жоқ екенсің ғой, тәйірі!.. Жортуылшы батыр деп естіп ек, жымып жүрген қашқын екенсің ғой, тәйірі!..» деген сияқты ренішін де жасырмады.

Балуан мақтағанға қуанған жоқ, жамандағанға ренжіген жоқ. Несіне қуанып, несіне ренжісін, қуанайын десе, елдің жүктеген үмітін ақтаған жоқ; ренжіін десе, елдің оны сынап айтқан сөздері өтірік емес, шын.

Елдің өзі туралы айтқан сөздеріне қуанбай да, ренжімей де, салқын қанмен ғана тындап келе жатқан Балуан Шолақтың ұққаны: әрі орыстың әкімдері мен байларынан, әрі өзінің әкімдері мен байларынан қорлық-зорлық көріп отырған қазақтың момын қалың көпшілігі сол қорлық-зорлықтан құтқаратын басшы іздейді екен, «сондай басшы Балуан Шолақ болып қалуы мүмкін» деген хабар естиді екен, үміті сондай болғандықтан, ел оның атын дағдылы қалғанынан әлденеше рет өсіріп, ертегінің батырына айналдырып жіберген екен.

Енді сол халықтың өзімен көзбе-көз жолығысқанда, қорлық-зорлықтан құтылу туралы олар берген сұраудың ешқайсысына Балуан жауап бере алған жоқ. Ендеше неменесіне қуанады ол?.. Іске емес, даурыққан жақпыртқа ма?..

Қуанудың орнына қайғырды ол!.. Елдің қол созған биігіне көтеріле алмауына қорланды ол!.. Бірақ қорланғанда не істесін!.. Бойынан биік қалай қарғысын!..

Жұрт көзінде өзін солай қомсынғанмен, халық Балуан Шолаққа қайда барса да, төбесінен тік тұрып құрмет етті. Оған екі себеп болды: бірі — халықтың басында бар қайғы өз басында да барын, бірақ бұл қайғыны кетіретін күш халықта болмаса, мұнда да жоғын, бұл да халықпен бірге, сондай күшті іздеу жолында екенін, әлі ондай күшті таба алмағанмен, табуға үміті барын жасырмауы; екіншісі — халықты батырлық ісімен сүйсіндіре алмағанмен, өнерімен сүйсіндіруі.

Батырлық күші болғанмен, балуандық күшінің өлшеусіз молдығы, осы күшін, қара күштен өнерге айналдырып, бұрын көрмеген неше түрлі қызықтарды көрсетуі халықты қайран қалдырды.

Елдің балуандары бірін-бірі жығып қана атаққа шықса, бұл атан түйелерді арқалай жөнеледі; әлденеше жігіт

жабылып, әрең тоқтататын асау аттарды бұғалықпен жалғыз тоқтатып, жалғыз ерттеп, жалғыз үйретеді, шапқан аттың үстінде ұршықтай үйіріліп ойнайды; дене өнерін көрсеткенде, сүйектері сымдай иілген сияқтанады; оқтаудай жуан темірлерді білегіне бұраудай орайды, бақыр ақшаларды қамырдай иелейді; арқанмен тартқан он шақты жігітті жаяу сүйреп кетеді, олар бұны орнынан да қозғай алмайды...

Күш өнері сондай болса, қол, тіл, үн өнері одан да қызғылықты: қайысты да шебер өреді ол, етікті де шебер тігеді, оюды да шебер өрнектейді, киімді де шебер пішеді ол, соның үстіне «бармағынан балы тамған» домбырашы... Домбыраны ол төпеп тартпай, шекті шолақ саусағымен іліп-қағады да, сол қолының салалы саусағымен пернелерді басқанда, неше түрлі тамаша үндер шығарады. Ескі күйлер мен ескі әндерді шертуге шеберлігімен қатар, өзі шығарған әндер мен күйлерді ойнауға да жүйрік. Оның алыстағы көшпелі ауылға алып барған бір жаңалығы — сырнай. Баяғыда Қайрақты қаласында сырнайға аса шебер Андрейдің қасында ойнауға қорынатын ол, «сырнай» дегенді көпшілігі көрмеген көшпелі ауылда ешкімнен жасқанбады да, жобалғы ойнаған түрінің өзімен «сырнайшы» атанып кетті. Бұрын мұндай музыка құралын көрмеген жұртқа Балуанның сегіз пернелі кішкене сырнайының өзі «дауысы даланы басына көтерген... дауысынан бейістің үні шыққан тамаша құрал» боп кетті... «Балуанның сырнай тартқанын көруге келдік» деушілер құлақ естір жерден жиналды, ойын-тойда жұрттың Балуаннан бірінші өтініші — сырнай тарту болды... Балуанға еліктеп, елде сырнай үйренушілер көбейе бастады... жақын жердегі қалалардың базарына шыққандарға, пұлы барлар «сырнай ала кел» деген аманат қосты... саудагерлер де мұнымен пайдаланып, қаладан әкелген сырнайларын «аттың құны, нардың пұлына» сатты...

Музыкалық өнері сондай Балуан әндерді, әсіресе өзі шығарған әндерді айтуға шебер болды. Бұрынғы шығарған әндері Ғалияға ғана арналған ол елінен, жерінен алыстаған сайын сағынып, бірталай әнді осы сағыныштарына арнап шығарды. Оның қоңырлау даусы зор болғанмен, екпінді, нақышты еді. Үнін аздап мұрнына жібере айтатын еді ол. Әндерін осы үнімен айтатын ол тыңдаушыларын кей әнімен күлдірді, кей әнімен жылатты. Адамның

туған ел, туған жерін қандай жақсы көруін Балуанның сол тақырыпқа арналған әндерін естіген тыңдаушылар ерекше ұқты, бұл әндер тыңдаушыларға ерекше ой салды.

— Шіркін, адам туған елі мен туған жерін сүйсе, осылай сүйсін!— деп күрсіне тыңдады олар...

Алыстағы көшпелі ауылдарға Балуанның әнінен басқа апарған тағы бір жаңалығы — бұл барғанға дейін, ол елдің қыз-бозбаласы әнді ең көп дегенде екеу-екеу боп қана қосылып айтатын еді, әйтпесе жекелеп айтатын еді. Әнді көпшілік қосылып айтуды орыс селосында көрген ол осылай айтуды ауылдың қыз-бозбалаларына үйретіп еді, тамаша боп шыға келді.

«Балуанның аралап бара жатқаны — көшпелі ауылдар» дедік ғой. Ол елде арба атаулы жоқ екен, көшкенде жүгін түйеге артады екен, ойын-тойларына салт атпен барады екен. Балуан ұйымдастырған хорға аз ғана адам емес, ойын-тойға салт баратын қалың жас түгел қосылып, шетсіз-шексіз кең дала, театрдың шет-шегі жоқ сахнасына айналып кетті.

— Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой!— деп шаттанысты жүздеген, мындаған бұл хорды естіген қарттар, — бұрын кигіз үйдің, одан асса, алтыбаканның төңірегінен аспайтын ән Балуан Шолақ келген соң, кең даланы керіп, сыймай кетті ғой!.. Е, бәсе, осылай айтылу керек қой ән!.. От басы, ошақ қасындағы аз ғана адам емес, қалың ел осылай түгел есіту керек қой әнді!.. Өркенің өссін, Балуан Шолақ, әннің еңсесін осылай көтерген!..

Бұл алғысын халық сырттан ғана емес, көзіне де айтқан соң, сезімі де ерекше серпілген Балуан ауылдағы ән-күйдің музыкаға айналуына да бұрын болмаған жаңалық қосты: ауылдың бұрын жеке ойналатын құралдары — домбыра, қобыз, сыбызғының басын біріктіре ойнатып, оларға сырнайды қосып, ауыл бұрын көрмек түгіл, естімеген оркестр жасады.

— Бұл да қызық болды-ау!— деп қуанысты ауыл. — Әннің ғана емес, күйдің де басын қосты-ау бұл Балуан Шолақ!..

Балуан басын біріктірген ән-күй, көшпелі ауылдардың ішіне сол ауылдардың өздері сияқты ұзай көшіп, тарап жатты...

30. ЖОЛБАРЫСПЕН ЖҰЛҚЫСУ

Алыстағы көшпелі ауылдарға думан бола барған Балуанға:

— Осы арада орнықсаң қайтеді?— деген ұсыныс жасады тоқыраған елдері,— хал-жайынды сыртыңнан да естіген едік, өзіннен де естідік. Туған жерінде орнығып отыратын болсаң, бір сәрі. Онда айтар сөзіміз жок. Ол жерде орныға алмайтыныңды өзің де айттың. Ендеше, Үйсінге бардың не, осында қалдың не? «Шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ» демеп пе еді аталарың?.. Ақын да, әнші де ортақ емес пе еді елге?.. Қазақ атаулы елге ортақ болып туған ұл екенсің, өзің жатырқамасаң, біз жатырқамайық сені. Осы арада тоқта. Үкіметтің құрығына алыстау жер бұл. Жан тиыштығыңа да қолайлы бұл ара. Бұған көнсең, еліңдегі әке-шешен мен қатын-баланды да көшіріп алайық. Үстіңе үй тігіп берейік, алдына мал салып берейік, осы елдің бір баласы боп отыра бер!..»

Алыс жолдың жүрісінен де қажыған, барған елінен құрмет те көрген Балуан Шолақ жаңағы айтқан сөздерге кейде елігіп те қалғанмен, ықтиярынан тысқары, бұзылған сабындай ыдырайды да кетеді. Оған себеп төмендегідей.

Жабайы халық жақсы көргенмен, Балуан Шолақты елдегі болыстар, билер, старшындар жақсы көрмеді. Оның үкіметке жағымсыз қылығын естіген олар: «Елге осындай бұзақы келді, көпшілікті ұйытып әкетті, мұны қайтеміз?» деген қағаздарды үкімет орындарына жаудыра бастады. Бұл хабарға жоғарғы үкімет басшыларының астыртын қайтарған жауабы — «елді дүрліктірмей, амалын және қапысын тауып өлтіре салындар!»

Ондай іс қолдарынан келмеуіне көздері жеткен жергілікті әкімдер арызды жоғарырақ айдап, «Балуан Шолақ қазақ халқын көтеріліске ұйымдастырып жүр» деген хабарды Петербурттағы патшаның өзіне жолдады. Ол кездегі патша — үшінші Александр, Балуан Шолақ жүрген даланы айнала қоршаған: Ақмола, Қарқаралы, Семей, Аягөз, Қапал, Алматы, Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Ақмешіт, Ырғыз, Торғай, Атбасар қалаларының ұлықтарына: «Ұстандар, мүмкін болса Петербургқа жіберіндер, өйтпесе өлтіріндер, бірақ не істесеңдер де, айламен істендер, үркітіп я елді көтеріп алмандар!» деген жасырын жар таратты.

Ауылдың әкімдері бұл бұйрықты да орындай алмады. Оған себеп,— кімнен қалай еститінін кім білсін,— жоға-

рылы-төменділі үкімет орындарының Балуан Шолақ туралы жергілікті үкімет орындарына берген жасырын бұйрық-жарлықтары ел ішіне ілезде тарай қалады. Сол хабарға жарыса, елдің ой-пікірі де ілезде мәлім бола қалады. «Балуан Шолаққа ешкім де осындай қастықты жасай алмас, — деп гуілдеседі қалың көпшілік, — егер жасаса, күн көріп, жер басып жүре де алмас. Тұқымымен құртып жіберерміз, ондай адамды!»

Бұл сөзден зәресі кеткен жергілікті әкімдер Балуан Шолаққа қолдарын көтере алмайды, жасағысы келген қастығының реті келіп тұрса да, жасай алмайды...

Тоқыраған елінде өзі жайында қандай сөздер болып жатуы Балуан Шолақтың да құлағына күнбе-күн жетіп тұрады. Біреулер оған:

— Жарқыным, сақтан!.. Андушы алмай қоймайды... Қапынды табады ол!.. — десе, енді біреулер:

— Ілгері жылжығаның жөн, орын ауыстырғаның жөн! — деген ақыл берді.

Ел ішінде көбейген бұл қанқудан Балуан Шолақтың ет жүрегі түршігіп, тоқырайын десе де, тоқырай алмайды, ол бет алған жағына қарай өзенде қалқыған жаңқадай жылжи береді...

Осылай жылжыған Балуан Ақмоладан аттанған жолаушы, ат я түйемен суыт жүрсе, бірер айда жететін Жетісуга бес-алты жылда өрең жетті. Ұзындығы Ақтөбеден Семейге, көлденеңі Ақмоладан Алматыға шейін созылған кен дала — Сарыарқаны сайранмен бес-алты жыл аралаған Балуан Шолақ Балқаш көлінің батыс жағасын жағалап, іздеген елі — Үйсінге тартты. Қасында атакты әнші-ақын — Қошқарбайдың Шашубайы және бес-алты жігіт. Жол білетін жігіттің айтуынша, Арқадан Бетпақ шөлін басып, Шуға тартатын жарты айлық жолдың бойы елсіз шөл, онда тек жер жағдайына кәнігі кісі ғана табатын құдықтардан басқа су жоқ. Осындай қиын жолға түсетін жолаушылар шөл шетіне жақын елден, сүрлеген ет, құрт, ірімшік сияқты шыдамды азық алды, сусыны — жолда кездескен құдықтардан торсыққа құйып, ішіне ашы құрт тастаған су болды. Жортқан аттың үстінде торсық шайқалып, құрт езіледі екен де, әрі сусын, әрі тамақ болады екен.

Бұл жолдың басшысы — Шашубай Балуанға ерген топты адастырмай, шөлге ұрындырмай, арытпай, ашықтырмай, аттарын қажытпай, бірнеше күн өткенде Шу өзеніне

жеткізді. Шуды қыстайтын қалың ел бұл кезде Арқаны жайлап жүргендіктен, өзен бойы құлазып бос тұр екен.

— Шудың бұл тұсында өзен арнасы жіңішке, суы атқа өткел береді,— деді Шашубай,— бірақ, екі жағаға өскен қалың қамыстың ішінде қабан қойдай өреді. Соларды аулап жолбарыстар да жүреді дейтін. Егер кездесе қалса, атқа да, адамға да шабуы мүмкін.

— Сақтану керек!— десті жігіттер де, Балуан да. Шашубай мерген еді. Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкеп, сексеуілді өртей жаққан жолаушылар киіктің семіз етін отқа қақтап жеді... Тастай қараңғы түн басталды.. Жолдан шаршаған жолаушылар ұйқыға бейімделді.

— Жолбарыс оттан қорқады,— деді Шашубай,— сексеуілді маздатып түн бойы жағып қою керек. Аш аттарды осы манайға матастыра тұсап, оттату керек, кезекпен күзету керек!..

Аттар маталды. «Менің атымның аяғы бос жүрмесе, оттамайды, менен ұзап ешқайда кетпейді ол» деп Балуан Шолақ Ақбозды тұсатпады.

«Ат терінің иісіне жылан жоламайды» деген сөзбен, жолаушылар ер-тоқымын бастарына жастана жатты. Отқа өне бойымен әкеп тастаған жуан сексеуілдер бытырлай жанып, маздап тұр. Түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Інірде көтерілген жел түн бола күшейіп, шайқалған қамыстар біріне-бірі соқтыға шулайды. Айналада әлдене ұлығандай, ырылдағандай, шыңғырғандай болады...

«Сен күзет» деп от басына отырғызып қойған адам аздан кейін қылжиып ұйықтап қалды. Жолаушылардан жалғыз-ақ ұйықтамаған — Балуан Шолақ.

Көппен бірге ер-тоқымын жастана қисайған Балуан әуелі маужырап қалғып бара жатыр еді, қасынан бірдеме ырылдап өткендей болған соң, ұйқысы шайдай ашылып, басын көтере түрегелді. Бойы түршіккен ол жан-жағына қарап еді, көзіне ештеңе ілікпеді. Елегізген ол түрегеп, аттарды араласа, бәрі де оттап жатыр, Ақбоз оңашалау оттап жүр, күзетші шырт ұйқыда...

Балуан Шолақ қасына барғанда Ақбоз оқыранып, қасына келді де, сипа дегендей иегін тосты. Сол арада есіне ауылы, әке-шешесі, Ғалия, туған жер түсіп, Балуан аттың жалына бетін төсей сүйеніп еді, көзінен жас қалай шыққанын да білмей қалды. Балаша солқылдап жылаған оның еңіреген дауысы шығып кетті. Ол өз дауысынан

сескенді де, «мұным не?» дегендей көз жасын тыйып, бетін аттың жалымен сұртті. Сол арада оның ойына Махамбет батырдың:

«Ау қызғыш құс, қызғыш құс!
Сені көлден айырған
Лашын құстың текпіні;
Мені елден айырған
Хан Жөңгірдің екпіні;
Айтып-айтпай немене,
Құсалықпен өтті ғой
Махамбеттің көп күні!»—

деген сөзі түсті.

Балуан Шолақ қатты күрсінді де, атын арқадан, тамақтан сипап, «отта енді жануар!» деп, өзі от басындағы орнына қайтты... Ақбоз Балуанның соңынан еріп кеп, қасында мелшиіп тұрды да қойды...

— Жаныңды ұғам, жануарым,— деді Балуан, Ақбозға қарап жатып,— ұққанда амалым қанша! Туған жерінді сағынасың!.. Білем!.. Мен сағынбаймын ба?.. Сені де, мені жел айдаған қаңбақтай тағдыр мұнда әкелді. Осы көреміз деген жеріміз бе еді екеуміздің?..

Сағынудан сыздаған жүрегі кеудесіне сыймай, Балуан демін зорға алды. Ақбоз телміріп аз тұрды да, «жатып алдың» деп Балуанға өкпелегендей, ұнжырғасы түсіп, сылбыр аяңмен қамысқа қарай кетті.

Сексеуіл әлі маздап жанып тұр. Балуан сексеуілдің жуан түбірін отқа қарай сырыңқырап қойды да, тағы жатты. Түннің қараңғылығы қоюлана түсті, жел үдей түсті..

Балуан жатыр. Оны қоршаған ауыр ой маңына ұйқы жолатар емес. Оның ойында: елін, жерін, туысқандарын, Ғалияны сағыну.

... Осы ойда жатқанда, құлағына шыңғырған жылқының даусы естілді. Орнынан атып тұрған оның ойына «Ақбоз жазым болар ма!» деген хауіп түсті. Жылқы тағы шыңғырды. Сасқан Балуан қарусыз қолмен тұра жүгірді.

Қалың қамыстың арасымен дыбыс шыққан жерге жүгіріп келе жатқан оның құлағына әлдененің ырылдағаны естілді. Жүрегі қобалжи түскен ол қамыс арасындағы алапқа шығып еді, түнді тескен көзіне ағарандаған бірдеме көріне кетті.

Ағараңдап тыпырлағанға ол жетіп келсе — аты!.. Оның үстінде қимылдай қараңдаған бірдемеге үңілсе, ұзын құйрық бір анның бөксесі!.. Бас жағы аттың кеудесіне кіріп кеткен. Бұл мақлұқты жолбарыс деп жобалаған Балуан Шолақ, ұзын құйрықтың түбінен шап беріп ұстай алды да, мықшия тартып зорға дегенде аттың кеудесінен суырып алды... Жолбарыс!.. Ол қайырылып тап беруге ыңғайланғанда, Балуан сілтей лақтырып жіберді... Ұшып барып құлаған тайшадай жолбарыс тұра сала, Балуанға тап бере ұмтылды. Екеуі айқаса кеткенде, Балуанның қолы анның жұтқыншағына ілікті. Қылғынған аң мұрны бырылдап, тілін сала құлаш шығарып, аузын аңырайта ашып бұлқынып еді, Балуанның қатып қалған уысы жазылмады. Жанталасқан аң Балуанның денесін тырнақтарымен бүрді. Дес бергенде, киімі қалыңдау еді оның, бүрген тырнақтардың шеңгеліне киім жентектеліп, етіне кейбір тырнақтардың істік ұшы ғана тиді... Тиген жерін ол ыстық ұстарадай тіліп түсті... Сол кезде жолбарыстың кеңірдегінен қысқан қолы жазылып кете жаздады. «Өйтсем, өлем» — деген ой келді оған, — одан да айрылмайын!..»

Буынған аң Балуанның қолы кеңірдектен айрылмасын сезгендей, бассауға қылмақ боп, сүйрелей қашуға тырысты, бірақ тырмыса тартқан Балуанды әкете алмады, екеуі ұмар-жұмар жығылды. Балуан алқымдағы уысын толғай түсті!..

Бір кезде жолбарыс қимылсыз сұлық жата қалды. «Енді өлген шығарсың» деп ойлаған Балуан аңның алқымынан уысын жазбастан, басын көтерсе, таң сібірлеп келеді екен. Жарылған атын сонда ғана еркін көрген ол: «оншадан мұнша жүріп, ажалың осында жетті-ау, жануар!» деді күрсініп...

Жолбарыстың алқымын босатпай, Балуан аяқпен шапқа, бүйірге, кеудеге теуіп көріп еді, қозғалмайды. «Өлген екен» деп Балуан уысын жазайын десе, ашылмайды, қолы қарысып қалған!..

«Жаным-ау, біздің жолдастарға не болған» деген оймен Балуан Шолақ: «а-ай!» деп дыбыс берді. «А-ау!» деген дыбыс естілді қамыс арасынан. Іле жүгіріп Шашубай шықты да, өлген жолбарысты кеңірдектен ұстап тұрған Балуанды көріп, «мұнда!» деп айғай салды. Қамыс арасынан өзгелері де шуласып шықты.

— Тірімісің? — десті олар Балуанның қасына жүгіріп келіп.

— Өлсем осылай тұрам ба?— деді Балуан масаттанғандай. Оның қарысқан қолы жазылып кетті.

— Апыр-ай, құдай-ай, сақтай гөр!— деп қорықты оның денесіндегі жарасын көрген серіктері. Ауыр жараланып-сың ғой өзін.

— Үрейленбейік!— деді Шашубай,— тез сойындар жолбарысты! Бұл осы күні семіз, терісі шелді, Балуанды жылыдай теріге орасақ жараның уытын сорып алады.

Жолбарысты Балуанның жолдастары тез сойды да, терісін от басына әкеп, Балуанды тырдай жалаңаш шешіндіріп, қан сасыған жылы теріге орады. Тері Бал-уанның зор денесін еркін қусырынуға жетті.

31. АЛАТАУ АЯСЫНДА

*«Көріп пе едің қырғыздың Алатауын,
Бұлт ұялап басында, күнде жауын.
Алыстағы аңсаған Ғалияның
Біліп қайтсам, шіркін-ай, есен-сауын!»*

(Шолақтың өлеңінен)

Араб елінде мынадай ертегі бар. Мұхамбет пайғамбардың күйеуі, әрі әскер бастығы Әзірет Әлі алыстағы бір мемлекетте Дариға атты балуан қыз бар деп естиді де, әдейі іздеп барып, күреседі. Балуан қыз мұнымен бірнеше күн алысып, кейде жығып кете жаздап, ақыры намыстанған Әлі әрең дегенде жығады. Жеңілген қыз Әліге қосылып, екеуі аз күн тұрады да, Әлі мекеніне қайтып, қыз жүкті боп, үйінде қалып қояды. Айы-күні жеткенде Дариға ұл туады да, атын Мәді қояды. Мәді қырық күнде қырық кез боп өсіп, қырық бірінші күні әкесі Әліні іздеп жолға шығады. Неше күн, неше түн жүрген ол бір күні күресіп жатқан адамдармен кездеседі. Мәді қастарына кеп қарап тұрса, күрестіріп жатқан орта жасты, денелі адам, күресіп жатқан ылғи жастар, бәрі де балуан жігіттер, Мәді оларға қызыға қарап тұрады да, «мен де күресем» деп қолқа қылады. Басқарушы адам бұл тілекті орындағанда, Мәді жастардың бәрін жығады. Сонда басқарушы ашуланып, «өзім күресем» деп ұстай алғанда, Мәді «Я, әкем, Әзірет Әлі қолда!» деп, оның да тізесін бүгеді. Мосқал адам сасып қап: «Япырай, сен Мәді емеспісің?!» дейді. «Иә, мен Мәдімін» де-

генде, москал адам: «Ендеше мен өкең — Әлімін!» дейді. Мәді ұялып тұра қашады, Әлі тұра қуады. Ақыры ұстайтын болған соң, «әкемнің жағасынан алдым, енді оны көрер бетім жоқ, мені жасыр!» деп Мәді жерге жалынады. Жер Мәдіні аяйды да, Әлі қуып жете бергенде, жарылып кетіп, ішіне Мәді түскенде, жасырып жабыла қояды...

«Ақырзаман боларда,— дейді ертегі.— Тажал деген шығып, дүниені жалмай бастайды, адамды сол апаттан жер астынан шыққан Мәді ғана құтқарады...»

Бұрынғы Жетісу атанатын Үйсін-Дулат елінде:

— Мәді шығып қапты!— деген хабар дүңк ете түсті.

— Қойшы!..— десті елең ете қалған жұрт.

— Рас!.. Адамның арыстаны дейді. Түйені қозыдай арқалап әкетеді дейді!.. Еті — темір дейді, тісімен жылқының ортан жілігін кеміреді дейді!.. Денесі адамзатқа бітпеген дейді. Өзінің бір қолы шолақ дейді!..

— Апырай, ақырзаман болып қалғаны ма онда?!— деп үрейленісті жұрт.— Молдадан сұрайтын екен. Мәдінің де қолы шолақ па екен?

— Біреулер сұрапты. Молда «Мәдінің де қолы шолақ деген кітапта рауаят бар» депті,— деген де хабар тарады.

Жаздықүні Алатаудың биігіндегі бір жайлауда Ордабаев Қали деген байдың үйіне жиналып, қымыз ішіп отырған біраз жұрт та осы кеңесті айтып шуласып отырғанда, «сөйлес!» деген дауыс естілді үй сыртынан.

Қали менмендеу, төқаппарлау кісі еді, сөйлес қып ңызсыған адамды ұнатпайтын еді. Ол сырттан естілген мына дауысты да ұнатпай:

— Уау, түсе бер кім болсаң да!.. Саған сөйлеске баратын кісі жоқ, түспесең, тарта бер!— деді айғайлы дауыспен.

Аздан кейін үйге өлем-жөлем киінген он шақты жігіт кіріп келді. Олардың ішінен Қалидың көзін өзге жігіттер қоршай кірген, сымбаты өзгелерінен ерекше, қалың қарасұр мұртты, шоқша сақалды адам ерекше тартты.

— Жоғары шық!— деді ондай дауысты өз үйінде естіп көрмеген Қали ұнатпай.

Қали оң жақ босағада, өзге қонақтарынан оғашырақ отыр еді. Бұл елде оған тақала адам отырмайтын еді.

Қалидың ол «тәртібін» бұзған қонақ қолдасып аман-даспастан, дәл оң тізесін баса кеп отырды. Өзгелері төрдегі бос орынға жайғасты.

Еркінсіген қонақтың қылықтарына іштей ыза болған-мен. Қали сырттай сыр бермеді. «Сіз», «біз» деп сыпайы-суына, киіміне, түріне қарап, «алыстан келе жатқан қонақ болар және мына түрімен тегін де кісі болмас» деген ой-мен сөзін сыпайы бастап:

— Жол болсын, қонағым!— деді бұрыла қарап қойып.

— Жол болса, әлей болсын!.. Жолдамақ сізден болсын!..

— Таныспадық па, қалай, қонағым!..

— Сөйлес қылмасақ айып бізде. Сөзге шықпасаңыз, айып сізде. Сыртта көрісіп, төс тақасып амандаспаған соң, енді жата-жастана таныса береміз де...

Сөзден тосылғандай болған Қали:

— Әйтсек әйтерміз, онда,— деді де, жігіттеріне,— жолау-шылар сусаған болар, шұбат әкеліндер!— деді.

Қышқылтым иісі мұрынды қытықтаған қоймалжың дәмді шұбаттан қонақ екі-үш саптаяғын сіміре бір-бір-ақ тартып жіберді де, маңдайынан шыққан терді саусағымен сыпырып тастап:

— Енді болдым!— деп шынтақтап жантая кетті. Аңқасы кеуіп келген өзгелері салқын, тәтті шұбатты саптаяқтарын алдарына ұстай отыра асықпай сімірді.

Қатар отырған қонақтың шұбат ішуі де, одан кейін қисая кетуі де жаттау көрінген соң, оны аздап түрткілегісі келген Қали жантайған денесіне бір қарап қойып:

— «Руын не күл, не қу жасырады» дейтін еді, қонағым; қайсысы екенінді жата-жастана білеміз. Ол жөнінді айтпасаң, мына жөнінді айт: денең жақсы екен, балуан біреу емеспісің?

— Неге олай сұрайсыз?

— Денең жақсы екен...

— «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалды» демей ме аталарымыз? Денелінің бәрі балуан болса, бола бере ме? Және ауызда емес, күште сыналмай ма балуан? Күштімін бе, жоқ па, сынасар жер келсе көрерсіз!

Тағы да «мынау бір кесір сөйлейтін адам ғой өзі!» деп ойлаған Қали онымен егтеп сынаспақ болды. Денесі сидам жасырақ кезінде ол кеуде балуанның біреуі боп жүрген еді де, семіргеннен кейін ол «кәсібін» тоқтатып, күшін үйде көрсететін бір әдіс тапқан еді: үйіне келген қонақтардан біреуді «осы ауыр» деп немесе «мықты» деп ойласа, қасына отырғызатын еді де, оңынан солына, солынан оңына — көтеріп қойып, ойнайтын еді. Оның сондай ойынынан қорқып, кейбір аса семіз адамдар үйіне жоламайтын еді.

Қалидың мына қонағына да сол ойының көрсеткісі келді. Аз тым-тырыс отырғаннан кейін:

— Әу, қонағым!— деді ол.

— Ә,— деді қонақ басын көтеріп.

— «Ойында өрелік жоқ» деген мақалды сіздің ел айта ма?

— Сіздің елдің ғана сыбағасына тиген мақал емес шығар ол, кигіз туырлықты қазаққа ортақ мақал шығар. Әлде мені қазақ емес деп ойлайсыз ба?

Бұл сөзден де тосылып қалғандай болған Қали онысын сездіргісі келмегендей:

— Ендеше, бір ойыным бар еді, қонағым, сонымды көрсетсем, ерсі болмас па екен?— деді.

— Әрине, ерсілік болмайды. Айтыңыз қандай ойын екенін!

— Оң жақта отырған қонағымды сол жағыма көтеріп қоятын ойыным болушы еді...

— Оған мен әзір!..

— Ә, жарайды онда!—деп, Қали оң жақта отырған қонағына денесін икемдеді де, оң қолын сыртына орай, арғы тақымның астына тығып жіберіп, өзіне бейімдей тартты...

Бұған дейін бұлай тартқанда, денесі қандай ауыр адам болса да, орнынан қопара бастайтын еді де, ілезде жұлып ап, екінші жағына аудара салатын еді.

Ал мынау — кесек тастай немесе жерге қаққан темір қазықтай, отырған орнынан бүлк етпейтін бірдеме!..

Қали қанша мықшыңдағанмен, қонағын орнынан қозғалта алмады. Алқынған да, терлеген де ол басқа айла істей алмауына көзі жеткен соң, қонағын құшақтаған қолын алды да, ентіге сөйлеп:

— Тас екенінді, темір екенінді білмеймін, жарқыным, асау атты да құйрығынан ұстағанда, тырп еткізбейтін ем, қандай ауыр кісі болса да, шопақ құрлы көрмейтін ем, сені мен қозғай алмадым!— деді.

— Олай болса, осы ойынды маған ойнауға бола ма екен?— деді қонақ.— Сізді менің көтеруіме болар ма екен?

— Болуы болады ғой, бірақ сен мені көтере алмайсың, қонағым.

— Неге?

— Аттан күшті емес шығарсың сен. Мені ат та көтере алмайды. Тек нар түйе мен атан өгіз ғана көтере алады...

— Көтере алмасам, менен айып сұрамассыз. Ойын ортақ. Мен ойнайын сізбенен.

— Онда өзің біл.

— Менің де ынғайым оңымда еді. Оң жағыммен көтеруге болар ма екен?

— Ықтиярың.

Қалидың сол жағына отыра беріп, қолын бөксесінен орай, құшаққа сыймайтын жуан денесін өзіне икемдей, қонақ «һауп!» деп жұлқи тартқанда, дауылдан құлаған жуан ағаштай еңсеріліп қисая кетті... Сол бетінен оңалдырмаған оны қонақ бос бөшкені құшақтап, көтере жөнелген баладай, ауыр және жуан денесінің салмағын кеудесіне арта тұрып жүре берді.

— Қарным жарылды!.. Түсір!..— деген жалынышты дауысы шығып кетті Қалидың.

Босағаға көтеріп апарып түсірген қонағына:

— Апырай, кім ең?— деді ентіккен Қали.

— «Оны жата-жастана сұрастырармыз» демедік пе?

— Дедік... сонда да?..

— Сөз сертінен таймау керек...

Тағы да тосылған Қали қонағын да орнына отырғызып, өзі де отырып:

— Ал, жігіттер!— деді қонақты күтушілерге,— кім де болса, керемет біреу мынауың. Жөнін кейін біле жатармыз, сендер бұның сыбағалы асын даярлап, мал сойғызыңдар!..

Жігіттер бұйрықты орындауға кеткен шақта, әдемі киініп, домбыра көтерген он шақты адам үйге кіріп келді.

— Балуан Шолақ осында ма?— деді дөңгелек қара сақалды, кішірек имек мұрынды, шықшытты, дембелшелеу, орта бойлы қызыл шырайлы кісі.

Үйдегілер біріне-бірі қарады.

— Жаза баспасам, Балуан Шолақ сен боларсың!— деп өлгі кісі домбыралы қолын қонаққа ұсынды.

— Болсақ — болармыз,— деді қонақ.

— Ендеше, мен — Дулаттың Сарыбасымын.

— Естіп ем!— деді қонақ түрегеп,— кел, онда төске төс тигізіп көрісейік.

Екеуі құшақтасып көрісті.

— Атыңды естуші ек,— деді Сарыбас Балуан Шолаққа,— көруге құмар ек. Ізінді қуып, жана таптық. Мына тұрғандар — Жетісудағы Үйсін, Дулаттың сені іздеген ақындары.

— Менің де іздегенім сендерсіңдер!— деді Шолақ,— ақындарға басын иіп.

— «Мәді шықты!» деп дүрлігіп едіңдер,— деді Сарыбас үйдегілерге (жұрт елегізіп қалды). Сол Мәді — осы Бал-уан Шолақ!

Одан әрі мәжіліс басталып кетті. Қалидың ақ үйінің жаңа кигізі шұрқ-шұрқ тесіліп, айналасы көктегі жұлдыз-дан жиі сығалаған көз боп кетті.

— Бұл қай бейбастактық? Үйді қиратамысыңдар? Кигізді бүлдірдіңдер ғой. Жоғал көзге көрінбей!— деп аюдай ақырған Қалидан жайшылықта қорқатын жұрт бүгін жасқанбады. Олар бүгіннен қалса, Балуанды көре алмай-тындай боп, үйге сыймағаны сырттағы кигіздің тесігінен таласып, бірін-бірі басып кете жаздады.

— Жұрт лебізіңе құмартып тұр, ән бұлағы Көкшетау-дан келдің. Жетісуды сусындат!— деген өтінішті орын-дап, Балуан Шолақ бар білгенін ортаға салды. Ол өлең-жырын:

Жастықта ұрынбай ма жігіт дауға?
Ол даудан аман қалса, басың — сауға.
Жетісу, жемісің мол ағаш едің,
Бұтаңа келдім аз күн қонақтауға!—

деп бастап, ар жағында бұл өлкеге неге келген жайла-рын, жолшыбай нелер көріп, нелерді естігенін сөйлеп кетті. Ән араластыра айтқан өлең-жырларымен тыңдау-шыларын ол жылатты да, күлдірді де, сергітті де, күрсіндірді де...

Жетісу Балуан Шолақты айлап емес, жылдап жібермеді. Оның күні де, түні де, қысы да, жазы да сауық-сайран-мен өтті.

— Мән-жайыңды естідік,— деді оған қайда барса да жұрт,— ағайын іздесең, шыққан арғы тегің осы — Үйсін. Жолшыбайғы елдерден естіген сөздерін қайталап, Үйсін болмаса да, сені жатырқайтын Жетісу жоқ. Артыңда аңду-шың көп екен. Туған жерің ыстық шығар, бірақ қайтып барам деме, жазым боларсың. Осы елге орнық. Үстіңе үй тігейік, алдына мал салайық, қалаған қызыңды берейік.

Шолақтың қайтпауын қолқалаған әсіресе ақындар мен әншілер.

— Көкшетау — әннің бұлағы деп еститін ек,— десті олар,— сол жақтан Арқаның биік жонын, Бетпақтың жал-пақ шөлін, Балқаштың теңіз көлін аттап, әдемі нәзік үн-дер бұл маңайға талықсып жететін еді, еркін естісек деп

құмартатын ек. Сондай сусаған шөлімізді сен қандырдың. Бірақ сенің әнің — дәмі айнымайтын тәтті екен, сімірген сайын сусап барамыз. Өмірімізді сенің әңіңе бөлеп өткізейік. Аз жасты сайранмен бірге жасайық.

«Әне қайтам, міне қайтаммен» Балуан Шолақ Жетісуда он жылдан артық жүрді. Алатаудың кең етегін жайлаған қалың елде араламағаны жоқ. Балқаш көлінің батыс жағымен келіп, Әулиеата қаласына барған ол Алатаудың теріскей жақ бөктерін жайлаған елді аралап отырып, Қытай шегіне барып тоқтады. Одан арғы қазақ ауылдарын да аралауға ойлаған еді, үкіметтің шекаралық орындары рұқсат бермеді.

Сонша елді аралағанда, оның қыдырғыштығы ұстаған жоқ. Ол қай ауылға барса да, алдыңғы ауылдардан іздеп кеп, «дәмге шақыра келдік!» деп ілгері тарта берді. Жолы ұзап бара жатқанын Балуан көрсе де, сыйлап шақырғандарға бармаймын дей алмады...

«Ел-елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» дегендей, Көкшетауда туып-өскен Балуан Шолаққа Жетісу елінің әдет-ғұрпы, үй-тұрмысы, киім-кешегі өз елінен басқаша көрінді. Балуанның байқауынша Жетісу елінде «атамзаманның» әдеті көп сияқты. Көкшетау елінің жазғы киіз үйі кең, биік болады. Жетісудың үйі әрі тар, әрі аласа екен. Көкшетау елінің әлділері қыстыгүні бірнеше бөлмелі ағаш үйде, әлсіздері орыс крестьяндарының үлгісімен салған шым үйде отырады; Жетісу елі қысқы үй салуға шорқақ екен, көпшілігі таудың етегін жырып жасаған «кепе» атты үңгірді мекендейді екен, онда терезе болмайды, не төбесінен, не қабырғасынан сығырайған кішкене тесік қойып, қойдың қарнымен қаптайды екен. Көкшетау елі ыдыс-аяқты, үй жасауын көбінесе базардан, фабрикада жасалған заттардан алады. Жетісудың ыдыс-аяғы, үй мүлкі көбінесе ауыл шеберлерінің қолынан тұрпайы жасалады екен. Көкшетау елінің киімі орыс я татар киімдеріне ұқсастау ықшам, ыңғайлы келетін. Жетісу елінің киімі әрі мол, әрі сиықсыздау, олпы-солпы келеді екен...

Көкшетау елімен салыстырғанда, Жетісу елі аңқаулау, момындау сияқты. Жетісу елі еңбек бейнетін Көкшетау елінен көбірек көретін сияқты, Көкшетау қазақтары егін салмайды, астықты жақын жердегі орыс поселкелерінен сатып алады, Жетісу қазақтарының көбі егінді өзі егеді екен, ол егінін арықтан суарады екен; бұның бейнеті Көкшетаудағы егіншілердің бейнетінен әлдеқайда ауыр,—

Көкшетауда егіншілер жерді жыртып, тұқымын себеді де, суды көктен тілеп, қашан егін піскенше күтіп отырады, жетісулықтар егіні піскенше суарып дамыл көрмейді.

Алатау өлкесінің жері Балуан Шолаққа ұнады да, ұнамады да. Ұнағаны: таудың өз бойы хасиетті, оған шықпайтын егін де, жеміс те жоқ. Сондықтан да жергілікті ел: «Жетек ексең — арба өседі» дейді екен. Алатау бойына шығатын жемістер Көкшетауда жоқ, Көкшетаудың егістік мәдениеті де Алатаудан төмен. Алатаудың Балуанға ұнамайтыны: бар хасиеті таудың өз бойы мен етегінде ғана да, егер одан ұзап, 50—60 шақырымға барсаң, таздың басындай тақыр. Көкшетаудың қай жеріне барсаң да белуардан келетін көкорай шалғын, түбіттей ұйысқан қалың бетеге!..

Жетісу елі қаншама құрметтегенмен, Балуан Шолақ туған жерін, елін, ата-анасын, Ғалияны жылдан-жылға артық аңсады да, он шақты жыл аралағаннан кейін, Жетісу елінен рұқсат сұрады.

— Туған жеріңе қайтам десең, рұқсат, — деді Жетісу, — бірақ күндердің күнінде патшаның қудалауына тағы да ілексен, паналатуға біз өзір...

Еліне беттеген Балуан Жетісудың қай ауылына түсіп аттанса да, бір ауыз өлеңмен қоштасты:

Алатау, аз күн жаттым аунап-қунап,
Дертіме дәрі бердің жүрген улап.
Көргенше енді айналып, хош аман бол,
Ұлысы Ұлы жүздің Үйсін, Дулат!

32. ӨЗ БЕЙНЕСІ

Алатаудан аттанар алдында, Балуан Шолақ қасындағы нөкерлерін таратты. Олардың «еліңе шейін шығарып саламыз» деген шын сөзін, егер «мақұл» десе айтқандарын орындауына көзі жете тұра, Балуан тоқтаулы сөз тапты.

— Өздеріңе белгілі, — деді ол нөкерлеріне, — мен бұл жаққа өкіметтен қашып келген қоңыраулы кісімін. Сол қоңырауды елге қаға қайтсам, думандата барсам, маған құлағын тігіп отырған өкімет: «Ә, мынау әлі де баяғы қылығын тастамаған екен» дейді де, торын құрып, қамай қояды. Оны істетпеу үшін, еліме мен үн-түнсіз баруым керек те, елеусіз жүре беруім керек.

— Өйтсең, өкіметтің тимеуіне көзің жете ме?— деген сұрауға:

— Тиыш жүрген кісiде не ақысы бар оның?— деп жауап бердi Балуан,— Ғазиз ақынның «Елу бестен жасы асып кеткеннен соң, жігіттіктің болмайды серуені» деген сөзін айтпадым ба өздеріңе? Менің де жасым елу бестен өтті. Енді қылтың-сылтыңның керегі жоқ, маған. Оның үстіне көңіл де жүдеу. Мен аулыма бара, қақ-соқтың бәрін қоям да, «айранын ұрттап, қойын құрттаймын, ұя бөрік, жуан қоныш» адамның бірі боп күн кешем. Тағдырдың менің мандайыма ендігі жазғаны осы болуға тиіс.

— Тек соны істей алсаң!..— десті, Балуанның сөзін тоқтаулы көргендер, қарсы дау айтудың ретін таба алмай.

— Істемегенде амал жоқ,— деді Балуан күрсініп,— жанған отқа көзсіз көбелек қана түседі.

Еліне жеке қайтуға нөкерлерінен рұқсат алған Балуан «қойдан қоңыр, қозыдан жуас болған соң, біржола болайын» деді де, үстіндегі сәнді киімдерінің бәрін естелік есебінде таратып беріп, өзі жұпыны киімдер сұрап алды. Аты мен ертоқымын да қоңырқай түрде сайлаған ол, нөкерлерімен жыласып, қоштасты да, жалғыз өзі Балқаштың батыс жағын жиектей, еліне бет алып жүріп кетті.

Бұл бетіндегі елді Балуан бұрын аралаған жоқ еді, соны пайдаланып, ат шалдырған, түстенген, қонған жерлеріндегі танымайтын адамдарға «пәлен жердегі туысыма барып келе жатқан жолаушы едім» дей салды. Сақал-мұрты өскен, қоңырқай киімі, қоңырқай ер-тұрманы, жобалғы аты бар оны ешкім де Балуан Шолақ деп ойламады.

Осындай елеусіз түрде келе жатқан ол Балқаштың Іле өзені құятын сағасындағы «Топар» аталатын жердегі ауылдарға жетті. Руы Сары Үйсінге жататын бұл ауылдарда Балуан барған кезде, әлдекім бай қызын ұзатып, ұлан-асыр той боп жатыр еді. Жобалғы түрде жүрген Балуанды бұл тойда ешкім елей қойған жоқ, оның өзі де тойдың думанына еліре сапырылысқан жұртқа елетерліктей ешбір қылық көрсеткен жоқ.

Күндізгі думан өтіп, тойға келгендер кешке қарай төңіректегі ауылдарға бөліне тарқасты. Көппен араласқан Балуан да бір ауылға кеп түсті.

Балуан түскен ауылдың адамдары, осы ауылға келген қонақтардан «Кебекең» атты бір ақсақалға ерекше құрмет көрсетті. Балуан жұрттың өңгімесіне құлақ түрсе, «Кебекеңнің» шын аты Кебекбай екен. Ол бүкіл Дулат

атаулының әрі ақсақалы, әрі сәуегейі боп саналады екен.

Қасына ере келген адамдары осы «Кебекеңнен»:

— Егер рұқсат етсеңіз, мәжілісімізді көріктендіруге Кененді алдырсақ қайтеді?— деп өтінді.

— Алдырсандар, алдырыңдар!— деді Кебекбай.

— Бар, тап та шақырып кел!— деп жұмсаған жігіт кеткеннен кейін, бұл ауылға жиналған қалың жұрттың аузында Кененнің кім екендігі сөз болды.

— Сол жігітті аса әнші деп жүр ғой,— деп сұрады біреу,— қай ауылдан келген өзі?

— Дулат ішіндегі Жаныс көрінеді ғой ол. Жаныс ішінде Қасқарау. Оның ішінде Сати-Боти. Мекендері Мөгібұлақ көрінеді. Әзірбай дейтін кедей шал болатын Сатида. Соның қартайған кезінде туыпты ғой бұл бала. Жасынан жетім қап, бай ағайындарының қой-қозысын баққан екен. Ержете аузына жел бітіп, қазір бүкіл Дулаттың атақты ақыны болғанға ұқсайды. Өзі сымбатты да, көрікті де жігіт боп өскен. Даусы да керемет өзінің, аққудай сұңқылдайды!.. Ән де шығарады өзі, өлең де шығарады. Өлеңі онша қырғын емес. Ал әні бар ғой, бұлбұлдың сайрауына бергісіз!..

— Үлгіні кімнен алды екен бұл?

— Балуан Шолақтан!..

— Не дейсіз? Жолығып па екен Балуан Шолаққа?

— Арқадан Жетісуға келе жатқан Балуан Шолақ Сати-Боти елін аралап жүріп, «Доланқара» тауына кездесе, қой жайылып жүрген тас арасынан әдемі ән естіледі. Айтушыны Балуан Шолақ таптырып алса, он бестер шамасындағы қойшы бала екен дейді. Әлгі бір, қойшы баланың зарыққан мұңын бозторғайға шағатын әні бар ғой, сол ән, сол қойшы баланың шығарған әні екен дейді...

— Апырау, не дейді?!.

— Даусы да, әні де ұнаған баланы Балуан Шолақ қасына ерген нөкерлерімен ала кетпек болған екен, баланың да барғысы келген екен, жалдаған бай жібермепті... Балуанның жүрген жері ұлы думан көрінеді ғой. Қасқарауда ол Ноғайбай дейтін байдың үйіне түссе керек. «Балуан Шолақ келді» деген соң, қалың Қасқарау жиналса керек. Сонда әнін мақтаған Қасқарауға Балуан «менен де зор әнші өздеріңнің араларыңда жүр, бірақ ән айтып жүрген жоқ, қой бағып жүр» деп, Кененді өлердей мақтап, «нанбасандар көріңдер!» деп, әдейі ат жібертіп алдыртса керек,

Балуанның айтқаны расқа шыққан соң, қалың Қасқарау Кененді басына көтеріп әкетсе керек...

— Жақсы адамның аса сөйлемей, баса сөйлейтін әдеті ғой... Балуан Шолақтың өзін баса, Кененді көтере сөйлеуі содан болған шығар, әйтпесе өз дауысына жан пар келмейді деп естігеміз; айғай салған дауысы тауды жаңғырықтырып, тасты сілкіндіреді деп естігеміз; жүз бұралып, мың құбылады деп естігеміз!.. Кенен де керемет көрінеді ғой!.. Сонысына қарағанда, Балуан Шолақтан бата алып, аузына түкірткен ғой ол!..

— Апырай десейші!— деп ду ете түсті үйдегілер...

— Ал енді мен сендерге бір қызық айтайын,— деді біреу, көпшіліктің шуын басқысы келгендей, қатты дауыспен:

— Иә!— деді де, шу тына қалды.

— Осы Кенен бар ғой, сол Балуан Шолақтың бар әнін аузынан қағып алған!..

— Не дейді?!.

— Дегенімді айтайын: «Балуан Шолақ Ноғайдың үйіне қонған күні мен де сол үйде едім. Балуанның әнін есітеміз деп келген жұрт үйге сыймайтын болған соң, халықтың тілегін орындап, Балуан далаға шықты. Ауыл Мәтібұлақтың жағасында, таудың арасында отырған. Балуанға ере тысқа мен де шықсам, таудың саласындағы адамның қалыңдығына көз тұнады!.. Айт пен тойға да мұндай көп жиналмас жұрт!..

— Жұртты қоя тұрып, Балуанды айт!— десті үйдегілер.

— Айтсам, Балуан таудың төскейіндегі шыңға көтерілді де, ән шырқады. Мана үйде бірер әнді айтқанда, даусы аса зор сияқты емес еді, қоңырлау, бірсыдырғы әдемі ғана еді. Тысқа шығып, сол әнді қайта айтқанда, даусы биіктеп көтерілді де кетті. Сонда ол айқайлаған жоқ, әдемі нақышымен, қоңыр ғана айтты. Осы даусы тауды жаңғырықтырып, тасты сілкіндіріп жіберді!..

— Аруақ біткен адамның әдеті емес пе, топты көрсе арқаланып кететін!.. Аруағы көтеріп кеткен ғой оның даусын!

— Сонымен қызық болды, — деді Балуан Шолақтың онерін баяндаушы.

— Иә?..

— Ол түні таудың саласында Балуанның және оның пөкерлерінің әнін тыңдаған жұрт кірпік қаққан жоқ. Балуан қызық кісі екен. «Мынау пәлен деген әнім, мынау түген деген әнім» деп, әрбір әнінің бір-бір аузын өзі бас-

тап береді екен де, нөкерлеріне «ендігісін сендер айтыңдар!» дейді екен. Олар қосылып айта жөнеледі екен...

— Қызық екен онысы!..

— Одан да қызығы бар...

— Иә?..

— Балуанның да, оның нөкерлерінің де әдемі әндерін құмарта тыңдаған жұрт, күздің ұзақ түніне шыдамағандай, үркер төбеден ауа у-шуын азайтып, бөсеңси батады... Сол кезде Балуанның нөкерлері қосылып айтқан бір әннің ішінен болатты болатқа соққандай шыңылдап, аспанға найзадай шаншылып, тыңдаушылар бұрын естімеген бір биік дауыс көтерілді де кетті!.. Құр ғана биік дауыс емес, мөлдір судай кіршіксіз дауыс, көктемнің даласындай сәнді дауыс, шебердің кестесіндей нақышты дауыс!..

— Апырау, кімнің дауысы екен?— десті, кім екенін тез білуге асыққан жұрт.

— Кененнің...

— О қайдан кеп қапты?..

— Балуан Шолақ кешке жіберген кісі Кененді тауып әкелгенше түн ортасы ауып кетсе керек... Балалық шағында Кенен бұйығы екен дейді. Сондықтан келе сала Балуанның алдына жетіп бармай, көптің арасына отыра кетіпті... Арқасыз адам ән айта ала ма?.. Балуан мен нөкерлері айтқан әндерге Кененнің де арқасы қозып, әуелі алысырақ отырған ол ән айтқан топқа жақындай-жақындай, бір мезгілде қасына кеп қапты... Одан кейін өзін-өзі ұстай алмай, Балуанның ән айтқан нөкерлеріне қосыла кетіпті... Әлгі дауыс сол екен!

— Иә, сонан?..

— Ән айтылып болған соң, Балуан орнынан түре кеп: Кененнің қасына барады да «ө, сен келіп қап па ең?» деп, қол берген Кененді бауырына баса құшақтайды. «Уа, жұрт,— дейді Балуан сонан кейін, жиналған топқа,— сенің бұлбұлың осы!..» «Әзірбай баласы Кенен» мұның аты-жөні. Өзіңнің Дулатың бұл бала. Оның ішінде Қасқарау, оның ішінде Сати-Боти. Бірақ қалың Дулат сенің ғана сыбағаң емес, «шебердің — қолы, шешеннің тілі ортақ» дегендей, барлық қазақтың сыбағасы. Бірақ бүгінгі күні, бұл бала, қалың Дулат сенің әншің емес, қойшың боп жүр. Қазіргі халінің қандай екенін баланың өз әнінен өз құлағыңмен есті. Ал, Кенен, айт мына жұртыңа «Бозторғай» деген әніңді!..»

Кенен «Бозторғай» әнін айтқанда, қойшы баланың ауыр халін көз алдына келтіріп, тыңдаушылар мұңайып қалады.

Сонда Балуан Кененге енді «Көкшолақ» деген әнін айт!» дейді. Кенен бұл әнін айтқанда, жұрт шексілесі қатып күлді. Содан кейін Балуан: «міне, көрдіңдер ме, жұрт, қойларыңның қиының арасында қандай алтын жатқанын? Алыңдар ол алтынды қи арасынан!.. Бұдан былай тотықтырмай, жарқыратып ұстандар!» деді...

Балуан Кененді өзімен бірге алып та кетпек болған екен, әрі жалдаған байы жібермейді, әрі «қартайған шағымда көзімнен таса қылмаймын» деп әкесі босатпайды. Бірақ Балуанның айтқаны да далада қалмайды: қалың Дулат Кененді айт-тойына шақырып көтереді де кетеді. Ол ән де, өлең де шығарғыш болып алады, үні де, сөзі де бал татыған тамаша болады. Сонан кейін аруағы ұшып, Дулатта Кенен қатынаспайтын ойын-тойдың көркі болмайды...

Ойын-тойларда Кенен өз әндерін ғана айтпайды, халықтың әндерін, басқа әншілердің әндерін, әсіресе Балуан Шолақтың әндерін көп айтады...

Осы кезде көп адам қосылып айтқан ән естіле қалды. Оған елендеп, ауылдағы көпшілік те, Балуан да далаға шықты.

Бұл ымырт жабылып, қас қарайған кез еді. Белесті құмдардың арасында отырған ауылға, үндері аспанды жаңғырықтыра қосылып ән айтып келе жатқан көп дауыс жақындай берді, жақындаған сайын өдемілене, биіктей берді...

— Кенен!.. Оның нөкерлері!..— деп шуласты күткен жұрт.

— Дәл Балуан Шолақ!— деді әлдекім. — Кенен өлендерін соның үлгісімен айтып келеді...

Кененнің әндеткен тобы ауылға кеп түскенде, құмның арасынан адам өскендей, қалың жан қыбырлап, төңірекке сыймай кетті.

Мұншама адамды сыйғызатын ешбір үй болмағандықтан, ән далада, қалың құмның арасында айтылды. «Халық өзінің тамаша әншісінің кескінін көріп отырсын» дегендей, ән басталар алдында ашық аспанға он төрт жасына толған ай көтерілді. Дала сүттей жарық боп кетті...

«Кескінін де түгел көреміз, әнін де түгел естиміз» деп, халық Кененді биік бір құм-шоқының төбесіне отырғызды. Өздері сол шоқының төбесінен төмен сорғалай, етекке жайыла орналасты. Осы қалың көпшіліктің арасында төбеге жақындау тұста, белгісіз адамның біреуі боп Балуан Шолақ та отырды.

Шоқының төбесінде отырған Кененнің кескіні Балуан Шолаққа жасырақ кезінде айнадан көрген өз кескіні сияқтанып кетті. Ана жылы көргенде бала пішінді Кененнің қазір сақалы да, мұрты да өскен және дәл Балуан Шолақтың сақал-мұртындай, мұрты ұзара қалыңдап, қаршығаның жазған қанатындай сапары сүйріе, иығына қарай қайырылып, сақалы иегіне шоқтала, бір тұтамдай ғана қыпқысқа боп өскен! Мандайы да сондай кең, қасы да сондай қою, мұрны да сондай қоңқақ... Тек қана айырмасы — Балуанның жүзі — бөлкім дөңгелектеу, Кененнің жүзі бөлкім сопақтау, Балуанның қалың қабағының астына біткен көзі — бөлкім шүңіректеу және қысыңқылау, Кененнің жұқалау қабағының астына біткен көзі — томпақтау және бадырайған үлкен, Балуанның иегі бөлкім — сүйірлеу, Кененнің иегі — жалпақтау...

Аздаған сондай айырмалары бола тұра, Кененнің кескінінен өз кескінінің бейнесін тапқан Балуан ішінен «менің әндерім мен өлеңдерімді айтар ма екен, айтпас па екен? Айтса, қалай айтар екен?» деп ойлады да, Кененнің әндеріне құлақ тікті...

Жетісу ақындарының бір әдеті — жиын-тойда кезіккен тыңдаушыларына әуелі өлеңмен амандасып алатын, Кенен де соны істеп, қоңыр дауыспен амандық-саулық айтқанда, Балуанға үні ұнағанмен, өлеңі көңілін қозғарлық әсер бере алған жоқ.

Кенен өнге шырқай бастағанда, Балуан оның кескініне қадала қарап, қатты да қалды. Ана жылы балалық лебі есетін жіңішке даусы енді қалыңдап және тым биіктеп кеткен екен. Балуан Дулатта Сарыбас дейтін ақынды көріп еді, ол әнін айғайлап бастап, оң жақ құлағын қолымен бұрап-бұрап жіберетін. Кенен де сөйтеді екен. Бірақ бұл Сарыбастай қылғына айғайламайды, еркін шырқайды, сонда мүлтіксіз қоңыр даусы жер-көкті жаңғырықтырып, кең даланы тұндырып жіберді. Балуанның бағалауынша, мұндай дауыс ол естіп жүрген үндерде, Біржан салдан басқаға біткен емес!.. «Міне, қайда өдемі, кең және биік дауыс» деп сүйсініп қояды Балуан ішінен. Бірақ жиынға сыр бергісі келмеген қалпын өзгертпей, орнында тастай қатқан түрінен қозғалмайды, ыңқ етіп дыбыс бермейді...

Кененнің әндерін сүйсіне тыңдағанда Балуанның байқағаны — ажырасқан аз жылда жас әнші бірталай ән шығарып тастапты. Бұл әндер арғымақ пен қарабайырдан туған құлын сияқтанып, кей жерінде Арқаның екпінді биік

әніне де, кей жерінде Жетісудың келтелеу шұбалаңқы әніне де ұқсап кетеді екен.

Кененнің өз әндеріне біраз сусындап, мейірі қанғандай болған қалың көпшіліктің арасынан:

— Балуанның әнін, Балуанның!— деген дыбыстар шықты.

— Қайдағы Балуанның?— деп сұрағандарға:

— Балуан Шолақтың жер-көкті күңіrentкен әндерін естімей, құлағың керен болған біреу ме ең немесе үйіңнен шықпайтын біреу ме ең?— деп қасындағылар ұрсып тастады.

— Иә, Балуанның әнін, Балуанның!— деген дауыс көбейіп кетті.

— Болсын!— деді Кенен қолын көтеріп, шуды басқысы келгендей, қалың дауыспен. Шу тыныш бола қалды.

— Ал, халық!— деді Кенен,— өлеңнің де, әннің де мінезі мен қылығы шығарған иесіне тартатынын жақсы білесіңдер. Балуан — асау мінезді, өр қылықты адам. Оның әндері мен өлең дері де өзіне ұқсас асқақты, екпінді келеді. Мен — жұмсақ мінезді, жуас қылықты адаммын. Балуанның әндері мен өлеңдерін өзінен ауызба-ауыз үйреніп қалғаным рас. Бірақ мен ол шығарған әндер мен өлеңдердің ырғағын келтіргенмен, екпінін келтіре алмаймын. Балуанның әндерін естігендерің де, естімегендерің де болар. Естімегендеріңе оқасы жоқ. Ал естігендеріңе «Балуан» дегенің оның киімін киген «Кенен» боп шыкса, сөге көрмеңдер!..

— Оны тыңдай көрейік,— десті жұрт.

Балуанның әнін естуге құмартқандар Кененнің аузына төне қалды. Бойы дірілдеп, Балуанның өзі де төнді...

— Мен Балуанның он екі әнін айтам,— деді Кенен домбырасын күйлеп алғаннан кейін.

— Ал, тыңдадық!— деп гу еткен дауыс тез тына қалды. Кенен әуелі Балуанның бозбала шағында қыз-келіншекке шығарған «Ыңғай көк», «Діңкілдек», «Сегіз келін» сияқты жас жігіттің жан гүліндей жайнаған әдемі әндерін өте нақыштандырып айтып берді. Бір кезде бұл әндерді өзі де осылай айтатын Балуан албырт жастықтың адуынды мінезінен егде тартқан шағында ұялғандай, басын төмен түсіріп, бүгежектей тыңдады. «Діңкілдек»тің аяғындағы:

«Жастайымнан атандым «Шолақ дәу» деп,
Бұл дүниені кім ойлар шолақ-ау деп.

Мал-мүлік пен байлықты тәрк етпеймін,
«Ақыр бір күн артымда қалады-ау» деп,—

деген сөздерін айтқанда, Балуан қасындағыларға сездірмей күрсініп қойды. «Қос барабан» деген әні, әсіресе, ол әннің:

Көкшетауым,
Күнде жауын,
Сексен көл айдын шалқар,
Қайран аулым!—

деген қайырмасы айтылғанда, Балуан қаттырақ күрсініп қап, маңындағыларға дыбысын естіртіп алды. Ол қасындағылардың:

— Не болды, сонша ауыр күрсініп?— деген сұрауына жауап берген жоқ...

Жетісуға келе, алыста қалып аңсаған Ғалиясына арнап, «Сұрша қыз» деген ән шығарған еді. Кенен сол әнді де шырқап, қайырмасындағы:

«Сөйтіп жүрген сұрша қыз,
Көкшетауда қалдың-ау,
Ау-өй, сұрша қыз,
Енді есен бол-өй!»—

деген сөздерді айтқанда, Балуанның көзінен жас ыршып кетті. Егер Кенен, бұл әннен кейін Балуанның қайрат-жігеріне арналған «Құлан кісінес» аталатын екпінді әнін, одан кейін «Қос перне» аталатын соған ағайындас әнін елтірте айтып жібермесе, Балуан қасындағыларға жылауын да сездіріп алар еді. Айғырдың арқырауы сияқты «Құлан кісінес» пен домбыраның екі шегін бірдей сөйлетіп, әуелі қоңыр басталғанмен, арты шырқап биікке шығатын, тынысы мол, ырғағы көп «Қос перне» айтылғанда, батырлық қалпына келгендей, Балуан сергіп кетті. Соңғы әннің:

«Өз атым — әкем қойған Нұрмағамбет,
Халқымнан көріп жүрмін қадыр-құрмет.
Бас қосқан оянайдың съезінде
Көтердім кірдің тасын елу бір пұт!»—

деген сөздері айтылғанда, «пау, шіркін!» деп көтерме-легендерге дауысын қалай қосқанын Балуан аңғармай да қалды.

«Желдірме» аталатын желіге айтылатын термелі әнге тіпті желіге бастаған Балуанның көңілі, «Жай қоңыр» аталатын баяу ырғақты әнінің:

Салайын «Жай қоңырға» жәйіменен,
Барады өтіп өмір айыменен,—

деген сөздері басталғанда, тағы да бәсеңси қалды. Өмірінің отіп бара жатқаны есіне түсті оның. Осы ойын қалыңдата түскісі келгендей, Кенен Балуанның өмір жолы туралы шығарған «Өтетін өмір» атты термесін төпеп кетті:

Бір жасқа жеткенімше құндақтайсың,
Екіде тек былдырлап тіл қатпайсың.
Бес жаста безіп үйден тал ат мініп,
Он жаста жарда ойнаған ылақтайсың.
Келгенде жиырмаға сазда өсетін
Балауса бейне балғын құрақтайсың!
Елуде ақыл-ойың тегіс толып,
Төскейден сарқыраған бұлақтайсың,
Алпыста бар асылың түгел жайнап,
Манына сәуле шашқан шырақтайсың,
Жетпісте тұра берсен жер таянып,
Жарыннан құдай қосқан жырақтайсың.
Сексенде буындарың діріл қағып,
Болдырған арық аттай бұрақтайсың,
Тоқсанда өлсең де өлдің, өлмесең де,
Сүм дүние енді кімге тұрақтайсың?..

Бұл сөздеріне тағы да тұнжырай қалған Балуанның құлағына кейінгі кезде шығарған «Кенже қоңыр» деген әні естілді:

Бір аты өндерімнің «Кенже қоңыр»,
Тең болмас арғымақ пен қара шобыр.
Армансыз Үйсін, Дулат араладым,
Көп жатып бір ауылды етпей ығыр,
Әнімнің әркім құмар мұқамына,
Кей жігіт қарап отыр тұтамына.
Сайраған Сарыарқаның бұлбұлы едім,
Жетісу қонақтадым бұтағына...

— Осымен Балуан Шолақтың он екі әні бітіп те қалды білем,— деді Кенен жұртқа қарап.

— Он бір-ақ!— деді санап отырған біреу.

— Қайсысын қалдырып кеттім екен сонда?— деді Кенен.

— Көне, аттарын аташы, санайық,— деп көпшілік Кенен айтылған әндерді санай бастағанда, Балуан отырған биігінен төменге сырғып түсті де, шылбырынан сексеуілге байлап қаңтарған атына қарай кетті.

«Несіне отырам,— деген ой келді оған,— менің ойымдағы сырдың бәрін де Кенен халыққа айтып берді. Енді несіне көрінем ол халыққа?.. Босқа шулату үшін бе?.. Кімге қажет ол шу?.. Қой, онан да осы белгісіз бетіммен кете берейін!»

Ол аттанып жүре бергенде, манағы жоғалтқан әнін тауып алған Кененнің биік даусы аспанға көтеріле берді. Балуанға таныс ән— өз әні!

Балуан ұзаған сайын, ән биіктей берді. Жетісуда қалып бара жатқан Кенен оған өз бейнесі сияқтанып кетті. Қайтып оралмаймын деп бара жатқан елде әрдайым өз көзіндей көретін мұрагері қалуы оның қуанышын теңіздей тасқындатты. Кеудесіне сыймаған бұл тасқын, Балуанның көзінен жас боп сорғалады...

33. ТАУДЫҢ ТАҒЫСЫ

Балуан Шолақ еліне белгісіз қайтам дегенмен, ол «келе жатыр дейді» деген хабар, алдынан айшылық жерді орап отырды. Хабар әр түрлі естілді:

— «Іздеп барған ағайыны — Үйсін Балуанды басына хан көтеріп, қарсы алыпты дейді. Елі бай екен дейді. Он мыңдаған қой, мыңдаған түйе иттің құлы итақайда өреді екен дейді. Балуанның өз тұқымдары да өте кеткен бай боп шығыпты. Олар Балуанға екі ақ үй тігіп беріпті, екі қатын әперіпті. Балуан Шолақ осы күні ен байлықтың үстінде қаздай қалқып, үйректей жүзеді дейді, малында есеп жоқ дейді. Қырық қатын сауыншысы, қырық жігіт бақташысы бар дейді. Үйіне күнде келген қонақ ас пен тойға жиналғаннан кем емес дейді, ошағының басы қан сасып, ту қойлар мен ту биелер есепсіз сойылып жатады дейді. Балуанның өзі тентектігін қойып, сол елдің үлгі айтатын биінің бірі бопты дейді, аузы дуалы, айтқанын халық екі қылмайды дейді, әке-шешесін, қатын-баласын Жетісуға алып кетуге келе жатыр дейді...»

— «Бұл жақтағы күші күш пе, — деп соқты бір хабар,— онда барған соң, адамның арыстаны боп кетсе керек. Ағаш үйлерді қолшатырдай көтергенін көрген кісі бар. Ол жақ-

тың ұлықтары осы күшінен қорқып, шашетектен алтын сыйлап, қазынадан тамаша сарай салдырып, патшадай ғып күтіп тұр дейді».

— «Ол сөз өтірік дейді,— деді тағы бір хабар,— бұл жақтың ұлықтары Балуанды Жетісуға айламен жіберген екен. Онда барған соң-ақ Жетісудың ұлықтары ұстап ап, темірден соққан үйге қамапты» дейді...

— «Қамалғаны рас екен,— деп тарады бір хабар,— сонда бір досы айлсын тауып, темірді нандай турайтын алмас пышақ жеткізіп беріпті де, Балуан темір үйді тесіп, қашып кетіпті. Көкшетауға қайтып келе жатқан себебі — ол жаққа да сыйыса алмауы болса керек...»

— «Бұл жақтан кеткен соң қойдан қоңыр, қозыдан жуас болуы рас дейді,— десті біреулер,— жолда аты өліп, өзі жүдеп барған соң, Жетісуда ешкім елемей, ит қорлықта жүріп, елге жаяулап жалғыз келе жатыр дейді, өзі аппақ қудай шал болған дейді».

Осылар сияқты толған өсек Балуанның алдынан желдей есіп жатты. Оның көбін Ғалия да, Балқаш та естіді. Бұл кезде Қалампыр мен Баймырза қайтыс болған. Қалампыр Балуанның Жетісуға кетуіне көмекші болғанмен, сүйікті ұлы аттанғаннан кейін ауыр ойда құса боп өлді, Баймырза аурудан өлді. Балқашты әркімдер: «Ол саған енді жоқ, байға ти» деп азғырды. Балуан Жетісуға кетерден бұрын жүкті болған ол ұл туып, атын Тәукен қойған. Балқаш Бәтен мен Тәукенді бағып, қайнағасы Төлеубайдың үйінде тұра берген.

«Балуан Шолақ қайтып келе жатыр дейді» деген хабарды естігенде, Ғалия не істеуді білмей, сасып қалды. Бір жағынан оны кеудесіне сыймаған қуаныш састырды. Балуанның Жетісуға кетуіне көмекші болғанмен, ол аттана сала төсегіне шөке-түсе жатып, ағыл-тегіл жылаған Ғалия сол қалпынан қозғалмай айға жақын жатқанда, сүзек болған адамдай арсаланып қалған. Дос жарандарының кейбірі оған «сен осындай жасық па едің?» деп ұрысып, біреулері «жамандық шақырып, бұ не қылғаның?» деп қорқытып, енді біреулері «қорқыныштың ыстық-суығы басылған соң қайтып келеді; сарғая күткен әрбір күндерің жылдай болса, ертең аман-сау қайтып келсе, бірнеше жыл дегенің бір күндей де болмайды» деп үміттендіріп, ақыры көптің талқысы, оның басын төсектен көтерткен. Төсектен тұрғанда, ауру бас біртіндеп жазыла кеп, күн алыстаған сайын, жыл алыстаған сайын сауығып, біраз жылдардан кейін, Балуан оған алыстағы ар-

ман ғана сияктанып, кейбір күндерде оны жүрегі сыздай еске түсіргенмен, кейбір күндері ұмыт та болып кеткен...

Міне, енді сол Балуан көп жылдардың ұзақ сапарынан келе жатыр. Бұл хабар Ғалияның сөнгендей болған махаббат отын қайта тұтатты. Оның жүрегі қайтадан жалындай бастады.

«Бірақ,— деген ой ғана бөсеңдетті бұл лапылдаған жалынды,— мен бұлай жалындағанмен, оның жалындап келе жатқанын қайдан білем?.. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегендей, жан азығын жолынан тауып әкеле жатпауына кім кепіл?..»

Елде тараған бір хабарға қарағанда, Балуанның Жетісудан іздеп барған туыстары алдына мал салып, үстіне үй тігіп, қойнына жар салып қайтарған... Бір өсектерге қарағанда, «оның қатыны біреу емес, бірнешеу... және... бөрі де сұлу...»

Бұл хабарларды естігенде, Ғалияның әйелдік мінезі де ұстап қап, қызғаныш оты да қоза кетеді... Балуанға өшіге де қалады... бірақ ол қызуы тез қайтып, қалтқысыз сүйетін қалпына оралады да, тағы да аңсай, тағы да сағына бастайды... Бұндай сезімге түскен сәттерінде «қашан келсе де, қалай келсе де, тек аман келсе екен!.. Көзіме тірі көрінсе екен!.. Сонда мен оған бәрін де кешер едім, қайда тұрсаң да, кіммен тұрсаң да еркін, тек тірі бол!» дер едім!..

Енді Балуанның тірі келе жатқанын естіген Ғалия бұл хабарға қуана отыра, қандай жайда келе жатқанын білмей, бір сасса, екінші сасуы — қала әкімдерінің сөздеріне құлақ түрсе, аңшылардың «қанды басың бері тарт!» деуіндей, Балуан баяғы қылығын қоймай келсе, ұстап ап қамап қоюға қолдарына түкіріп отыр... «Бұл құрылған қақпанға Балуанды шақырушы менмін» деп ойлаған Ғалия не істеуге білмей сасады. «Алдынан шығып, келме деп хабар берсем бе?» деп ойлайды ол. «Хабар бергеніммен, басқа жаққа кете ме ол?.. Кетсе қайда кетеді?..» деп тағы ойлады... «Аяғына оралғы бола бергеннен, біржола жоқ болсам қайтеді?» деп те ойлады ол...

Ғалия осынша ойдың шытырманына кіріп шатасып жүргенде, Балуан келіп қалды. Ғалияны ол үстінен қапыда басты. Әнеугі бір шақта келе жатқан Балуанды жақындатып қойған жұрт, жуық арадан бері алыстатып, «әлі әртінде дейді» деп Ғалияның лепірген шыдамын басып тастаған еді. Енді біреулер: «неге тым-тырыс бола қалды, хабары естілмейді?!.. Не сырқаттанып қап, не біреу қастық қып... дегендей, пәле-жаладан аман болғай да бейшара!» деп Ғалия-

ның көңіліне қобалжу түсірді. Осындай толқымалы сөздердің ішінде Ғалияға ең тиянақты көрінгені: «аман-сау болса, Балуан, әрине, томаға-тұйық келіп қалмайды; оның келе жатқан хабары ең кеміне күндік жер алдын орай жүреді...»

Осы сөзге сенген Ғалия сағынып кеткен жолаушысынан анық хабар келе қоймаған соң, әрі «алыста жүрген болар» деген үмітпен, әрі «не болды екен?!» деген хауіппен, ешбір әзірліксіз бейқам отырғанда, Балуан келді де қалды!..

Және ол қызық түрде келді. «Бүгін келеді» деген ой өңі түгіл түсінде де жоқ ол, үйін де жинастырмай, өзі де түзелмей, Балуан кеткеннен бергі жобалғы киім, жобалғы пішінмен, іңірде үй шаруасын атқарып жүр еді, сыртта қақпа сықырлады.

— Қақпадан біреу кірді ғой!..— деді ол қолбала ғып жұмсап жүрген он үштегі жас қызға,— шықшы далаға!.. Білші кім екенін!.. Танымайтын біреу болса, «қондыруға уақытымыз жоқ» де!..

Қыз шықса, жобалғы киімді әлдекім салт аттан түсіп жатыр екен. Кім екенін білгісі келген қыз сыпайылық сақтап тұр еді, жолаушы атын байлады да, қызға кеп:

— Аманбысың, балам?— деді. Қыз әдеп сақтап үндемеді.

— Осы ма, Ғалияның үйі?— деді жолаушы.

— Осы,— деді қыз. — Үйде!— деді қыз, ішінен «апамды біліп тұрған бұл кім өзі?» деп ойлап, бірақ кім екенін сұрауға қымсынып.

— Әкесі бар ма үйінде?

Қыздың жүрегі бұл сұраудан зырк ете қалды. «Балуан» деген адам барын, оның не қылған адам екенін, Ғалияға не қатынасы барын, сол «Балуанның» келе жатқан хабарын, ол хабарға Ғалияның қалай қарап жүргенін қыздың құлағы шалған.

«Сол адам осы болмағай да,— деген ой кеп кетті қызға,— әйтпесе алдақашан өлген атамды үйде ме деп неге сұрайды?!...»

Осы ойдан сасып қалған қыздың аузына сөз түспей тұрғанда, жолаушы үйге қарай жөнеле берді. Оған ере жүрген қыз танымайтын адам болған соң, Ғалия тапсырған «қондыруға уақытымыз жоқ» деген сөзді айтуға бірнеше рет оқтанып еді, дірілдеген жүрегі аузына сөз түсірмей қойды...

Балуан қыздан алдын ала үйге кірсе, кішірек кәрәсін шамы жанған ауыз бөлмеде Ғалия бүкшендеп сәкі сыпы-

рып жүр екен. Кіріп келген адамның жобалғы киіміне қарап, «көп жолаушының бірі болар» деп жорыған Ғалия қондырғысы келмеуін қылығынан көрсетпек боп, амандықсыз-саулықсыз, жолаушының кескініне қарамастан, сәкісін сыпырған қалпымен күйбеңдей берді.

Балуан оның бұл қылығын әуелде танымауына бір жорып тұрды да, аздан кейін «осы мені әдейі танымай тұрған жоқ па?» деген ой түсіп кетіп, өкпелеудің жетегімен шыға жөнелуге ниеті кетіп барып, денесіне әрең дегенде ие болды. Өйтетін себебі: Ақмолаға жақындаған шақта, құлағын «Ғалия Балуанды ұмытқан, басқа бір елеусіз күйек асты күйеу тауып, сонымен жүріп жатқан жайы болса керек» деген сөз естіген. «Мына қылығына қарағанда, сол сөз рас болмағай да» деген ой да кеп кетті Балуанға.

Есіктен кіріп, босағада үн-түнсіз тұра қалған зор денелі, жұпыны киімді, сақалды еркек Ғалияның көңілін тез бөлді де, «не қылған жолаушы бұның өзі, амандығы-саулығы жоқ?!.. Неге үндемей тұр өзі?!.. Мылқау біреу емес пе?» деп ойлаған Ғалия кім де болса тіл қатқысы кеп:

— Жолыңыз болсын!— деді еңкейген бойын жазып.

— Әлей болсын!— деді Балуан дауысын әдейі өзгерте сөйлеп...

— Неге тұрсыз, босағада?

— Рұқсатсыз ілгері баса алмай тұрғаным да...

Осы бір үн Балуанның дауысына ұқсап кеткен сияқты болған соң, Ғалия серпілген сезіммен денесіне қарай қап еді,— Балуандікі сияқты!..

Жүрегі дір ете қалған Ғалия қалтыраңқыраған дауыспен:

— Жоғарылаңыз!— деді төргі бөлменің есігін қолымен нұсқап.

Ғалияның мұншама жобалғы жүруінен жұрттың ол туралы өсегі бекер екен деп жорыған Балуанның бұрынғы мейірімі түсіп кетті де, өзіне-өзі ие бола алмай:

— Ғалия!— деп құшақ жая айғайлап қалды. Балуанның дауысын сонда ғана таныған Ғалия не істеуге білмегендей, көзі шарасынан шыға, кескіні боп-боз боп, қаны ішіне құйыла, шегіне берді де, талықсып құлап кетті... Екі ғашықтың жан сыры сол түні түгел ақтарылып болды. Олар бұл жолы ер мен әйел болып емес, адам мен адам боп, сезімі билеген жас боп емес, санасы билеген мосқал боп сырласты. Сонда келген қорытындылары: екеуі өмірлік шын дос боп қалады, бірақ бастарына туған күн-

мен есептесіп, бірігіп бір жерде тұрмайды, Балуан Көкшетаудағы бала-шағасының қасына барады да, ендігі өмірін, соларды бағып-қағып өсіруге жұмсайды... Ғалия осы үйінде тұра береді де, аса сағынған күндерінде жүз көрісіп, біріне-бірі барып қайтады... ендігі қалған өмірде, осы тиыштықтары бұзылмаса, екеуі де одан артық бақытты тілемейді...

Бұл шарттарды Балуанға айтқан да Ғалия, тілін алдырған да Ғалия. Балуанның бұл шарттарға көнбей, бұлтақтағысы келгенмен, Ғалияның жан сырынан көзіне көрсете тоқыған дәлел торы бұлк еткізбеді, Балуан жүрегі сыздай отыра көнді.

Ертеңіне Балуан Көкшетаудағы үйіне жүріп кетті. Оның Ақмолаға келуі мен кетуін Ғалия мен кішкене қыздан басқа ешкім білген жоқ. Қызға Ғалия «Балуанның келіп кеткенін жан адамға аузыңнан шығарма» деген тыйым салды.

Балуанның елінде де елеусіз жүре берем деген ойы орындалған жоқ. «Ол аулына келіпті» деген хабар, аттан түсе дүңк ете қалды да, шалқып ескен желдей жан-жағына тарады да кетті. Балуан аулының тағы да тобыр болуын іштей тілемегенмен, сағынған ел-жұрт күні-түні ат ізін суытпай басып кетті. Балуан үйінің шаруашылық күйі әлсіз екенін білетін олар «көп жылдан бері жемеген сыбағаң» деп қара-құраларын жетектей, азық-түліктерін арбаларына тией келді... Солардың бәріне Балуанның айтары:

— Рахмет, ағайын, сый-құрметтеріңе. Ендігі тілегім — оттың басында, ошақтың қасында тыныштық өмір өткізу... Бірақ Балуан бұл уәдесіне жете алмады. Бұрын ойға-қырға жүріп қалған көңіл оны үйіне тоқыратпай, ат арқасына қарай жетектей берді. Бұған барғысы келмей, тартыншақтайын деген Балуанның мазасын ауылда тағы бір нәрсе ала бастады: бірінші дүниежүзілік соғыстың басталғанын Балуан Жетісуда естіген еді, еліне келсе, соғыс шығыны елді албастыдай басып, тынысын тарылтып тұр екен. Сонда шығынның ауыртпалығы байларда емес, кедейлерде. Осыған шыдай алмаған кедейлер Балуанға кеп, біресе «мына пәледен қалай құтыламыз» деп біресе «бұл пәледен құтқар!» деп маза бермейтін болды.

Үйінде отырғанда тиыштығы осылай кете бастаған Балуан қолынан келер дәрмен жоғын көрді де, көптен көз таса болу үшін, аңшылықпен шұғылданды. Дос адамның алғыр қаршығасын қалап алған ол ұйқыдан басқа уақыт-

тарының бәрін тау ішінде, маңында ел жоқ көлдер мен өзендердің арасында өткізді... Сөйтіп ол таудың тағысы боп кетті...

34. ЖАСЫРЫН ҚАСТЫҚ

Көкшетау уезінің соңғы кездегі уездной начальнигін сол уездегі қазақ елі «Дәуқара» дейтін еді. Ол — түрегелгенде, төбесіне орта бойлы кісінің қолы әрең жететін, қаранына бір қапшық ұн байлағандай шермиген, желке мен иыққа ерекше біткен шүйделі қалың май тұтасып кетіп, арқасынан қарағанда, шоқтығы төңкерген қазанға ұқсаған, артынан қараса, бүкір сияқты, алдынан қараса, шалқақ сияқты, білектеріне өскен кесек май жыртық жеңдей салбырап түсіп кеткен, семіз саусақтарының буындары бұнақталып, әр буыны бір жұмыртқа сияқтанып томпайған, ескірген табақтай дөңгелек семіз бетінде іннен жылтындаған қаптесер сияқты шүңірек, кішкене қара көзі ойнақшыған, шошқаның тұмсығындай мұрны қайқиған, үңірейген кең танауының қылтандары сыртқа шығып, кірпінің тікенегіндей ербиген, көзінен басқа бетін тұтас жапқан қалың қара бұйра сақалын еркін өсірмей, елтірінің бұйрасынан аз-ақ ұзын қып қайшымен қырықтырып жүретін, қылшығы жылқының ту құйрығындай қалың қара мұрты иегінен салбырап, омырауына түсетін, дем алғанда беті тыржиып бар денесі қозғалатын, күлкісі ақырған сияқты көрінетін, адамзаттың бір жануары еді.

«Дәуқара елге шығыпты» деген сөз халыққа «өрт қаптап келеді» дегеннен жаман әсер ететін. Бір жаққа жолаушылап шықса, оның алдында қос атты шапқын жүреді. Түсетін үй күн бұрын даярланады. Жолында не мал, не адам тұрмау керек. Өзі әрі қомағай, әрі мешкей — бір қойдың етін бір өзі меңгеріп тастайды. Қай ауылға түсетін болса да, қой сойылып, жеуге даяр боп асулы тұрады. Түскен үйінің асы әзір болмаса, «елемедің» деп, үй иесін почтовойна сабатады. Кімді сабаса да, мұрнынан қанын ағызып, тепкілеп талдырмай тоқтамайды.

Қылмыссыз адамнан қылмыс табу оған дөңең емес. Ең күнәсіз деген адамды ол «жеккен атың жаман, асқан дәмің жаман» деп айыптайды. Сондағы көздейтіні — қорқытып пара алу.

Жабайы халық былай тұрсын, ол ауылдың әкімдері — болыс, старшындарға да өте қатаң. Ол Көкшетауға ояз

боп келгелі «ақ түрменің» ішіне кіріп шықпаған болыс, старшын аз.

1916 жылдың аласапыраны басталар алдында Дәуқара шапқын жіберіп, Көкшетау уезіндегі барлық қазақ болыстарын шақыртты. Неге шақыртқанын білмеген болыстарда зәре-құт қалған жоқ.

«Патшадан келген жарлық болғаны ғой,— деп қорықты барлық болыс та,— әйтпесе бәрімізді тұтас шақырмаса керек еді!..

— Кім біледі,— деген үрейлі сөздерді айтты кейбір болыстар,— соғыстың қатты жүріп жатқаны мынау!.. Заман тарыншылық боп кетті... Өкіметтің тапсырмасын түгел орындап отырған жоқпыз. Әлде соған ашуланып шақырып, жауып қоймаса, соттап жібермесе не қылсын!..» Осы қорқынышпен олардың көбі үйлерінен аттанарда қатын-баласына, туыскандарына бақұлдасып жылап кетті. Бұйрық — Дәуқараның өз үйіне келу еді. Көкшетаудың орталығындағы алапта, бақшаға қарсы тұратын Дәуқараның ақ тас үйінен болыстар жыланның қордасынан жаман қорықты, бірақ амал жоқ, қорқыныш кеуделеріне алдынан найзадай қадалса да, сыздаған жүрекпен аттарын амалсыз қақпа алдына байлап, Дәуқараның үйіне кірді.

Күтпеген жерде Дәуқараның болыстарды жылы жүзбен қарсы алуы оларға қап-қараңғы түнде жарық күн шыққандай әсер берді. Бұрынғы Дәуқара емес: сыпайы, әдепті: «сіз, бізбен» сөйлеседі!.. Бұрын кеңседе ғана жолығып, өз үйінің маңайынан да жүргізбейтін ол мына жолы үлкен ақ тас үйдің кең екі бөлмесін болыстарға босатып, ішіне қазақша кілем, көрпе төсеп, шынтақтарына жастық қойған!..

«Тамаша!— десті болыстар жасаулы бөлмеге кіріп орныққан соң,— неғып мұның ықыласы түсіп, құдайы иіп қалды, ә?.. Ғажап!..»

Қазақ әдетін білетін Дәуқара болыстарды шаймен де, етпен де тойғыза сыйлады. Күтуде кемшілік болмасын дегендей, болыстар тамақ ішіп отырған кезде, бөлмеге өзі де кіріп: «алыңыздар, ішіңіздер, қош келдіңіздер, құрметті қонақтар!» деп жалпандады.

Қазақтың болыстары жиырмадан аса кісі еді. Оған қоса орыстың біраз болыстары мен атамандарын шақырған екен.

Бөріне құрметті бірдей көрсеткен Дәуқара іңірде қонақтарын кең кабинетіне жинап ап кеңесті:

— Россияның басына ауыр күн туды,—деді ол,— міне, екі жыл, біз ата жауымыз Германиямен соғысып жатырмыз. Бұл соғыста біз жеңеміз. Бірақ Германия тез жеңдіре қоятын жау емес. Оны жеңуге көп күш керек. Орыс халқы бар күшін жұмсап, малын да, жанын да аяп жатқан жоқ. Осындай қиын жағдайда Россияға бағынған бұратана елдер де, мәселен, қазақтар да жәрдем беріп жатыр. Егер олар осы жәрдемін азайту орнына көбейте берсе, ертең соғыс біткен соң, ұлы мархабатты патша ағзам—Николай Александрович Романов оларға да рахымшылық көрсетеді. Қазақ халқы бүгінге шейін малмен ғана жәрдем беріп келеді, адаммен жәрдем берген жоқ. Патша ағзам қазақ халқынан енді жігіт сұрамақ. Қазақ жігіттері соғысқа бармайды, соғыстың маңайында қаражұмыс істейді. Әрине бұрын солдат беріп көрмеген ел бұған тез көнбеуі мүмкін, жанжал жасауы мүмкін. Осыны ойлап, алдын ала даярлық жасау үшін, халыққа беделі бар болыстар— сіздерді шақырып отырмын, қалай істесе халықты жанжалсыз көндіруге болатындығын ақылдасуға шақырдым. Жәрдемге шақырдым. Сіздерді үкіметке сенімді кісі деп шақырдым...

Дәуқара ұзақ сөйледі. Оның сөзін, уездің кеңсесінде переводчик болып істейтін қазақ жігіті дәлме-дәл аударды.

— Айтқаныңыз орындалады, тақсыр,—десті болыстар,— халықты көндіреміз. Қанша жігіт болса да, береміз!

Қазақтан солдат алу жұмысы болыстар ойлағандай жеңіл емесін айта кеп, Дәуқара, егер жанжал бола қалса, оны тез басудың даярлық жайларын айтты:

— Егер қазақ елі бұл бұйрыққа қарсы шықса, басқаратын кімдер бар?—деп сұрады ол болыстардан.

Әр болыс өз елінің хауіпті деген адамдарын атады.

Тоқсамбайдың Сыздығы сол кезде Қотыркөл болысының управителі еді, ол Балуан Шолақты атады.

Сыздықтың сөзіне Дәуқараның құлағы елендей қалды.

— Рас, ол хауіпті адам!.. Ел көтерілсе, бастайтын адамның бірі сол болуында сөз жоқ, ендеше одан құтылу керек,—деді Дәуқара.

— Оны тірідей ұстау қиын,—деді Сыздық.

— ...Сонда?..

— Қапысын тауып аттыру!..

Бұл ақыл Дәуқараға қона қалды. Бірақ ол «Балуанға хабарландырып қояр» деп, қазақ болыстарына сенбей:

— Аттыру жарамас, — деген болды арам ойын жасырып, — қолға тірідей алу керек, о да адам баласы, мүмкін сөзге көндіреміз. Көнбесе, басқа шарасын істерміз.

«Осы хауіпті-ау» деген елдің адамдарын Дәуқараға ұстап бермек боп, солдат алу туралы хабарды ерекше бұйрық берілгенше, ешкімге айтпауға ант беріп, болыстар елді-еліне тарады.

Еліне қайтуға даярланып, өзінің пәтеріне кеткен Сыздықты Қайрақты қаласының старостасы — Егор Пропадконы Дәуқара іңірде үйіне шақырып ап, оңаша кеңесті.

— «Балуан Шолақты аттыру керек» деген сөзін дұрыс, — деді ол Сыздыққа, — бірақ бұны үшеумізден басқа жан сезбесін. Кім атқанын ел білмейтін болсын. Егер білсе, үкіметке ең зор пәле сол болады. Егер оны өлтірген адамды қазақ халқы сезсе, кегін қайтарып, үкіметтің талай адамын өлтіреді. Ал егер солдат алу туралы патшаның жарлығы шықпай тұрып Балуан Шолақты өлтірмесек, елді үкіметке қарсы көтеруінде, бастауында сөз жоқ» деп ел арасына үгіт таратады дейді.

Дәуқараның, Егордың, Сыздықтың ақылдаса кеп тоқтаған тиянағы: қаршыға сап, саятта жүрген шағында Балуан Шолақты аттыру.

Бұл қылмысты ұйымдастыру Сыздық пен Егорға жүктеледі.

35. БАҒЫ ҰШҚАН БАЛУАН

Дәуқара мен болыстар қанша жасырам дегенмен, «ел құлағы елу» дегендей, патша үкіметінің қазақтан солдат алатыны халық арасына тез тарай қалды.

Бұл хабар жанын түршіктірген елдің көбірек ақылдасқан адамы — Балуан Шолақ.

— Ал, батыр! — деді оған ақылдасқандар, — солдат алады деген хабарды естіп отырсың. Елдің болысы, биі, байы күн бұрын айла тауып, балаларын солдаттан алып қап, ылғи кедейдің жігітін бергісі келетінін де сезесің. Біз не істейміз? Баяғыда патшаны құртпай, жақсылық жоқ дейтін ең, оның не сөз еді?

«Бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін кампайтар» дегендей, көлденең жұртқа жуасыған, аңшылықпен ғана алданған сияқты көрінгенмен, Балуан Шолақтың жүрегінде

қайнаған кек көкірегіне сыймайтын еді. «Осы қорлықта іштен сыздап өлгенім ғой» деп өкінетін еді, «шіркін, ел бір көтеріліп, тізгінін маған берсе!» деп арман ететін еді.

«Құланның қасынуына, мылтықтың басуы дөп келді» дегендей, он алтыншы жылдың хабары оның осы ойына дәл келе қалды.

Балуан Шолақ ақылдасқан елге жауабын ойланбай берді:

— Лақ та өлерінде бақырып, тұяқ серпеді,— деді ол,— аянғанмен жан қалатын емес, бәрібір өлім, көтерілеміз! Арпалысамыз. Не жеңеміз, не өлеміз!.. Екінің бірі!.. Содан басқа жол қалған жоқ.

— Дұрыс!— десті жұрт.

— Бірақ бұған ақыл керек. Мұндай зор іске алды-артымызды шамаламай сұғынуға болмас. Ана жылы Ұлы жүз бен Орта жүзді тегіс араладым. Сонда патшаны ұнататын ел жоқ та, бәрі де іштей сыздап, амалсыз отырған. Егер көтеріле қалсақ, Үш жүз боп тұтас көтерілейік дескенбіз. Елдің ішінде бықсып жанып жатқан намыс өртін мына оқиға үрлеп лаулатуында күмөнім жоқ. Қазақтың кең даласы тұтас өртенсе, оны сөндіру патшаға оңай бола қоймас; білетіндер осы патшаны соғыстан қалжырады деп жүр. Тәуекелге бел байлап, ұстасып көрейік, мүмкін жығармыз. Бірақ қазақ атанған ел боп тұтас қимылдайық! Ол үшін жан-жаққа шапқын жіберіп хабар алайық.

— Дұрыс!..

Жан-жаққа астыртын хабар тарап жатты. «Көтерілеміз, білегімізді біріктіреміз» деген хабарлар келіп жатты...

«Қазақ түгіл: қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түркпен сияқты елдер де көтерілгелі жатыр» деген хабар естілді.

— «Осы патшаға орыстың өзі де қарсы екен, жұмыскерлері мен кедейлері бұл патшаның бізге керегі жоқ деп, жанжал жасап жатыр» деген хабар да келді...

Ел күшін осылайша жинап жатқан күндердің біреуінде көңілді Балуан Шолақ қаршығасы ілген құстарды қоржынына толтыра тиіп, күн төбеден құлай үйіне қайтты. Астына мінген аты Ақбоздай болмағанмен, сол маңайдағы жақсы аттың біреуі еді, өзі желгіш те, аяншыл да. Қолындағы қаршығасы «жылан сырт» атанған алғыр, қыран құс.

Бүгін Балуан Шолаққа ерекше сезім пайда болды. Еліне беттегенде, ол аулына емес, жорыққа аттанған сияқтанды. Барлық халқы соңына ергендей, барлық орман қаруға айналғандай, барлық тас жауға ұстайтын қалқан болғандай,

барлық сайраған құстар жеңіс әнін шырқағандай, патшаны құртып, жауын жеңіп, өмірлі арманы Ғалияға қосылып, махаббат аясында бақытты өмір жасағандай сезінді!..

Балуанның жолында биік жақпар тасты кесіп өтетін тар кезең болушы еді. Бұрын осы тастан өткенде, ол әлденеге сезіктенетін еді, сондықтан сақтанып, абайлап өтетін еді.

Бүгін ол хауіп ойдан шықты. Орманды жаңғырта «Ғалия» әнін шырқаған ол тастың тар кезеңді жолынан желіп өте бергенде, артынан мылтық гүрс ете түсті.

Селк еткен Балуанның жалт қарауға шамасы келмеді, тұла бойы әлденеге шымырлап, жүрегі төмен тартқан сияқтанды. Төсінен төмен қарай ып-ыстық бірдеме жылжи жөнелді..

«Апырай, не болды!..»— деп, ол тізгіндегі қолын кеудесіне тығып, жып-жылы бірдеме білінгенге шошынғандай қайта суырып алса, қызыл қан!..

— Ұрған екен!— деді ол.

Мылтық тағы атылды. Бұл жолы оқ тиді ме, жоқ па, байқауға шамасы келген жоқ. Жүрегі өрекіп, көзі қараяуытқан ол «аттан жығылам ба» деген қорқынышпен, оң қолындағы қаршығаны ұшырып жіберіп, ердің қасына кеудесін тіреді, аттың жалын құшты...

Жанталасқан оның есі әлі бүтін еді. Жолын тосып біреудің қастықпен атқанын ол енді ғана білді, бірақ атқан адам Егордың офицер баласы екенін, оның қасында Сыдық барын білген жоқ.

Балуан Шолаққа оқ тигенін шамалаған офицер ат жалын құшып, жортып бара жатқасын, жай ғана жараланған екен деп ойлап, сонынан қуалап барып атып өлтірейін деп еді, алдыңғы жақтағы алапта бірнеше арбалылар келе жатқан соң, қалың орманға жоқ болды.

Арбалыларға Балуан аттың жалын құшып әрең жетті. Салт аттың үстінде теңселіп келе жатқан адамнан олар әуелі шошынып, қасына келген соң: «кім де болса білейік» деп, атын бөгеп қараса — Балуан Шолақ!..

— Балуан!.. А, Балуан!.. Не болды саған?.. — деп үрейленген жолаушыларға есеңгіреген Балуан Шолақ басын көтере қарады да, сөйлейін деп аузын ашып еді, лықсып қан төгіліп кетті...

— Кім?— деген сұрауға Балуан басын шайқады.

Жолаушылар Балуанды аттан түсіріп, арбаға жатқызып денесін қараса, жауырын түбінен тиген оқ төс сүйегінің

жүрек тұсын үңірейте бұзып шыққан екен. Жолаушылардың біреуі үстіндегі көйлегін сыпырып алып жараны айналдыра байлады...

Олар Балуанды ауылына алып жүрді.

Үйіне әкеп, ұшықтап кіргізіп, төсекке жатқызғанда, Балуан тіл қата алған жоқ. Күн ол кезде батуға еңкейіп қалған еді. Сол күннің батуға айналған жарты жағы жердің астына малынған кезде, Балуан Шолақ көзін қатты жұмды да, жарқырата ашып, қайта жұмды... Бұл — көзін дүниеден біржола жұмуы еді...

Балуанның жаназасына аз ғана ел шақырылған еді, бірақ жиналушы көп болды. «Балуан қайтыс бопты» деген хабар естілген соң, шақырмағанына қарамай, ат жетер жердегі халық түгел келді.

Балуанның ағайындары: «атылып өлді» дегенді намыс көріп, «кенеттен ауырып өлді» деген хабар таратып еді, ол хабар шындыққа шымылдық бола алмады. Шындықты естіген жұрттың жорамалы: «атқан, әрине жаулары!»

— Бұл кекті тегін жібермеспіз!— деп гуледі халық,— табармыз, атқан жауды!.. Жуармыз қанды қанмен!.. Бірдің орнына мыңды шалармыз құрмалдыққа!..

Жаназаға жиналған жұрттың ішінде тұрғын ел танымайтын жолаушы адамдар бар еді. Олардың кейбірі Балуан Шолақты жерлесуге де барған.

Балуан Шолақ жерленіп болып, дұға оқылып, іші ашылған халық, бусанған жас қабырды қимай, «енді қайттік!» деп өкініште отырғанда, тұрғын ел танымайтын бір орта жасты адам:

— Уау, жұрт, ұлықсат болса, айтар сөзім бар еді,— деді түрегеп.

— Айт!— десті әркімдер, «бұл кім?» дегендей таңдана қарап.

— Мен Торғай оязынан келген ем, руым — Қыпшақ, атым — Тоқтар.

— Алыстан келе жатыр екенсің, жол болсын!

— Өлей болсын!— деді Тоқтар,— жол шетім осы ара. Іздегенім Балуан Шолақ, бірақ, амал қанша! — деп күрсінді ол,— тірі көрем бе деп ем, жаназасына кездестім.

— Жұмысың не еді?— деп дуылдасты көпшілік.

— Торғайда Аманкелді батырды естіген боларсыздар?

— Естідік.

— Балуан Шолақ Аманкелдіге: «сол жақта көтерілгелі жатқан елді сен бастайды деген хабар келді, егер рас болса, білекті біріктіріп, бірге көтерілейік» деп хат жазған екен.

— Жаздым дейтін еді,— деп шуласты білетіндер,— Аманкелдіге жеткен екен ғой!

— Жетті!— деді Токтар,— батырдың Балуанға айтқаны көп еді, хат та жазып берген еді, енді ол сөзді, халық, саған айтам, хатты, халық, сен оқисың!..

— Сөзін кейін естірміз, қазір хаты оқылсын!— десті жұрт. Хат білетін біреу оқыса, сөздері былай жазылған екен:

«Сізге гиззатлу уа хұрматлу, зияда қадерден артық көргеуші Нұрмағамбет Баймырза ұғлы Балуан Шолаққа біз Аманкелді Үдербай ұғлы Имановтан дұғай сәлем; бағдында бізден хал уа ахуал білмек ирадаңыз болса, сағ уа саламатпыз. Сен жазған хат біздің қолға тиді. Біз де сені сырттан бек жақсы білетін ек. Патшаның солдат алуына мұндағы ел наразы боп, патшаға қарсы шыққалы жатқаны рас. Біз де өздеріңіз сияқты әммә қазақ халқы боп тұтас көтерілуді мақұл көріп, әр елдің беделді адамдарына хабар айтқан едік. Сол хабарды саған да жібергелі жатқанда, сенен хат кеп қалды. Оған біздің ел қатты қуанды. Енді саған арнаулы кісі жіберіп отырмын. Осындай кісілерді басқа жаққа да жібердік.

Патшаны құлатуға біз ғана емес, орыс халқының жұмыскерлері мен кедей шаруалары да қатты кірісіп жүр деседі. Барлық халық осылай біріксе, патшаның күлін көкке ұшырады. Бізге енді қимылдар шақ жетті... Бұл хат жазылды бірінші шоль, 1916 жылда.

Аманкелді Иманұлы»

— Болды, тамаша!— деп Балуан Шолақтың бір жақын досы көтеріңкі дауыспен түрегелді. Жұрт оған таңдана қарай қалысты.

— Тамашаң не?— деді біреу.

— Жетісу жағынан Тайынша базарына мал айдап келген саудагерлердің бір атшысы «Жетісудағы ел Балуан Шолаққа тапсыр» деп маған бүгін бір хат беріп кетті. Оқып көріп ем, аумаған жаңағы Аманкелді батыр жазған хат.

— Қайда ол хат?!

— Міне!— деп жігіт хатты ішкі қалтасынан суырып алды.

— Оқы!..

«Алатаудың шығысында өзің көрген ұйғыр, дұнған елі, күңгей жағымыздағы қырғыз елі, одан әрі өзбек, түркпен,

қарақалпақ елі боп тұтас көтерілгелі жатыр деп жазыпты хатта, бұл жақтағы Үйсін, Дулат, Қоңырат, Найман бірауызды. Патшаға жағынатын үркердей байлар етектен басқан болады, бірақ оларға қарайтын ел жоқ. Бұл жақтың елін басқаратын өзіңе мәлім Бекболат батыр. Ал, біз көтерілдік! Сендер де көтеріліңдер! Қанаттас болайық! Атамыздың мақалы бар: «Көп қорқытады, терең батырады!»

Хат оқылып бола, жұрт орнынан ду көтерілді...

Балуан Шолақтың қабыры, бұтағы басына ғана біткен биік қарағайдың түбінен қазылған еді. Сол қарағайдың басына Балуан жерленіп жатқан кезде келіп қонған оның қаршығасын көзі жасқа толған көптен ешкім аңдаған жоқты.

«Ал, аттандық!» деген шуы жер күңіrentкен көпшілік жапа-тармағай атқа қонған кезде, айғайға елегізді ме, болмаса иесі — Балуанның денесін құшағы құрыш қара жер бауырына алған соң, айналақтаған иесінен біржола түңілді ме — қаршыға да ұшты.

Қаршығаны жұрт сонда ғана көрді және Балуан Шолақтың қаршығасы екенін таныды...

Киеге, аруаққа сенетін ол кездегі елдің ұғымында «бақыт» деген «күс». Сондықтан ұшқан қаршығаға көз тіккен қалың жұрт: «аруағым бар, түсіме ылғи қаршыға боп кіреді» дейтін еді Балуан; бұл Балуанның қаршыға боп көрінген аруағы» деп шуласты.

— Болса болар,— десті біреулер,— есін білгелі Баланның арманы: елді патшаға қарсы көтеру, патшаның тағын талқандау еді, міне, енді барлық ел боп көтерілген жоқ па, патшаға қарсы?.. Бұл — Балуанның аруағы аспанға көтерілу емей немене?..

Зымырап ұшқан қаршыға аспанға биіктей түсті!.. Халық та көтеріліске аттанды!..

Көтеріліс толқыны қазақтың даласына бұрын болмаған екпінмен кең жайылды!..

1940—41 жылдары.

МАЗМҰНЫ

Сұлушаш (роман)	6
Балуан Шолақ (повесть)	82

Художественное издание

Муканов Сабит

СУЛУШАШ

Роман и повесть

(на казахском языке)

Составитель *Наурызбай АКБАЙ*

Бас редактор *Ә. Пірманов*

Редакторы *Н. Ерсарыұлы*

Көркемдеуші редакторы *Ә. Жақсылықова*

Техникалық редакторы *М. Оразбекова*

Корректоры *Ә. Кенжалина*

ИБ № 1124

Теруге 18.08.2002. жіберілді. Басуға 23.09.2002 қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 15,12.

Есептік баспа табағы 15,54. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 30722.

“Атамұра” баспасы, Алматы қаласы, Абылай хан данғылы, 75.

Қазақстан Республикасы “Атамұра” корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, М. Мақатаев көшесі, 41.

Қ
Х
Б
Б
Т
К
М

**«Атамұра кітапханасы» сериясымен биыл мына
кітаптар жарық көреді:**

Б
Б
К
Т

Абай. Қалың елім, қазағым...

Мағжан Жұмабаев. Сүй, жан сәулем.

Жүсіпбек Аймауытов. Ақбілек.

Сұлтанмахмұт Торайғыров. Қамар сұлу.

Мұхтар Әуезов. Қорғансыздың күні.

Илияс Жансүгіров. Құлагер.

Ж
М
Б
М

Бауыржан Момышұлы. Ұшқан ұя.

Әзілхан Нұршайықов. Махаббат, қызық мол жылдар.

Әбіш Кекілбай. Ханша-Дария хикаясы.

Л

Сайын Мұратбеков. Жабайы алма.

К
К
Д
А

Мұқағали Мақатаев. Аманат.

Фарида Оңғарсынова. Дауа.

У
Т
Х
Г

Тәлен Әбдікұлы. Оң қол.

Оспанхан Әубәкіров. Түк түсінсем бұйырмасын.

Қалихан Ысқақ. Қоңыр күз еді.

Л

Дулат Исабеков. Бонапарттың үйленуі.

Г

Ақселеу Сейдімбек. Аққыз.

Бексұлтан Нұржеке. Бейтаныс әйелдің құпиясы.

Қойшығара Салғараұлы. Сол бір күндер.

Дүкенбай Досжан. Келіншек асуы.

Жұматай Жақыпбаев. Ләйлә.



Сәбит МҰҚАНОВ – аса көрнекті жазушы, драматург, әдебиеттанушы-ғалым. 1900 жылы туған, 1973 жылы қайтыс болған. 1926–27 жылдары «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Октябрь өткелдері» поэмалары, «Ақбөпенің сыры» повесі жарық көрді. Бұдан соң «Адасқандар» (кейін «Мөлдір махаббат»), «Жұмбақ жалау» (кейін «Ботагөз»), «Сырдария», «Аққан жұлдыз» романдары, «Өмір мектебі» трилогиясы, «Шоқан Уәлиханов», «Қашқар қызы» драмалары т. б. шықты. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «XVII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы», «Халық мұрасы», «Жарқын жұлдыздар» зерттеулері бар.

